

Қағазбек Сәденов



Сағыныш

/Роман/



Қағазбек Сәденов

Сағыныш

/Роман/

Қарағанды
1965 – 1990 ж.ж.

Қағазбек Сәденов

Сагыныш (роман және естеліктер)

Карымды каламгер, Қазақ КСР еңбек сінірген мәдениет қызыметкері Қағазбек Сәденовтің бұл жинағында «Сагыныш» атты романы мен кейінгі жылдары жазған естеліктері сиғен. Өмірінің соңғы жылдары жазылған романда өткен ғасырдың 30-50 жылдардағы автордың өзі көзімнің көрген колхоздастың ауылдың түрмиси, ашаршылық, соғыс жылдарындағы ауырғаптастытар, Ұлы Жеңіспен бірге келген қуанышты сөттер көркем тілмен кестеленген. Ал естеліктерінде облыстық газеттің негізін қалауга қатысқан журналист әріптестерінің өмір жолдарын, майдандагы ерліктері мен бейбіт сәбектегі құлшыныстарын, шыгармашылық сәбектегі ізденистерін еске алады. Романдагы оқигалар мен естеліктер казақ халқының басына түскен кезендерді еске салып, бүтінгі үрпақты тарих тағымдарына бас иіп, эклер дәстүрінсай отаншылдық рухта тәрбислеуге шакырады деген ниеттеміз. Әкінішке орай, романның соңғы тараулары табылмады. Кітапты автордың қызы Гүлжиган мен немересі Рустем Сәденовтер өз қаржыларына шыгарып отыр.

Құрастырып, алғы сезін жазған Қазақстан журналистер одагы сыйлығының лауреаты Аман Жанғожин.

Қағазбек Сәденов және оның «Сағыныш» атты романы

(Алғысөз орнына)

Қағазбек Сәденов – облысқа кеңінен танымал журналист, слу жылға жуық Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіндес өбекеткен қарымды қаламгер, облыс баспасөзі қарашаңырагының негізін қалаушылардың бірі. Дәлірек айтқанда, сол алғашқы қарлығаштардың екінші легіне жатады. Бірінші лекте 1931 жылдан бастап газеттің тізгінін үстеган Жұмабай Орманбаев, Бәри Мәзитов, Сейілбек Үсенов, Мінәж Жармұқамбетов, Қали Садыков, Галымбек Нәдіров сияқты танымал журналистердің, Габиден Мұстафин, Элжаппар Эбішев, Сәттар Ерубаев, Шакмет Құсайынов сыныды көрнекті ақын-жазушылардың аттарын атар едік.

Біз Қағазекең деп атап кеткен аға үрпак өкілі Қарқаралы ауданының қазіргі Нұркен атындағы ауылдық округі аумағында 1915 жылы туған. Ашаршылықты, ауыр түрмисті көзімен көрген. Газет жұмысына 1936 жылдан, Қарқаралы педагогикалық техникумында оқып журген кезден араласа бастапты. Қарағандыда шахтада, кітап дүкенінде, кітапханада жұмыс істейді. Қысқа хабарлары басылым бетінс үздік-үздік шығып тұрады. 1939 жылы редакцияға жұмысқа қабылданады. Жазу-сызуға машықтанып калғаннан кейін келесі жылы газеттің Жезғазғандагы

меншікті тілшісі қылып жібереді. Міне, осы кезеңде қазақтың көрнекті геологы, тұнғыш академигіміз Қаныш Сәтбаевпен кездесіп, оның мақаласын қалай газетке үйімдастырганын өз естеліктеріндегі жыл қылып жазады. Соғыс жылдары редакция аппаратына оралып, майданға аттанған қаламгер-жауынгерлердің орнын басады, бүкіл халықпен бірге соғыстың ауыртпалықтарын бірге кешеді. Майданнан келген хаттарды корытып, тылдағы жанқиярлық ерлік сәбікті жазып, халықтың рухын көтеріп отырады. Соғыстан кейінгі жылдары талай тың бастамаларды газет бетінде көтереді. Олары 80-90 жылдары шыққан «Жауынгер журналистер» (1985ж.), «Қаламдастар (1984 ж.), «Сырлы сез» (1991 ж.) және ашаршылық жылдарына арналған «Бауырым, енді аман бол!» (1993 ж.) атты көркем естеліктерінде жан-жақты баяндалған.

Иә, көркем естеліктер! Бұл жазбалардың тілі, композициясы ерекше, оқиғалардың баяндалу барысы адамды баурап алады. Қайсыбір шымшытырық оқиғаларға толы романдарға бергісіз. Сол жылдары жазған «Қобыз шежіресі» (1991 ж.) атты азыз-әңгімесі де көркемдік дәрежесін жогары туынды. Айта кетейін, менің өзім газет тарихына қатысты мақалалар жазып, кітаптар шығарғанда осы «Жауынгер журналистер» мен «Сырлы сезге» сүйенгенім хак. Мәселен, академик Қаныш Сәтбаев бастаған ғалымдардың редакцияда 1949 жылы қонақта болғаны, ол кісінің басылымның

66

басты бағыттарына берген бағасы менің «Қанекен қанаттандырған қаламдастар» («Сәкен Сейфуллин және қазақ руханияты» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Қарағанды, 2004 ж.) және газеттің 75 жылдық мерекелік санында (3.10.2006 ж.) жарияланған «Ерлік шежіресі» (газет соғыс жылдарында) деген мақалаларыма арқау болды.

Жазушы-журналист Қанат Жойқынбеков бір естелігінде жерлес классик жазушымыз Габиден Мұстафиннің: «Қағаз табиғатында жазушы болып туған адам гой. Эттең газетке беріліп кетті де сол сокпактан шыға алмай қалды. Эйттисе, талайымызды басып озған қаламгер болатын еді», дед айтқанын көлтіріпті. Шынында да Қазақстаннің күнделікті газетке шығып жатқан кейір суреттемелері мен очерктері көркем дүниелерге бергісіз болатын. Табиғатты суреттеп, адамдардың психологиялық толғаныстарын көлтіргендеге біз, шәкірттері, бұл кісінің жазушылық әлеусті зор екендігін байқайтынбыз.

Шәкірт дегенинен шығады. Өзінің слу жылдық журналистік жолында Қазақстан редакцияның талай буын жастарын баулап өсірді. Солардың ішінен Есімбек Бәйтенов пен Ораз Сагынаев редактордың орынбасары, ғылым кандидаты дәрежесін көтерілсе, Қанат Жойқынбеков жазушы, Шайхан Жандасев республикалық газеттің тілшісі болды, ал Магауия Сембаев ширек гасырдай газет

тізігінің ұстап, газетті шырқау биіктеге көтеріп, езі де абырай-данққа бөленді.

Ойын ретінде шыгарылса да біздің кезде айтылатын мына әңгіме айтулы анекдот ретінде есте қалды. Ол кезде газеттің макеті дұрыс болмай немесе басқа да ресми материал түссе, газеттегі мақала бетке сыймай, қыскартуға тұра келетін. Сонда көпті көрген замандасы, жауапты хатшының орынбасары Құдыш Сүлейменов кезекші редакторға: «Қағаздікі болса, – басынан қыскарт, Калидікі болса – сонынан қыскарт», дейді скен. Қағазекенді басынан қыскарт дейтіні, ол кісі мақаласынкәнәгі жазушылардай ауда райының жағдайы немесе табиғатты суреттеумен бастайды екен, ал Қалекен мақаласының сонында бұл оқигадан қандай қорытынды шыгаруға болады дегенді ұзакқа созып алады екен. Сонда етпел екшеп жіберсе, мақаланың мазмұнына бәлендей нұқсан келмейтініне біздің көзіміз талай жетті..

Қағазекенің етпеп өлең жазатын өнерін, Қарагандыңдағы ақындар айтысына да катысқанын білеміз. Бірақ жазушылық жолға түсуге газеттің ауыр жұмысы мурша бермейді. 1948-1955 жылдары жауапты хатшы болып, редакцияның секретариатын баскарған екен, бірақ езі айтпақшы «бастықтықты» ұнаттай шығармашылық жұмысты қалайды да ұзак жылдар газеттің ауыл шаруашылығы бөлімін баскарды. Зейнетке шықса да редакциядан қол үзген жоқ, жаз айларында демалысқа шыққындардың орнына жұмыс істеп жүрді, кейін Қарагандыда бір

орталықтан шыгарылатын аудандық газеттердің аудармашы-редакторы болып, өмірінің соңғы күндеріне дейін (1994 жылғы 30 қарашада қайтыс болды) қолынан қаламын тастамады.

Қазабек Сәденов өмірлік жары Жәмиламен бірге төрт үл, екі қызы тәрбиелеп өсіріп, үлкен де өнегелі отбасының үййтқысы бола білді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Ұлдары бірі үшкыш, бірі инженер, ғалым болып, қыздары экономист мамандығын алды. «Жамила женгеміз ұлты татар болса да қазақ әндерін шырқата орындастын тамаша өнер иесі еді. «Сіз қай театрда істейсіз?», деп сұрайтын көрінеді орындау мәнеріне тәнті болған кей кіслер. Балаларын қазақ мәнерде тәрбиелеп өсірді. Ол кезде қазіргідей әр журналиске бас-басына жеке пәтер бере қоймайтын. Бастапқыда Қазабек агадың отбасымен үш бөлмелі бір секцияда сығылысып тұрып жаттық. Ол кісінің бес баласы бар, үш қарындасты да кезекпен осы екі бөлмеде жатып оқиды. Біз бір бөлмедеміз. Біздің туыстарымыздың студент балалары да тұрады. Шіркін, сол кездің адамдарының пейілі кең еді гой. Ешкім қабак шытпайтын,— деп ілтипатпен еске алады Есімбек Бәйтенов ағамыздың жубайы Сапура женгей Қазаекенің отбасы жөнінде.

Сарғайған газет беттерінен қазақтың қайсар ұлы Нұркен Эбдіров ерлікпен қаза болып, 1943 жылдың көктемінде Кеңестер Одарының Батыры атағын алғанда жерлесі әрі жан досы Қаза оның ерлігіне

куана жазған «Жора» деген шағын естелігін тауып алдық. Онда Нұркен үшқыш болуга талпынып жүргені, егер мен үшқыш болып шықсам сен акын болып, мені позмаңа қос дегендей ниет білдіреді. «Бұл батырлық жорасы екен, деп жазады автор. – Ол үшқыш, соғыс үшқышы, батыр үшқыш болды». Қазаекен ақын-жанды азamat болса да Нұркенге поэма арнады ма жоқ па, ол жағын білмеймін, бірақ оның ерлігі мен жарқын бейнесі көз алдынан кетпей талай макалаларына арқау болғанын білеміз. Ақыры, өмірінің соңғы кезеңінде, зейнетке шығып, редакцияның қым-қуыт жұмыстарынан қолы босаған тұста «Сагыныш» атты роман жазып бітіреді. Оның бірнеше үзінділері «Орталық Қазақстан» газетінің 1990 жылғы маусым айында үш санына және 1991 жылғы тамыз айындағы төрт санында жарияланып, кезі қарасты оқырманың жақсы бағасы алды.

Сейтіп Батырдың жорасы да дөп шықты. Қазабек Сәденов журналистикадағы көп жылғы табан ақы, мәндей тері үшін «Қазақ КСР-інің еңбек сінірген мәдениет қызметкері» күрметті атағын алса, жазушылық жолында да Нұркен бауырының аманатын орындан, көркем романын аяқтап шықты. Ақын-жазушылар қатарына қосылды. Романда 30-50 жылдардағы колхоздасқан қазақ ауылшының тұрмысы, соғыс жылдарғы ауыртпалықтар, соғыстан кейін енсе жиган кезең, махабbat пен ғадаут, адалдық пен зұлымдық, есселі еңбек пен

•••••

енжарлық пигыл қатар өрбиді. Шығарманың тілі жеңіл, кешегі аға үрпақ өкілдері көрген өмір кезеңдері бұкпесізбейнеленеді. Осы шығармасымен ол ашаршылықта қырылған, соғыста ерлікпен қаза тапқан, екпінді еңбек еткен жұздеген жерлестеріне тастан қашалмаса да мәңгілік ескерткіш қойды деуге болады.

Автордың қызы Гүлжиган мен немесесі Рұстем Қаламгердің шаң басқан архивінен колжазбаның көшірмесін тауын алыш, жеке кітап ретінде жарияладап отыр. Қаламгердің көз майын тауысып, талай күндер мен түндер жазған қайран енбегінің зия кеттей, жарық көргенінс не жетеді?! Сол үшін біз қызы Гүлжиган мен Рұстем бауырымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бұл тек отбасылық жәдігер ғана емес, қазақ әдебиеті мен мәденистіңе косылған лайықты үлес деп білсейік, күрметті оқырман қауым!

Аман ЖАНГОЖИН,
ардагер журналист, Қазақстан журналистер одагы
сыйлығының лауреаты, газет редакциясы жаңындағы
бастауыш ардагерлер үйімінің төрагасы

ҚАҒАЗБЕК СӘДЕНОВ

САҒЫНЫШ

/Роман/

Қарағанды
1965 – 1990 ж.ж.

БЕТАШАР

Барқыт белдерге сағым байлап, самаладай соққан желі бар, соның шалқынымен жаппай, жайқала толқынған кел текті ну ербін, гул – жазира көгі – бар –

Шілде.

Нұр себілткен күні бар, өзені күркіреп, арқары дүркіреп, жыршы торғайы шырлаган, сандугашы сайрап, ақжарқын адамдары күліссе сыңырлаган сексен сазды үні бар –

Жайлау.

Маужыраган аймақтың аймалай рахат қүйгал сол сымбат-арайына ынтығыспен қарап көп жетіп ск.

Үстінде сұксурлар сусылдаган, торғын тәскійдең көк түтіні көлбей ұшкан –

Ауыл.

Сауын аяқталған екен. Қалың қаралы, мама сиырлар өзен жисегіндегі киіз үйлерді жанай, шашақты құйрықтарымен сабаланып, жүре жұтып өрістеп барады. Өңкей қылы-курен – қыбырлаган қырмызы бітім жасыл бояқ өңірді құлпыртады.

Уақыт па? Сонау стекте шөп шапқан тракторлар әйнегі жалтылдаган, жан-жануар балырап, тойым бекітірген –

Сәске.

Ауылдан оқшауырак орнатылған сауын агрегаты. Үсті төңірекке деп түстес жасыл

брезентпен бүркелген. Соның жаны жыптырлаган жылтыр фляга. Үш эйел, бір балаң жігіт көленкелей сол ыдыстар үстіне отырысқан.

Өзімізбен бірге келген ферма басқарушысы, орта жастандарғы Газіз әлгі отырғандарға жайымызды баян етіп, оларды бізге де таныстыруды.

Мына бергі шеткі – әрі учетчик, әрі моторист жігітіміз, жанындағы – келіншегі. Үшіншісі – біздің үйдің иесі. Ең озатымыз – аргы кісі, осындағы звеношы - Арман. Екі жұз сиырдың әр сауынын бір сағаттайда өткізетін бұл звено жайлы сез берсеңіздер, оны сол Арманнан бастап қозғайсыздар... Сендерді де басқа жұрт газеттен көрсін, түгел суретке түсіндер. Арман және жеке бір түссін...

Кулім қакқандар назары фотоаппарат аузында. Тек Арман жузі ғана жымыс тартлаған. Күбіжіктеп, әрі қарай береді. Баданадай қара көздері салқындық танытып, солрын отыр. Көзі алдында ұсақ айрызбен түскен әжімі жиырыла күттеленеді. Құн шалып күренденген қағылез бетін әлгінде әрі бұрып қалғанда ғұлді шаршысы ернсүйен шашына әк талдар енгені байқалып еді.

Қалжыңсыз сейлемейтін фотограф Қаман сол кісіге кәделі сезін айттып та тастаган.

Женгей, толқынып, сабырсыз отырсыз-ау. Ағай ренжіткеннің қай жағы? «Сырлы аяқтың сырь кетссе де, сыны кетпейді» деген бар. Окушыларымызға осы иман жүзді дидарынызды мәз бейненізбен

көрсектіміз келеді. Мына аршынды иығыңызы
кере тұрып, сәл шырай беріңізші.

Абзал жандар бейнесін Қаман пленкага осылай,
әзгер дегенде бір көшіріп алды. Ал, Арман жеke бір
түсіріл аламыз деген тырбаныстан тұқ те шыққан
жок. Кондырының бір тетігін қолына ұстасып,
сұңғак бойымен суретке түсірмек болған сөтте ол
кісі Қаман қалаған күлімді райын беру орнына,
көзіне мәлтілдеп жас экелді де, еңкейе беріп, бетін
женімен басып алды. Онан әрі солқылдан жылап
жіберді. Бәріміз сасып қалдық. Эсірсесе біз.

Арман, қойыңыз. Мұныңыз не? – Кесек жүзі
тершіген Газіз солай деп, сыпайы басқан мұртын
бір-екі сипап қойды.

Иә, орынсыздау болды. Қонақтар не деп кетер?
Жолдастары «Озатымыз» дегенге жылағаны нессі
дер ме? Жок, олай демес, мәні бар мұның. Кезі кеп
қалды, - деп Арман басын көтеріп, өзін қолтықтан
алған Газіздің әйеліне қарады. – Солай, жаным
Сипат, кезі кеп қалды. Ұзақ жылдар көкейімді
курсаган мұзды сендердің күрмет тұтқан ыстық
ниеттерің жұқартып экеп, тап осы жерде бұзды.
Көзімнің жасы сол екі жай қақтығысының өткіні
де. Айып етпеніздер. Адам атын ардақтайтын
жомарт жүргегі бар Газізге зайып болған Сипат, сен
бакыттысың...

Осынан кейін біз қызыл шырайлы Сипаттың
аяушылықпен айтқан сезін естідік.

Көніліңіз тотығы – өткеннің опығы, Арман апай.

Мына көз жасыңыз соның төккіні боп біржолата кетсін. Өкінішке жем бола бермей, талпыныспен дәрмендеуінізді өтінгіміз келеді. Тіршілікке сол тұтқа.

Өзім дс солай түйгенмін. Эншейін, сендердің ниестін көнілімді босатып жібергені ғой. Сипат әйтсуір мені демейді де журеді.

Сипат Арманды колтықтай, скеуі жай басып сонау киіз үйлерге беттеді. Бұл жерде екі жолаушы – біз, Ғазіз үшесуіміз ғана қалдық.

Бағана өзіміз мініп келіп доғарған арбаның қырлы, жалғыз тертесі алқымына отырып, Ғазіз жиі-жиі будактатып, папиросын тартты. Орамалың алып, картузының күнқағары астында бөрте тершіп түрган, көлденеңдей сызыктар түскен кең мандайын сипады. Бізде үн жоқ. Элден уақытта ол бір күрсініл алып, сыр бермейін дегендей, тезінен езу тарта сез бастады.

Из, жігіттер, бір өкінішті жай эткені, – Осыны айтып, ол тұңжырап кетті. Екеумізге кезек қарап алып, әңгімесін ағытып, айта берді...

БІРІНШІ ТАРАУ

Нәрлі езенінің бітімі өзінше жәшін. Миллион шұқанақты, миллион төмпейді, болдырган қызыл шілікті кең аймагында қыс сайын қар қалың байланады. Аязы қатты. Жүргінші мұрның

үйпalamай өте алмайды. Көктемі онан да қауіптірек. Тасқынның өз-өуреусіз өткенін мекендеушілер аз біледі.

1943 жылдың сол көктемінде де әдettі тасқын түсерін карттар ескертіп жүрді. Ондай ретте ауыл іргесіндегі мына жайдықтың өзінен әлді ат мініп, құрықты таяныш етс білестіндер гана өте алады.

Эйтсе де, майдандагы ерлерге демеу болар іс атқару мақсаты бұл халыққа сол түssер тасқыннан әлдекайда соққынды сияқты еді. «Енді не тапсырылады» деп жүретіндер айтылған бойда буынып-түйініп тартып беретін.

Көш алдында ауылдан өгіз-арбалы шықты. Аудан орталығынан түкым экелуге барады. Қызыл су жүре бастаған жайдақтан күпшектеп етіп, Шоңай кергітпесінс қарай беттеген арбадан эн естіледі. Сона бір салт атты біржамбастай отырып, арба үзап кеткенше қулақ асты. Сағыныш пен үміттің әлди зусні астасып барып көніл қытыхтайды. Күмістей сылдыраган жас эйел үні алдымен өзінің асау жүрегін аялап, бал тамызып әлдилегендей.

Келер тан өз өктемдігін жариялай атқан. Киіп кеткен мынау тасқын ауылдың ерте түрган адамдарына соны хабар еткендей. Сөгіліп соғылып сендер агады. Қыс бойы аз шенгелден бүріл шытынап жеткен сіреу жалтыр түнде-ак түтіліп кеткен. Ендігісі жиск-жисектен жылжып жатқан қалдықтары. Мұз көшіп сейілген кезде өзен бетін мың өрім, тулаган толқын қантады. Кешке

карай сол туланыс тебіндегі-тебіндегі барып сел боп кеткен. Сол сонау өзектің ер өрненеүін дейін сермелे соққылайды. Соңан ықылықтай қайта ылықсып келіп, дәл ағын үстінде ақ шулан жалдар шоршып шығады, онан тез жығылып шашылып кетеді. Тәкәббар тасқын солай біробынып кетіп, онан қайта дүрілдей арпалысады.

Сол сұрапылдың нақ үстінде кейде қанатымен су сыза, кейде шалқая көтеріліп кетіп бір-екі шағала жүр. «Тын-тын» дегендегі ауық-зұық шиқылдасып қояды. Элде қайдан тап бола кеткен бір топ ала қарияның сасқалактап далбақтасқаны танылады. Тері, тасқын бастьарын айналдырады білем, оң мен солына кезек ойыса, жоғарылы-төменді парықсыз далбақтай бұраландап жүріп, келген жағасына қайта шегініп шықты. Жан саусағына мархабат етісіп, енді аргы дөңеске барып жалп-жалип қонып жатыр. Ал, аргы жағада ауыл түгіні бұландаиды.

Осы сәтте әрідегі орманды таулар ішінен құлаган кешегі арбалы келіншек те жеткен. Қаперсіз бойы. Үміті үstem, ойнақы. Жігері жалын атады. Мәз бір ойлармен көңілі көкте еді. Аузында элі сол кешегі ән еді.

Жиекке жетсе өгіздер шегіншектеген болатын. Оны абай етпей, бишікті баса берді, баса берді. Иә, келіншек қойны-қонцын мұздай су қеулегенін бір-ақ білген. Енді әбігер. Ие бермей барады. Біресе қопарылған қаптарды басады, біресе пысқырына орғыған өгіздерге бишік көрмейді. Арба қалт-қалт.

Жануарлар қайысып-ақ бақты. Не керек, арба болмай кеткір, ыққа ыға сүйретіліп барып жантая кетті. Осы кезде аргы қабактан суга асыға тұсken салт атты екеу көзіне шоршынған, аса аянышты халдегі екі жануардың басынан баска ештеңе шалынбаган.

Келіншек кайда?

Сәлден соң біраз әріде әлде не шаңбырақ атып елес берді. Алат ішін арпалыса журіп сүзген екеудің бірі жаңағы елеске құрығымен деменіп, ат басын бұрды. Шіркін, жылқы баласы-құлагын қымып, ышқына жүзеді, соккынға жонын жапқызбай сіресе, сақ қарманады. Жиі-жіп пыскырық атады. Элден уақытта жуантық мұртты бір көмерден келіншекті тапты. Ауыр тырбаныспен тартып, серсендеген күйінде алдына әзер көтеріп алды. Еппен сиді бұрылып еді. Тасқын тарпи сүйреп, оны біраз жерге шегіндіріп те әкетеді. Екінші атты жетіп, екекуі селбесе, бірін-бірі демеп жағаға іліккен.

Жағада дабыр-дұбыр. Элі сирек, мық көкті жапыра отырысқандарға малшынған киімдерін бұрай сыққан екеудің бірі гүжілдей соғып отыр. Ерлік жасаганы сөзсіз сіді. Сөзінен осы үгымның өзін місे тұтпаушылығы аңдалады. Осынау апатты тасқынды екі жағына ысырып койып өткендей айтады. Устінен су тамшылаған жануарлар мазасыз кісінеп, дур-дур сілкіне бозғыл буркін шашады. Бір қарттар осындағы бар сөздің түйіні болып отырган жарым өлік-келіншек жанында. Аяқ-қолын қозғаң,

—
лок-лок құстырады...

Кайран ағайын-тұган, көрші-қолаң. Осы ауыл түгел әпседен. Құзетте. Тұні бойы талықси шошынған жас әйелді мұсіркеумен кей қарт аналар жылап та алған. Сөйті отырып, мұның және майдандагы ерінің өз көз алдарында өткен абзал жастық өмірін әңгімелеп те кетеді. Емсек атанған РАЗЫМБЕТ қария қасықпен сызат тамшылап ішкізген және денесін сылатқан спирт себеп жасап, келіншек таң алдында ғана, кірпіктері дірілдеп барып көз ілген. Соңан келер тұстес әл кіріп, есіне келген. Рені жок, орауда отырып, екі кесе шай ішті. Енді төңірсіндегілерге әлсіз күлімдайді. Көзінен мөлт еткелі түрган жас та байқалады.

Өмір жасың ұзақ болады екен.

Үлкен қатерден қалдың, қарағым.

Жан жолдасынды қуанышпен көреді екенсін...

Эркімдер оған тұс-тұстан жақсы тілек айтады.
Келіншек тағы жымып қояды.

Мені құтқарған қайсысы дедініздер?

Алдымен жеткен Қадірсіз бригадир ғой.

Рахмет қайнағаға, өзң қайда?

Үәкіл ертіп әкетті, жер жырт деп жатса керек.

Ыбай-ая, мен болмaganда Қадірсіздің өзін тасқын жулып әкететін еді. Тақымыма салып жіп өріп, бері сүйрекен жоқпын ба. Куанышыңа мен де ортақпын, келінжан. – Мына тұстан біреу солай шіңкілдей сөйледі.

Рахмет, ағатай. Өртөңгөңс қанатымен тамшы

сепкен адам досы қарлығаштай, емсек атам да үлкен жәрдем жасапты. Есімнен қалмас. Соғыстан балаларыңыз қайтып келген күні, кейлегімді жыртсам да, қолдарынызга орамал байлармын.

Е, қарагым, адамға – адам рақым ету – парыздық. – Бағанадан үнсіз, еңкейе, ой үстінде отырған сңгезердей, ак мұртты РАЗЫМБЕТ қария әдетімен баптай сейледі. - Ақы сұраса да, алса да анау ҚАДІРСІЗ алар. Сірінкенің шиін берсе, ертеңіне бөрене алуға емініп тұратыны бар. Эй, сонысы көніліме конбайды-ак...

Аз күндер өтіл, келіншек соқасына шықкан. Спадиян болып алған төрт өғіз қос тілді соқаны мықшия тартады. Бір қолымен тұтқаны нығай үстеган жас әйел бишігін бұлғай дыбыстайды.

Собе. – Оны із-екшелей, тыңыңың барқын, булы бороздасында жez омырау шымшықтар қаздан қағып құрттар тереді. Бір кездे солар басынан аса үша жөнелді де, дәл ту сыртынан:

Э, Арман бикеш, аманбысың? Ісіңе сэт. – деген ҚАДІРСІЗ бригадирдің дауысы естілді.

«Бикеші не? Бетім-ау.»

Қайынага, өзініз де салематсыз ба? Женешем дені сау ма? Сізге көптен-көп раҳмет. Ажалдан алып қалдыңыздар. Борышқормын. – Өтіздерін сәл бөгел, басындағы көгілдір шаршысын баса тұрып, келіншек күлімдей тіл қатқан.

Иә, ажалдан мен алып қалдым. Қалаганымды бересің бикеш.

Алыңыз қайынаға, алыңыз. Тек бикеш дей көрменеңіші.

Е, оның несі бар екен? Бикеш деген сөз сізге жақпаса да, маган телшіктің майындаі. Сізді енді Арман демей, - бикеш дегім келеді. Қалағанымды бересің. Ха-ха-ха. - Сөзін дабырлай айтып бітірген Қадірсіз атын борбайлап алыш, эрі жөнелген.

Оның артынан едауір қарап тұрган Арманға жүрретін сыйыр айтқандай еді: «Мына қарабасқырдың сөзі қалай? Мас па? Қырық беске жетіп алжығаны ма? Мұнысы несі?...»

Егінжай жақтан шоқыта құлап келіп, өтіп бара жатқан Қалдірсізді сиыр бағып жүрген Ілдекер шал тымагын бұлғап шакырды.

Уа, мырзам, қайда асығып баrasын?

Ассалаумагали-ке-ем, Ілдеке. Асыққаным асығып келемін. Жай шақырдыңыз ба?

Өзің бригадир, өзің завферма, басқарманың он қолысың. Ұлықты жай шақыра ма екен? Шаруам бар.

Сидаң денесін үзенгігे шірей көтере үстаган, қуқыл реңді Ілдекар әлгі сөзінен соң Қадірсіз жүзіне сол сәтке үнсіз үнілген.

Ойпырым-ау, сонша тесіліп, алатарам сақалыңызды сипай ойланып, не айтпақ едіңіз? Асығыспын гой. Ана жерде, желкемнен қысқандай шұқыып уәкіл отыр. Тұқым жетпей жатыр, соган асығамын, болыңызышы...

Жаз үзақ емес пе, саспа. Элгі келін жайы еді.

Үәкіл дей ме, агроном дей ме, осы ауылда қаптады гой. Қолдан шыгармай отырган баланы, кісі жок деп алғып кеттіңдер. Тегі, осы егін біткен соң менің орныма шыгарарсын, сиыр бақсын. Бір жерде отырғанымыз жөн. Кім біледі, жас адам... Кессау екенімді білесің. Жетпіс жасың мынау – үнірейіп тұрған. Басқармаға айт та, ауру деп мені босатқызы.

Шал сезі қытығын қасыған Қадірсіз асығыстығын ұмытып, жайласа, барқылдай күліп алды.

Өзімнің ойымдагыны айттыңыз-ау. Қанаттыға кактырмаймын, тұмсықтыға шоқытпаймын Арманды. Сиырды дейсіз бе? Мені жастық етіп, келініңді бакташы етіп, ал майды бір шайнасам дейсіз гой, ә? Газіз экесінің інісі болған соң көнеміз де. Басқарма бұза қоймас...

Ілдекердің өз есебі өзінде, Қадірсіздің өз есебі өзінде. Мұның ешкайсысын әлі білмейтін Арман соқа жыққаннан кейін үшінші күні сиыршы болып шыға келгеніне таң еді. Ертемен атқа қонғалы тұрған келін жанына келіп, атасы: «Е, ку соғыс, көресіні көрсөттің бе» деп қынжылыс айтқан болды.

Енді шілде де еңсеріліп келеді. Ұзакты күндері мал соңында жүрү біраз жалықтырғанымен, ширак келіншекке ыстық үміттері оны елете қоймады. Жайлалаудың хошы аңқыған байшешегінде күн үзбей тербеткен әдемі әндерімен сағыныш елегзіткен көңілін балбырата әлділелейді. Олай-бұлай ете жүріп соққанында лебі суық бір қалжындар айтатын

Қадірсіз: - «Осы ерен әуендейндерді мен келес жатқан соң әдейі қызықтырып, айтып, смеурін танытатын шығар» деп те ойлайтын. Энді қоса салысатын, сүйлді бұлдыр таулар ішіндегі Арманға ол бүгін де сол қыжық-қылжының айта келген.

Бикешім, өзің қандай, әнің қандай! Кімді сағынасың, кімді шақырасың?

Сізді, - деген еді, бір сарынды сөзден әбден жалығып, әбден күйген Арман. – Осыныңыз не? Құрдасының смеспін. Қайынага деген – келін алдында, келін деген – қайынага алдында сыйласымын танытар еді. Түсінбей-ақ қойдым сізді.

Жайнал тұрган хор қызындастырың. Он жылдық та бітірдің. Ескі салттың қодесін арамызға тікенек стіл сұғып, несін айтасың?

Арман ойынызды жаңа салт демексіз бе? Халық жасаған салт-кәде тозбақ емес, жайнай береді. Әмір сонымен сүзлетті. Жармасқан жаманшылық жыртылады да жогалады. Жақсылық жалгаса береді. Осыны ғана білемін. Қойының енді ондай сөзді.

Қалай дессен олай дебикеш, мен саған гашықпын, сонымды айтамын. Анада тасқын ішінде, есінді білмей жатқанда мынау үлбіреген ақ тамағындан шөпілдетіп сүйгенімді білер ме ең. Тағы да бір сүйгізші.

Соны айтып, Қадірсіз атын тебіне түскенде Арман желе жөнелс тайқып, анадай барып тұрды. Бырт-бырт шөп үзген сиырлар иесінің оқыс

жүрісіне сәкемдене қарасты. Су ішінде сүйіп едім дегенге жиіркеніп кетті ме, немене, Арман жөнімен бұғағын үйкеп-үйкеп тастап, қысқа ғана жауап айтты:

Әрі кетіңіз. Ақкеме айтсам ғой кірергे жер таппайсыз.

Хе-хе-хе. Үәкілмен қалай қалжындақсаныңды мен де айтармын.

Айтыңыз. Қөлкеші жоқ ләзіммен қалжындасу – ол да салтта бар. Айтып көріңіз, арты кімді соғар екен.

Бикеш, - деп түсі құбылынқы Қадірсіз тағы да өзіне қарай беттей бергенде, келіншек жылпын торысына қамшы басып, әріге безіп кетті. Түк шығара алмасын сезінген, шарқідір, мұрны ғана бозбала Қадірсіз ат басын ауылға бұрып жайына кетті...

Сонан ба, әйтеуір Арман бүгін көнілсіз қайтқан. Атасы үйде жоқ екен. тамактан соң еннесіне шаршаганын айтып, ініржете жатып қалып еді.

Кай шама екенін білмейді, әлде нениң дұрас стуінен шошынып ойнды. Киіз үй ішінде шам сыйыраяды. Атасы мен еннесі төтен бір арпалыста. Шымылдығы айырмасынан сығалап еді: шал буулы тайыншаның тамагына пышшак тартайын деп шүқшиған. Кемпір екі мүйізден байланған жілті бар пәрменімен шалқая тартып төрде түр. Беті тырсия, көгерес елестейді. Үндемей ойга кетті. Шал Газізге қанша дегенмен өгей эке. Жаны аши

ма? Ал, кемпір соған әменгерлік жөнімен қосылып отырган, Ғазіздің тұған анасы. «Ең болмаса маган осы кісінің жаны ашымаганы несі?» деген ой келді. Шыдай алмай Арман түрегелді.

Үндеме, балам, алланың бұйыртқаны. Осындағы біреуін жаңа өзіне беріп, ана Қадірсіздің аузын да майлап қойдым.

Акке, ә, акке, бұл негылғаныңыз? Қоғам малығой. Өзіңіз бағып жүргенде қорқушы едіңіз, мені сопталсын дейсіз бе?

Үндеме дедім ғой, балам. Құдай сақтайды. Кетсөн Қадірсізбен қоса кетесің. Бәлкім ол кеттер. Эскер семьисысын, саған тук те жоламайды...

Арманға мына сез тіпті де жақпады. Қадірсізге сенбек керектігін айтам ба деп оқталып, бұлдіріп алармын деген ой келді. Тіл катпады. Қайта жатып, танды көзімен атқызыды. Ұзақ толғанып түйгени:

«Ертең малды пішениші ауыл үстінен құлатып, Қадірсіздің өзімен тілдессейін».

Сол ниетпен келгенде ол ауылда болмай шықты. Енді бұл жайды оның әйелі Құманга мәлім етпек болып, сол үйге түсken.

Беу, айналайын, көптен көре алмай, сағындық қой. Жогары шық. Атаң кеше келіп кеткен. Әлгі кемпір байғұс шүкір ме? Ғазіжаннан хат келіп түр деп естіп жастырмын. Ер-азамат сау болсын. Сенің адад тілеуің де оған сеп.

Әдетте Арман «женеше» деп айтатын ирелен бойлы, атжакты, орта жастардағы қараша әйел –

Күман жұқалан еріндерін жыптылдатып ала женелді.

Сыршы келіншек сыйның сөйлеп жауап айтады.

Өзініз де күйлі-куаттысыз ба, жеңеше? Қол тимейтін болып кетті. Басқарма айтты деп, қайынага, әйтсөй мұна сиырга шығарды гой. Кын соғып түр. Эр неден бір хауіп.

Қазан асайын. Не қуырдақ жеп кет. Отрып әңгімелесейік.

Тіпті әуре болмаңыз, рахмет. Қайран жеңешем-ай. Мал бар гой. Е, мұна кішкентай қыздың бұк түсіп жатқаны несі?

Арман кіреует қалтарысына тығыла жатқан, Күманның артынан еріп келген балага қарап отыр.

Е, қарағым, Арманжан-ай, - деп Күман көзіне жас ала отырып, тусінік берді. – Қадірсізге кездестірген күдай ма екен, шайтан ба екен? Білмеймін. «Менен бала неге көтермейсің?» деп өз басымнан, «Біреудің баласын асырамаймын» деп бұл сорлы жетімнің басынан қамшы айырмайтын болды гой. Кеше мас кірді де, етігімді тарта қоймадын деп, көзінен нұқып қалған. Сонан жатыр. Жұмылып кетіпті. Көзі. Қарашығы ақпаса жарап... Кетіп қалайын десем, оның есебін таба алмаймын, отыра берейін десем – күніміз мұнау. Не ақыл бересін? – Күман көз жасын мөлдірете Арманға қарады...

Айтам, акылдасам деп келген ойын қайта бүккен Арман, қатты аяған ниет білдіріп, орнынан көтеріле берді. Тұтқылда жән түйім тапқанына өзіне іштей разы да, Пайым етпей, анау жайларды

жайып салса, бұл үйдің бүлініп-жарылар мүшкіл халін шапшандатар құйын бол тимек қой. Соны барлап, малын сылтау етіп, тез аттанып кетті.

Ауылдан әрі де көпеленер жыптырайды. Кейлерінің төбесінен тыныстал отырган қоңыр шұбар бөктегілер ұшып жатыр. Бұл сиыр жануар неге қасакы жарады екен? Бұғінгі токшылығымен танауын тыржитып, ертеңгі – кыс күнінде жейтін азығын мүйіздеп шашпақ. Соңан сақтанып, сиырларды қуа айдаш шыға бергенінде атын танаулатқан Қадірсіз кездесті. Алдында көсекөлденең қойып, шөп машинаның ирек жүзді шалғысын ұстараң.

Е, бикеш кеше көрмestей болып кетіп ең, көңілің орнына түсті ме?

Арман оған тесірейе қарап, үнсіз түрді. Үй ішін әлгіндей жайға ұшыратқан мұның сиқы бұрынғыдан да жек көрінішті еді. Оған енді бір сөзін де кор еткісі келмеді.

Иә, неге үндемейсің? Айтпақшы, сүйінші. Не бересің? Байыңнан хат келді. Міні – деп сол қалтасынан Арман көзінс көптен таныс ұш бұрышты ақ хатты шығарды. Мынау тілті қомақты хат.

Лақтырыңыз, өзімс.

Жок, сүйіншімді бермей... Аныу жолы қалағаныңды ал деп, әлі бермей келесің. Болмайды.

– Шалғыны анадайға лақтырып, Қадірсіз атынан түсті. – Мә, - деп таяй беріп, ат үстіндегі Арманды

бір қолымен мойнынан қапсыра алды. Аударып түсірмек болады. Элеуетті келіншек тегсурінді жұлқыныспен ырық бермесін танытқан. Соны білген Қадірсіз енді тоқ мұртын жапсыра басып, келіншек бетінен сүйеді. Сәл төзгесі Арман оның шошайып түрган екінші қолындағы хатты қағып алды да, алақанына уыстай қысты. Тағы таяй бергенінде ністанеп кеткен аузына бишігінің сабын сұңгітіп кеп жіберді. Тез қайта тартып алып, жұлқына шығып, Қадірсіз атын біраз жерге күа кетті. Еңкісі қан қақырган сері әлде нені ұғымсыз айттып қала берді...

Сонан көзі біраз ашылған. Қадірсіз енді сырттап күржын, қоқан-лоқы айтады. «Еңбек армиясы» дегенді көлденен тартып, коргалатпақ болады. Жас адамға қол еңбектің бәрі бір. Қадірсізден хаупилегі, Арманиң осы сиырдан қайтсе шыккысы келеді. Сол жайын кенескенінде атасы Ілдекер түнжырай түсіп, завферманың анау килтитпа сезінің шетін қайта бұландастып қойып еді. Сол сез бұгальц-бөгелекпен жүргенде қыс та түсіп кеткен. Атасесі бөлініп орталықтағы орнына барды да, бұл сиырлы ауылда шошайып жалғыз қалды. Қадірсіз шенгеліне қақынап қалдырып кеткеніне соңшалық қайран. Бұзауына ту сиыр айырбастап бергеніне шекесінен түсіп атасы жайына кетті. «Менің де үстеуге берілген екінші бұзауға айналғаным рой» деп қынжылыс түйеді. Эйтсе де тәуекелімен сыр білдірмей бекім. Осы араны қыстаган Разымбет

қария үйін үлкен медет көрсді. Күмән женгейдің ез ахуалы да мәз емес. Сонысын аяушылықпен біле жүріп, сәл болса оны тағы бір демесу еткендей. Бейшараның, бірақ, татусыз сыйылдақ сөзі көп. Осы әрадағы скі-үш үйді күн күргаттай қыдырып, «Жібек тоқуга жылқы жүнін де жинайды екен, байы соғыста жүріп, ана қатын қалжындастыпты, басқарманың құдыққа каткамен тыққан майын қасқыр ала қалыпты» дегендей жайларды ала күнінша сапырып, бүркыратады да журеді. Таяныш білсе де, сонысы қарынын көбірек ашырып, әнгіме үстінде оған Арман актарыла қоймайды. Не ақылдасса да Разымбет атай үйімен. Кемпірі де, өзі де біртога, адал жандар. Жалғыз қызы осы Арманга тете өскен Сипат аудан орталығында окуда...

Сол Сипат каникулға келген. Арманның алдай бөлмесі әдетті елегізуден арылып, казір мәздікке толыдай. Бала жастан бірге өсіп-біте қайнасқан достар көрген-білгенін, естігенін айтысады. Майдандагы Fazіз жайларын, күлдіргі мінез бітімін ансай сөз етіседі. Ексуінің жазда скі-үш күн бірге жүргенмен кейін кездесіп отырганы осы. Сагынысқан. Сөйлесе отырып, біріне-бірі жаңадан хоштық табыса қарасады. Күлім деседі.

Әй, қыз, өзің оныншы бітіретін жылы тіпті толыса үлбіреп, қызылын жаңа жайған алмаша рендей әсемденіп алыпсың-ау. Жігіт болсамшы, жүргегімді қолыма ұстал, тура аяғына бас үрар ем. Сені бұлай құлпыраң деп кім күткен.

Бетін жөніне баса сылқылдай күлгөн Сипат әлден соңғана, әлі күлкісі үзілмей отырып тіл қатты.

Койыңызы, тәте, тіпті. Ажар-көріккес көнде сонда сіз бе? – деп Арманға қалжының айта қарады. Арманның қырша мұрынды, қағылезд, тотықлен торылаған нұр дидарынан сұлулық танудың сырды-сыықты жазбаларын оқығандай, мөп-мөлдір, аялы көздерінен ыстық мейірім, қылау жүз кайрат көреді. Сипат осы күйлерді құмарлана, елжірей, қастерлей, қадірлей барлап біледі.

Сәл бір үнсіздікті осылар жаңында тамашалаумен отырган Құманның жалпылдақ шашты, кішкентай қызы бөліп жіберген.

Тәте, сіздер бірінізді-бірініз жақсы көресіз, Мен бар гой, из, мен екеуінізді керемет жақсы көрем.

Соны үяла сөйлеп, еңкейе жүз жасырган баланы Арман арқасынан қағып, көнілінде көптен жүретін ойын аяй айттып білдірді.

Айналайын, кішкентайсың-ау, оқи алсаң жарап еді. Менің колымда сінілім болып тұрар ма едің. Жақсы көргенің дұрыс. Біз сені бәрінен де жақсы көреміз. Сен апанды да, әкендейде әрқашан солай сыйлас, жақсы көруді үйрен.

Жоқ, тәте, - дейді жалпылдақ жаңағы күйі, - әкемді жақсы көргім келмейді. Ол сабайды, боктайды, арак ішіп, үйге сасытып құсады. Мен ол келгенде қорага шығып кетемін. – бала сезін бітірсер бітірмесстен өкси бастаны.

Әй, балапан, қой, оның не? Басыңды көтерші, саған мен гармоң тартып, ән салып берейін...

Әй, балалық. Кірлігінен тамшы үзіліп тұрып, енді күлімдейді. Ән тындаамақ, Арман әбдіреден гармоның алып ән салды. Санқ, санқ естілген эсем әуез бірде дір-дір самғап, бірде тербете мамырлап баланың жабыңықтың көңліне жылу сеуіп желпініс береді, әлпештеп еркелетс, әлділей жымитады.

Сипат жана көріп, жаңа естіп отыргандай, таңданумен талай ән салған Арманға тағы да ғажаптан қарап қалыпты. Сәлден соң өзіне де қалау түсті. Оны енді ықылас ынтықлен Арман тындаиды. Гармоң мен Сипат әуезі бір ғана дауыстай қабысып ерке естіледі. Соңан ойысып скеуі дүэт жасады. Гармоңда көптіл болса, бұларуні соның бәрін жебеп, толыммен толқытқан ерсін бір жаңа тілдердей. Арман наз мамыр саз сыйзырганда Сипат сәл ғана нәзіктеу әуенмен селбесіп, дүэт дуркінденіп, қыттықтай көңіл еліктіреді.

Қабырғалас үйден сол әуендерді естіп, ән тындаусуға осында Сипаттың эке-шешесі де, сол үйге әнгіме шертуғе барған Құман да ілесе кірген.

Екі жас өз журектерінің сағыну, ансау қалауымен сол кеште Абай, Ақан, Мәди, Эссе, Жарылған-Берді, үкім Ұбырайлардың бүтіл казак елінә өлмес перзенттері естіп таратқан, әсемділік пен ынтызарлық, достық пен үміт етегін әндердің жармансекесің осынау жырак, жадау-жабыңықтың қыстактың өзінде-ақ ашып сді. Тындаушылардың

үйығаны, ризашылдырын сонша, әншнейінде жыбырызы тұрмайтын Күманның жылмағай сріндерінің езі жабысып қалғандай, жұмылған күйі қалып сді. Эндер айтылып болғаннан кейін де үй іші біразға үнсіз қалған. Бағанадан кең шалқыған ерен ерке әуен-әуесздерді енді бөрі таразылап, дәлдеп бөліп алғып, әрқайсысы мәз қанағатымен отырысқандай жай елестейді. Рахат мәжілісі соңындағы сол тыныштық күйді сырттан келіп есік ашқан Қадірсіздің түрпайы естілген сезі ыдыратып жіберді.

Осы үйде біздің әлгі қаңғыбас, қара қатын жоқ па?...

Сипат каникулда болған күндер сінжар жүрген Арманды көп жадыратып тастанған. Реніш тозандарын жанашып ниеттері, екесіү күрган ойын-күлкі жуып-шайғандай, көңілі көп сергіп желпініп қалған. Енді сол сэттерді қайта ансал, Сипаттың да окудан тез оралуын Газіздің майданнан оралуынан еш кем күттейді. Сипат экеп берген, жаңа шыққан «Абай» романын қызыға да асыға оқып, ұзак-ұзак отырып, төрт кештес тауысып тастанап сді. Ара-тұра жұмыс киімдерін жайлай жүріп, мал бағу, ас-суын әзірлеуден басқа уақытының бөрін оқумен, ізденіп білүмен өткізуге жа аттанады.

Бүгінгі кештес Газізден келген хаттарды стол үстінс тізгес қол таңбаларына үңілс отырып, сүйіктісін көз алдына әкеледі. «Әр сезі – езі: ақыл айтады, күлдіреді, көңіл аулайды». Бұл хатқа қайта

қадалады.

«Қазір барлаушылар тобында мын. Өзің көзге шалынбай, жаудың, эр қымылың көре білуің керек. Қыны сэттер бар. Сыбырысyz барып тіл алып қайту парзызымыздың біріне жатады. Нешеуін түмшалап экелеміз. Кейде қолға онай десе де қоймай бас бағып, ұзақ торып қаласын.

Соғыстың аты – соғыс. Бірак, бетпе-бет қару жұмсасып, уытты қолдармен жалаң жосаласуға емес, үңғыл-шүнғыл көп айла-тәсілдердің қақтығысы да. Тап осы жағынан машықтануымыз өлшесүсіз. Сермесіміз деп, соккымыз қатты. Фриц дегенің ішіл-жемін атасының басындаі көреді екен. Украинаның тегін торайын қимайды. Тіршілігінің мәнін жүткynын тығындау деп қана білсе керек. Соңан міз баққысы келмесе де, тайқыш абыржұы қатты. Тунделете келіп, баспалап торып отырганымыз. Бетталды оқ атып жатады. Үрейінің де белгісі, сақтанғаны да.

Бір-екі күнге дамылдаймыз. Өзіңе хатпен болса да, кеңірек сыр шерткім келіп кетті. Бізде толғану да аз емес. Соның бәрін көңілге түйемін деп тығыздай берудің өзі жүк. Біразын хатқа жазып жеңілдесем деймін. Осыны және тап өзіннен үйренген сияктымын. Сағындырып келетін хаттарында ыңғай солай сыр шертесін. Эр хат жазудан үлкен бір жүкті өрге шығарғандай, арқан жеңілден қалатын жайынды танимын. Солай серпіліп сергісем маған да раҳмет емес пе?

Іә, айтар жайлар көп-ақ. Осы жолы екі күн бастан кешкен бір оқиға туралы баян етуді қажет көрдім. Жазбасам тынши алмайтын сияқтымын. Енді соны тыңда:

... Күн батқан. Жаз кеші самаркау жылжиды. Орманды өнір барқын тарта мұлғи бастады. Күнгес арқасын қыздыра отырып, шырлайтын торғайлар да тынған. Біз күткен сам күнгірті енді ғана таралғалы келеді. Эйтсе де, бір шама елес танытар жарыққа бар. Уш жігіт седіреген ағаштар арасында көсөнің иегінше шошайған, жақпар жонды тәбеле шығып, иек арттық. Аргы алды немістер бекініп жатқан шағын село. Бұзылып, жарылғаны бар, әзірге сау тұрғаны бар – алауытып көрінеді. Эр-әр тұста құлаған үйлердің орнын күзеткендей мұржалар сораяды. Қай жерде көрсөн сол. Неткен берік десенші. Элде адам тіршілігіне ертең қайта жылу беруге тиесілігін сезіністіндей мес?

Ұзын сезіндің төгесі – осынан тіл алыш қайтқымыз келеді. Түнделете қай тұсынан кіру орайы барын топтылаймыз. Жолдасымыз Антип ту сыртымызды қарауылдан күзетте. Артта қалған жол бойында – әр жерде жау күзеті бар. Соларға килікпей, кештете буйірлей келіп өткенбіз. Сергей екеуіміздің көзіміз селода.

Мекеннің бергі шетінде қошыл тутін будак-будак бұркырап, әлде өртеліп жатыр. Шойынбастар қап арқалаган кемпір-шалдарды тұртпектей осында айдал келеді. Экелгенін отқа төккізіп, дедек

қактыра қайта әкетеді. Тыным жоқ. Шақырымдай жерден айыра қою киын да. Эйткенмен, өртсіліп жатқан нәрселердің көбі кітап па дейміз.

Әлден уақытта шеткері үйден бір ребдәл бала шықты. Қолында түйіншігі бар. Жан-жагын бағып, біраз қарал алды. Оナン бері қарай жүгіре жөнелді. Ол төбеге ілігіп қалғанда құғыншы шықты. Екі мотоциclist куа оқ боратады. Етеккес жеткен оқтар шыпшип дыбыс шығарып, шан бүркүлдатады. Сасқалактаған бала бір тасқа далдалай жып берді. «Сорлы бала-ай, ажалыңмен ойнағаның нені» деймін шыдай алмай. Тап сол кезде әлгі екеудін бірі бүйірдей тартты. Ұбып отырмыз: баланы алдынан орап алмак. Ол төбенің он жақ далласына кіргенде, екіншісі балага таяй қалды. Сабигс жанымыз ашып кетті. Күтқару керек. Үш жүз метрдей жер немене, қарауылга қондырдым да, тартып кеп жібердім. Құғыншы орнында қалды. Қолынан автоматы үшып түсті, мотоциклі скілнімен барып, шыр көбесек айнала құлады. Тіпті ақылмен жайраттық десуге боларлық. Сенбестен мотор үні былайғыға күыш бара жатыр деген үгым экеледі. Далдага түскен екінші мотоциclist болса, атып жатқан жолдасым дөп білуі де ықтимал.

Жайды таңдана білген бала тұра сала өрлей жүгірді. Дәл жотага шыққанда ол мұрттай үшты. Атқан жаңағы - скінші құғыншы. Жалаң аяқ - жалаң бас бала жанушыра енді бері құлдилай сүретіледі. Мені көріл шошып кетті. «Үндеме» - деп сыбыр

еттім. Көтеріп алдым. Көзіме көзі түсіп, сол сэтте әлсіз жыымиды. Онан пилоткамның майдайымдағы қызыл жұлдызды құшырлана ұстап көрді. Мен оны бір шок тастың тасасына экеліп жатқыздым. «Қазір келемін, тырл етпе» деп тағы сыйырлап, Сергей жанына оралдым.

Баланы атқан енгезердей неміс артына қарап, төбенің орта тұсында тұр. Жолдасын көре алмай таңданғаны талассыз. Совет мергені тап осы арада қағып түсіреді деп ойлай қоюы мүмкін емес қой. Мотоциклін сөндіріп тастап, тастакқа ырги ерледі. Келер жолын осы-ау деп, үшсөзіміз үш бұрыштай бөлініп, тығыла қалдық. Асыға күтеміз. Фриц тебе басына алтыға шыға беріп, автоматынан бір дүркін оқ септі. Эрі де ағаш бұтагы үзіліп түскені естіледі. Енді ол бері асып, аяғын әндып басып, өндіршегін соза қаранды...

Көтөр қолынды.

Үнің шықпасын.

Автоматынды таста...

Жаттап алған осы үрейлі сөздері немісша нык-нық айтып, үшсөзіміз жан-жагынан шыға келдік. Үш автомат бірдей соган кезелген. Ол каруын салдыр еткізе тастап жіберіп, дірілдеген екі қолын баю көтере берді. Жанынан пистолетін де алдық. Имек мұрын, жирен қасқа сасқалактап, бізге кезек-кезек жалтақтайды. Аузына орамал тығып жіберіп, ойпаттағы бір ағашқа керіп байладық та тастадық. Обер лейтенант, іздеп келгеніміздің

өзі. Олжалымыз дер едік. Бала жайын көрген соң сшқайсымыз әдетті бұл қуаныш сезін айта алмай түрмый. Кесесіп тұрар жер емес, бір-екі шырша мен плащи-палаткадан көтергіш жасап, баланы алып жүрдік Аузы тығындаулы, қолы қайырып байлаулы офицер қоса айдалып келеді. Сергей оны автоматымен нұқып, түртпектеп қояды. Тез жүр дегені.

Жау шебінен өтіп, өз шебімізге бойлай барып дамылдауга отырдық. Қас қарайып кеткен. Бұл шақта бағана біз аттанған төбе басы ойран-топан: аспанға ракеталар жарқылдай жіберіледі. Автоматтар күркірейді.

Онда шаруамыз не? Өз шаруамызға кірісті. Балага сусын беріп, жөн сұрадық. Ауырсынған бейбак біресе ыңқылдап кетеді, сөйтіе отырып, үзіп-үзіп айтып бізге түсінік те береді. Фрицтер совет селосының адамдарына күн сайын ойына келген озбырлығын жасайды. Біраз қариялар мен балалардан басқаның бәрі орманға кеткен. Тзуық пен торайлар тоналып біткен. Сырларды кім екені белгісіз айдап экетінгі. Бәлкім партизандагылардың өздері шыгар. Бұл кеште үй-үйдіңкітаптарын, музыка жабдықтарын өртеп жатыр екен. Шәкірттікten қол үзген өспірім бала өзі қастерлейтін ұлы Кобзарьдың кітабын, Лэйлэ-Мәжнүнін, Руслан-Людмила дастан-дарын, Бетховен туралы Ромен Роллан жазған кітапты, әлдекәндай журналдан сыйдырып алынған Маяковский мен Микеланджел

— оның: «Нажағайдан хашқан балалар», «Қобыз тартқан қызы» деген аяулы картиналарын алып қашыпты. Тауға экеліп тықпак болыпты. Дүниенің төрт бұрышының қастерлі мұраларын зұлымдық тырнағынан сақтамақ бала бейбактың ендігі халі мынау — ауыр жаракатты. Қайта-қайта әжесін айтады. Мен оның оқ тиғен аяғын бинтпен танып тастандым. Сол кеп себеп жасап, бір сэтке тынышталып та еді. Өзіне оқ сілтеген жауын біздің бүйдалап алыш келе жатқанымызды көріп, бала бір сэтте күлімдеп койды.

Осы ма?

Тап езі.

Е, дұрыс.

Ой, ағатайлар, дұрыс. Бәрін де байлан алуларының керек.

Байлаймыз бәрін де...

Баламен тілдесіп болған соң офицерді тінгтік. Қалтасынан кисық кресті күелігі шықты. СС-нагызың бас кесер.

Жауап сұрадық. Біраз уақытқа дейін үндемей, былшия бадалып төмен қарап отырып алды. Ұызалаған Сергей оны періп кеп жіберді. Етпеттей түсіп, ышқынып біраз жатты.

Түсінік бересің бе, жоқ па?

Мен өз чинімдей чині бармен ғана сейлесемін.

Қырсықтылығын көресін бе?

Ендеше, тап осы жерде атып кетемін. — деп Сергей ақырып, автоматын таяй берді.

Гитлер ағасының да жанын қағып алатынымызды ұкса керек, «сабаз» дір-дір қакты. Сәл сабырланып тіл қата бастады. Орыстың тұнық үнді сөздерін мыңқыл-шыңқылымен бұрап, мұтте кирелсендікені-ақ ызамызды түсіреді.

Мына сәбидін жазығы не?

Бізге берілген тапсырма сол.

Қыру ма?

Ол айтуға батылы бармай, басын изеді.

Ал, мына жансыз кітаптардың, картиналардың кінәсі не? Мынау бүтін дүние жүзіне әсемдік, өмір суюшілік әуезін таратқан Бетховен туралы кітап, мынау зұлымдықты махаббат отымен өртсөуді үйрететін дастандар, мынау адамның ізгі жанды болуға тиістілігін мезгіттін картиналар. Адамзаттың асыл мұраларында экслерінің не көз күны қалып еді?

Фашистер бұрын-сонды жасалған не дүниені болсын дүние деп танымайды.

Сонда, адамзат ақыл-ойының қастерлі мұраларын жасайтын сендер ме?

Ол жағы маган мәлімсіз. Бұл туралы бізге айттылмаган...

Өзің де эке-шеše, қатын-бала бар ма?

Шешем, әйелім, бір балам бар.

Оларды сағындың ба? – деп сұраймыз.

Мен сағыну дегенді білмеймін.

Қалайша?

Жауға рақымсыз болу үшін өз жақын-

жуықтарынды да өгейдей санауың керек деп үйретілген бізге. Қанымыздың сіңгені сол. Сағынбаймыз...

Жауабы осы. «Ер-тұған жеріне, ит-тойған жеріне» демей ме? Мына сүмдү көріп тұрып, халықтың сол нақылы есіме түсті...

Арман, фашист дегеннің не екенін сінді өзің ойлап көр. Тек бітімі ғана адам тектес. Кәрі жәдігөй капиталға ары мен жанын қоса сату бұлардың күйге түсірген десенші. Адамдықтың бірінші белгісі – ізгі сезімнен айырып, жыртқышқа айналдырган Махабbat дегеннің, жақын – жуығын, ел-жүрттың сағыну дегеннің не скенін білмейтін осылар бізді басы байлы құл еткісі келеді. Құлейін бе, құлмейін бе? Отанның әр түйір тасын да, әр тал бұтасын да, тамшы суын да ыстық көрестін біз бас истиң? Жоқ, жоқ, жоқ. Көресің, кімнің туган еліне деген жүрегі ыстық болса, өмірге деген құштарлығы құшті болса, өзінің адад жарына, ата-анасына, бауырларына деген махаббаты лаулап тұрса, бұл соғыстың женушісі де сол болады.

Біреу: «Өмір сүйгіштігінді қалай білеміз?» деп сұраса, оған мен: - Сол дарқан өмірдің кішкентай ғана мұраларын сактау үшін басын өлімге байлаган жаңағы баланы мысал етер едім. Өзімнің де сол бала ниеттес скенімді айттар едім. Біз сол үшін күресіп жатқанымызды білессің гой. Рас, бұл айттарға ғана оңай. Ал, көрестің өзі өтс, өте қын. Қадам басқан сайын хауіл-кәтер. Бірак, сескеніл тіршілік етс

алмайсың. Тіршілік киыншылыққа төзіп, құл болу үшін емес, қайта, сол күл-талқан сту үшін берілсе керек. Гүбіндегі бақыт та солай күрессендікі болмақ. Осынымды үк.

Сүйікті Арманым, енді өзін туралы бір-екі ауыз сөз қосқым келеді. Атысып жатайын, барлауда жүрейін, иә, хат жазып отырайын соның бәріндес сен жайран қағып жанымда жүресің. Міне осы хатты жазып отырган минуттарда да солай: күле, жазуыма үніліп тұрсың. Бірақ ол тап өзің емес, маган деген маҳаббатыңың алыс-алыс, қабат-қабат таулардан асып көрінген, аса биік сәулесі екенін толғанып барып білдім. Тері, жүргендеғажайыптық күш бар білем. Соныңмен мені эмсө демеушісің. Солдаттың ғой, сенің сол маҳаббатыңа лайық болуга ұмтыламын. Эзірше қолынды қыса тұрамын»...

Украин баласының тағдыры көніліңе қат-қат аяныштар экеліп, Арман хатты оку үстінде жылап та алыш еді. Артынан Газіз сездері басқа ойға ойыстырып, хаттың соңғы беттерін мейлінше риза болушылықпен қайыра оқып шығып, біраз отырды. Жауынгер ойларына өз ойларын жалғастырды. Сүйіктісі көз алдына ұстайтын бейнесімен жайнай, жадырай күлімдейді. Эбден хоштығының белгісі еді. Екі қолымен томпия шықкан омырауын емірене қысып, тытығыңқы жүзі балбырай тары күлімдейді.

Бірсәтсұстанып кетті. «Сондай сүйікті жарының оттай ыстық қойнына мына түйсіксіз сұық қолын

сүқпақ. Газіз кім? Қадірсіз кім? Жанар жайған
қызыл гүлді, жауынгер жігіт жүргегіне тағылар, ең
кіршікіз таза гүлді ұйпаламақ. Татымал дәмессінен
әлсіз дәрменін өшер сәуледей қалышылдатады.
Әйелге деген ілтипат лебі жоқ, томардай түйілген
дырында кор болған есіл Құман жеңгей, мұнан не
үміт етіп шыдап отырсын екен.

Арман осылай бір толғаныс үстінде отырғанда
әлдекім қакпаны сыңдырарай дүрсілдетті..

Өтім?

Аш, Қарабет. Қорсетейін мен саған, арсыз
қайынағасы мен сайқал келіні ойнаганды.

Женеше сізге не болған. – Солай шіміркене үн
қатып, Құманға есік ашты да, кіргізіп, ілгегін қайта
салды. Сол қарангы жерде ашумен зіркілдеген
Құман мұны әлденемен олақ соғып, бөкссесінен
періп жіберді. Бөлмесіне ытқып кіріп еді, артынан
шапылдай, аптыға жетті. Өзінің бет-аузын қан
жапқан. Шанқылдаған сайын аузынан көбікті
түкірік үшқындары шашырайды. Қолында самиян.
Арманды стол айналғанда күа балағаттауда.

Арман атынды өшірейін. Қылымсып, алдағ
келген екенсің ғой. Эзэл. Анау-тәбет, сен –
каншық.

Бір кезде Арман Құман қолынан самиянды
жулып алып лактырды.

Тоқтатыныз. Не сөйлем түрсyz. Тоқтатыңыз
ана байыңызды. Басынбасын. Сонынан қалмай-ақ
қойды. Сізді сыйлаганынан элі үндемей келемін.

Жазды күні барғанда айтпақ см, езіңіз реніште
отырган соң үндей алмай кеткем.

Қой әрі, қаярлан ба. Көзіңді ойнақшытпа, білдің
бес...

Ышыным сол. Багана шөпке барайын деп ат
жеккенімде, тамақ бауды тартып берем деп, тағы
жармасты. Итеріп жібердім. Ләзім бе? Экемдей
смес пе.

Терезеден қарап тұрып көргем. Қорламағы мен
бе? «Әй, келсен» деп күні бойы күттім. Сонан жаңа
кірген еді. Қыздырган шымшуырды қатынжанды
танауына бастым да алдым. Шыж ете түсті. Сол
керек. Жүрсін масқараланып. Тепкілесе де ызамды
бір алдым. «Мен Арманды алмай тынбаймын»
дейді. Сен құтыртпасаң неге айтады? Қалай
сенбекпін? Сені осы араға экеп кыстатуы не?
Бұлтара алмайсың...

Қызғанышы аитығын қамшилап, Арман айтқан
абырой сезін құлаққа ілмей кеткен Құман үйден үй
қыдырып, бықыр-бықыр қайнап сокты-ай кеп. Сол
өсек ауылдан-ауылға тамсanta, танданта тарап, әлде
кімдерді Арман бетіне сырттан былш-былш түкіріп
те жатты. Бірде малда жүрген оған атасы Ілдекер
келіп күпілдеді. Кесселді қояларын жиіркендіре
құсты. «Бұл жерден жогал, әрмен жогал» деп кетті.
Көзінен шылқан ыстық жасы сакырлаган сары
аязда бетінс мәлдір моншақ болып қатқан Арман
төмсн қараган бойы: «Акке, адаспаныз. Жала
бұл» деп қала берді. Сұрықсыз шал сақалы қандай

ала болса, ой бағдары сондай ала-шала кейпімен Арманның көз алдында бүлдүрап, әлі жетпей, зіркілдеп тұргандай.

Енді бірде малын ауылға қарай беттетіп келе жатып, баласын жетектеп әлдекәйда жаяу тартқан Күманға тап болды.

Эй, сайкал. Ал, мен кеттім, бар да кіріп ал.
Шулап отырган осы ауыл кате айтпайтын шыгар...

Жок, апа, Арман тәтсеме үрыспа. Ол жақсы. Кеттейік. Соның үйінде қалайық, - кішкентай қызы ашуын құсқан шешесіне басу айтады. Ал, Күман шабына шаптыға түсіп, баланы темпештей сүйрейді.

Арман баланы елжіреніп айды. Күманға бірер сез айтпаққа оқталса да, үнсіз қалды. Өзі таратқан өсекті басқа шу ауыздардан қайта есіп, «ышын» деп алжасқанға айтты не, айтпады не? Ойсыз бас опығын өзімен қоса қоса пәк жанға жа жегізеді.

Осыны кейіспен түйген Арман ызасы бұл жолы наизагайдай жалтылдан еді. Тұмсығына қос кекшіл сүмбे шанышылған торысын шаужайлап, қалың да, таусылмас та шықыр шығара шұбалған сиырларды тықсыра айдайды. Аузы-мұрның бозғыл бу ытқындейді. Шиыршық атқан, ат үстінде тік-тік шанышылған қалпы төтен...

Осы шамада сонау Тасқотанның сүйт журіспен Қадіреіз шыққан. Эр елеңге секем ала қарап, бұлтыл желген шұрқыңтай ала байталды тебінс түседі. Қасқырдай қалғынып ой үстіндес келеді.

Кейде түшкіріп те қояды. Үймырт түсे Шилсүйтті даалаға жеткен. Ауыл әлі бірқатар жер. Бір кездес: «Әй, ак қойныңа осылай атылсам» деп, қолдарын байталдың екі бүйіріне шенгелдей періп кеп қалды. Алай байтал шоршып-шоршып түсіп, қаперсіз келе жатқан Қадірсізді жерге бір-ак атты да, құйрығын тіре, келген ізімен жоси жөнелді. Соган біраз қарап тұрып, басын шайқаған сабаз қамшысын тауып алыш, ілгері, ауылға қарай беттеді.

Содан сәләүір жүріп кеткен. Өз үйіне кірмей Арман үйінің терезесінен шығалады. Қажып жадау көңіл жүрген келіншек бұл уақытта талмаураган үйқы да еді. Қакла ілгегін бәкісімен ашқан Қадірсіз алакөлеңке бөлмесе мысықша басып кірді. Сыртқы киімдерін босағаға тастап, керуектебеттеді. Жүрге лупілдеп, дір-дір етеді. «Тура құшқатай алайын» деп тұрып, шөгірдей қатты, сұп-сұық мұртын Арманның ашық жатқан аппақ кеудесіне әбайсыз үйкеп алды. Сол-ак екен, сақ келіншек атып тұра беріп, арсыз ыржиган Қадірсізді дәл өнімсінен теуіп кеп жіберді. Ол шалқалай түскен. Сығырайған шам жарқ етті. Аударылып барып ауыр көтерілген Қадірсізге мылтық аузы үнірейіп түр еді. Сол үнірейген ауыздан оған тілін бір жылтындағып, бір тарта ыскырған айда ар слестейді. Сол елес айбат шеккен Арман ызасының белгісі дерлік еді.

Арсыз. Айтарынды айтып қал.

Қадірсізде кимыл да, үн де жок. Көртеш мұрынды кесек жүзі күп-ку.

А-а-а... а-ыт-па, атпа. Күк-күк, күлүнү-ем,
а-тпа...

Атамын арсыз, атамын. Катын баланды
жазықсыз, жаяу қанғырттын, мені өсекке
қалдырдың. Сол үшін атамын.

Уа, тағала-ай, э, біткен жерім осы ма? Тілім
кәлимага да келмей қалды-ау. – Инабат білмейтін
кеуеккеуде, насиәпсі жаннның қорқыншылауынан
жексүрын, жиіркенішті не бар екен? сиықсыз
сірепіп, ерні күбірлей, мұртын бұлқілдестіп жылай
бастады.

Тоқтат. Көз жасың қарам.

А-а-ал, тоқ-тат-тем.

Осы әйел атаулының саган не жазығы бар?

Жазығы жоқ, жаксы көремін.

Күманды аламын деп бірінші әйслің Даражанды
таяқпен шіріттің. Маган жармасып, өнді Күманды
куып отырсың. Осы ма сенінше жақсы көру деген?

Қадірсіз бүкшие түседі.

Енді кайтейін, көңіл қурғын...

Сендейдің біреуі кемісе де өмір көп олжалы
болар еді. Осыны біл. Бүкіл әйелдер атынан
айыптаймын...

Қадірсіз қайта сінірейді. Мылтық аузынан көз
алмай, отырган бойы сүйрестіле, есікке қарай шегінс
бастады.

Жанының тәттісін. Тайқалақта ма? Басқаны
омырауынмен соратын «батыр» смес пе ең?

Астапрала, әлі үнірейіп түр ма? Қалдыра көр

шыбындај жанымды. Өмірі құлың боп өтейін. Мен де сені ажалдан алып қалып едім гой. Қи жанымды езімс.

Мен өмірімді әлде кімнің саудага салу үшін жасамаймын. Естігім келмейді саудагерлік сөзінді.

— Ызасымен сұстанып алған жас эйел ұскыны мылтықтан да сүүқ еді. Үлкен көздерінен от шағылады. Үңқашам ернінің арасынан тым уытты, тым жігерлі, нық-нық айттылған сөздер шығады. Ызасының күші шығар, кейде өзінен-өзі дірілдеп те кетеді. Сәл мұздаған иығын бір сілкінгенде алдына шұбала келіп түсken қолан шашы жауып жылдықтандай болды.

Осы кезде Қадірсіз есікке жетіп, табалдырыққа артымен – көтеріле берген еді. Арманың ақыра шыққан даусынан селк етіп, есік жақтауына соғып бетін қанатып алды.

Тоқта. Енді тырп етсөң біттің.

Бауырым, бауыр-ем.

Бауыршылын. Жан қымбат па? Ар қымбат па?
Айт соны.

Жан. Жан...

Соғыска кеткендерел арын сақтау үшін өзжанын пида етуге әр минут сайын дайын. Менін Газізім де сол. Ар қымбат оларға. Ердін, адамгершіліктің ісі сол.

Иә, иә, дұрыс... Оларға ар қымбат. Ал маган, маган, қазір жан қымбат...

Сүмның сөзі де сүмша. Мен ел арын қорғау

үшін жүрген жауынгер жастың жарымын. Ал, сенің менің арымды қорлагың келеді. Адамдық па? Аюандық па? Айт соны, айт.

Иә, мен аюан болдым, аюан.— деді жыламсыраған Қадірсіз. — Қателестім. Бірақ, өзің емес пе ең үміттендірген?

Иә, не деп үміттендіріп ем.

Тасқыннан алып шыққаннан кейін, егін салыш жатқанда айтқаның қайда? Қалағанынды ал демеп пе ең?

Иә, иә, «ал» дедім. Рас, судан құткардың. Адамгершілігі бар жасаған жақсылығын түлдәр ма? Сол үшін арымды алмақсың. Маган жан-арым садағасы, саған ар-жаның садағасы. Өмірдің мәлдір шырынан лайлағың келеді. Ондай тіршілік неге керек.

Тіршілік қалай етсе солай етсін. Жанымды қалдыраң болады. Тілеуің берсін, босат мені.

Жок, ызың әбден етті...

Мылтық әбайсыз шаңқ етіп, үй ішін ащи түтін алып кетті. Төбесінен зулап жалғыз оқ үшқан Қадірсіз үрейі кете, басын сога, жалаң аяқ жалаң бас зыға аттандал, ауылдан шыға зымырай берді.

Көрші үш-төрт үй адамдары Арман бөлмесінс дабыр-дұбыр жиналып қалды...

Күндер етіп жатты. Бірақ, бірде бірінің Арман жанының жарасына жеңілдік әкелгені байқалмайды. Былтырғы көктем кательлі болып етсе де, ксліншек көnlінс жазиралы жайлаудай еді.

Ал, биылгысы ше? Үмітін кесіп, жігерін құм етіп үгс, сүмдыштын тап өзін ала жетіп отыр. Элдекайда көзін тасалағысы да келді. Қайда бармақ? Білмейді.

Мына кешкі шақта Арман үй жанында мұңайыспен отыр. Осы ауылдан қара өшіруге асығып, жаңағана Қадірсіз көшіп шықты. Сомпиган соқа басы. Арбага құрым-жырымын тиесен. Мұрнынан тесіп тіркеп қойғандай, үнжыргасы түсе зеніп барады. Сол елеске бір сәт қыбы қана қараса да, Арманның Қадірсіз туралы ойлагысы да келмейді. Өз бүлігі өз сазайын тартқызып, әйелінің арызымен қызметтен күлгін ол туралы ойлар да ештеңе қалмаган. Эйтсе де мына Ілдекер шал шалдуырлығының себептері тағы соның бүлтігіне экеп сайды. Топшылауга жок, конқетпе, томырық Ілдекер Күман үрлеген өсектен Арманға деп көніліне мұз түйген. Енді тап бір шиқандай керінеді. «Газіз өлді» деп келген қара қағазды да Арманның сол «қырсығынан» деп түйеді. Нақ сонысы Арманға көніліне тұз қайнатып құйғандай білінеді. «Нахақ басым» деп, егіліп-егіліп алады бейбак. Алдынан отпеген ағайындардікі не ана? Ең болмаса бірге естіртіп, Газізге деген ыстық жан сезімінің ең соңғы сағынышы мен күйініші жасын төгуін де қимагандары ма?

Е, дүние.

Міне, сол толғаныс еді Арманды булықтырып отырған. Ұзын бойлы РАЗЫМБЕТ қария оның жанына келді. Тіл қатуға батылы бармай эрі айналды. Біраз

жай басып барып, қайта оралды. Бірдеме айткысы келгендей. Соны сезіп, Арманның өзі тіл қатты:

Ата, деді дірілмен, - Қадірсіз қарабет кетті гой.

Кетті қарагым, осы арадан қарасы өшкеніне қуандық.

Сөйлестініз бе?

Хош айттысқан болдым.

Не дейді?

«Кей жайға кінәлі де шығармын, бірақ жазықсыз едім» деп кетті.

Ел бұлдіргеннен артық қандай жазық болмақ екен?

Иә, алжасқан өзін әктағыш келеді...

Сөз сонымен тынған. Қария көк күшп, төңірекке бытырап кеткен сиырларды қайырып келмегін білдіріп атқа беттеді. Ұзенгіге аяқ сала бергенде үй бұрышынан арбасын салдырлатып Ілдекер шыға келді. Бұрын алдында жайран қагып, иіліп тұратын Арман атасын көрсө де, көрмесн болып отыра берді.

Ассалаумагалей-көм. «Көрген жерде көніл» деген, ақ сұнқарыңын ауыр қазасына ұшырапсын, арты жақсылық болрай. Мына біз Арманжанра естіртпіп, шыға алмай жатырмыз.

Разымбет Ілдекерге солай көніл айтып тынып еді. Енді өз құлагына взі сенбегендей, оның шашала-жөтеле айтқан сөздеріне таңданумен құлақ тігеді.

Аты күрсын Арманның. Қайда өзі? Ағамнан қалған жалғыз азаматымның келіп-келіп, қазага тап

булуды сол жүзікараның қырсығы. Кетсін, жоғалсын. Ана кетіл бара жатқан Қадірсізімен кетсін. Шашар дүниесін жок. Газізімнің жиган-терген нәрсесін алуға келдім. Бар, айт соны.

Шыдай алмады білем, РАЗЫМБЕТ те гүжілдеп кетті.

Эй, Ілдекер не деп тұрсың? Күнәға батқыр. Қалай аузың барады? Обал қайда? Жетім балапандай бейбақ болған баланы толамақсың ба? Тонатпаймыз біз...

Тонасын, - деді бұлар жанына жетіп келген Арман, - тонасын. Газізден қалып ол дүниені мен қайтпекпін, алсын.

Тәйт, әрі, найсан. Кет. – Ілдекер шал ентіге, кара тымақтың сабалақ мәндайы астынан аларған шүңірек көзімен Арманды ата бажылдады.

Эй, Ілдекер, - дейді РАЗЫМБЕТ, - сол ГАЗІЗ тірі болып шықса не бетіңмен көрмексің? Айтсы, күнәкар.

Тірі болса, балама қатын табылар.

Акке деп сізді ақыргы рет айтартмын. Акке, менің арым таза. Жаппаңыз жалаңызды. Азалы шағымда жанымды өртеп қараламаңыз. Осынша лаңыңыз бәріне алдымен кінәлі тап өзініз. Қадірсізбен жемтікtes болып, колхоз сиырларын жедініз бе, жедініз. Соған қызығып баланың қамын ұмыттыңыз ба, ұмыттыңыз. Бүгін келіп, өсекке сеніп, мені айыпты етесіз. Айтсын, мына атам. Мен қазір Қадірсізді қайтарып әкеліп, не болғанының

бәрін көзбе-көз айтқызыамын. Кінәлі мен бе? Өзіңіз бе? Сонда білесіз.

Эй, жүзіқара, не дейсің? – деп Ілдекер ұзын женінен жартысын шыгарып ұстаган қамшысын кетере келініне үмтыта бергенде РАЗЫМБЕТ онан қамшыны жұлып алғып, тізесіне басып сыйдырып, лақтырып жіберді.

Тоқтат, Ілдекер, тірі кеткің келсе.

Иә, солай болады акке. Қадірсіз екеуініздің бетінізге ел түкіріп өтегін болады...

Осы бір сөздерді қатумен айтқан Арман атына қарғып мініш, әрі қарай дүбірлете жөнелді.

Келіні жөнелісімен арбасына асыга отырып Ілдекер зытты. Тері бергесуден қорқады білем...

Тебіну үстіне тебіну соғып, алакөбем кеш ауасын жара желпіп Арман әлі жосытып келеді, әлі жосытып келеді. Жолынан тайқып үшіп құстар кетеді. Оны андамай, ойда келеді. Ақ екеніне көп көзін жеткізіп, қайда болса да жайыма кетсsem дейді. Ұзадан іші үдай ашиды. Өсектің өзінен де оған сену мандайға қалың сор болып жүргенін қатты қынжылыспен пайым етеді...

Артынан шықкан, күтпеген төтен дүбір Серектас деңгейінде өгіз-арбасын айдай барып қалған Қадірсіз үрей тузызады. Көнілі қобалжып, кейде атының басын бұра тың тындаиды. Дүбір тіпті таяп кеп қалды. Эне, жалғыз, қарасы да көрінді.

Тоқта, тоқта Қадірсіз, қайт бері.

Ол Арманның түн жара шыққан дауысын шошына шалып, тосуға батылы бармай, зыта жөнелген. Арман кууда. Кер тәскейдің әлі еркін кебе қоймаган сабыр қара жолында аршындаған ат тұяқтарының жиі-жі түйс согуымен ұзак-ұзак, төніреккө тарап дубірлер естіледі. Бір мезетте сол жиі де жеппе дубірге үрей мен бажылды «аттан» ұласты. Жаңа ғана, талл қалған Арманға жаңай еңкейе қараган Қадірсізде сшір дегбір жоқ еді. «Мылтығын кезсп-кезеп атқалы келеді, біткен жерім осы болар» деген үрей жүргегін аузына экеп тығып, өкпесін алқынта деміктіреді. Тебіне түседі. Құстай ұшып, шүйіле оргыған торы ат үстінде алға сінтелей иілс отырып, «токталып» Арман келеді...

Жол қалың талды өзенде жиектейтін жерге жеткенде Қадірсіз жалт берді. Қаперсіз Арман қатты ағынмен өтіп барып, шұғыл бұрыламын дегендеге ұшып түсті...

Сонан таң аппақ атқанда аяулы ару өзен жиегіндегі құм үстінде жатқанын білді. Мандайына орамалдан сұп-сұық тамшылатып Қадірсіз отыр. Көздері бақыраяды. Үн жоқ. Ал, келіншек дыбыссыз, бүтіл кеудесі булкілдеп жылай бастады. Менсіз көгілдір аспан барша кең пейілімен төңкеріліп кеп, мұны өсіркей аймалағандай. Осы бітім оған өзін мәңгі —бақи қасиеттейтін Газіздің шалқар ықыласында тынылады. Бәлки, сүйіктісінің жомарт жаны туған жердің осы жылы аялы аспанына ұшып келген болар. Мына халінде

— 96 —

канатынан сәл болса да шипалы ракат себелеп түрган сол шыгар.

Уа, дариға, - Сыбырмен лепті айтып, жалғыз ауыз ғана тіл қатқан келіншек ықшам ернін тістене, қайта талықсып кетті...

Қанша уақыт өткенін білмейді. Ал, көзін ашқанында бір ауылдың шетіне тігілген жаппада жатқанын білді. Пәк ар-инабатын қоргайтын қамал санап, бас көтертпес арулық халді тілеу болды бірінші тілегі. Кеберсіген аузын кимылдатты.

Қадірсіз құлім қағып, жантая түсіп, мұсәпір жанды аймаламақ сыйай танытты. Оның қолын Арман қатты қағып тастады.

Неге бүйтесің? Енді мендік емессің бе?

Сен сүмның атын – «қарабет» болып кетеді. Кет, жанымнан. Қолыма мылтық тисе енді ышын атар ем, эттең...

Сәл шегініп отырган Қадірсіз жалыныш айтады. Арман үнсіз. Жас парлатқан қарақат көздері кереге басынан елес берген аспан көгінс кымылсыз қадалып қалыпты. Мүмкін, сол аспандай кен, мәлдір таза, жәрменкедей қызығы мол тіршілігінің өткен шағын шолатын шыгар. Мүмкін: тап осы сәтте соны қатты аңсал шағынып, мына торды бұзып босау иласын да толғанатын болар. Иә, құтылды екен, бараз, сыяр жері қайда? Кім арқа күзесу болмақ? Газізді таппак па? Жок, ол енді жок? Арайлы көктемнің түрлітүсті мақпалаша құлпырган, хош гуліндей эсем жас өмірі күйген ағаштай күйелі Қадірсізге байланып

өтпек пе? Атар таң, туар күн, маган не ұсынғалы тұрсын?

Сол бір шекке оймас барып, Арман тагы ыстық тамшылар ытқытты. Қалай толғанса да осы сәтте дәрменін қорқау шенгеліне іліккен ақ марқадан артылта алмады...

ЕКІНШІ ТАРАУ

Енсе басып алған зілден сейіле кең тыныстап, осы көктем шыққалы ауыл да дүрсілкінулі. Тіршілік лебі аялсыз асқақтай өседі. Колхоздың толасы жок мимырт жұмыстары көнілмен ширап өріс алған. Егістің қалай өтіп кеткенін қайыс алақандылардың өздері де әндамапты. Енді пішсін діңдеп келеді.

Нәрлінің осынау бір иірім атырабындағы маяшошақтар қайсы, шанжасу қонған киіз үйлі ауылдар қайсы, бір қараганда айыра алмайсын. Эр тұста жылпыр-жылпыр.

Тұскі дамылдағы пішенші ауылға шапқылап салтатты жеткен. Бөркін қолына ұстай сылғандатып қойып, эр үйдің алдына сәл бөгелең дыбыстайды. Желс жортыш онан скінші үйге кетеді.

- Сүйінші, сүйінші.
- Да, немене, немене?
- Ал, сүйіншінді ал.

Өзі де, аты да танаулаған ақ мұрттының соңынан ауылдың үлкен-кішісі түгел шұбай жүгіріп жур.

Ақмұрт енді жаңына алқа-қотан жиналғандарға
ат үстінен хабар білдіріп тұр.

- Айғанша мен Сәнапраз, жеңіспен балаларың
келді. Ақбала мен Мәлішкен келіндер, қарастарым,
құдай қосқан қосақтарың келді...

Жас әйел апалап, нақ жаңындағы екі кемпірді
кезек-кезек құшақтап сүйеді. Осы сәтте қотанға ат-
арбалылар келіп кірген. Сүйінші сураған жайына
қалып, бәрі енді солай ентелесіп барады.

Екі қарт және келіншек пен көңс өнденип
қалған әйел солдаттар мойнына айқара салған
білектерін тіпті жазбастай. Ақ шашты, аяулы
аналар балаларын үзак аңсап сағынғанын, ешбір
тапжылмаған сеніммен күткендерін, күндегі сан
толғаныспен толысып, кайнап бекігенді, жұлдыздай
жарқыраған үмітпен күткендерін дауыстай,
куаныштың ыстық тамшыларымен қоса актарып
айтады. Ал, мына скесуі әлгі жайды ерлеріне тіпті
үнсіз қалыпта, мейірімді жүргегінін тау соғып
құлатқандай, тынымсыз қаккан дүрсілімен жеткізіп
жатқанға үқсайды.

Күрен омырау, тотық жүзділердің түскі
дамылдауы бүгін осытай оралып, тобырлы тойға
айналып кеткен. Бұлан-бұлан бойлап көтерілген
буырлы түтін сәл бір сәтте-ақ жалпақ жасыл дала
бетіне желкілдеп жайылып кетті. Бәрі майданнан
азаматтары оралған төрт үйдің жер ошагынан
тарап жатыр.

- Жануар аузын үріп аяғын сынырган малың еді,

басын езің үйт. Басқа етін төрг үйге тен бөлсейік.

- Жөн ғой. Ол үйлерде соя кояр бойдақ мал да жоқ. Той болған соң бірдей болсын.

Күнажынды бауыздаган соң сүйінші сұрай келген бағанағы ақ мұртты Никанбек бригадир Ақбаламен осылай кесесіп еді...

Үлкен-улкен қазандарда сары-ала сорпа бүрканталқан. Арналап сақтаған азын-аулақ сүрі, жасы аралас қайнаган еттің хош иісі мұрын жарады. Білегін сыбанған, көлсөң көйлекті әйелдер алтыға жүріп даладан үйге самауыр, шэйнек тасып, біреулері шекқарын аршып әлек. Эйтсуір әдалын бүгін дастаржанға салу керек...

Үйлерде ду-ду әңгіме. Осы жылдарда өткіншіккен, көрген-білген шертіледі. Ак сақалын сипанып, Разымбет қария бір жөшін шоқтығы биік отыр. Женісті қолмен жасасып қайтқан мына жігіттердің жараланып, бұрын келгендерден дилілігін іштей бағдар етеді. Эр жай өз шағының күсі.

Қыр мандайында қызыл жұлдыз жарқыраган пилотканы қаперсіз шалкита киғен орта бойлы, сарша солдат үй іші толғанның әрбіреуінен жай сұрап қанады. Олардың сұрағына өзі де түсінік айтады. Өзі кетер жылы тұған ұлын алдына алыш үйықтатқан. Эу деген де тартынақтаган сәби аяулы сағынышпен келген экесі алдынан өн бір рахат тауып жатқандай. Соны бір қолымен аялап ақырын сипай отырып, солдат жүрт арасынан ас-су

жайымен жүрген жамиғатына жымия көз тастайды.
Мұның ширата дедиткен мұрты, конқак мұрыны,
қой көздері жүрегін қытықтап, ол да жымың етеді.

- Карагым, Науан, - деді солдатқа тізерлесе
отырған әлгі РАЗЫМБЕТ қария, -эйтеур қараш
ешкірдің қарасын өшірдіндер ме?

- О не дегеніңіз, өмсек ага. Қалған-құтқаны
өз інінде жанышталды. Таудай тас қамалын
біздің әскерлер темір жұмырықпен соғып-соғып
үтіп жіберді. Гитлері корлыктан өзін-өзі жарып
өлтіріпті деп естідік.

- Үа, бәрекелді. Бұл күндер біздің ауылға ғана
емес, дүниенің төрт бүршішінің бәріндес той екен
гой. Бәрінің де ак түйесінің қарыны жарылып
жатыр екен гой...

- Иә, азап шегіп, ауыр күрбандық тартқанның
бәрі тойлайды. Соғысты олжа түсірудің айласына
айналдыргандар тойламас. Бәлкім ішінен кан өтер.

- Өтпек тұрсын, ағып кетсін. Біржола түйнек
болып топырласын. «Е е» дер РАЗЫМБЕТ жок...

Ауыл адамдары той болып жатқан үйлерді лек-
легімен аралайды. Мына жігіттердің оралуы көзін
қызартқандай булыға жас парлатушылар да жок
емес. Қарт ана өндерінің сүйкімді мінездерін еске
түсіріп енірейді. Осынау ак шашты анаға аяушылық
білдіре отырып, Газіз ойша кешегі қадірмен ағаға
жүрегінің ішінен сәулелі ескерткіш орнатады.

Ол кісінің еніреуі Газіздің өз анасы Айғанша
көңілін де босатып жіберген. Талайдан бергі мұздай

сүйк, тастай қатты қамыгуын осымен ақтары, біржолата төккісі келгендей егіліп кетті.

- Апа-ау, сізге жол болсын, Газізің келіп оты, күле бермейсің бе? – деп бір келіншек сылдырлай сейлеп күледі.

- Беу, айналдым-ай, дұрыс айтасың. Куану да, қамығу да жас төккізеді. Қайтейін, әрі соғыстағы боздақ баласынан айырылып, әрі қолындағы адап келінін ол дуниеге ұзатып, жетім бағып қалған мына Назым бейбакты аяп, бір жағы Газізімнің өзін көріп, шығып кеткені де көзден.

Осынан соң Айғанша кимешегінің етегімен көзін сипал, керуестте отырган Газізге сыйырая қарады.

- Құлыным, өзің аман-есен оралып, бәрімізді қуанттың. Ал, мен болсам, сені қуанта алмай, айыптыдаймын. Жүзінен бір кейіс танып отырмын. Білемін. Хат-қабат қысыламын да. Арманыңдан айырылып қалдық. Кінәсі жок еді. Жел ауыздардың өсегіне иланып, кіші әкен марқұм алжасты емес пе. Ұғындыра алмадым. Арман көзінен жас емес, қан ағады десседі. Бүтінгі тойда екеуін қатар отырып, қатар жүріп мәздікпен табысандар игі еді. Қайтейін? Ау, жүрт, Газізімнің тойын тойландар.

- Тойыңыз тойға ұлассын.

- Алатай, тойдан тек жалықпагайсыз. Бәрін де өзіміз тойлап береміз, - десіп жас әйслдер күлісіп жатыр.

Шіркін той. Той сағынған сл. Енді соナン басқа не тілесін? Анасының сырын көпкे тындана отырып, өзіне өтіне шертуін солдаттынши алмай тындағы. Кителінің калтасынан мұндағыларға таңсық болып кеткен папиросын алып тұтатып, сәл толғанып барып, тәртібімен бірнеше ғана сез айтты.

- Жарап, апа. Өкінішті-ақ не керек. Өтті, кетті. Бала алдында ана кінәлі болатын рәсім болса, өз басым оған қарсымын. Адамға – өмір, өмірге – нүр сыйлаган ана тіпті баршаның құрметтеуінс лайық. Өкпелей алмаймын. Ол жайга соғыстан басқа кім кіналі. - Соны байыппен айтқан соң жігіт тыска шығып кетті...

Көштің бірер сағатын Газіз толки аққан Нөрлінің жиегінде отырумен өткізді. Талай папирос та тартып лақтырды. Талай ойлар толқынына сұнғіп те шықты. Есілме ағын солдатқа сұлуулығын көрсетіп еркелегендей сыланадайды. Бір уақ сол ағын бетінен жарты шөксленген ай елесі дірілдей көрінді. Жігіт аспанға қарайды. Жұка ақша бұлт жиегінен қылтының көрінген ай көз алмай шыгалаган Арман жізіндей ыстық танылып кетті. Осы сүтте әлдескім артынан келіп, Газіздің скі көзін қатты басып алды. Эртаман да жас эйелдің сыңғыры сыңғыры сықылығы естіледі.

- Бұл қайсын, әй?

- Немене ай ішінен біреу сыгалай ма?

- Солай елестеп отырганы да рас...

Көзін басқан қадірлі бір төтеслес жәнгесі,

майдан жерінен өзімен бірге оралған Науаның әйелі Мәнішкен екен.

- Еркем, саған өнді басқа Армандар сыйалайтын шығар.

- Сөйтеді, ә? Өзі Сипатты ертіп негып жүрсің?

- Бұкіл ауылдан іздең таппақшы. Ойын бастайық деп жатырмыз. Апам осылай беттеген, деп жениді. Жүр өнді, әнінді сағындық.

- Ауылдың тэтті әзіл-қалжынын, сендердің ләззат құятын әндерінді, ойын-кулқілерінді мен де сағындым. Арман әндері қандай болушы еді. Енді қолжетпеске үзап кетіп, аспандағы сонау айша елестейді, біресе, көніл түкпірінде бүктеулі жатқандай білінеді.

- Эн сағынсаң жүр, мынау Сипат сол қол жетпестегі Арманыша бал әуенмен сермесін, соғыста кейіп-күйінген жанынды ләззаттіліктің шырын балына салсын да қойсын...

Кешегі тойдың сауық думаны тұннің едәуір уақытына созылғанмен, сібек ауылы әдетімен тұрған. Газіз сыр-сыр өтілген дыбыстар оянып кетті. Кителін иығына бос салып, есік алдына шыкты. Күн көтеріліп қалыпты. Щешесі сиыр сауып отыр. Элгі сырыл сүттің сорғалап келіп шелек түбіне соғылуы екен. Айғанша шешей Газіз тұрғанын андаган жоқ. Оқшаулау тұрған, әлі тұндігі де ашылмаған үй жакқа көз жіберді.

- Карагым-ау, мына Мәпішкенге не болған? Сиырын неге саумайды? Күнде бұл уақытта өзі

айгайшы болып жүретіні қайда?

- Апа, мен барып тұргызайын.

- Құлышым-ау неге ерте тұрдың? Неге тынықпайсын? Элгі құрғыр соғыста қанша жыл жүріп шаршап-шалықтың емес пе?...

Ғазіз үн қатпастан Науан үйіне беттеді. Шешесі шелегін қолына ұстай көтеріліп, артынан қарап тұр...

Киіз үй есігін мәндайшасынан ашу да Ғазізге бұл жолы бір сағыныш жай көрінген. Есіктің екі жақтауын бірдей жара ашып, ішке кіріп кетті. Алакөленкे.

- Мәпішкен бригадир, мынауыш қай үйкі? Апам ұрысып жатыр.

- О, қағынды, әлі баяғы мінезі. Маукымызды да бастирмайсың ба? Өзін тізенді құшактап үйкің келметеген де. Қасында уыздай болып ак Арман толқып жатса көрер ем, қай уақытта тұрганынды.

Ғазіз күліп тұр. Науан Мәпішкенді буйірінен тұртіп қалып, олай деме дегендей, ишара етеді.

- Иә, Арман, арман. Маган атын айта бергенше, кез болып неге сақтамадың? Соны ескермей, айтып отырган сөзін қара.

- Айттым ба, эне, Мәпіш, осы жайға сен де жауапкерсің.

Науан мен Мәпішкен тұрып киінгенше Ғазіз ши аузындағы сабаны пісіп, қымыз құйып жүтты. Енді ауыл пейілінің шипалы рахатын алғандай тыныстап, бір жайларды еске түсіре айтып тұр.

- Жарықтық, бұл қымызды қаша аңсадық. Шабуылдаған әрбір жорық толастаған сайын осы қымыз аңсатады. Қайдан ішерсін? Окоп ішінде автоматымды домбыра етіп, «Жамбыл жыраудың қымыз туралы жырын орысша, қазакша да ыңылдаймын. Кейде жауынгерлер күледі де. Отанның қасиетті әрбір дүниелігі сияқты атам қазақтың қымызы да сонша аяулықпен білінер еді. Алға жылжы түсіп, жаңа шептеп окоп қазамыз. Орнықкан соң жайран қағып политрук Петр Добронравов келеді. «Ал, дейді маган, қымыз туралы жырынды айт, мейірімізді қандыр». Қымызды қайдан біледі деп сұрасам, ол да өзіміздің қазакстандық екен. «Еліне барып мейірінді қандырган соң автоматты домбыра еткен жылдарды ұмытып кетле» дегені бар. Сонысы есімнен тіршілікте қалмас. Бүгін де олар да тап осылай тойласып, осылай бізді еске алысып отырған болар. Сол сүйікті дос Мәпішкеннің мына қымызынан татып көрсе, не дер еді?

- Телеграммжіберіп, қонаққанегешақырмайсың?

- Пәле-ай, - деп күлді Газіз. Оның сендей Мәпішкені бар емес пе. Жібере коя ма? Маукымыз басылмай қайда барушы ең демей ме?

- Э, не дейді? Ол бастықтарыңын әйслінің есімі де мен аттас па? Орыс әйелі: Маруся, Татьяна, Шура, Лиза деп аталады дейтіні қайда?

- Рас, рас. Бізбен бірге жүріп соғысқан орыс жолдастардың да, тәжік, қыргыз, грузин

жолдастардың да жартысының әйслінің аты Мәпішкен екен. Окопта отырып үйінс хат жазғандарынан талай көрдім. «Қадірлі Мәпішкен» деп бастайды хаттарын. – Науан осыны көзін қыса әзілмен айттып, рахаттана қарқылдап күлді...

Бірсынырадан сон осы үйге басқа екі солдат та келді. Соғыстың соңғы айларында госпитальда сімделіп шыққан Өміргалы таяқ ұстап сылти басады. Өзі баласын ерте келген. Бәрі қымыз ішіп, тағы бірсыныра дуылдасып отырды.

- Ау, Науан, немене, мына Нэрлінің сұнына бала кезіміздегідей бір шомылып, аунап-кунап рахаттанбаймыз ба?

- Дәл, дәл.

- Ал, жүріндер.

- Баланды да алыш жүр. Жүзгендегі деңгелде арқамызда отырсын. Бұл бір қызықты жай болады. Көлі, әлгі кішкентай төрелерің қайда? – деп сұрады Өміргалы Мәпішкеннен.

- Ағеке, ол әлі үйықтап жатыр. Эуелі шай неге ішпейсіздер?

- Келін-ау, мынау өзен бізді өздеріңнен кем сағынған жок. Эуелі суга түсеміз. Шайды бәріміз сонан сон біздікінен ішерміз. Женғен әмір еткен. Солдат салты – орындау.

- Дұрыс, дұрыс. - Мәпішкен жайрандай құптады.

Шай үстінде пішен жайын кезексіз әңгіме етуге тұра келіп қалды. Бірнеше қарияның, әйслдердің, өгіз айдайтын балалардың екі арбага тиелс жұмыс

басына аттанғанын өзен бойынан оралған солдаттар айта кірген. Соны естіген соң Өміргалының әйелі Ақбала абыржыды.

- Ал, Мәпішкен, осы ауылдың пішен бригадирі өзіңсің, бүгін осы екеуіміз бара аламыз ба?

Мәпішкен ойланып қалды.

Өміргалы бір байлау жасауын күткен жок.

- Бүгіннен бастап Ақбала машинаңды өзімсөткіз. Мына құрым үйің жүдеп кетіпті, соны бүтіндеп аласың ба, кайтесің? Ренжімссе, бригадир ретінде басшылыққа келін өзі тұрсын да, машинасын Науанға ол да берсін. Ал мына екі бойдақ жігіт – Ғазіз бен Сүйіндік, сендер өздерің қалғанның машинасын алындар. Не үшін соғыстық? Эйелдер байғұс көрмеген бейнет те қалмаган шыгар. Иықтарын бір басатайық та. Да мылдастын. Жұмыс көбейіп кетсе көре жатармыз...

Сөз соган байланып, солдаттар буынып-түйініп дайын болды. Өміргалы баяғы жұмысқа киетін боз шекпенінің жұқанасы да қалмағанына өкінінкірейді.

- Өздерің кеткелі колхоз жұмысына араластық та, сол шекпенді кидім. Тозды. Қалғалы қашан, енді не істейін.

- Солай сді дс. Е, жарап. Герман жерін көрген сары көйлек пен орама қоныш колхоздың да пішенін көрсін, ал, тартындар.

Бұларды пішен басына Мәпішкен өгіз арбамен экелген жүрттар өз әйелдерінің машинасына ие

боды. Науан Мәпішкеннің күрау-күрау бишігін біраз қарап тұрып, басын шайқады.

Сипат бұрын келгенімен, әлі шалғы салмапты. Кеше сынып қалған косогонды қалай жамарын білмей аңырап отыр екен. Ғазіз бен Сүйіндік сол жерде жаңа косогон шаба бастады. Мәпішкен мен Сипат от жағып, жігіттер жөндеуінен істік темір кыздырып жатыр.

Осылар жанына мойны салбыраған кер шолағын дамылсыз тебіне бригадир Никанбек келген. Қадірлі ағанын бұл жылдарда сакал-шаши ағарып, жадан тартып кетуінің сырына мына жігіттер кеше сұрасып қантан: согысқа кеткен жалғыз баласынан айырылыпты. Осынау мазасыз атойлы жұмыс және қалжыратқан екен. Эйтседе, өзінде әлі жылпыңдықтың жылтылдаған жұқанасы да бар. Ауылдың төл көздеріне өзіне бір ажар кіріп, сергініп қалғандай жайы таныла кетті.

- Үа, көсегелерің көгерсін, балалар. Келе салып-ақ аркамызды кеңейттіңдер ме, азамат неге қадірлі дейсін. – Соны айту сонында Никаң көзінен ептең жас та шығып кетіп еді. Мыналар аяп, үнсіз қараумен тұр. Түске дейін косогон бітіп, машина жүріп кетті.

- Собе.

Күндеңідей төтсен, өктем үнен қаймықкан өгіздер машинаны басын шайқай, екпіндей тартады. Жұпар хошы аңқыған балдырган балауса жалп-жалп түсіп, ұзын төңкерме жолақ болып

қалып жатыр. Сәлден соң қайта тоқтап, шалғы алдына барған Газіз арттан жүгіріп келген Сипатқа тыптырлаған бөрте бөденені ұстата берді. Өзі қайыра отырып әрі жылжыды. Машиналардың шырылдаған дыбысы өзеннің қай-қайдагы алыс гүрліне барып астасады. Кең төнірек сибек күйінін күмбірімен маужырап мұлгиді.

Келіншек пен қызы сөйлесіп тұр.

- Енді мен де жұмыс істеймін, жеңеше?

- Сені ме? Сені мына бозбалалар үстінен қарайтын үәкіл етіп жіберсем қалай көрессің?

- Қойыңызшы, тіпті.

- Эй, сркетай, тіптінің артын бітті етіп жүр ме тубі. Білдің бе?..

Пішеншілктің де алғашқы аптасты өтті. Ауыл жайлары, ел куанышы Газіз көңілін бірсыныра желпінткен. Эйткенмен, Арман деп үйнеган ыстық құштартарлық және мұздай өкініш көкірексте от та тұтандып, құйын да үйтқышып мазалайды, жетектеп небір ойларға экетеді. Осы аз күндерде мұны Сипатпен бірге екі-үш рет дәмге шақырган. Мәпішкен әзілдей сез козғап, ойда жоқ жерден екеуін үйірімді бір мәслихаттасуға килдіктіреді дс кояды. Сол сәттер мәз етеді де, артынан жүректің сыр-сырқаты қайта кірбен шыгарады. Осындайда абайсыз соның лебі дс таңылып қалады.

- Иә, Газіз, қалыңызды аяумен ұтамын. Сол бір өкініш түйген жайыныз маган да, дәл өз басымдағыдай, реніш экеле сезіледі. Тагдыр

сөйткенімен мен Армандай аяулы жан екеуіңді, қапелімде әлі бір есептей бергім келеді.

Газіз көнілінің ажарсыз күйін танығанда аргы күні. Сипат қыз соны айтқан. Мұнысы әлі де табыстыру нистін ангартуы ма, жоқ, әлде екеуін де аяу, кимастық нисті ме? Ол арасы Газізге әлі зайдір қанық смес.

- Мына сөзің, Сипат мені де, Арманды да аса ниеттестікпен аяушылығына көбірек балап үккәндаймын. Басқа мендеу болуының киығы жоқ қой. Өмірде тірі тұрып тұған жерде жүріп, аяусушылығымыздың ыстық ілтипатын Арманмен екеуара бөлісс алмаймыз. Сол кат-қабат мазалап жүргені рас. Зерек жандылығынмен соны дөп басып таныпсың.

- Иә, бәлкім, өлі қадірлінің қайғысынан тірі айрылған қадірлінің күйігін шегу ауырлау да келер. Сейтсе де, сабырмен төзу, сөйтіе барып сеілу әсіресе ерге тән бола берсе жендік пе деймін.

- Тіпті-ақ дөп топшылайсың. Маган сол ахуал бүгінде өте-мөте қанық, эм бір зіл десуге түрарлық. Өзгесінің бәрінен бұрын майдан жолының өнс бойында дерлік кол қоржынга салып, қарумен қоса арқалап жүрген, өзіне дөп арнаған кішкентай тартуымды қолдан ұсына алмау өкінішті-ақ батады.

- Рас, бұл өте өкінтер жай. Соңан айырылып, көніл сырқатын сәл де болса женілдстуіңзге болмас па сді? Мен соны кенес етер едім.

- Қалай?

- Арнаған тартуыңызды Арманның өзінс ұсынып.

- Дұрыс, өте дұрыс. Рахмет. Ақыл бердін. Арнаған екем, табыс еттеуім де керек. Тағдыр ажыратса да, қадірлеуім орнында екенін білдіруім керек. Э, бірақ, ана Қадірсіз тұрган жерге қалай апармақтын?

- Шешім-кесімін түйген соң жеткізуі қын соклас. Кешегі аяулы Арман бүгінде қаяулы. Ол осынан сіздің әлі де құрметтейтініңді танып, дәт-дәрмен табады, басыңқы көңілін есіріп желпінеді, нағыз адамнан әлі де қамқоры барын сезінеді. Байқайсыз ба, пейілді ниет білдіру дегеннің күші не екенін?

- Сонда өзімнің барып жүздесуім Арманга ауыр тимес пе екен?

- Эбден ықтимал. Қаяулы жан психологиясын есепке ала білушілік те – аяушылық әм, сауықтыруға себеп болушылық.

- Онда Айғанша апамнан беріп иегежібермейсін?

– дейді Науан.

- Ағатай, ол да онша кезді смес.

- Ал, сінді қайтып?

- Маган тағы бір ой келеді. Арман мен Сипат сыйласып есті. Егер үй-іші ерсі көрмессе, Сипат апарса деймін. Былай сырт кісі есебінде. Бул барса Қадірсіз тарапынан дау-дамай да болмас еді. Мен ілесіп барып, Ақбілек өзені бойында қала тұрсам. Ар жағы – кезең асты. Осының кезі қалай?

- Міне, осы дұрыс болар. – Мәншікен Газіздің соңғы пікірін күптады...

Келесі күндердің бірінде ат-арбамен Газіз бен Сипат Күйген сайда жалғыз үй отырган Арман ауылына жол тартты. Сипат экесі РАЗЫМБЕТ қарияның май жинаушы агент болған кезден келе жатқан, кара сырлы пәуескесі әқаусыз еді. Жеріп алғандары сол. Көкпен бірге көтерілген, жап-жақсы торы бесті қырдың кара жолында бұлан құйрықтай желеді. Донғалақтар құмайт сокпақты шысырлата сыйып, әлсін-әлсін қызыршықтар шертеді. Қыз бен жігіт әредік сез қатысады. Бұл уақытта он тоғызға кіре он жылдық бітіру ауыл өспірімінсө олжак. Газіз осы бір үгымды түйген. Мектеп еккен тәлім-тәрбие ажарлы қыз парасатын өсіре түседі. Сонысының бәрімен Сипат бітімі жігіт кезінс Арман текті аяулылықпен танылып, көнілінс ләззат жеткізеді. Қазір өтіп келе жатқан Балапан бұлагының жиегіндегі шок-шок раушан гүлдер осы қыздың мәлдір ажарына мол ұқсас. Бұлар кербез тау гүлдері болса, Сипат онан да жомарт, ерен елдің аса биік, тау тіршілігінің гүлі Газіздің оймен өлшеп-пішкені сол еді.

Біраз жүргеннен кейін жүзі албырап, Сипат есінеп қойды.

- Үйқым келіп кеткенінші, - деп қыз ақырын ғана күлімдеді. Басына байлаган қызылтым орамалының жеңке қызықшасын самал соғып тулатады. Тоқ шекеден биязы тарап, тарта өріп барып шыгарған

колан, құлаш дерлік қос бұрым көк костюмнің өнірінен аса, ақ жібек кәйлесгінің желлейлерінс дейін созылып жатыр.

Газіз алғашқы той күні-ақ қыз бітіміне тоят ала қараган. Қазір де сол ретпен шолып, жаңағы сезінс орай тіл қатты.

- Сипат, әнші де екенсің. Той күні жүрт разы болды. Ұйқын қелсе бір-екі сермен жібер, тарап кетсін.

- Нагыз әнші сіз бе дедік. Бастаңыз, маган қостаушы болсам да жарап.

Екесі бірдей күлді. Мәз күлді. Бірак, нақ не үшін күлді, өздері де біле қоймады.

- Менің де әнді мол-мол салар күндерім болар-ау. Ал, тап қазір әлде неғе жүргім туланып, тынысымды үйтқытып келеді. Кең тыныссыз ән шықлады.

Бұлар сезінсін, мән-мәнерінен онша ашысласа да, қадірлеп мадақтасу, ұғысып құптасу андалар еді. Сол әңгімемен өзсін бойына құлап та кеткен. Суды жиектей біраз өрлеп барып, Газіз божыны тежеді. Ыстығы көтерінкі шаңқаймада үртіс желіспен келген торы бесті шұлғынып, ауыздығын шықырлатады. Сауырынан ұсақ-ұсақ көпіршік көрінеді. Арбадан түсіп Газіз желбестейленді. Он жақтағы құжыр құзды тау тұсына көз жібереді. Кителі түсті жасыл қалпақты ұстаган қолын алға нұскады.

- Сипат, осы бұрылған жолмен бар да, сонау

кезеңді асып түс. Арғы алды – қысташа. Жалғыз үй
ғана қалыпты ғой... Арманды тауып аласын. Оナン
арғысын өзің айта бер. Менің сәлемімді қолың
қысып, бестінен сүйіл айт.

- Ал, сіз ше?
- Мен осы жерде қала тұрганым жән.
- Құп. Сірә, тамаққа қарамағаным дұрыс болар.
- Өзің біл. Кеш батпай ауылға ораламыз деп
кеттік қой.
- Жарайды...

Ғазіз қарап түр. Сипат кезең асып кетті.
Коралардан жоғары бұлак екен. Сонау сайда бірер
жалқының қүйрігі бұлғандайды. Бұлак жанында,
екі шелекті екі жағына қойып, үнжүргасыз отырған
әйелді Сипат бірден таныды. – Арман, арба таянған
да ғана елең етіп бас қөтерді.

- Арман.
- Сипат, Сипатым.

Арбадан түскен Сипатты Арман скі қолын
жая жүгіріп келді де, қапсыра құшақтай алды.
Үнсіз кемсендейді. Сагыныштың, аяушылықтың
тамшылары мұнын көзінен де үзіліп-үзіліп кеткен
еді.

- Сені де көретін күн бар екен-ау, Сипатым.
- Иә, қырық үшінші жылдың қысында каникулге
келгеннен кейін кездескеніміз осы. Екі қыс өтті,
екінші жаз өтіп барады. Арманның жадап, солынқы
тартақан гүлдей елестеуі аятады. Айдай ашық
мандайына жіңішке, мұң мұжып түсірген із. Сипат

соны топшылайды. Арман көзінде жас мөлтілдей тұрып күлімдеді. Сінілісіндей болған Сипатты көргеніне көңілінің мәзденгені болар.

- Тәте, Газізің келді, сүйінші.

- Э-ә, не дейсің? Рас па? - Солай таңдана айтып, көздері парықсыз ойнақши Арман өзінен-әзі шегініп барып, Сипат жанына қолы жаюлы күйі тез қайта оралды.

- Қайрат Газіз, келді де. - Эй, ішім білуші еді.
- Арман тағы біраз өксіп алды. - Аргы күні әлгі Қадірсіз: «Байың келіпті, қашатын шығарсың» деп еді. Кекегені екен десем рас болды гой. Өзі қайда?

Сипат Газіз жайлы толық хабар білдірді. Соны тыңдай тұрып Арман егіледі. Ішінде шок тұтанаңып, соナン келген ыстық леп бейжайлайды.

- Мен куантам деп тұрсаң, мұныңыз не? Қамықпаңыз, бәлкім, Газіз сізді бұл халде қалдырmas. Мен сізге, соның қымбатты тартуын әкелдім. Арбага отырыңыз, мына чемоданды үйіңізге жеткізіп берейін.

- Жоқ, жоқ, қалқам, атама. Маган елге тірі келгеннің өзі де тарту. Алмайын бұл сәлемдесмені. Арманға сінді оның беті-жузін көру өлім. «Келді» деген сөзді тіршіліктे жүргеімде сақтаймын. Жанымда жур деп білемін. Иә, бірақ, бетін көрмегім жоқ. Не деп көзіңе түспекпін? Асыл үмітін мазак еттім деп пе.

- Тіпті олай емес. Сіздіңші кінәлі емес екеніңізді ғана біліп отыр. Сізді қатты айды, сыйлайды.

Табысуларының да ғажап дүниесі смес болар. Эуелі мына сәлемдемесін алыңыз.

- Сонда Газізге қайта үміт арт демекшімісін?

- Иә, иә.

- Балалығың ғой бұл. Мен тағдыр әжуалаған жузімді, кесел күйдірген жүргімді ел арысы, жауынгер азаматқа қалай ұсынармын. Қызы тіпті жок. Мен, Газізімді ерекше сүйгенім үшін де оның асыл басын төмен игізе алмаймын. Мен тағдыр тастандысымын. Оған өзіндей мөлдір жан ғана лайык.

- Немене, сонда жас өмірінізді осылай өксүмен еткізбекшісіз бе?

- Рас, жылаумен еткізуім кодік. Бірак, Газізге, сүйіктіме нағыз сәулелі бакыт тілеймін. Осы сәлемімді айт. Мына Қадірсіз қолында да қалмаспын. Бұл ел білмеске кетсем деймін.

- Қадірсізден күтылуынызды тілесsem де, елден кетем дегенінізді күптағым келмейді. Кетпеніз. Бәлкім, алдағы уақыт күнін туғызар, айын шығарар сізге.

Арман егіледі де, көзін орамалының штімен сүртеді.

- Жарайды енді. Мен келгелі көзінізден жас бір кетпеді. Тапканыныз ис?

- Иә, ештеңе де тапқаным жок. Айта бар.

- Газіз мені әдейі жіберді ғой, түсінесіз бе? Мына сәлемдемесін кіргізіп берейін.

- Еркетайым, Сипат, мен бар айттарымды

айттым. Алмаймын. Өзіңе баладым. Ал, үйге жүр өнгімеллессейік. Сусын іш.

- Рахмет.

- Неге?

- Жұмыстан сұранып келдік қой, асығыспыз

- Апымай, ең болмаса дәм де татпадын-ау.

- Жоқ, рахмет. Рұқсат етсеңіз осы арадан қайтайын.

- Өзің білші. Элгі жаман шөптө еді, келіп қалса, маған тағы пәлесін үйіп төгер. Қайтсан қайтып кет. Өзің келіп түр. Мені жалғыз тастама, Газізге бар жайымды түсіндір. Мені күтпесін. Айрықша кадірлеймін. Соны айт. Енемізге, өз эке-шешене көптең-көп сөлемімді айт. Сагындым бәрін де...

Оң мен солға созыла салбырап, жыптыр шоқылы екі алыш тау жатыр. Дәл орта аланқайда бұдырсыз, жайпақ жасыл тәбе көрінеді. Эрідегі сай-саладан шөп бетін тарақтай сырғанап бұлдыр өрім ағынмен келген бұлақ сулары дәл элгі төбенің арнау іргесінде өзенге айналып, жасыл жага, көгілдір айдың болып кетеді. Осында шашын жуып отырган сұлу арулы аруаналы керуен қобыз күйімен арбал еліктіріп ертіп әкеткен деседі. Ұрпактан ұрпакқа шертіліп, мирас бола қалып келе жатқан аныз. Сол ару қызының құрметіне мына өзенді де елі – Ақбілек атап кеткен. Осынау ертегіні Газіз суга төнс, жүресінен отырган күйде еске түсіреді. Мамық мақпал жағада бір рахат тауып, каперсіз толғанады. Алған сол рахатын Ақбілек сұлу мейірімінің

•••

рахматты саясында сезінеді. Жанына сол Ақбілек жетіп келсе, артынша күлім қаққан алма шырай Арманды ерте Сипат жетсе, ұшеуі не десер еді? Сырласа, сынаса, сыйласа сайып келгенде мына өрім жігітті қайсысы қайсысына қып байлар сді? Нагыз нар ару болар қадірлі құрбысына жомарткерлік жолымен бақыт ұсынып сыйласа да, екінші, үшінші сымбатты қымбаттылар мынандай жігіттен көз жазар шакта мәлдір жастарын қара көзді мәлтілдете, тек қана алтын айшықты тақиясындағы үлбір үкілерін ақырын-акырын шайқалта турып арманмен жыласуы, іштен үнсіз айтЫП, үзбей айтЫП, «Хош, хош сүйікті жігіт» десуі ғана ықтимал рой...

Ғазіз ертегілік картинаны елестетіп жымиды. Онан секіре айдынға қайта қойып кетті. Енді осында бала жастан қанша, қалай мәлдір моншактар шашып, қайранша сұңғіл сайдандаран сұттерін еске түсіреді. Туған жердің айна айдындарын сағыныш жүрген жылдарын да еске алады. Сан айналып, сан-сан саят тауып ұзак жүзді. Балдырган көк шыбық қамыстарға жүзіп барғанында әлдекәйдан күлдилап келіп, сусылдай қайта көтерілген бір үйір сұқсырларға көзі түсіп кетті. Башайларымен күм тірей тұра қалып, ұзап кеткенше әлгі құстарға қараумен болды. Үйрек бола көліп, шолып жүрген жаңағы асыл арулар сияқтанып кетті.

Сол бір сезіммен Ғазіз қайта күмпіл салып, шешінген жағасынан бір-ақ шықты. Көнілінің

құқылжуы басылып, әсерлі саят самалдан сабыр алған. Иә, хош сезіммен бір сергінү дегеннің өзі не түрарлык?

Киініп, таранып, кителін иығына аса, папиросын жаңа тұтатқан кезінде ту сыртындағы аулактың арбаның салдыры естілді.

Өзен бойына оралған Сипат жігітке барша жайды білдірген. Арманның тек бір сезін бүтеді. Неге бүтеді? Өзі де білмейді.

Қағылез бітімді Газіз жүзі осы сөтте ішкі толқынысын елестетерлік еді. Үн катқан жоқ. Қалпағын желкесіне аса тастаған бойы арбага ырын кетерілді де, божы қақты. Сипат іштей бей-берекет. Элде неліктен жана келген жағына көз жібергенде, жырақтал қалған жота басында бұлдыраныспен тұрған бағанағы Арманды таныды. «Бейбак, аринабаты арқандап тартынақтаса да, Газіздің қарасын болса да бір көрмекке жота басына күа шыққан гой. Талып түсіп, құлап кетпесе игі еді...»

Үнсіз отырып, ширак жүрген жолаушылар шолақ жалдың бектеріне ілігे берді. Осы кезде баж-баж өткен қыз дауысы Газізді кенеттен түршіктіріп жіберген. Сипатқа жалт бұрылып, таңдана қарап қалыпты.

Газіз, Газіз.

Уа, не болды? Не болды?

Газіз-ау, жаным-ау мынаны караныз. Мына қойлар бөлшек-бөлшек, неге дүркіреп жүр? Анау арада, эр жерде өлген қойлар жатыр. Ой, ой,

жануар-ай, жануар-ай. Мына біреуі қарның сүйрей сүрініп, без-без мыңырап келеді...

Қаскыр қырыпты рой.

Бытырай-бытырай дүрліккен жануарлар бір шамада қара тартып, ес көріп, жол үстінен кілт бұрыла тоқтаған мыналар жанына жосылып келіп иіріле берді. Тығылыша, сығылыша тығыздалып, көздері шатынай, құлақтары елсендесе қаздиган, қаптағанбастаразан-қазаншұлдастып маңырасады.

Сол шамада аргы биік тау бектерінен ызытыра оралған салт атты келіп жетті. Жайдак мінген, ерттен шыққандай қунғірт түтіре сұстанып алған, тоқ тұлғалы эйел. Емшегі терткен мама, боз бие ауыздығын шықырлата, құлагын дамылсыз кайшылап, бүйірін соға танаулап тұр.

Ғазіз де, Сипат та тани кетті. Дәлмағанбет қойшының әйелі Ағиян. Ауыл іші жөнін бітімінс орай Көпесу ГПУ атап кеткен пысық, эйел осы. Пыш-пыш айтушыға өш, беті-жүзі бар демей, сөге соғып айттып, су сепкендей басып тастайтын, жөндіге жомарт, жәнсізге өрг, тік әділ, адуын мінезді жан. Дәлмағанбет есімі қойши, карташы есебінде ғана айтылып, семья аталуы – «Кепсудікі» делініп кеткен. Жөнімен, сол үйді үй етіп келе жатқан осы Ағияның тырнақтап тергенін үксатып ұстауының арқасы деседі. Ауыл-аймақ аздың өзіне береке өндіріп, ас-суын бал етіп татыратынын әсіресе келін-кепшік жағына гибрат есебінде айтысып журеді. Дәлмағанбет жас кезінен карта

күмарлықпен отбасының берекесін қашырып әлек, Ағиян тартпақтап, тырнақтап жиып әлек. Тартылсын, түйсінсін деп, көп алдында ерін талай ұялтып-қызартқаны да бар. Сонзан біраз тыйылып, үй жайына қарап жүреді де, көрі қызбалығы қайта қозып жетектеп кете береді. Ағияның үзілмес, іштей реніштілігі де сонан. Ерінің айықтрай келе жатқаны карташылық дертінің себептерін де әмен оймен шолып іздеуін үзбейді. Сонан сарапап, сабактай екшій келіп түйгені мынау: «Жазылмас дерт, ұмытылмас әдет жок, эттең соны қоздыра беретін себеп түгесілмей келеді. Соққыны соган соқса гой. Ауылдың осы күнгі өздерін «тәуірміз» дейтін кей азаматтары карта ойнауды, куні-түні отырып, іше отырып, ұзак ойнауды заманага лайық мәдениеттілік ғұрпы деп біледі. Үй ішінің берекесін кетірген Дәлмаганбет дертінің кәліпкі мерез күрты тектес қоздырушылары да эне солар болып жур. Тегі бүтінгі өмір рәсіміне дәнекерлігі жоқ осы жай түбі барып сл ризығына қырсық кеселін тигізіп жүрмесе жарап еді: Ағиян осынан қауілтенеді. Сол мезгеуі бір өзі түйген құпия ғана смес, түгелдей ауыл-аймақ біліп-қанып отырған үлкен мәнді сырдайда білінеді.

Сол қауіп жай күтпеген сәтте бүгін тап бола кетті. Баршалық бітімін таныта, жанымен тұтана жанып Ағиян ренішін мына қыз бен жігітке баян етеді. Ер үндес өр дауысы ыза үстінде айбарлы, дүмпулы қату сстіледі.

Ойбай-ау, елге не дейін, жүртқа не дейін. Атың өшкір соғыс азабынан шығып, жақсы тіршілік жылуын көреміз бе деп отырган елге мына сезбес сұмырайлар кырсық тигізді-ау. Қырып кетті, эне. Дөңкиіп-дөңкиіп зір жерде жатыр. Неше қой өзі? Осы қойларша Дәлмаганбет, сенің де, Көсірбек басқарма, сенің де картаның бетінде дөңкиіп бастиарың қалсын. Екі күн, екі түн болды екеуі картага отыргалы. Қой дедім, қогам сендердің ойыншықтарын емес дедім. Тындаламады. Ал енді тындаламай көрсінші...

Арбаны қамап алған қойлар қорған тапқанын білгендей, енді-енді бой жазысады. Соның шестін ала Ғазіз бен Сипат Ағияның әт үстінен аптыға айтқан сөздерін кимылсыз түрүп тындасады.

Өзім келмегенде, әлгі тау асырган қасқыр мына қойдың бірін қалдырмай домалатып кетер еді. Қайтейін, қайтейін. –Осындай өкініш жайларын үзак айтып баяндап болған соң гана қойшы әйелі Ғазізге назар салған.

Бар болсын, әбден күйініп, жән-жобаны да ұмытыптын. Ғазізжан, алты ру ел жылап-сықтап, үміт үзіл отырганда аман-есен оралғаның қайырлы болсын. Шешенің кез жасына барғанымыз – тойыңца барғанымыз бол айналды. Эмэн соған жазсын. Өзгенің бәрінің орны тола береді, айналайын.

Рахмет, рахмет жәнеше. Ал, мына малды ауылға жеткізбейміз бс?

Иә, сөйтейік, айналайын, саган да раҳмет.

Ағиян өзі түсіп, камзолын салып, биеге Сипатты аяқтап жіберді. Ғазіз екеуі қасқыр бұрап кеткен қойларды тере жүріп тиеп, Сипат арба артына қалың қойды айдал, керуен үйме-жүйме жылжи бастанды. Бағана қасқыр соңына түсіп кеткен екі сары ала ит бозаң селеулер арасында қараш-қараш секендей жарыса, осы мезетте келіп жеткен еді. Соларды көргенде қой тағы елендесіп ұрандаса маңырасып алды. Ақ алқым, арыс арқа шой төбет бірауық сырттай жартактап, бірауық арба жаныңа келіп, өлі қойлардың селкілдей салаңдаган бастарын иіскеді. Онан шегіне аулаққа қайта шығып, тауга жакқа қарап күмп-күмп үреді. Артынша топыракты бір-екі тырнап тастанап, құйрығын шығыршықтай жортактайды. Соңан қайырылмай, хабар етейін дегендей, алдағы жал қалқалап тұрған ауылға тартып кетті.

Бұлар тұмсық айнала оралып, таяна бергенше үш-төрт үйлі ауыл адамдары өре тыска шықкан. Керуен сыйқынан сұық сыр болжап андасып шуылдасады. Жүгіріп балалар келеді. Екі карташының қызу ойын сәтін әлгі дүрлігіс бұзып жіберген. Енді бұлар да үй жанында. Қызыл-ала, көк ала шербендерді ұмаштай уыстаган қошын көзінے көлкелей, Дәлмаганбет мойнын созып, мал жолына қадалады. Көсірбек қана қаперсіз, көк костюмін желбегей жіберіп, екі қолын қалтасына асқан бойда қабарыңқы бетінен ажар ажырап танылатын

шұнақ мұрнының қос таңкимасынан қоп-кою түтін естіледі.

Дәлмағанбет деймін, мен білсем, сенің қатының түбі тағы маза кетіреді.

Анаушалға айтып қой, бір бағландыбылқытсын, кешке сонда ойнармыз, қалай көресің, э?

Дәлмағанбетте оның сөзін тыңдар сыңай жок, түсі қуқылдана, әлде неге іштей тиышсызданып, өзінен-өзі сейлеп түр.

- Опырай-ай, мына мал сау емес. -Ауызына жел үйіріп экеп түсірген мұртының ұшын түкірінс, пыскырына шығарып, қайта дегірсізденеді. – Мына мал сау болмады.

Осы сөзді әр үй жанындағы әйелдер де, өнжіш тартып қалған мына күзетші қария да:

Сау емес.

Сау емес, - дей, жалгастыра айтысып қостасады. Кесірбек зекіген әуенмен өзінше бірденежер айтып еді, бірак, ешқайсысы құлақ салмаган сияқты.

Керуен ауыл ауласына кірген. Шұбалған қой үй-үйді іргелей, қайыса топырлап өтіп, алды қотанға иірле берді. Бірсыныралары үйлерге, кереге шықырлата үйкеніп барып өтіп жатыр. Пыс-пыс дыбыс шығарып пыскырынады.

Ауыр тартумен келген арба дәл Дәлмағанбет үйінің іргесіне жетс, локса түсіп токтады. Бәрі енді осы арага жиналып, коршай тұрып, арбага үңіліседі. Шашылта ұстаган күркышының таянып Ағиян онадай, үнсіз сұсты түр. Ұшқын шашқан көз

қызынын Дәлмаганбет пен Көсірбекке кезекпеле-кезек ата жүгіртеді. Ешкімде әлі үн жок. Дәлмаганбет біресе әйеліне, біресе қан-жын тамған, арбадағы үйме жемтіктерге жалтақ-жалтақ қарайды. Газіз сабырсыздынып, теріс айнала шылымын тұтатты. Сипат жүргіттың берінін ренінен реніш шолады.

Ал, дегендерің боды, - деп Ағиян нығарлай айттып бір қойды. – Есіл мал. Көсірбекті басқарма еткен, Дәлмаганбетті қойшы еткен есіл ел, қайшекем шықылдайды деп жүр екенсін? Дәлмаганбетке экеп қосақтал, сор бас еткен қудай, саған ис десем екен.

Ыза қысты ма, сонау айту сонында Ағиян жылап жіберген. Эйелдер шыдай алмай, өзара күбірлесіп, тынышсыздана теңселіп қояды. Екі ребделі жәнс үш кішірек баласы дәл алдына топтала, мұная келіп, анасы Ағиянға төтен бір аяушылықпен қарасып бүріседі. Осылар маңына сиді әйелдер, балалар жинала берді.

Ағиянның айттып тастар сөзін сиді гана бастағанын сезіне ме, осыншаның ішінен, әлде неге күзетші қарияның бимазаланғаны танылып-ак түр. Букшең басқан қария бір мезетте топ жағынан бөлініп үйдің сыртына шықты. Ұзын қылаң сақалын тарбиган саусақтарымен ыза созып біраз турды. Ойланған элпеті бар.

-Ау, түге, басқарманың атын неге экелмейсіндер. Қатын-қалаш басқарма деп, ауыз ашпай жайына қалады деппе едіндер? Қой, тілі тиіп жүрер, тез қайтып кетсін, атын экеліндер. – Бір жағы

Көсірбеккес күлакқағыс сткендей, дыбыстаумен айтқан қарияның осынау сөздерінен эр тарапты ұгым ұстауга боларлық. Ағиянға: осындай кезі келгенде айтарынды айтып қал, сөзбен болса да шіміркенте шанышқылап жібер дегені деуге де келерлік. Басқарма тез аттаныш кетсе көніл түршіктірер қаңқу сез де әз болмақ қой. Қарияның сол есепті көздеуі де ықтимал.

-Ау, түге, басқарманың атын неге экелмейсіндер, сөзбен сусындал қайтайын деп тұрсындар ма...

Шал сөзі Көсірбек назарына тіпті бармаганға ұқсайды. Басқарма арбаның екі жағына кезек шығып, жемтіктерді сұқ қолын шошайта нұқыш санап шықты.

Уэй, уэй, бәрін немене сонша. Колхоз осы алты қойдан қуриды деп тұлан тұтасындар ма? Бұл тұрсын, былтыргы қыста қырылған калың қойдан да күтілғанбыз. Сондағынша экті жасатамын, бітті. Құдайра шүкір, осы колхоз, тіпті аудан қолда гой. Ей, Дәлмаганбет, ыбылысша ыбылжымай, мыналарды сртен сой да, итке таста. Терісін өткізсөн болды. Ол да ақша. Бұл жерде жәрменкес ашатын түкте жок, тарапдар бар.

Адамдар міз бақпайды. Мына сөзіне ренішті дс. Бәрі Көсірбеккес жақтырмай қарасады.

Эй, Көсірбек, - дсп Ағиян көптің осы ызбарлы түйілісінің үнін ез үніне жалғай ағытқандай, қатумен сейлеп кетті. - Не деп тұрсын? Қалай шімірікпей айтасын? Өкімет басқарамын өлгенн

көйга экті жасап бер деп емес, іс істеп, халыққа пайда тигіз деп қоятын шыгар. Аузың қалай барады, қогам малы емес пе. Неше жылғы жасатқан эктіңен жалғыз тостаган сорла шыгарып берші, мен сөзімді қояйын.

Уай, Дәлмаганбет, мына жаман қатының не шатады? Жазығым, саған жақсылық жасайын дегенім бе? Басқарманың құқына қол сұғатын, сірә, бұл кім өзі. Өкімет пен партия белгілеген занды осы туэттепк пе? Тый деймін мынауынды.

Ей иттің... тоқтат деген соң тоқтат. – Баганадан мойынына су кетіп үнсіз тұрган Дәлмаганбет әйелінс анадайдан айбат шеге акырып, Көсірбек сезін арқалана, осылай күш көрсете қалды. – Бірдеме тұртіп тұр ма өзінді. Шалтығатын ештеңе жок? Басқарманы жөнгө салатын іспөлкем бе ең. Қогам, қогам дейсің дәл бір өкімет кісісінше. Ондай сөз сенің не теңің-сай. Алты қойды қасқыр өлтірген екен, қай қогам көріпті оны? Экті жасатып береді, бітті. Сонымен кетеді. Эйел деген отын жағып, тамагын істеп үйде отырар еді, еркек шаруасына араласқаның не, сай?

Ой-боу, енді не дейін. Көсірбек скеуінің басың карта мен шірігенде мына шаруага біз араласпасақ, ие болар кім? Сөзін қара: «Кай қогам көріп тұр» дейді. Қогамды қайдагы-алыстагы біреу деп біледі екен-ау, қогам, міне, осы ауыл. – Мына тұрган адамдар, бес балан, эйелің, колхоз. Қогамды аямаганың қатын-баланды да аямаганын.

Ал, төле мына алты қойды. Жалғыз бисні, жалғыз сиырды сал орнына. Қогам Қесірбек екенүйнің қылмыстарынды көре ме екен, көрмей ме екен, сонда білесін. Қогамды, өкіметті әктімен алдамақ. Қылмыстарын өтірік жасаған қағазбен бұркемек. Естіп тұрсындар гой, қауым...

Басқарушылық намысъын деп жиып-теріп түйген қыңыр да қырсығымпаз күйезіне әлгі сездер тиіп кетті білем, бет-аузы түтіге қалған Қесірбек өмірдің жол-жобасын бір-ақ аттап, Ағиянға тура үмтүлді.

Кап, сен катынды ма, - деп дәл алдына өкіректей жетіп, жұдырықпен ұрамын дей бергенде әuletті әйел оны аяғымен қағып қалды. Мұрттай ұшты. Сол екен, тез ыргып, тура бет-аузынан қапсыра басып отырып алды. Тұншыға түскен Қесірбек екі аяғы өрбенде, жер тепкілсенді. Тұтқылдан төгіле кеткен мыскылды күлкіге тығылып, жүрт та тұншыққандай. Дәлмағанбеттің өзі де амалсыз тістерін ақситқан.

Газіз бен Дәлмағанбет Ағиянды екі қолтықтан алғып көтеріп әкетті. Оны ері бір-екі нұқыпта қалды. Орнынан әзгер көтерілген Қесірбек тұншыгудан ба, - шиедей бәртініп, өкпесін соғып тұр. Еркін тыныстауға танауы тарлық еткендей демігे түседі.

Жаптырамын, сен катынды.

Жаптыр.

Сен жаусын,

Кімнің қалай жаулық істегенін өкімет саралап

сұрайтын, білетін шығар.

Саралайды. Мен айтамын.

Алдымен кімнің қол жұмсағанын айтасың ғой?

Көсірбек бұган үндей алмай, жан-жағына қаранды. Сөзді Ағиян қайта жалғады.

Осы жұрт көріл түр, менің қол жұмсағаным ак қой.

Неге астыңа басып тұншықтырасың? Қастандық қой мынауың басқармага. Сол үшін сottаласың.

Ризамын. Тек сол сот алдында не үшін, әм қалай тұншықтырганымды айтып берсөң болды...

Жұрт ду қулісті. Соған онан сайын ызалана түскен Көсірбек енді

Ғазізге кеп тиіскен.

Осының бәрін істетіп отырган сен бұзакы, білдің бе? Жауап бересің.

Бұл ауылга сені түрғызбайды.

Ғазіз құлқісі келмесе де мыскылдай, дыбыстай куліп жіберді, Соңан соң сыпайы ғана жауабын айтты.

Ол өз еркімдегі іс болар. Онан ғөрі пайдалырақ шаруамен айналысқаныңыз жөн болар сізге, председатель жолдас.

Жоқ, жоқ, - айттым екен қайтлан. Колхозга қожа Көшірбек шығар. Сен бұл ауылда турмайсың...

Ауыл кіслері енді осылар жанына шоктала жиылысып басу айтады.

Қой, Көсірбек шырағым, - дейді күзетші қарияның жамиғаты.

Ел дәмін татқан ондай сөз айтпас болар. Осы ауыл кешегі қиямет соғыста аз шығын тартты деп білесің бе? Шәйт болып кеткен немесе өндіріміздің тол көзіндей селестеп, кеше гана келіп отырган балага, онысы не, ей. Тіпті жазығы жоқ қой. Мына майды жинасып бергеніне раҳмет демейсіндер ме? О несі. Көсірбек жұрт сөзін қулакқа ілмеді. Элі өзінше даурыгады.

Уәй, комсомол қызы, - бір сэтте ол Сипатқа көз тастады.

Жаса эктіні.

Не деп?

Не дебі қалай? Мына бұзақы солдат қойшының әйелін үгіттеп, ауылда жанжал шығартты, басқармага қастандық жасауды үйимдастыруды деп.

Ондайды мен көргенім жоқ, шынтуайтқа келсек, баршасына кінәлі өзінізден басқа ешкім де емес. Үят болады. Басқа жарт естімесін, дауды жылы жабайық та, осы арада қалдырайық агай, басқа шаруа да жетеді гой...

Сипаттың ауыл абыройы үшін деп, райластыру ниетімен сылайы айтқан сөздеріне Көсірбек өзінше мән беріп, сиді осы жайға қызының өзін де кінәгер етіп қосақтамақ дәкір әпіктің смеурінін андатады.

Е, осылай ма еді алі? Сені мен комсомолкамыз деп жүрсем, көз сатып, мына еріккен бұзақыға түшкірініп жүр едім десейші. Бәсе-бәсе. Ың, түбі сені кімге берерін экен білер де, колхоз шаруасының жайына қарай ұзатар-ұзатпасты мына біз білерміз...

Көкейде көлкілдей қайнап жүрген үлкен бір мұддесі тап осы арады шешімін табатында, дау-шардың өнсі бойына аяқ устіндегі болған адамдар енді ыдырап тарап жатыр. Өзгөнің борін қойғанда мына Көсірбектің момын да тәрбиелі үйдің кіршиксіз баласын саудага салу пигылыша түнілісіп, түршіге таңдай қағыса кетіп жатқан сияқтанады. Жемтіктен босаған арбасын шөппен сүртіп тазартып алды, Мәпішкен тәтесінің үйіне барамын деген кішкентай қызы баланы араларына ала отырып. Ғазіз бен Сипат түнделете ауылыша тартты.

ҰШІНШІ ТАРАУ

Ниқан бүтінгі күні де бытырап жатқан ауылдар арасын шарлаумен өткөрген. Әзі де шаршап, кер шолақты қара-қара түнделетіп оралып еді. Бір-екі шыныаяқ шайын ішуге әзгер шыдап, төсегіне бас қойған. Қажып келген күні қорылдалап үйықтайтыны бар. Міне, қазір де солай. Кемпірі осы халін мұсіркеусен біліп, едәуірге дейін үйықтай алмай жатты. Әрідегі өзеннің сылдыр ағыны да, үй іргесіндегі сиырдың ыңырына күйіс қайырганы да естіліп түр. Құрым үйі шүрк-шүрк. Ай тұғаны ап-анық танылады. Әлгінде жайнап жатқан қазан астындағы жапа шоғы көмексі тартып өшіп барады. Қайнатқан ірімшігі асулы казанда сол бойы қалды...

Ниқан бір зіл күштің көкірегін баса нұқынынан

шошып оянды.

Астапралла. – Үйқылы-ояу көзіне бір бейне елестейді. Басында әлде несі от шашып жылтылдайды. – Астапралла.

Бейне үн қатады.

Бол енді. Құдайың әмір етіп, тез ертіп экел деген. Бол.

Ей, өзің кімсің?

Періштемін.

Астапралла

Бол деймін, болсайшы.

Ниқаңың үйқысы шайдай ашылды. Бірақ, үрейленіп, ойына ештепе түспеді. Бейнеден әлі от жылтылдайды. Қараңғыда шылым шегіп түрган адам сияқты ма өзі, немене?

Таң атырушы ма ең? Тұрсайшы енді, жанының тәттісін-ай.

Ниқанда зэр-күт жоқ. Шынтағымен түрткілеп бір заматта кемпірін оягты.

Не болды, байғұс-ау.

Күбір естіледі, - Айтаным, жас шагымызда тіршілік қызықты еді-ау.

Ұзақ жылдар дәм-тұздас болдық. Міне, бір күнгідей де болмапты. Ойласам әлдекімдершіс бірімізді-біріміз ренжіткен ретті де білмеймін. Эйтсе де, арық-кем кеткен кезім болса кеш.

Байғұс-ау, не бол кетті саған. Тұс көремісін, не айтып жатырсың?

Алладан өмір келді. Ажал жетті. Жазу солай.

Кеш, қадірлім. Эне, періштенің өзі келіп тұр.

Ойбай-ау, болсайшы, асығыстын, - дейді бейнене.

Бір - екі қайыра солқ-солқ етіп барып, кемпірінің үні бір уақ жоғалып кетті.

Айғаным, қолимага тілінді келтір. Пенделік етле. Кемпір өрнін жыбырлатып әлденелер айтып барып:

Кештім, артық-кем кеткен жерім болса өзің де кеш, - деді. Өзінің үн шығармай жылағаны да білінеді.

Ниқаң ышқына өксіп-өксіп қояды.

Жалғызды соғыс жалмады. Сен байгүсты енді кім асырап? Е, алланың ісі, не айтартмын, келер таңның атуын да көре алмайтын болдым-ау, си болмаса біреуіне сені арнайы тапсырып кететін.

Өздерің не сөйлеп кеттіндер? Естерің дүрыс па? Болсайшы. Сен үшін басқармадан үрүс естігім келмейді.

Ей, сен өзің кімсің?

Періштемін, даймін.

Періште болғанда, қай періште? Жан алушы ма?

Мына шал есінен танған болар. Кесірбек басқарманың атшысы

Періштені білмеуші ме сің?

Алда күшіктің ғана баласы-ай. Зәремді алып, сен бе едің? - деп орнынан пәрменімен көтерілген Ниқаң аяқ жағында жатқан саптамасын тауып алып, сонымен құлаштап үрүп, Періштені періп-

періп жіберді. – Жаман иттің атын бөрібасар қояды деп, бұган пәрүэрдің ери періштесінің атын қойған қай ақымақ екен, ә?

Періште ссіктен ата шығып, енді үй сыртында дыбыстайды.

Нақа деймін, бол.

Эй, күшіктің ғана баласы, «Кудай әмір етті» деуінде жол болсыншы, ә, күшіктің ғана...

Көсірбек енді осы ауылдың құдайы емей, кім дейсін?

Эй, Көсірбегінмен косып...

Ниқаң киініп шығып, Періштеге ілесіп жылжи бергенде кемпірі де табалдырық аттап, бұлар артынан қарап ұзак түрдү. Элде ышын атшы бала – Періште ме, жоқ, жан алушының өзі ме, деген құдікті ойы бар ма, кім білсін...

Тұн ортасы болып қалғанға үқсайды. Ауыл үйқыда. Тек Көсірбек үйінің есігі саңылауынан ғана шам сәулесі білінеді. Екеуі кірді.

Сен бара бер, жата бер, – деді Көсірбек Періштеге қарап. Ол шығып кетті...

Ниқанбек, кешіккін-ау.

Жеті қараңғы түнде не бол қалыпты сонша.

Үйінің іші жатқан. Көсірбек жымиды да, бірден үн қата қоймады.

Қағаздарын жып, столга ши ішінен орта тегенс қымыз экеп қойып сапырды.

Ақылдасатын шаруа бар.

Ал?

Элгі бұзакы Газіз ауданға арыз жазып, сенің орнынды әпер деп бүлік шығарып жатыр емес пе. Сонсоң?

Кеше гана райком мен райсоветке бірдей кіріп, іске асыртпай тастандым.

Мен бірдене айтсам, жақтыруыш ме ен? Эне, біл енді. Өзінді аяушылықтан бөтен менде не ой болушы еді? Эне, біл енді. Өзінді аяушылықтан бөтен менде не ой болушы еді? Тұбі бар гой, бірлесіп ауданға айтып, сақ жүрмессек болмайды. Ана Газізде үят жоқ көрінеді. Көрерсің маган басқармалықты әперіндер деп те арыз береді, әйтеуір согысқа барып келгеннің пұлдаап-ақ жүр.

Осының рас сез бе? – Никәң Көсірбек бетінے таңданумен қарап, қолындағы кесені шайқай отырып, ақ мұртын ширатып қояды.

Райком мен райсоветке құдайға шүкір, сезіміз өтеді гой. Баланың согыста өлгенін, кемпірінің аурулығын, өзінің колхоз құрылғанинан қалмай жұмыс істеп келе жатқанынды бөрін де айттым. Қадірлі кісіміз дедім. Сонан соң сез айтпады.

Апрай, бекер-ақ істеген екенсің. Осы пригадалықты саған беру керек еді. Мен қажып-каложырап журмін. Шапқылай беруге енді шамам жоқ. Өзің басқарма болып тұра берер болсаң пригадалыққа арқанды жснілдестетін, хат-шот билетін жас адам қоюын қерек. Ол -сол Газіз. Осынымды үк.

Кой эрі, Газізің не? Ол шаруа басына ілікті

дегенше – нэр сыйудан қалдым де. Тырп етпе осы орыннан. Қеметім екенін біл. Биыл егін жақсы. Ептең жүріп ішермендігінді жиып ал. Жылқыдан соғымынды белгілеп және қой, байғұс, енбегің бар, басқаға кеткенше, сен же.

Аштан өлмесспіз сиді. Шын жаның ашыса, мені осынан құтқар, рас айтам, шамам келмей барады.

Кесірбек қабагын түйіл алды.

Өкінерсің, Айғаныммен әқылдашты. Сонан соң тагы бір келші...

Ніканбек өткен тунгі осы әңгімені шерткенде мая салып жаткан төрт жігіт шек-шілесі ката күлісіп тындастан.

Күлкі өз алдына балалар, әдейі келген шаруам осы. Ғазіз қарагым, сен арызынды тагы бар, Ніканбек өзі разы деп айт. Сөйтіп мына мәні бейнесттен құтқаршы, тілеуін берсін.

Өміргалы, Науан, Сүйіндік бәрінің көзі Ғазізде. Ал ол ынғайсызданып қалды. Беті қызара тершіп кеткен.

Мен, сіздің қызметтіңді әпер деп ауданга разы беріппін бе?

Е, аузы-мұрны қисаймай, анау басқарманың өзі айтып отыр смең пе?

Апыр-ау, келгелі ауыл ішінен қадам басып шықпаганымды айтсандаршы, мына кісі не деп отыр, - деп Ғазіз жігіттер бетіне кезек-кезек қарап кояды.

Ніка, бекер сөз.

Көсірбектің әдей істеп отырган зымияндығы.
Ағайынды атыстырып қойып, жіліктің майлы
басын өзі ұстамақтың иласы. Мына жай, мен білсем,
тап сонан басқа дәнене смес.

Эй, сол жерде өзім де шөктеніп едім, босе,
артында осындағы бар екен ғой. Газіз, қарагым,
артық айтып қалсам көңіліңе келіп журмесінші.
Бірақ мына шал ағанды ая. Элім келетін смес, осы
пригадалықты сен алсан деймін де тұрамын.

Қалтқысыз ақтарылған ақ мұртты ағаны Газіз
өлшеусіз аяп кетті. Соны білдірген бір-екі сезіне
елдің әлі тапшы-тараң жатқан жағдайындағы
мақсат не болу керек деген ойларын жалғастырады.

Эрине, біздің ауыл шаруасына нағыз ис көз,
жіті де қамкор басшы керек-ақ көрінеді. Ал, сіңбек
стер қол молшылығы онан да қажет. Шөпті шауып
үйетін, мына жап-жақсы пісіп келе жатқан етінді
жинайтын, азын-аулақ малды бағып-қагатын
сіңбек қолдары біреу де болса тапшы соқса, осы
елдің аузына тиер де кем соқпак. Мемлекеткес
және бермекпіз. Осыны ойлап, Ника, мен игілікті
қолмен жасаушылар ішінде жүруді парызым
танимын. Азамат парызы. Қауымның сондай ниетті
ісіне бас-көз болып, қозғау салу тап сізге лайық.
Өйткені елге қадіріңіз артық, сізді бәрі сыйлайды.
Сол күрмет өзіңізге парыз да артады. Шаршадым
дегенмен соны ескеріп, қайрат та табуыңыз қажет.
Халқымыздың қалауы сол екен, қалай бас саура
іздейсіз.

Ниқаң Газіз арқасына қолын аса едәуір отырды.
Ойда сияқты.

Азаматым, асылым, ақылыңа болайын. Соны пайым етпей, қартайғаным-ау, ә? Жағындымын. Қатемді үктырдын. Ал, шыдадым. Қайғы мени көрілік қоса мұжып шаршатып-шалықтырганын айтқаным еді де. Түбі сол естерінде болғай.

Жөн. Оның да өз күні келеді. Ал, әзірге күндер бәрімізден бірдей иғлік ісін ғана тілейді...

Өгіз арбамен әріден ысырғыда жүрген Сипат, Ақбала, өспірім Қалқаш және өғіз айдаушы балалар келеді. Түскі дамылдауга ауылға беттеп келеді. Иіріп әкеп актара салған шөптен тырнауыштың тармақтармак шенгелін жалтылдата, салдырлатта көтеріп Мәпішкен де бері оралды. Сонан догарылған жуан торыны Науан бричкага жегіп алған. Ниқаң осы ат-арбаларға ілесіп келеді...

Ауыл іші көк-ала түтін. Көрі шешелер пішеншілердің ас-суын қамдауда. Газіз бен Науан үйі бұл кезде түскі асты бір дастарханнан ішеді. Айғанша шешей екі самауыр және ірімшік қайнатып жатыр. Науанның мына қара борбай, қабырғасы таңдақтанып көрінген баласы қарт анаға үй шаруасына қадуелгідей-ақ қолғабыс етеді. Өз үйінің биесін де сауғызады, бұзау да қарайды, шілік арасынан самауырга ку шөмшек те теріп әкеледі.

Дуылдасып пішеншілер де жеткен.
Газіз жерошақтағы қазан қақпағын ашып көз

салды.

Ала, бүгін қазаныңың иісі тәуір екен.

О, айналдым, сен татсын деп әлгі Хауа апаң кебежесінің түбінде қалған шұжығын экеліп еді, соны ірімшікке қосып қайнатып отырмын, пісе түссін.

Қалғаны дейсіз бе? Хауа апамның қара кебежесі сүріден әлі құры емес-ақ шығар.

Неге құры болсын, Сипатына іріккені бар шығар...

Жоғары жақтан ұзын шанышқыларын сүйреп, женілденіп қалған

Сүйіндік пен Қалқаш келді. Бұларға Газіз, баласын ерте Науан қосылып бәрі су бойына тартты. Күндеңі әдеттері: шортан ұстап каймақса қуырта қояды.

Көп иірім Нәрлі суларының бір қазынасы осы оқтай ескен шортандар. Өздері ірік те. Метрге таяулары да бар. Соның біріншісі бүгін Сүйіндік шанышқысына ілінген. Жиекке атылып барып түскен білектей шортандар жалтырауық күрен қөздері бұлкілдеп, шоршына бұлқынып, құйрықтарымен дамылсыз дыбырлатып жер сабалайды...

Стол жасалып, Айғаншаға аз-маз қолғабыс еткен соң Мәпішken жігіттер кеткен жаққа ұшып ала жөнелді.

Мәпішken-ау, Мәпішken, қайда кеттін, қарагым?

Ол артына күле қарап, сол аялдан тіл қатты.

Қазір келем апа. Аналардың шортандарын қағып экелейін. Бақырды жуып қоя салыныз. – Солай асығыс айтты да, келіншек әрі кете берді.

Бесу, айналайын-ау, осы өзі балық қуырдағына жерік-ау деймін. Бойыңа бірдене бітіп, торсық шеке үл тапсан, атын Шортанбай деп қойғызармын. – Айғанша соны айтып өзінен-өзі рахаттана жымынп қойды...

Бірнеше балықты алып зыға бергенде Газіз бен Сүйіндік Мәпішкенді ұстап алды да суга тоғытты. Жалынса да, «Алама айтам» деп коркытса да босатпай, Газіз мұны екі қолтығынан қысып тұрып, суга кайта-қайта малшындырган. Науан ыржия жай күледі. Шешесіне ара түсіп, бес жасар бала Газіздің түрінген ақ балтырына келіп жармасып алды. Өзі әлі кәміл келетіндей айбар таныта аягымен су да шашып қояды.

Осыланан кейін жігіттер Мәпішкен қолын қакқан жоқ-ты. Ол тандап тұрып шортанның төрт дәкейін желбезегіне сарыбас қурай өткізіп алып жайына кеткен. Үсті-басынан су сорғалаған келіншекке орта жолда екі кісі үшырасқан еді. Ұялып қысылады

Келін шырағым, аманбысың? Майлансын. Мыналарды суга киімшен қойып кетіп ұстаганның қай жағысың?

Шүкір, - деуден әрі аузына сөз түспей, Мәпішкен мына сиқына әлі де ұялыстап барып, артынан ғана езу тартты.

Ана бір шешектер суга тоғытып, - дей жөнін

білдіре, бұл кісілерге сәл көз тастанды. Қара былгары қалпақ киген МТС директоры Ақылбек Аюжолдинді бірден таныған. Екіншісін білмейді.

Замандастар, олардің дұрыс па деп келем. Бір себебі болған той, - деп бейтанаң кісі күледі. – Тазартайын дегені шығар.

Мәпішкен ернін тістей үнсіз күлді. Сонан соң әлгі кісіге тез көз сала:

Есептеп шығара қойдыңыз ба? Малшынып келе жатқанда айды екен десsem, аналарды мақұлдалап шықтыңыз-ау. Үргашы болса мені жақтар еді, жігіт болған соң бауырларыңыз сағын сындырмасқа кеттіңіз.

Мына әдемі әзілдесуге, жасы үлкендігін андатқандай, МТС директоры, зор тұлғалы Ақылбек үнсіз езу тартады.

Үшесуі есік алдында тұрган Айғанша шешей жаңына осы бетпен жеткен,

Апа, аман-ессенсіз бе? Мені таңыдыңыз ба? – деді Ақылбек.

Карт көзін қолымен күннен қалқалап, оған үніліп тұр.

Бірер көрдім бе деймін, қарагым. Тосаңсып тұрмын.

Апа, мен МТС-те қызмет істеймін той. Арғы жылды ақсакалға дәрі әкелгенім есінізде шығар.

Ие, ие, алда қарагым-ай. Бәссе шырамытып тұрмын, әлгі, е, Ақылбек айналайын екенсің той. Беу, кәрілік-ай. Келін, бала-шага шүкір мс? Иә,

мына баланы бұрын көрмеген сияқтымын ба?

Иә, ол кісіні көрген жоксыз. Жаңадан келген, райкомның бірінші хатшысы Арым Ақықов дейтін жігіт.

Бәрекелді, бұ да бәтсін смес екен ғой. Қонысың қутты болсын, балам.

Айтқаныңыз келсін, шеше. Сіздің жалғыз балаңыз соғыс бітіп, аман-есен оралды деп естіп, қайырлы болсын айтуға әдейі сокқанымыз еді. Көзайым болып жатырсыз ба?

Есімін осы арада ғана естіп тұрган, мына ұлық адамның көңілімен актарыла айтқанына қарт мейлінше разы болып кетті.

Алла риза болсын шырагым. Өзің бір кішіпейіл, көргенді әке-шешенің баласы екенсін, өркенің өссін. Адам сыйлаганды алла сыйлайды. Ал үйге кіріндер. Шопырларын қайда еді?

Шофер өзім едім, апа, осында беттеп келе жатқанда машинамыз сазға түсіп кетті. Анау тұста түр. Соны шығаруга бір өгіз керек еді. – Ақылбек жайларың білдірді.

Үйінен киім аудыстырып киіп келген Мәпішкенде Айғанша сол бойда су бойындағы жігіттерді шақыруға жұмсаған.

Тез бар балам, сыйлы кісілер келіп отыр де...

Жігіттер қонақтарға жапырласа сәлемдессіп, кол алысты. Олар орындарынан тұрып амандасады.

Алыстан алты жасар бала келсе, ақ сақалын желкілдете жетіп, ата да сәлем бермегі жол.

Қайырлы болсын айтуға келдік, - деп Ақылбек мұнан эрі ауыл азаматтарына райком секретарын таныстыруды. - Өздеріндегі фронтовик, батольон комиссары болған. Ел иғі жақсыларды аңсап отыр емес пе. Жата-жастана тыныға бересің деп, партия біздің ауданға жұмсалты.

Ой-хой, Ақа, майын тамыздыңзы-зу, - деп, Арым жымиды. Қабагының үстінде жіңішкеленіп біткен тыртығы көрінеді. Майданнан қалған белгі ме, жоқ, бұрыннан бар нәрсе ме, ол арасы басқаға мәлім емес. Элі жіті толысар жастарға іліге қоймаган, шамасы осы Науандар құралпы жігіт тәрізді. Шырайлы күрсөн жүзі ізгі жұмсақ, рақымдылық танытқандай. Қараыштарына қарап, қорғасындаі салмақты да, жайды толғаныш іш бітімнің бар-ау деп те топшылауга келерлік.

Ғазіржан, - дейді шешесі, - мына балалардын машинасы сонау өткел жакта-ау деймін, сазға батып қалыпты. Соны шығаруга көлік алғызындар. Өздері шай ішे берсін, бір-скуің барып алып кел.

Сәлден кейін Қалқаш пен Ғазіз өгіздерге бірі жарма өңгеріп, бір арқан, күрек өңгеріп өткелге тартты.

Үйде шай жасалған. Ірімшік пен сүрі шұжықтың шырын сөлі алмасып сіңіп дәмденгенін бәрі де мәдік етісіп, асыл асты разылықпен татысады.

Мәлішкен қаймаққа былқытып балық күңгірдағын да әкеп қойған.

Айғанша шешей алтындаі сал-сары майын

тарелкаға салып, сықпа құрттарын төкті. Шайын реттеп қуюға Мәпішкен жа ат.

Өз түсінә айтсақ, столдагы осы астың бәрі шешейдің аялы қолының, рақымды пейілінің дәмдері. Осындай дастархандарды ак наимен толыстыру, тоқышылық жасау, жігіттер, сіздер мен біздің мойнымызда. Үлкен қам жер ісіміз – Арымның осынау сөздері баршага парыз артып, жөн мәнзеген мезгілде үтылған. Бәрі де соны іштей үйшіп-түйіп құптасқандай. Сол ізгі лепес Айғанша анаға көңілінің ақыргы бір кірбендерін жібітіп кешіріп, жадыраныс танытып еді.

Дур ете, үй жанына келіп қалған машина дауысы естілген. Шыныаяқ төңкерісіп отырган меймандар да, басқа екі жігіт те тысқа шықты. Бұзаутазы бар жадау торпақ бейнесін елестеткен қотыраш «Эмканың» есігін Ғазіз шиқылдата ашып шықты.

Інішек-ау, сенің мұндай өнерің бар ма еді? – деп Ақылбек күлімдей тұрып сұрады.

Ептең.

Алыр-ай, қуантқанынды қарашы. Біз осы колхозга тіркеме екі комбайн, екі трактор бөліп, соны жүргізер кісі таба алмай, не істерімді жәнс білмей сандалбайлап жүрсек, дайын түр екенсің гой.

Комбайнсер табылмай отыр?. Пәлі, мына Науанды қайтесіз? Соғысқа аттанар алдында, өзіңізден бұрынғы директор түсында МТС-те арнайы курс бітірген. Бірақ, ораққа іліге алмай

Ген.
жүріп кетіпті майданға.

Тіпті жақсы, сонша жақсы. Ал, өзің қандай машинада істей аласың?

Қайдам? Бәлкім қайсысын болсын жүргізіп қалармын деймін. Оnda біз курстан өтіп, танкты үйреніп алдық қой. Шіркін, отыз төрт, жоситын еді-ау.

Жігіттер, әбден қуанттыңдар. – Ақылбек күтпеген жерден мәзденген жайын әлі айтып тауыса алмай жатыр.

Арым Ақықов та көнілді. Осы колхоздың егінін жинаудың ең бір түйткіл жайының түйіні кезіккенін андал, қоштанған сэті болуы да ықтимал. Сол күйде тұрып біраз Ғазіз жөнін сұрап білді. Бұл зоотехникумды бітірген бойда ілігіп, әуелгі кездес жаяу әскерлер құрамында, одан барлаушылықта болғанын білдірген.

Ал, Германия шегіне танкішілер құрамына барып кірдік.

Міне, жігіт. Сендей жігіттер қай жерден ұшыра деп біз журміз. Сэтті кездесу. Мүмкін, мына Сүйіндік те бір мамандық иессі болар?

Ареке, ол пулеметтен қол жаза алмапты. Өйтпесе жауды иіру мүмкін емес қой, - деп Ғазіз Сүйіндікке қарай тұрып әзіл айтты.

Еңбек мамандығын енді үйренбек.

Үйрену керек. Жастар техниканы мәнгеруге үмттылуға тиіс. Болашақ соган қазір-ақ қол бұлғап шакырып тұр...

Жаңа секретарь кеше, МТС-тің өз басында директорға мына колхозға егін жинайтын техника, механизаторлар бөлу жөнінде тапсырма берген. Ақылбек сауыстырып, трактор мен екі комбайн ыңғайлады. Бірақ, механизатор жетіспейді-ак. Сол жайы оны түйікқа қамап, ой сабактар орай да таптырмады. Ал, майдандық дәлділік, қапы салмаушылық тәртіпке үйренген Ақықов болса, тапсырманың қалай орындаларын көріп-білгісі келгендей, мұнан әлі жұп жазбайды. Қындықтың талай өткелегінен қыл тауып өтүмен шашын да аламыштаған директор соны сезінумен осы ауылға нағыз қысылыс жайда келіп еді. Енді, міне, қазір-ак ұмытқа айналып барады. Эйтсс де, тәжірибесінің өзі мурттанып қалған директор сергек, сақ, Бірінен арылып, есебінің екіншісіне қарманған толғаныста. Ақықов біт мін бағдарлап, дүйім өзгешелігін қанық түсінбек топшылаудан жазбайды. «Мүмкіндікті іздеп тап, сөйт те пайдалан» деп, сырттай айбар атып, бітеу де шіреу нұсқаумен отырар емес сияқты бул. Иә, оны емес, мүмкіндікті қалай танып табасың, әсіресе қалай жұмсай білесің – соны өз көзімн көріп, көңіліне дауалатып, бағаны да соған қарай берсер сыңайы бар. Бүгінге керектің өзі де сол гой. Осы арадан мұлт кетпеске тырыссан – қапылық та болмайды.

Соның бөрін топшылап келгенде, директор іштей өз басын мандаіы тайқы емес қызметкерлер қатарына қосқан сезім ұстады. Ой-бағдар енді өзі

үйірледі. Қазір болжамдарын, есептерін қайта қопсытып шешіп, қайта жиып-түйіп тұрғандай әлпеті танылады.

А шіркін, тағы екі кісі өздерінен шықса, бұл тұтастай бір дәулет болар еді.

Ойда жоқта екі механизаторға тап болып, бүгінгідей абыржытқан түйіктан шығып алған директор енді осылай, тіпті молды армандайды. Бір сәт күжірленген желкесін қасып қойды. Тап осындайда қышитынын қарасайшы.

Элгі Сипатты неге айтпайсындар?

Иә, иә ол кім?

Осындағы атайдың он жылдық бітірген қызы, соны айтамын.

Иә, келін-ау түсіндіріп айтшы, ол бала бірдене білетін бе еді? – деп Ақылбек арт жақта тұрған Мәпішкенге бұрыла, ежіктей сұрады.

Былтыр: «Осоавиахизм бізге машина жүргізууді үйрестіп жүр» дегені бар еді. Соナン бірдене үйренген болар деп жатқаным ғой...

Науан жұмсап Сүйіндік РАЗЫМБЕТ үйіне тез барып келді.

Рас екен, мектепте жүріп, екі қыс үйірмелік сабакқа қатысыпты. Қолына: «Жұк машинасын жүргізууді менгерді» деп күәлік те берген.

Сүйіндік хабары бірін смес, бәрін де қуантқан еді.

Директор дәлірек түйімін білдірді. Ғазіз бен Науан бірі тракторға, бірі комбайнга отырады деп

есеп етеді.

Енді бір тракторист қана бөлемін. Ал әлгі кызды тұра ертеңнен аргы сыртта егін жинап жаткан «Айдарлы» колхозына штурвалшылықты үйренуге жеткізу керек. Онда МТС-тен комбайннер эйел жұмыс істейді. Тұра соның қолына беріңдер. Ертең соққанда өзім арнайы тапсырамын. Аз күнде үйретеді де шығарады. Келістік пе?

Келіскенде, не – деп Науан директорга әлде не айтқысы келді.

Не?

Не болғанда, бізге несін айтасыз. Басқармада айтыңыз.

Таң атқалы іздел, сол Көсірбек басқарманды таптық па? Қайта соғып айтармын. Егер кездеспесе, хат жазып тапсырармын.

Е, сейтпесеніз, ол біздің айтқанымызды құлағына ілмейтін кісі.

Ілдіреміз. Ал, Ғазіз, Науан, - екеуін МТС-ке барып, агрегаттарды алындар. Бір өтініш: жамап-жасқап ұстап жүрген ескі машиналар гой, өте сак ұстагайсындар. Келістік пе?

Күп...

Қырман тапталып біткен күннің ертеңінде Ғазіз мен Науан және МТС бөлгөн жас тракторист Ирих Цвейг тіркеме екі агрегат экеліп, іргелей шалқып жаткан күміс өрім егін жиегінетірей қойды. Пішенге бытырап кеткен бригада ауылдары бірінен соң бірі көшіп келіп, бірі қызығылтый, бірі күрең елестеген

уық-керегесін әлі жайып жатыр. Шаңырақ көтеріп берген еркектер қайтадан мына топты тоқаң арбалар жанына келді. Осының бәрін бормен сриеулеп тақтайлау керек. Өміргалы, Дәрмаганбет, бритадир Никанның өзі, тағы бірнешеуі осында: бапшта, арасы қолында, әр арбага өлшеп тақтай кесседі, онан тоқылдата шегелейді. Ұмырт түсіп кетсе де істің әлі шеті де көрінер емес.

Осы бір әлестте штурвалшылықты үйренуге алта шамасы бұрын кеткен қызы Сипатты алып РАЗЫМБЕТ қария оралған. Жолшыбай соққанда Арманнан естіген жайсыз хабар әкелі-балалы екеуін ауылга жеткенше көп толғантқан. Эзірге ауыздан бейсауда шыгармасқа байласты. Кағыс сез болып жүрсे үят қой дегенге сайған. Экесінің ақылымын Сипат кісі аяғы басылған соң, шам жарығымен отырып аудандық комсомол комитетінің секретары, өзінің бірге оқыған дос қызы Лиза Котинаға хат жазды. Қайта оқып шығып, сыпайы-ақ, әм үйлесімді жазып, ойларын қанық білдіргеніне іштей масаттанып та қалып еді. Эйтсе де, көңіл күйін шытқыл бір кірбендей меніреулетіп беймазалайды. Арман: «Газіз сақтансын деген. Қате айтуы мүмкін емес. Бір күні соларға Кесірбек басқармаға барады. Қадірсіз бен екеуі әлде не туралы күбір-күбір сөйлескен. Арманнан жасырады. Сорлы асық дәм эзірлеген бола жүріп, бұлар сезіне киіз үй сыртынан құлақ асады. Көсербек Газіз үстінен әріз түсірмек. Қадірсізге соган күз-шеге бол дейді.

Осы ахуалды Сипат көз алдынан өткізген. Көнілі астан-кестен. Ойлы. Экесі айта беретін макалды еске түсіреді: «Ақ сұңқар шашып жейді, жапалақ басып жейді». Осы текстес екі тіршілік төркіндерін шолып таразылайды. Ізгі жанды жомарт ниеттілік пен өкірек өзімішілдікті салыстырады. Дәлбір скеуін екі қолына ұстай көріп отырып, сараптағандай бағдарда. Қайсысы су сепкен қоламташа бұрқылдай барып сеніп қалар? Қайсысы шыныга шымырланып жарқырай түсер? Эрине, жомарт жандылық солай жайнай, жасара жасай бермек. Газіз тап сол құрыш. Жақсыны ұнату ғана аз. Аяп, қастерлеп ұстату да керек.

Сол бір ойлар соңында бұғагын таянған қолын түсірді де, қайта қаламын алды. Элгі шорымдар орайымен тағы екі-үш сөз қосқысы келді. Иә, соны бір сэтте жазып та ұлгеріп, «Не айттым» екен дегендей, ұзын кірпіктері мәлдір карашығын жартылай жаба отырып, қайыра оқыды.

«Элдеқалай солай болып шықсан күнде сені мен біз кінәсіз жанды – жігітті қорғауға дайын тұруымыз керек деп білемін. Сенің қолың ұзын. Мен бұл реттегі өз парызымды осы хабарды саган жеткізумен өтеймін деймін. Бұл тек соны өтеудің бастауы ғана шығар. Қалжындай беретініңді білем гой: «Эй, тегі, жігітің шығар» дерсің де. Өз еркін не десен де. Тап осындай жігітке қамқоршылық ету қыз атаулыға теріс болмас еді. Сол парызым ретімен асыламын. Өзінді өзім деп сенемін!»...

Мәпішкеннің үйінен әлде кімдердің дауылдақсаны естілді. Біреу әндтеді. Сипат жазған хатын кітабының ішіне сұнгіте салып, жүгіре басып соңда барды. Бағанагы конырша әнді тракторист Ирих қазақша мәлдіретіл тұрып ән салып отыр. Соны тамашалап, бір сыныра жастар алқа-қотан отырысқан. Мәз. Газіз ентелей, күлімдей тыңдайды. Соның аяғына басын койып жантайып Қалқаш бала жатыр. Мәпішкеннің бергі жақ иығына асыла, басқа пішенші ауылдан келген шырайлы келіншек Бәрнэр отыр. Күрен жүзі бал-бұл жанып, жанар шашқан сұргылт көздерін Газізден бір айырмайтын сияқты. Мәпішкенге әлде нені сыйырлайды. Ол кең мәндайы жиырыла түсіп, онша жақамаған сынай танытқандай. Кірген бойда шалған осы жайдан көзін алмастан Сипат есік жақтағылар арасында тұрып қалған. Жүрегі бір сілкініп етіп, тұла бойына бір шыңыл таралып кеткендей болды. Алғашқы ақық ақ маҳаббатын осы жігіт жолына арнаған Арман болса бір сәрі, қуана құптар еді. Ал, мына келіншекке жаны тік тұрынып, Газізді қарауға да кимайды.

Сөйтес тұрып, жарап гүлін әлде қашан жарғызыған Нәрнәрдың Газізге осынау қадалысына білгенінше мән іздел, мақсатына топшылап ұстап үқпак болды. Барлап, талғап бағалап, бұл қарасты уілжіген пәк сезімнен жай жарқылындау жалынмен шыққан, жан жарып арнала шыққан ынтызарлықтың қарасы емес деп байлайды. Бұл бұлдыр, скінші будай

бірдене гана.

Кім білсін, өз ынтызарлығын ең сөнбес, ең ренді раушан деп есептемей ме, мына Ғазіз соны гана ұсынгысы келеді. Соның гана ышын хошқастерлігін танып, соны гана көкіргіңе қыс дегісі келеді. Сондай сезініспен Сипат балқынды. Төңірсіндегі ду сөздерін тіпті естімейді. Ойлары қорғасынша салмақпен қайнап балқып құйылады. Соナン шуақты үміттер үдейді, дәме дәйектеліп, армандарына алып ұшқан дүлдүлдей дәрмендер тұлғанады. Сол дәрмен бұған: «Ғазізге қайтсем де сені жеткіземін» деп тұрғандай. Сипат сезімі осы еді. Соғыс бейбактыққа ұшыратқан осынау жиғені де айды. Өз бақытының алтын босагалы егісін енді ашам деген сеніммен тура, ондай босаганы бір аттаған Нәрнэрға бақытының жалғасын Ғазізден өзгеден табуды тілейді.

Үй ішінің дуыл сөзіне соңсоң барып қана қулак тұрді.

Мынау бір жер көктеген шешек қой. Эй, Ирих, біздің үйге жатқан жамбас ақын болсын, мына иырыма асылған қатынға бірдене деші, байғұс, ері соғыстан оралмай, сағыныш мензетіп жүр, кезін мөлтендетпеші.

Ирих бөгелген жок. Науанның үкілі домбырасын келсе де, келмесе де тыңқылдата шертіп, қалерсіз отырган Нәрнэрға көз жібере, әндептің қоя берді.

Женеше:

Сен де ак мандай,

Мен де ақ мандай,
 Жанымға жабырқамай таяу отыр,
 Боп кетсін осы үй іші шам жаққандай...
 Жүрт қыран көлкі.

Ие, ие тағы да.

Оу-ей дерсің. Қане, тағы да.

Ей қатын, бердеме демеуші ме ең, сені айтысуга
 шақырып отыр гой, - деп Мәлішкен Нэрнэрды
 иығынан сілкіп жіберді.

Тәй әрі, неміспен айтыс деп, мазактарың ба. Ерім
 сонау неміс қолынан өтсе де, қазагым, ауылымның
 жігіті құрып па? О неси.

Нэрнэр, шамданып қалдың-ау, қалжың емес пе?
 Энишімді кемітпе.

Келіншек Науан сезіне тіл де қатпастан, төмен
 қарап отырып қалды. Элгі сезі, өңменіне мұздай
 тиіп, бұған енді Ирих қана бір екі сез қатты.

Женеше, атаминың атын өзім де білемін. Ал,
 елім, - Қазақстан. Жинасқалы келгенім сіздің
 ауылдың наны. Жат көргеніңс кейідім. Мен өзімді
 әлде қайдагыға қосақтайтын неміс емеспін деп жүр
 едім.

Жас жігіттің мынау сезі бәріне тиіп кеткендей,
 жиналғандар сәл үнсізденіп қалды. Сипат езу
 тартады. Неге? Өзі де дәлін біліп түйе алмайды. Тек
 сәл бір жәнсіз оспадарлықты мықыл еткен сияқты.
 Құлімдей отырып, жақаспай қалған екі жаққа
 бірдей майдай жақтырып Газіз түсініп айтты.

Әр елдің салт-дәстүрі басқа. Кешегі қанын өзі

ұрттап дүниеден мүрдем кеткендерге бұларды еш жуықтыстыруға келмек емес. Бұлар өз сліміздің өзіміздей көрген көз, өзіміздей пәк жанды ұлдары. Отан деген ұлы ұғымды алайыкшы. Ол бәрімізге қандай ізгілік, қандай ізетті сезім сінірсе, бұларға да соны бірдей үрлеп сінірген. Біздең білік, аяныш, түсіністік нс? Бұларды да сол. Баяғының баяғысында өткен ең арғы бабасының аты үшін шәк ұстап, ызбар қарау жәндік емес. Екінші қайтып абайсыз айтсаныз, Нәрнэр, ұятқа өзіңіз қалмақсыз...

Эй, ағай қолыңды берші, - Ирих Газіздің ұсынған қолын алып құшырлана қысып-қысып койды. – Рахмет аға, Сізге. Білмеймін осы. Мал екеш мал да туган жеріне тартады. Тұған отанынан, өзінің сүйікті слінен қасиетті ештеңе жок қой адамға.

Есік серпіле ашылып, сырттан Өміргалының әйелі Ақбала кірген. Элде неменеге іштей әбігерлігі ажарынан айтқызыбай-ак таныларлық еді. Асырып сүнтіге кірді. Бәрі соган көз тігеді.

Женеше, жоғарлатыңыз.

Жәй ма?

Жок, Өміргалы жіберді. Жаңа ғана біздікіне әненеугі райком келді. Қайын аға (Көсірбек басқарманы айтады) мен Дәлмаганбеттің картасынан отырған үстінен түсті. Қатты ренжіп айтты қайнагага.

Иә, не деді?

Науанға Ақбала райком секретары мен Көсірбектің тілдесуін сөзбе-сөз баян етеді.

Ертең орак саласыздар гой?

Саламыз.

Ал, комбайннан астық тасуға неше арба сайладыңыздар?

Сегізін сайлаймыз.

Қазір нешесүі әзір?

Үшесү. Кеш батып кетті, өзгесін ертең таң сәріден қолға аламыз.

Орагыңыз ертең, сонда комбайндар тұрып қалмак қой. Олай болмасын, далага от жақтырыңыздар да, соның жарығымен қалған арбаларды осы түнде сайлап алышыздар.

Жарайды орындаимыз, - деді қайын аға. Райком өзі ертең ерте соғамын деп, жүріп кетті...

Ал, бізге бірдене істесін дей ме?

Ақбала Науанға Өміргалы сәлемінің түйінін сінді ғана баян етеді:

Арбалар жанына отын жинап, от жақсын – деді...

Науанның үйіндегілері тарап, екі-үш үйден отын жинай бастаган кезде Ақбала бұларға қайта келген.

Қайын аға: «Жеті түнде зуре болмай-ақ қойсын, таң сәріден бастап кірісерміз», - деді.

Өзі білсін. Эйтесуір біз дайын, - деген ғазізден...

Осыдан кейін түндікті жапқызың, есікті тиектетіп, карташылар қайта отырған болатын. Ауық-ауық өзара дауласып та алады. Көз ілмей төсегінде Өміргалы дөмбекшиді. Немере ағасы

Көсірбекке де, арба тақтайласуға шакырумен келген Дәлмағанбет қойшыға да: «Қойындар енді ұятқа қалып жүрерсіндер» деп нешеме қайталап айтып та көрді. Құлаққа ілмеді. Ілгени сол, ойынын соза беретінін білдіргендей, Көсірбек: «Шырагым, шайынды ысытып қой» деп Ақбалаңың тынышын кетіруде. Сан қайталап, ысытқан шайын меймандарының ішпейтініне, сейте отырып жаңадан мазалауына Ақбала мейлінше кейініп қынжылады. Бір уақытта есік тарсылдады.

Әтім?

Ашыңыз.

Багана келіп кеткен райком секретары Ақықов. Мыналар картасын, будыраган ақшасын жинап қойды. Намазға үйигандай, алакөлеңке үйдің төрінде қатарласа малдас құрып мөлиіседі. Ақбала ши аузында отырып, екі жакқа кезек көз тастайды.

Бұл қалай, жолдас председатель? Сізге халық нанының мәссесі карта ойнаудан гөрі онай іс біліне ме?

Олай деменіз, Ақықов жолдас. Тұнде жагатын отын болмады. Таңертең қолға алатын болдық.

Онда алаңдамай-ақ ойнай берініз, отынды мен тауып жаққызыайын. – Ақықов ғафу өтіне, Өмірғалыны тұргызып алып, шығып кетті.

Үнсіз, сұлық ілесіп Көсірбек Тұманов келеді. Арбалар түрған жерге кісілер жиналып қалды. Ай жарық. Эйтсе де, бұл күйде қажет жұмыс атқара кою қын еді. Газіз трактор фарымен жарық

түсіруді еске алды. Аздан соң Ирих өз тракторын әкеліп, арбалар тұрган жерді жарқыратып жіберді. Оншақты кісінің жартысы промкомбинаттан әкелінген тақтайларды өлшеп, кесіп тегістеп, жартысы үш арбаны бір шамада қобдилады да шығарды. Екі арбага тақтай жетпеді.

Тұманов жолдас, тақтайыңыз қайда? – деді секретарь. Ал, бригадир Ниханбекке айқайлайды:

Эй, Ниханбек, осы Көсірбек болмаса өлуші ме едіндер. Енді тақтайың бар ма? - Эу, Көсірбек сенің қай сөзіңде турамыз? «Осы да жетеді» деп, бағана бір пар өгізге тиеген тақтайды кеңсенді тақтайлатуға жөнелткізгенінді не қара басып ұмыта қалдың?

Көсірбекте үн жоқ. Костюмшеші шықан бойы күз басының мына салқын түнінде бүрісе түсіп, райком секретары Ақықовке жалтактап қарай береді. Бәрі де бір сэтте үнсізденіп қалған еді.

Менде, мақұл көрсөніздер, екі ұсыныс бар.

Ие, айт шырагым, - деп бригадир құптай бастап, ауыл адамдары формасыз шинелін желбетей киген Ақықов аузына үңіліседі.

Мақұл көрсөніздер, кенсеге әкетілген тақтайға бір тракторды, дірдек қакқан басқарманың киімін әкелуге бір тракторды жіберсек қайтер?

Әрі іске жөн мегзей, әрі қырсық жайды күйдіре әжуалап айтқан сөзге бәрі иығы көтеріле дуылдастып күлісіп қалып еді. Соны:

Көсірбек мына сенің ле, біздің де райкомымыз жаңа кезікті білем, э? – деп, бригадир Ниханбек

костап және күлісken. Ақықов осыған езу тартты.

Ғазіз, сен тракторына отыр да, сонау кеңсе жанындағы тақтайды арба-марбасымен сүйреп әкел. Көсірбек осы да саған бір сый. Бар да киімінді өзін, киіп кел. Колға алдық екен, біржолата тындырып, ертең оракқа алансыз кірісіп кетейік.

Әлгі орайдың тоқетерін РАЗЫМБЕТ қария осылай тұжырымдап шешкен...

Танертең екі агрегат көсілте шалғы салып кеткенде іс басында болған Ақықов көптік қолымен сайланып қалған жайға разы сезімде еді. Сегіз қосар арба керуен курай тізбектеліп, егінді шеттей айнала өрлең кеткен агрегаттарға қарай беттеп бара жатты. Бір-екі тұсқа комбайндар қатарлай, ақ-сарылзып елестеген үйме-үйме сабан түсіріп кетті. Ақықов жиі келіп тұратындығын білдіріп, іске аса сергек болу керектігін жәнс айтып, әрідегі колхозға беттеп кеткен. Орак басталуына РАЗЫМБЕТ ат үстінен сүйсінумен едәуір қарап тұрды. Ғазіз тракторына тіркелген биік комбайнның нақ майдай шүйдесінде қаршығаша шүйіліп қызы отыр. Алыстаған сайын кішірейе түсіп, басына байлаган қызыл орамалығана елес береді. Ішінсі үлкен шүкіршілік еткен қария атының басын бүрып, ұзын аяқтарымен тебіне, әрі қамшылай желе жортып кетті. Ауданға тартқан беті. Сипаттың түнде жазып қойған хатын жеткізбекке барады.

ТӨРТИНШІ ТАРАУ

Кызулы шақ ренденген қызылт күн әрідегі ирек бас таулардан аттаң, тас шақа ернеуте матырылып барады. Сәулесінде күндізгідей шаңқан шағылма жоқ. Күнгірттеу қызылтым арай даланы өзінше өндейді.

Осыдан сәл бұрын ризық лебін ескен қызыл қырман үстінде жиналыс ашылған. Бидай жалдарына жантая иін қарысқандар басқарма аузынан жақсылепес естігендеш асығады. Жөнжобаны, осы егінді шашпай-төкпей жинап алғанда өздері татар жемістің қандай боларын естіп сейілмек сыңайлары бар.

- Періште, оу періште.
- Эу, эу.
- Ой, бар болғыр, бағанағыны экелші. – Кесірбек бір лек адамдар шетінде тізелей отырган атшы баланы көзімен іздеп тапты.
- Нені дейсіз, Кес – аға?
- Есің дұрыс па-сй, өзіннің? Бағанағы бидай ше?
- Е-е, сол ма? – Періште қырман шетінде жегулі тұрған пәуескеге кетті. Сәлден соң көкшил шүберек буыншақты экеліп басқармаға ұсынды. Ол мұны бір колымен көтеріп тұрып көпке көрсетті.

Мынау қанша болады?

Үш кило.

Он қадақтан аспас.

Осыны, - деді Кесірбек, - әлгі аурұ қатынның

баласы үрлап экеле жатқан жерінен жолда ұстал алдым. Өзін қырманга қайтып жуымастай етіп құлағынан бұрадым.

Мықтаған екенсің...

Осыны соған берген қайсынын, айтшы, - буыншақты қолына шайқандата тұрып, Қесірбек жағадай көз салады.

Мен, мен. – Науан орнынан тұра, тіпті катты дауыстады. – Ол бала бағана тұсқе таман біздің агрегат жанына келген. Жанаң жүріп, ұзак тамашалаумен болды. Аядым. Штурвалға жаныма алып біраз журдім. «Мен өсемін гой, сонда осы орныңызды маган бересіз бе, аратай» деп сұрады ол. Басымды изедім. Өздеріңіз білесіздер гой, соғыс күрбандығы болған солдат баласы. Шешесі ауру. Жалғыз ешкіден басқа дымы жоқ. Аяп кеттім. Сонсоң кейлегіне түйіп бидай бердім. Эне, сол. Бір-екі куырым бидайда не түр?

Соғысқа барып келгендे, бұған қоғамды үрла деп жіберген бе? Не істейміз жұрт мынаган? – Қесірбек тағы да жан-жагына қаранды.

Өй, жарайды, мына егіннің садақасы. Жетім гой бергені, сіштең етпес. Өзге астықты сақтасақ та жарап. – Нәрнэр дәннен шынтағын көтере, тығырщықтана тік отырып алып осылай үн катты.

Қесірбек бұған сәлғана көз тастап күлімдеп қойды. Онан қабагын көріп, нығыздала сөйлеп кетті. Тіпті пұшықтана акшиыл, көздері жыпылық қағады. Әуелі аудандық, онан облыстық бірсыптыра

басшы қызметкерлердің есімдерін тізіп шықты.

Сол жолдастарды айтамын, бірауыз сөзімді жерде қалдырып көрді дейсіз бе? Жок, атамаңыз.

Жиналысқа ұдайы қатыса бермейтін кейбіреулері аң-тан, әлі ангарыста. Тегі, білгісі келген жайларын енді айтатын шығар деп күтеді білем.

Солай, иә. Бидайды өз қолынан шашқан мынаган экті тұргызамын. Оу, ағайын-тұған, бірінің де тауығының аяғы сынбасын деп келемін. Жаным ашып айтамын. Жиналысты әдейі шақырып отырмын. Бидай үрлап сотталып кетіп журмендер тегі. Заң – мынау. – деп Кесірбек қалтасынан шапаты ғана бір кітапшаны суырып алып, көтере бұлғандатып-бұлғандатып қойды.

Не мұның?

Заң кәдексі.

Дәнекүс болсан өзің дәнекүс. Өкімет занын жамандама.

Мынау не шатып тұр? Осының не айтқанын түсінгенің бар ма? Айтши.

Үрлаганың не, айналайынның баласы-ау? Еңбек күнге өзіміз де аванс алмаймыз ба? Науанның жетім сорлыны мұсіркеп бір уыс бидай бергенін үрлық деп тұр ма езі? Оны үрлық десен, осы жиналыстың қаулысын шығартып, ауру эйел, жетім балага жәрдемді қолдан бер. Ағайын қамкорлығын сонымен білдір. Осыны қай өкімет теріс дер скен? Адам силаган өкімет, қайта, раҳмет дер өзіңе.

Сыздық шалдың ернін жалай отырып айтқан сөзін жаңындағылар қуаттап кеткен.

Бастықтардың атын айту халыққа наң болады дейсің бе?

Алдын өкіметкес тез жөнелтіндер де, авансымызды беріндер.

Мына жұрт шалап суанмен жүріп өгізін жинай алмас, иә, әлгі ретпен кемтарларға да қарайлас.

Тагы сендердің сөзің маган заң емес. – Заңмынау. – деп басқарма тагы кітапты бұлғандатты.

Бір пікір айтуға бола ма?

Айт, бірақ бұлік шыгармай айт.

Жұрт назары енді Газізде. Нәрнэр ажарынан бір өзгеше леп білінеді. Газіз қалпағын дән үстіне тастан, шашын артына қайырып сипап алды. Сөз бастады. Сабырмен салмақтай айтып естіртеді.

Жолдас, председатель, мемлекеттің өзгежөндегі заңын бұл жерге наиза етіп шашшу не үшін керек?

Е, сүйдеші. Бізді қорқытқаны не-ей өзінің.

Өй тұра тұр, саган сөз берілген жоқ қой.

Газіз сөзің эрі жалғап, толғаныспен айтады.

Науандікі ағат екен дейік. Ал, халықты неге қорқытасыз? Осы жұрт елге де, өзімізге де болсын деп өзі өсірген егінді өзі үрлайды деуініздің мәні не? Ол председатель тұрсын, тіпті, жай азамат аузынан шығар сөз бе? Нагыз жолсыздық мен білсем, тап осы. Колхоз заңы устав емес пе? Соның жөніне неге көшпейсіз? Кодекс тап осы арада не үшін керек?

Еркек, әйел Газіз сөзін гүйдей қуаттасып жатыр.

Көсірбектің қол сермей гүжілдеуін көп аузының дұылы көмір естіртпей жіберген. Жұрт аванс беруді қайталап айтып талап етеді. Ал, Көсірбек:

Райком, райсоветпен тілдеспей дән бермеймін. Устав, устав деп өзеурейсіндер, ол соғыстан бүрын шықты емес пе? Ескірген. Райком мен райсовет сонан бері қанша қаулы шығарды екен, осыны білесіндер ме? Астық үкіметке ғана жөнелтіледі.

Көсірбектің бұдан арғы сөзін жүргіт құлаққа ілген жоқ. Орындарынан бір сәтте өре тұрып дұылдаса тарап жатты...

Газіз әріде тұрган агрегатты бері жылжытып қоймаққа беттеп кетті. Қырманнан біраз ұзап барғанда, ымырт қарандылығы ішінен оған Нәрнэр тал болды.

Эй, қағынды, тоқташы.

Негіп жүрсің мұнда?

Тоқташы енді кішкене. Жеп қояды дейсін бе?
Бір ауыз сөз сұрайын.

Ал, айта ғой...

Нәрнэр дәнене де айтпастан келіп асыла кеткен. Жігіт былқ-сылқ жөңкерілген эйелді қолымен кері серпіп, қайтып жуытпай білектерінен ұстап алған.

Газіз жаным, тусімнен бір шықпайсың, бақыттым, сірә, сен шығарсың. Жіберші қолымды, бір сүйейін.

Кой деймін, эрі, ұят болады.

Жоқ, қоймаймын, сұлу келіншек от боп жанып бас үрганда, тас па-сң жібімесс? Қойныңа осы енгеним енген. Сен енді мендіксің.

Байғұс, массың ба? Мен қалай сендік болмақтын,
басым бос емес. Болды, әрі, шаруаға асығамын.

Кім, оның? Е, ана ауган шалға тиіп кеткен
Арманды айтасың ба? Үмітінді әлі үзбей жүрмісін?
Несі артық менен соның?

Нәрнэр, сен жеңге адамсың, - деп Газіз оның
қолын сілкіп тастап, өзі тез-тез басып әрі жүре
берді...

Орнында аңырап қалған Нәрнэрді әлдекім ту
сыртынан келіп қапсыра құшақтап алған.

Ә, қу шешек, бағанадан осыныңды айтсан
болмай ма? Босат, өзім құшақтап сүйемін.

Ол босатпайды. Сол бойы тұрып, мұны иірілген
шүйдесінен шөпілдетіп сүйе береді.

Босат деймін қағынды, өзім сүйейінші. –
Жұлқынады. Мынау жібермейді.

Жүр ендеши, әрі кетейік. – Нәрнэр алға үмтыта
тартып мынау сырттай құшақтаған бойы ілесіп
келеді. Эрідегі қарғандар арасына кіре екі бейне
жазылып барып, құшақ ашыса, қайыра табысада берді.
Ананың бетпе-бет жұыстырганы сол еді, Нәрнэр
жагынан шартылдата тартып-тартып жіберді.

Әй.

Бағанадан Газіз екен деп тұрсам, сен бе едің
сасық азбан. – Нәрнэр жұлқынады.

Қоя бер қолымды.

Кой ей, көрмеген кісідей, көкие қалғаның не?

Әй, Көсірбек екі жылдан бері сыйың жеткен
шығар. Өмірімді күйік көссеу сияқтанған сенімен

өткізе береді дейсін бе? Жасқа, мына Газізге тиемін.

Газізге. Қой әрі, өзіннің кімге лайық екенінді білсейші. Сен майлы- күйеш жұмыскерге емес, мына біз сияқты басшыға ғана лайықтысын, жаңым.

Әдірем қал. Бетінді күнде іскектеп отырып Газізге теңелмексін, ә?

Ей, соққан, бет іскектесу сол мәдениеттілікке жатады.

Үйткен теріні қылышықтағандай мәдениет көрсемші. – Нәрнәр бүрқан-тарқан, жұлқынады, ал Көсірбек босатар емес. Иліктіремін деп әлі әлек.

Сенен не пайда? Мазак етесін де кетесін. Шай ішкізіп, көлек кигізіп отыр ма сң басшы болып? Ана қара қайыс қатынынан не артылуши еді? Жас байра тиіп Нәрнәрдің да киіп – ішкісі, құлпыргысы келеді. Тұн жамылуды білесін, орамал-шаршы ырымын неге білемісін?

Қап, жендің. Бірак, сені шай-етегіңмен малындырып қоюға Көсірбектің қалтасы әлі де жетер.

Қайдам? – деп тісін аксита жымиюдан сон Нәрнәр үн қатқан жоқ...

Тұн ортасы таянған шакта қырманға Көсірбектің ат-арбасы келіп тұра қалды. Тұн де қара, өзі де қара, аты да қара.

Өмірғалы, оу, Өмірғалы. – Көсірбек абаймен дыбыстайды.

Немене? Бұл не жүріс?

Мына бір-екі қапқа бидайдың тәуірінен қаптай

кайшы. Жеңгөң тапсырып еді, басшылар келіп
қалса шайға жем болсын.

Қаптамаймын.

Е, неге?

Бағана занды бұлғандатқаның қайда?
Сотталарым жок.

Өй, оттама. Қапта, бол!

Қаптамаймын деймін. Жөнел әрі.

Көсірбек арбадан түсіп Өмірғалының жанына
келді.

Ее, ез исеме, елдің сөзіне еріп, алжасқанбысың?
Мені сен тұрсын аудан да қолымды қақпайды.
О несі-ай. Өй, қырман күзетіне сені мен не үшін
қойды деп жүрсің? Туыс, бауыр деп, білдің бе?

Қоғам дәулетін өзіне үрлап берсін деп пе?

О, ойсыз. Мен басқа кісіні қойсам да ала аламын.
Көзінді аш, ойлан. Мына немере ағаң колхозды
ұсында ұстал тұрғанда көнейінді түгендер,
ішкен-жегеніңсөн артығын ақшалап ал. Ана жаман
қатынының сөзіне еріп дүниден бос калма.

Сені мына қоғам байлығын өзіңнің және
тамыр-таныс, туыскандарының көнейін түгенде
деп басқарма қойып па? Не сөз мынауың? Көзінді
өзің ашып қара. Ал, менен мына қырманыңды. Не
істесен де соны істе. Мен өйтіп күзетші болмаймын.
Осы ел не болса, мен солай күнелтемін, - деп
Өмірғалы ақсандай басып кете берді.

Согыста қаның әбден бұзылып кеткен ғой
өзінің. Аяғанды білмеген сорлы. Ана бұзакы Газізге

ерген екенсің. Тоти да отыр ендеше.

Ау, Көсірбек соғыссам, сенімен бірлесіп, қогамды ұрламақ үшін соғысқаным жоқ мен. Ел үшін Ғазіз де сол. Біле білсең саған ол бүгін жөн сілтеп, ақылын айтты. Соғыс маган не оқытты, білесің бе?

Иә, не оқытты?

Бар дүниені өзімнің ұсынында ұстаймын деуші атаулыға ракымсыз болуды оқытты.

Солай элі де. Ескерткенің де жақсы болды. Сірәлікта бар той, Көсірбек сендерсіз де тіршілік ете алатыны естерінде болғай. Ертеңен бастап қырманнан тайып түр. Кезіңе көк шыбын үйелегендеган ұғасың сен.

Қазір ал деймін менен қырманыңды. Елге астық бермей, оны өзіңнің ұрлауга келгенінді тап ертең айттып, бетінді айдай етпесsem, Өміргалы болмай кетейін, білдің бе.

Отта, отта – деп Көсірбек ашумен атты бір осып, тарта берді...

Тәңертең қырманға жиналғандарға Ниханбек бригадир жақсы хабар таратты. Айтуынша, оған Көсірбек тун жарымына соғып, елдің аванс бидайын үlestіруге тізім жаса депті. Жүрт кешегі жиналыстакы көп думпуїнің эсері деп жорамалласады. Ал, Өміргалы ішінен мырс етті де қойды.

Ауылдан қал жиналып, қызылданған үш төбе бидей слу шекпен қапқа шымшып тігілді. Бұл

мемлекетке алғашкы жөнелтер. Авансқа ендігі тазартылғаны үлестіріледі. Жұмыс қызып кеткен. Мәпішken мен Ақбала триер тұтқасын кезек ұстап тұр. Бетінде мәлдір моншактар бөртіл, Қалқаш бала құрекпен дамылсыз дән лақтырып қояды. Сақал-мұртын сарғылттан тозаң қапқан РАЗЫМБЕТ, бригадир НИХАН, Сыздық қариялар сыныргылған қағып, жүлгелеп, дән мен борықтың шегін айырады.

Бүтін осынша жан ішінде солғын, собалаң елестеп, көңілсіз жүрген НЭРНЭРГАНА. Езужимайтын жайнақы калыптан айырылған Гүлді шаршысын түсіре бүркеніп, тас түйін байлап алышты. Қабагы тұксийп, қырпуы мұз бүріккендей. Електі зыр қақтыратын күйінды екпінінен түк жок, сүлдер болып, селекет, олақ, баяу қимылдаиды. Тісінен элі сыңар сез сыйылып шыққан жок.

Эй қатын, не болған бүтін саған? Ауырған жоқсын ба?

Ауырсаң ауырдым. Сендей жанымда байым жатыр ма?

Мәпішken не дерін білмей қалып, сезін қалжынға бұра салды.

Е-е, байдың дерті де.

Мазактарсың.

Басқаның мазагынан аман болсаң, менің мазагым не етуші еді?

НЭРНЭР жауап қатпай, ері айналып кеткен...

Ауылда сол күнгі кеште күтпеген екі жай білініп, көңілсіздік экелген екі әңгіме шертілген.

Соны жүрт лезде естіп, жагалай жайсызданғаны Газіз ауданға, тергеушіге жауапқа шақыртып келген повестка болатын. Эсіресе Газіз, Науан, Разымбет, Өміргалы, Сүйіндік, Қалқаш бригадир үйлері күрен қабак жабырқау күйде. Осындаі халде отырганда Нәрнэр келіп, Мәпішкенді өз үйіне шақырыл кетті. Нәрнэр тыстан қырсаулай құрысып, ытқындаі тығыла келіп, үйде кірген бойдан төсегіне жылай құлап, етпеттей жатып алды. Дөңкігін денесі делбендей селк-селк.

Байғұс-ау, не болып қала қойды, сонша.

Бағана: «Басқаның мазагы болмаса» дедін-ау.
Бірдене естіп пе ен? Неліктен айттың соны?

Бір сөз естісем, құлагым керен болып көрсін.

Ендеше өзім айтайын: элгі Газіз мені мазақтап кетті.

Қой әрі не дейді? – деп Мәпішкен дауысы жайсыз шықты. – Эй, қалай? Айтшы, кәне? Тіпті ондай селтенбай емес еді гой.

Мен бейбақ оған күмарттым смес пе. Ие, деші.

Иә.

Дәл бір мас сияқты болып кеттім сол жерде.
Есім неге шықты дессейші. Нем бар еді.

Иә, айтшы, кәне, түсіндіріп.

Айтайын. Кешегі жиналыстан кейін үйге қайтпай, әрі кеттім. Газіз комбайнын бүрін қырман шетіне әкеліп қоятын еді гой. Кеше жиналыс кезінде комбайны әріде – далада тұрды. Келетінін білдім де жолын тостым. Ынтызарлығымды айтпаққа

түрмyn. Нэрнэрдың аргы әнгімесі Ғазізбен арадағы кешегі оқиға болатын. – Сөйтіп, аңсап, елжіреп-еziліп, үмітпен үгіліп тұрғанымда кеудемнен итеріл тастап, кетіп-ақ қалғаны емес пе? Осыдан өткен не мазақ керек? Қалай тез дейсің? Мен қай қатыннан кем едім? Не болғаным енді. – Нэрнэр әлгісінен де бетер сулығып өксіп, солқ-солқ жылап кетті.

Сол ма тек? – деп Мәпішкен сылқылдай құліп жібергенін өзі де сезбей қалды.

Нэрнэр басын көтергенде бетін жас жуып, іші қызыра бөртіне ісінген көзі көрінді.

Мазактал құлесің бе?

Мәпішкен сыр шашқысы келмей, саскалақтап барып, әйтеуір сөз таба кетті.

О, сайтан, соған жылап. Өзіңе осы бес жылдан бері жүген-құрық тиіл көрді ме?

Ол не дегенің? Түсінбедім.

Енді не дермін, мына корі сайтанға. Марқұм байың майданға аттанғанлы көрпенің шетін ешкім ашып көрді мс деймін?

Сонша, мені бір ... неге есептейсің бс? Өзің көріп-біліп келесің емес пе? Ана, корі Көсірбек сөзін тіпті құлакқа ілмейтінімді де жасырғаным жоқ. Жалғыз құдай күэ.

Кой, ойбай, ана ауылдағы корі молланың сыйынып, шелпек жеп, шүберек жинап жүрген жалғыз құдайын оған күэ стпей, күнәкәр боларсың.

Ендеше бар гой, сол молдекене кітап аудартсан да осының айттар.

Е, міне жөні. Соның біліп айтып жатырмын. Жүген-құрықтимеген, бес жылдайғы ту қатын сенің мінезің де шәлкес-шадуар болып алған. Абайлауын керек еді. – Мәпішken осылай майпандата, сызатта айтып келіп, бездірейін деген ойын да сол ретпен сездіре қойды. – Бірақ сонына ферғауын перизатындағы қыз түсіп жүрген сылаң жігіт сені мен біздей, көңілімен ғана көбен қатынды көзге ілуші ме еді. Соны абай етпей, енді тастан құлаған аюша аласурып дөңбекшісің. Өзінді өзің босқа кейітесің. Мына көзді жаспен жуганша, сайтан секіргендей қайнандата күтім қага бермейсің бе? Соган көбелек көздеу бір жігіт өзі келеді де әлі-әк сүрінеді. Соңан соң қағасың да аласың. Білдің бе?

Жаным, Мәпішken, шын қимастығың бұл сөзін. Сейтуім керек екен-ау. Эй ойламас басым. – Нәрнэр көзінің жасы әрі тамшылай, әрі күле басын көтере берді.

Төл қайнышындағы қадірлейтін Ғазізді және тек көңілі тек сонда деп есептейтін, көз алдында өсіп ер жеткен сымбатты Сипатты ырсылдаған бір аюдан қактым деп Мәпішken кеткен. Жан сезбес, құрық бойламас, сұқ көз, аш аран – қаярлығыммен Көсірбекпен арадаты жеңсік басар жайымды сауысқандай сыған қатынға да сездірмей жібердім деп Нәрнэр қалған...

Келесі күні таңсәріден астық тиеліп, керуен сапталды. Алты арбада қызыл жалау желбірейді. Оны айдауга Өміргалы, екіншісіне Сүйіндік,

үшіншісіне Нәрнэр, ең соңғы айдаушы болып Қалқаш шықты. Бұл бала сонымен барып окуында қалмақ. Осыларға Ғазіз ілеседі. Ғазіздің шешесі жылап-сықтап деібірсіз тұр. Не пәле болып қалғанын біле алмай, жігітті ішпен аясып, ауылдың баршасы мамыр быққан қоңыржай бір реніште. Тек ак тілек білдірісіп өздерін де, Ғазізді де сабыр айтумен жұбатады. Ал, жігіттің өзі еш хаупілеусіз, тәуекелшіл бетімен жайран. Анасының көз жасын сұртіп беріп, бетінен сүйді. Ана баласын әлі босатпай, басын өз көкірегіне сүйеп, ұзак түрдү. Сүйді. Екі-ак сез айтты:

Өмен жолын бола берсін, құлыным. Осы Өмірғалыдан қалмай қайт. Ақсарыбасымды айттым...

Апа, Ғазізді тұра өз арбама отыргызып экелемін – деп арба үстінен Нәрнэр сампылдайды.

Қой, қой, ей қатын, сенсіз де аяқ баса алатын шығар. Айтқанды неге ұмытасың, – Мәпішкеннің мына сезіне Нәрнэр ернін қозғап қолын сермеді. – О, ыржақай. Эттен, өзіміздің ортаның қатынысын, әйтпесе, ана ернің тұра шымшуыр қыздырып басса да болар еді.

Нәрнэр жаңагыны айтқанында есіткісі келмегендей Сипат теріс айналып кетіп еді. Көмейіне әлдебір нәрсе тығылғандай бір күйге келіп, көзінен алғашқы бір нәзік аяныштың тамшылары үзіліп кетті. Соны жасыра, женимен тез сұртіп тастап, ауылдан жылжып бара жатқан

керуенге қайта көз тігіп, сүттей аппак, үлбір жұмсак орамалын бұлғады. Кителшөң Газіз шинелін қолтықтай, Қалқаш арбасының артына аяғын салбырата, бері қарай отырып, Сипатқа ол да қол сермесімен жауап катады. Керуен ауылдан едәүір үзап, енді мына бір өнкей өрен тартып кететін құдір-құдіс дөңеске көрме тартыспен өрлеп келеді. Арбалар шиқылдайды. Анда-санда бишіктің жылан ирелсөң өрімі шып-шып еткенде қара табан өгіздер қипақтап, шашақты құйрықтарын шыбжындарып, ентелей үмтүлып, ыргала басып аяңдайды. Арба донғалақтары қумайт жолдын қырышықтарын шықырлатып, бір әуен шығарады. Мінгір күй. Кейде донғалақтар мұжық азу тасқа соғылып, тұтастай арбаны сілкіндіріп те жібереді.

Нәрнэр жай әндептің келеді. Газіз әлі артқа қарал отырган беті бір ойларга шомады. Бір ауық қақ алдында шыракты көздері жайнай күлімдеп Арман жетіп келеді. Бір ауық жанына отыра қалып, соғыстың сонау қақау кезінде осы жолдарда сапар шеккенде өзінді сагынып, осылай шырқатқандарым болушы еді дегендей, аса бір назды ән салып отыргандай елес пайда болып кетеді. Осынан маужырагандай, жігіт көзін уқалап қойып, шылымын тутатты. Әлде кім айайлайды. Бұрылып қараса, Өміргалы екен.

Ағатай, Сізді Өмекен шақырады, - деді Қалқаш. Арбадан секіріп түсіп, Газіз солай ентелей жүріп кетті.

Эй, қағынды, кел менің жаным.

Нәрнәрдүң бұл сөзіне Ғазіз:

Сіздің жаныңыз дайын көрінеді гой, - деп
әзілдей, тоқтамастан ете берді. Келіншек бишігін
сілтеп еді, өзінен-өзі осылып, ауа жара дыбыс
шығарып қала берді...

Енді Өміргалы екеуі маслихаттасады.

Ғазіз, сенің әлгі повесткаң не жөнінен, жай
ма өзі? Апырмай, бұл қулар келіп те үлгерместен
бәрімізге пәле үйіп-төгіп жатыр-ау.

Қәдік қой.

Сонда да, не үшін деп ойлайсын?

Өзінізге айтып едім гой. Энесугі Дәлмаганбет
үйіндегі даудын бірдесе болмаса деймін. Қосірбек
пен Дәлмаганбет карта ойнап, қойды қасқырга
қырғызатын жолғы жайды айтамын. Басқа не
болады?

Ойым жетпейді. Ауылды қапқа салып,
тұншықтыра аркалап жүргендей бір жай гой
өзі. Осы біздің мына идан Қосірбек адамға пәле
жабатын бір әдетке түсіп алған көрінеді. Анау
Қалқаш баланың марқұм шешесін астық үрлады
деп согтатқызған осы екен гой, естіп пе ең?

Солай ма? Сонда, үрлауы рас пе екен?

Қайдан үрласын. Тіл алмадын деп жасаган
корлығы көрінеді. Бәдөнді кісі еді гой. Бұл оған
сөз айтып жүреді. Ол тіпті тындармай қояды. Сонан
осындағы егін алып жатқанда мұсіркеген болып,
жарты қап астықты қырманнан жылмақай кілтішіге

бергізіп кояды да, артынан ізіне түсіп, ауылда жүрген участковыйды жібере кояды. Ол ештеңені андамай шытырлад, актісін тұргызады.

Эне, солай сотталыпты. Соңан бірнеше ай жатады. Эскер семьясы скенін, жас баласы, көрі енесі бар екенін ескеріп, облыс өкіметі босатады. Сабаз тәуір әйел болушы еді, не керек соңан аурулы болып қайтқан бетінде Иманштан қара қағаз келіп отырғанына тап болады. Бейбақ көп ұзамайды. Ауруы мендей түсіп, ішкүса болып көз жұмып кете барады. Қайтар алдында біздің Ақбаланы шақыртып, мұн-зарын шағып жылайды. Аман келсе дел, маган сәлем айтып қалдырыпты: Қалқашын жетім енесін тапсырган. Мына Көсірбек жайында айтқан кісінің жанын жерлік. «Көсірбек мазақ азабын тірі тартсын, жақсылық дегенді түсіндеғана елестетсін. Бекүнә мазақ ету дегениң не екенін соңда үғар» деп кетіпти.

Осы сөзді Ақбала аузынан алғаш естігендे жаным түршікті. Көсірбекті маган жуыс дейсіндер гой, бетін де көргім келмейді.

Осынан соң бірсыныра минуттар үнсіз өтті. Тағы да біліп-үгысады толғанып топшыладап келе жатқан аңыстау тыныштығын дерлік. Шымбайга батқан жайтқа ой айналсоқтап үйіріле беретін сөт көбінекөй осындаі сапар үстінде кезігеді. Орман ішінің ирелен, ұра-төкпе жолына ілігіп, арбаның шайқалактауы міне осы орайдың шолымын да шайқал ағытып жібергендей еді.

Дәл бір ертегідей. Жаңа айттым ғой, Қөсірбек колхозды қоржынга салып тұншықтырып, қолтығына қысып алған. Сөлін жалмауызша сыртынан сораптап сорады. Сөз айттар жан болмаған, қатын-қалащ, шал-шауқанды қорқытып зәрезап еткен. Аудан қалай білмейді деп таңмын.

Сіз бе, мен бе?

Элде, райком, райсоветтің атын кез келген сөзіне қосақтайдын жарапазанын жаңсақ иланып жүргендер бар ма? Эй, солар шығар.

Дәл үстінен түстініз, білем, Өмс.

Иә, жаттаған жарапазанын жаңалап естіген сайын кей ұлықтар «Бұл бір өкіметке ағынан жарылып берілген, саясат білестін азамат екен» деп қалады ғой, з? Сонсоң баяғы ол үшін әлаң болып жатпайды.

Осынызға былай деп қосарым жок. Кездескен жайды көкірегінде корыта екшемей, құлагының тесігінен өтуіншес түюші де бар емес пе? Қөсірбек бұл арада балаң бүркіткес жер соктырган-ақ шулан тұлкі орнында. Алдамсок жарапазаннымен кейлерді арбап алған.

Ал, мен ұлық болсам: «Қөсірбек-ау, райком мен райсоветті аузынан тастамайсын, солсын лаганынды шын танытқызыатын ісінді көрсетші» дер едім. Сонда ол дәнсөнде де үсына алмай, бетіне күйені өзі жағар еді. Аудан шаруа жайына осылай бақылаушы бола келсе деймін де. Онда кімнің қандай екенін тану да жөнімен болар еді.

Мұныңыз, Өмс, өте жақсы арман.

Ал, азамат өкіметтін, ез жүрген ортасын шын аял, шын сыйлайтынын жай сөзбен емес, адалдығым мен, соган қоса парыздар ісінің сөтін келтіруге үмтүлұымен көрсетсе деп және армандаймын. Аудан мен колхоз арасындағы сыйласымдылық дәнекері шығарып салма «мын-сіз-біз» емес, жартыкеш болса да ой үйіріп, таңдай жібітер бір «шыж-мыж» болып үйлессе куда да, құдаги да тиыш: қоғам шаруасы онға басып, халық ризықталар еді. Осыны көреміз деп қуантшы мені.

Ғазіз күлді.

Ойыңыз кең гой. Келешектін ізгі дәстүрі боларлық сыңайды аңсайсыз.

Айналайын-ау, мен дессен ұзакқа экетпе.

Жоқ, жо, Өмс, әкетейін деп жатқаным жоқ, тегі өмір жолының өзі сол аңсауга апармай қоймайды дегенді білдірсем деп жатқаным гой. Эйтисе, ізгі жемістерді таяу мерзімде-ақ татып калармыз.

Міне, шын қуанттың...

Түн. Тас ошақта оттар маздайды. Соңан жан-жақты қоршаган қарагайлар арасында тарала бойлап алау сәуле кетеді. Оттың бірінде шәйинек быжылдан келеді, бірінде екі жігіт екі жақтай отырып, ұзын істікпен жұмаршақ күс денелерін үтеді. Шыжыл күшеген сайын көнірсу де үдең, танау қыттықтайды. Сырттай тұрып көз салған Нэрнэр тілінің астынан сілекейі тебіндеп келіп, еріксіз қылғынып та қойды. Әрі де қалғи күйіс

қойырган, жармауга байлаулы өгіздер көрінеді...

Тұнімен кез ілмей астық күзеткен Өміргалы жолдастарын тан қылаң бергеннен ояты. Арба астынан тұрған екі жігіт кеудесіне дейін шешініп тастап, денесін жазып, жұдырықтарымен түйсілтесіп, бұлшық еттерін ойнатады. Басқа арба үстіндегі Нәрнэр қымтынған қалпында бас көтеріп, есінеп-есінеп қойып, аналарга көз тігеді. Өгіздер отта. Өміргалы шэйнек асылған отты қағыстырып койды...

Ауылдан кеш бата шығып, ат-арбамен сүйт жүріп кеткен Разымбет пен Сипат аудан орталығына жете, Лиза үйіне келіп қонған. Соңан ертengі шайды ішіпастық құятын, ұзынша қызыл кірпіш сарай алдына келгенле керуеншілерге тап болып еді.

Жақсы келдік, Газіз жаңа ғана әлгі шақыртқан кісісіне кетті. – Өміргалы Разымбет қарияға осы акпарды білдірді. Қарт желбегей шапанының омырауынан қол жіберіп, тас қалтасынан иәзік шынжыр баулы сағатын алып қарады.

Кенсeler енді ашылады...

Газіз біраз ертерек келген. Ұзын сенекте ерсілі-карсылы жүрді. Сырттан келген мыртықтау төртбак сары шүбар:

Саган кім керек еді? – деп сұрады.

Газіз төс қалтасынан тілдей повестканы алып, көз салып, әлгінің өзіне саузал койды.

Кершескин деген кім?

Деген... мен Кершекин. Сен әлгі Әкпаров Газіз дайтінсін бе?

Из.

Кир.

Екеуі қоса кірді. Кершекин жалтырауық тонын іліп, стол артына барыш отырды.

Ал, сен болсаң бері отыр. – Тартпасынан папка алып: - Жауап беретінінді білесіңбей? Өтірікайтсан... статья бойынша және жауапқа тартыласың.

Не үшін жауап беруім керек?

Не үшін екенінді білмей қалдың, ә? Ал, колхоз председателіне қастандық үйымдастыру саган штене де емес, ә?

Тұтана, ынырага, беті бырбия қалған сары шұбардың сиқы Газіздің тамагына қытыхқәкелгендей еді, әйтсе де, оны мына кекесінге қитықтынауы өшіріп жібергендей болды. Эңгіменің Дәлмағанбет үйіндегі сонадағы дау жайлар екенін бірден аңдал, бос былшыл, өсек-жала осындаі кеңселік ресми іс түріне дейін айналғанына ішінен қатты абыржынып қынжылады.

Түсінікті ме?

Түсініксіз.

Жауап бер.

Бермеймін. – Газіз орнынан тұра берді.

Отырыныз. Бұл кеңседе тәртіпке берік болуды талап етемін.

Мен ешқандай тәртіп бұзғаным жок. Экелген астықты түсіруім керек. Кетемін.

Кершекин тұнере түсіп, түйген жұдырығын столға нұкимын дей бергенде есік ашылып, тез кіріп бір әйел келді.

Кершекин ағай, мына жігіт Экпаров деген бе? – деп сұрады әйел.

Из. Жауап алғалы жатқанда неге кіressін?

Сәл сабыр етініз. Екеуіңізді де райкомның бірінші секретары тез келсін деп шақырып отыр. Телефон соқты...

Кершемин үнсіз ойланып калды. Бетінің тырсыюы ғана өзгеріссіз. Бір сәтте Ғазізге көз жүгіртті. Ол мұны тіпті көзіне де ілер емес, қаперсіз, шылым бұрқыратады.

Болыңыз, Коршекин...

Бұлар райкомның ак кеңесінен келіп кіргенін Сипат сырттан көріп, экесіне тез жете, соны бір үміт белгісі есебінде қуана айтқан еді. Енді өзі басқаларға қосыла, астық түсірісуге араласып кетті. Сыптығыр бітімді Қалқаш бала РАЗЫМБЕТ АТАЙМЕН, Сипат НЭРНЭРМЕН қолдасып, каптарды таразы жанынан алып, тас сатылы есіктен өткеріп, ішке апарып төгеді. Өздеріне сол іс емсестей білініп, бәрі мына Өмірғалы қимылына таңырқасады. Ол ара-тұра тыныстан алып, онан таразы жанына келеді. Сүйіндік оған тып-тығыз қапты арқалатып жіберді. Мертік аяғына қолына ұстаган резинка байпакты таяғын демеу ете, арқасындағы қапты жалғыз қолымен бұрыштай үстап, иіле сылтып бара жатады. Таяғын алға сілтеп, тас сатыға берік тірең

алып, «ап» деп көтеріліп кетеді. Бұған бәрінен де қартан тартқан, қонқақ мұрынды Бөшім кілтші қайран. Кейде сатыдан көтерілерінде сүйемелдене жібереді. Сүйіндік жұмсаған кимыл әлгінің бәрінен бара-бар деуге боларлықты. Жалаңбас, майкешеләң жүріп, ішкес өткен астықтың бөрін босаған екі арбадан таразы жанына сол қонырша жігіт болатын. Терін саусақтарымен сызырып алып сілкіп тұрган Сүйіндікті Нәрнэр орынды мадақ еткен:

Бозбала, жарайсың. Өзінді жаңа танып, біліп, жаңа сүйсіндім-ау...

Осы кездे күлім қағып Газіз келген.

Иә, сэт.Әкіметтен айналайын. – деп РАЗЫМБЕТ Газізді ұзын қолдарымен мойнынан құшақтап, мандайынан сүйді. Соңан кейін Сипат сүйірленген саусақтарын ұсынып, жігіт қолын қаліпкідей шымырлата қысып жіберген. Әміргалы, Сүйіндік, Нәрнэр бөрі осы кәдені білдірген еді. Ал, ең сонында Қалқаш қуанғаннан басқаша білдіріп, «ағатай» дей келіп, Газіз мойнына асыла кеткен болатын. Кілтші Бәшен бұл жайдың жөнін қариядан таңдана біліп, басын шайқады.

Ал, шертші кебінді Газіз.

Жігітті шертті. Ол былай болатын.

Тергеуші Кершекинмен екеуін рапором секретары Арым Ақыков кідіріссіз қабылдаған. Өзі бұларға орнынан тұрып келіп сәлемдескен. Ал оның жанында отырган, шашына ақ мол кіріп қалған кісіге бұлар өздері сәлем берді. Жігіттер

•••••

қатарласа, бөлек столды жанай отырған сон Арым Ақыков әуелі Кершекинге назар ғударды.

Демалыстан прокурор жолдас қашан қайтатын еді?

Енді бір аптада келіп қалар.

Ал, мына жігітті жай шақырып па едіңіз?

Кершекин әуелі Ақыковке, онан Газізге қарап алды.

Бұл азамат жауап астында.

Майданнан қайтқанына үш ай да тола қойған жоқ. Сол екі арада бұл не жасап тастай қойыпты? Аудан құніне бір масақты артылып қиюға мүмкіндік таптай отыр. Соғыстан ауыр жадаушылық көріп шыққан елге нан бірінші қажеттік болуда. Бұл жігітті МТС директорымен бірге әзер тауып алып, комбайнга отырғызып ек. Сіз аса маңызды іске көрнекі көзге кедергі жасап отырған жоқсыз ба, жолдас Кершекин?

Ол енді заң орнының төтес де ісі гой, - деп Кершекин маңызданқырап алды. – Бірақ, сіз саяси басшысыз, сұрадыныз, айтайын. Азамат Газіз Экпаров колхоз председателі Тұманов жолдасқа қастандық жасауды үйымдастырған. Сол үшін жауапкер.

Бәке, естіп отырсыз ба? – деп аудандық Совет атқару комитетінің председателіне назар салды. Ендігі жәнді білуге осы кісі сөз қосады.

Эй, шырағым, - дейді Бәксен, - сонымен әлгі басқарма өліп қалып па?

Жоқ.

Жарақаттанып па? Бір жері кемтарланғаннан аман ба?

Аман, - дейді тергеуші.

Арыз иссі кім?

Кесірбек Тұмановтың өзі

Күәсі ше?

Тергеуші папкасын ашып, қағазына үнілді.

Қадірсіз Қарғабаев дейтін.

Иә, одан сұралды ма?

Кейін сұраймыз деп отырмыз.

Эй, шырағым, сенің өңкей бір осындай көзсыз шаруага үйірлігің-ай. Мынауц өте дүмбіlez жайғой. Сол колхоздан арғы жылы өз қолынан жауапқа нақақ тартып, артынан облыс босатқан эскер семьясы әуел тарихын неге ұмыттың? Сол үшін аудандық партия комитетінің бюросы саған қатты ескерту жасағанын қалай ұмыттың?

Мына жайды есту үстінде Газіз Қалқаштың анасы бастаң кешірген жайларды көз алдына экеліп, орнында әзер тышып отырды. Мандайында теребіндеп, денесі қызды. Бірақ сабыр сақтайды.

Жоқ, Бәкес, ұмытқаным жоқ, - деп тергеуші басшылар бетінде жалтақтай қарап, сұрланып кетті.

Біреулер жанын шубереккес түйіп кешегі соғыста жүрлі. Біреулер мұнда аузы асқа жарамай, жалаңаш-жалпы жүріп, ұлы жеңісті жанталас сібесімен шындасты. Ал, сіз, Кершескин жолдас, осындай адамдар тағдырына қалай қарайтын болғансыз?

Кершекинде үн жок. Ақықов сұрағын жалғастырады.

Мына жігіттен жауап алуға сізге санкцияны кім беріп отыр? Әлде прокурор бұрын беріп қойған ба еді?

Жауабын бітіріп қойып, санкцияны прокурор келген сон ала берермін деген едім.

Осындай тәртіпті бұрыннан қолданып келесіз гой, шамасы?

Кейде солай кездесіп қалатыны бар. – Кершекин жерге қарайды.

Жә, осы іс өзіңіз айтып отыргандай қылмысты скеніне көзіңіз жете ме?

Шағым жайдан-жай жазылмайтын шығар.

Аудандық партия комитетінің қолында тап осы жігіт жайында жазылған басқаша документ бар. Оны комсомол ұсынып отыр. Аудандық комсомол комитеті бұл танкесті жігіт үшін ара түседі. Бұл да жайдан-жай жазылмаған болар. Дәйектеулері қабынды. Сол сіздің қолыңыздагы документті атымен теріске шығарады. Бұған не дейсіз, Кершекин?

Мүмкін шығар. Бірақ, мен түскен арызды тексеруге тиістімін ғой.

Ұрымыңыз жөн. Ал, тәсіліңіз ағат. Адам тағдырына мүлдем ойсыз қарайсыз. Сіз өз қызметтіңізде қандай принциптерге сүйенесіз. Мойын бұрғызбас нақтылықты негізге аласыз ба, әлде өзіңіз ықтимал дейтін жорамалмен қайтсе де

қылмысты іс тұрғызасыз ба? Осыны айтыңызы. Мәселен, өз басым мүндай жорамалшылдықты біздің адамды тану, білу, әм тәрбиелу мақсатымызға және тәсілімізге мүлдес үйлеспестік деп есептеймін.

Кершекин быршынып, бетінің терін сұртіп әлек. Түсінік берे алмай бүтежек қағады.

Сонымен бұл істі жүргізбе дейсіз бе? – деп сұрайды тергеуші әлгі сұрактарға түсінік беру жағын ауызға да алмастан.

Ол арасын өз инибатының білсін.

Мен бұл кісіге жауап бермеймін. Не үшін бермекпін? – деп Ғазіз Ақықовтың сезін үзіл жіберді.

Естіл отырсыз ба, Кершекин жолдаст? Иә, ар-эжданыңызben қарасаңыз, жай түсінікті болуга тиіс. Сіздің қызметіңізге қол сұгу маган жол емес.

– Жөнеу сөзді назарына ілмей, өз ұтымынша түсінік беруді күткен Коршекиннің әдстіне іштей қынжылса да, Ақықов сыпайылық сақтап, әлі де сабырмен мәслихат етіп, жән мегзеп, парық білдіреді. – Сіз коммииссіз. Мен аудандық партия комитетінің секретарымын. Мен коммунистке өз ісінде принципіл болуга, партия мегзеп отырган мақсат-мәнмен жұмыс істеуге кенес беремін. Сіз тәрбисшілік қызметте отырганыңызды сезінуге тиістісіз. Сіз алдымен осы турада есеп бермексіз. Болымсыз ағаттық, қателіктері үшін адамдарды жұлмалай беру жақсыға апармайды. Ондайларды сол қателігін андатып, қоғам үшін пайдалырақ іс

істеуге бағыттаушы болу бірінші парызға жатады. Ал, әлде кімдер қоғамға нұксан тигізетін қылмыс жасайды екен, сонысынан жазбайды екен, міне, тергеуші есебінде талағыңыздың етін соларға жұмсал, соларды жауаптауыңыз керек. Мына Газіз Экпаровқа неге жармасатыныңызға қайранмын. Білгіңіз келсе, бұл да өзініздей коммунист жолдас. Кеше райкомға мұның есеп карточкасы келіп түсті.

Келіп пе? – деп Газіз орнынан ұшып тұра сұрап, күліп жіберді. Оның куаныш кеткен жайына Ақықов та езу тартып қойды. Енді Кершекинге жөнсу айтып отырған сөзін әрі жалгайды.

Біз коммунистке әлдекімдердің қалай болса солай қарауына төзе алмаймыз. Кінәлү болады екен, тәртіпке алдымен есебінде тұратын партия ұйымы шақырады.

Сонымен маған мына істі тоқтат дейсіз гой?
– Кершекин ұстағанынан жазбас эзше әлі де өз дагдысының дегенін сөйлеснеді.

Тері, мен далага айтқан болым-ау, Кершекин жолдас. Сіз түсінбедіңіз, ал, мен түсіндіре алмай тұрмын. Прокурордың өзі келсін, сонда тағы бір кенессерміз, қазір уакыт алғанинан ештеңе шықпас, қызметінізге жүре берініз.

Кершекин ештеңе айтпастан тымсырая шығып кетті...

Ал жігітім, егіннің жайы не болып жатыр?

Әнсугі өзініз көрген бетпен жақсы еді, көп қол қойып, жұмыс жүріп кетіп еді. Енді мына мен

жүргізген агрегат скінші күн қарап тұр.

Секретарьдың сұрағына Газіз осы жайды мәлім етті. Арым тергеуші жасаған қырсыққа қынжылғанын столды ақырын шертіп тықылдатумен андатып, біраз үнсіз ойланып қалған. Колхоз жігітімен енді Бәкен сөйлесіп кетті.

Колхозшыларға аванс берілді ме екен?

Газіз жымып алып барып қана жөн білдірді. – Көптіңізінің жиналыштары дүмпуімен, азар деғенде, кеше аз-маз астық бөлінді. Алғашқы тазартқанды бүгін мемлекетке экеп құйып жатырмыз.

Бәке, - дейді Арым, - бұл Тұманов істі үйімдастырмайтын көрінеді, қауымның ынтағілгене акқула қырсықбайлауболып, тек бүлдірестін көрінеді. Ауданның осыны көрмей, көрсө төзіп келгені қалай?

Бұған бірден жауап ката қоймай, Бәкенің ыңғайсыздынып қалғаны байқалады.

Кей жолдастардың осы Тұмановты қызығыштай корғап, асқақтан жібергені өкінішті жайларға ұшыратып жүргені бұл гана емес, - деп шындықтың шетін бұлк еткізді де қоя салды...

Ушеуі біраз үнсіз қалды.

Рұқсат етсеңіздер, мен қаптасам деймін.

Рұқсат. Бірақ, сен, шырак, бізге бір толықтама жөнсу берші. Өзінше осы басқармаларыңды қандай басшы деп бағалайсың?

Газіз ойланып қалды. Екі басшының өзінен әділ пікір күтіл, назар салғанын андайды. Үндемей

қалудың реті жоқ. Асыра даттап жіберу жөн емес, мына екі кісі көкейіне діл және берік түйерлік стіп сарасын жеткізуі тиіс. Артып отырган үмтіті сол болуы қодік. Соны толғап келіп жігіт сөйлем кетті.

Халықта бір мысал азыз болуыш еді, соны айтайын. Баяғыда ел көшіп келе жатады. Күн ыстық. Көш өзен бойына келіп тыныстайды. Күні ұзын көшке еріп жортактаган ит әбден ыстыктап, тілі салақтай солықтап, арба астына көләңкеге келіп жатады. Оның жанына скінші бір ит келіп, екесін сөйлесіп кетіпті дейді.

Байгүс-ау, осынша неғып шаршагансың? – дейді гой баяғы.

Туу, былшылдал қолыңның босын-ай. Күні бойы осы арбаны жалғыз өзім көтсіп шаршадым емес пе, - деген екен тілін салактатқаны. Эрине, адам жайында мұндай теңеу айту күнә де сияқты. Бірақ, халықтың өзі мирас еткен мысал. Айыпқа бүйірманыздар, осынан бөтен ештегене айта алмаймын.

Арым да, Бәкен де шек сілесі қата күлкігс батқан. Басшылар осынан кейін ісіне тілкестестік білдіріп, Ғазізбен қол алысқан...

Лұылдастарына Ғазіз міне осы әңгімені шерткен еді. Олар ерекше қоштықден тындастып мәз еді.

Бірақ, - дейді Ғазіз арба сүйенген әлі тапжылмастан, - бір нәрсеге таңмын. Ақықов жолдас тергеушінің мәні жауаптауга іс қозғап жүргенін қайдан білген? Бір сөзінің кезегінде мәні

комсомол қорғап отыр дегенді білдірді. Комсомол қайдан келген сонда?

Бір тілектесіңіз хабар еткен де. – Сипат сый-сық күлді. Бәрінің соңынан кілтіші Бәшімге қарай тұрып, РАЗЫМБЕТ қария аса бір ризашылық қалпын білдірген еді.

Япыр-ай, Бәшім, әділесттілікке жетіп қана қоймай, оны баршаға дарыту үшін жалғыз сиырды сатса да райком болу керек деген ғой...

Керуен қала ортасын жарып өткенде шаңқай түстен ауган кез еді. Қалқаш балаға біраз қагаз, қарындаш тауып беруге ғана аялдаған Газіз енді бөгелер емес. Келерде Өмірғалы айдаған арбаға отырып алып, бәрін үдерे бастап шыға берді. Үшінші арбадағы Нәрнәрдыш алдындағы Сипатқа шаңқылдай дыбыстаған үні естіледі.

Эй қызы, мына магазин-балағандардан мейіз қарап келейікші.

Быыл әуре болмай-ақ қойыныз. Элі келіп үлгерे алмай жатқан көрінеді, ендігі жылы арбасымен алуға болады. – Сипат әппақ тістерін аксита саңқылдаган бір мэз күлкіс араластыра соны айтқан еді. – Ал, бүтін аузымызды әзілмен, көнілімізді әнмен түшшілікке үміткер болыныз...

Өмірғалы мен РАЗЫМБЕТ қария бағана, астық өткізіліп болған бойдан ат-арбамен тартып кеткен. Сөйтіп, бір көндік сапары күтілмеген жерден ашылып, мына төртсүй соны қуа білісіп, қаладан кара үзгенше тек іштей желіпнісумен ғана келген

еді. Аулакқа, жан-жагын шымылдықтаған орман ішіне жеткен соң-ақ Газіз аузынан көкейде талайдан алуан сырмен, жай соққандай асau қақтығыспен шайқалысып, жүрген әндер ықтиярсыз шығып, ытқындаап атылып, асқақтап ағылып кеткен. Абай әуендері Газіз лебізімен біресе күннің қылдырықтай, алтын сәулелі ұзын шашылма шашақ жіптерінің бәріне ақ талшық жібек желінісі болып оралады, біресе мәлдір көк пен екі арада дірілдей тұрып қалып, кен дала бетінен бал шипалы шалқын зуен, мамыр-маужыр әлпештеп әлдилесу әузін себелейді. Неше мың шынар қарагай, жалаң балтыр қайындар, тепсінбе тентек тұлғалы теректер біреуі дыбыр етпейді, бүйра, жібек жасыл шаштарын селкілдете сұқтанысып, осынау әншіге көрікпен көрінісуге жолдың екі жағына жарылыса тізіліп тұргандай.

Осынай «Айттым солем қalamқас», «Көзімнің қарасы» шарлап бір кеткен. Қанишалық жабырқау жайлары жігіттін асau толқынды көнділ күйлерін тіпті де тітірінгіп тіздей алар емес сияқты. Қайта бүгін сонша шалқына тұскен сыңайы бар. Ер жігіт жанымен, жігерімен жалын ата тірессіп, не жөнсіздікті жарып жамсатып жусатып келе жатқан сияқты. Дел-сал үйқысынан есіней оянысып, «Кім едің жарқыным» дегендей, көкше күз, тас сауыр таулар да қымылсыз тыңдастып тұргандай.

Ән әуендері құлағына лұпілмен еніл, жүрегіне біресе сап-салқын бал, біресе жандырып өртеген ыстық үшқын болып құйылған Сипат төнірекке

көз жібергенде табигат тамыржымасын әлгі күйде елестетіп еді. Сол бір эсем ракаты сәтін арт жактан естілген, әлде қайдағы бір тауықтың тынымсыз қытқылдаған жағымсыз үні ренжіте бұзып жіберіп еді. «Бұл не қылған тауық» деп, артына қараса Нәрнэрдың күлкісі болып шықты.

Тууу.

Өзі әрбасынан түсіп, ең соңғы арбадагы Сүйіндік жанына отырып алышты. Жігітке ерік қоймай тиіспін алсады да, сықылдақ, шиқылдақ, бірессе тыңқылдақ күлкісіне басады. Абзалдықтың асыл сарынынан көкейінс тамшы да тимей, бейпіл есіп марқайысқа енген ұргашының мына харекеті меніреу жаратылыс жарасымдылығындаид да бола алмағаны Сипатқа қатты-ақ реніш экелген. Қолын бір сермен қойды да, мұндай жайдың қандай боларын білгісі келе түскендей, әлі де карана берді. Нәрнэр жігіт мойнына ыржактай асылып, самбырлай сөйлеп келеді.

Соғыста жогалған еріңен кейін бетінді жан ашты ма десейші. Жок, о, қагынды, бойжеткен болып кеткен Нәрнэр ықыласы саған ғана түсіп отырганын білсейші.

Сүйіндік әйел бетіне жалт қарап күлгендे Нәрнэр оны құшақтаپ алып, сыйылдатып сүйе берді.

Осы расың ба?

Құдай күз. Өзің бөтенсінбесен, мен сендейкпін.

Сипат түкіріп тастады. Бұдан әрі қарагысы

келмей, кері айналып кетті. Ойда отыр. «Өзі шын Нэрнэр ма, элде сайтан ба? Арбауын қарашы. Е, әнғал солдат.»

Алдынан тағы ән естіледі. Сипат жаңағының бәрін де ұмытып ықылас-назарын алғы арбадагы Газізге салады.

«Тәнір қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.»

Пушкин Татьянасының аңсары да, зары да. Талай үрпакқа ең ізгі мирас болып қалған және кала да берер ғашықтықтың тілсіз тілінің үн сөзі, жастықтың, жақсылықтың, сағынудың, сыйласудың сырларын шертетін үн сөзі.

Мына әуендер Сипатты мейлінише, сезіндіріп, сілкіндіріп, мейлінише хоштандырып құбылтып жіберді. Осының артынша ол асau жүргегінің қандай да бір торға түсіп шырмалып, туланып, шертіліп соғылғандай күйін сезінді. Ол Газіздің ән әүснімен экеп салған құдіретті бұгалығы еді. Ол жігіттің қызыды арманымен тұтқындаған құдіретті ғашықтығының матауы еді. Енді сол күш қызыды өзіне магнитше тәртады. Маза-сабырын үрлап, еркін аллады. Жаңа гана Нәриәр әрекетінен жеркенген Сипат Газіз арбасына көшкенін әлі де сезінсөн коймады. Жастықтың туы толқындалап, әнге ме келгенін, арулықтың ак жолы түсіп, жігітке ме келгенін бажай етлейді. Эйтеуір соның арбасына орги көтеріліп:

Газіз,- дегенін гана білді.

Ол әнді үзбестен, бұрыла жымынан Караганда, төтеше бір мазданыспен жанып тұрган қыздидарын шалды. Эні де үзіліп, жай үшқыны келіп түскендей жүргегі дір стіп кетті.

Тағы да салыңыз, тағы да.

Ғазіз әлгі әуенде күлімдей отырып қайта көтеріп, тіпті бір төтен әсерлеумен шырқап кетті. Қыз Ғазіздің дәл жанына келіп отырды. Жігіт қыз жүргегінің туланып соққанын сезінеді.

Тағы да ласыңыз, тағы да.

«Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп...»

Осыны көтере қайта салыңызы.

Ғазіз әуенде көтеріп, қайта дірілдегіп әкелген тұста аса нәзік, аса таза ашық, аса ынтызар, аса сағынышты әуенмен оны Сипат көтере қостап әкетті. Дуэт:

«Сөз айта алмай бөгеліп,

Дурсіл қысып жүргегі,

Тұрмап па еді сүйеніп,

Тамаққа кіріп иегі»...

Емі текті, екі әсем үн қос клавишалы бір керемет аспаптай білінісіп, осы шумакты екеудің аса өрен леплен бірге әндестіп, бірге мәндесіп шырқаған. Бұл кезде күн де өтіп, ымырт та өтіп, желсіз түндегі жанаған жыр стілген жарық ай орнаган еді. Энтынып келген кезде Ғазіз Сипат жүзіне үңілे берді.

Ерін тиістіруған сую смес. Шын шырынды сағына төзген табар. – деп, қыз маздаган жүзін де,

эркайсысында айдың алтын сөулесі елестеген скі қарақат мәлдір көзінде қос алақанымен жауып алып, ақырын, бірақ, сонша ләzzатты құлкімен томпиган қос түйнекті кеудесі бұлкілдей күле берді, күле берді. Жігіт тек қыздың оттай жанған маңдайын гана алақанымен аяй-аялай сипады. Осы бетпен қанша жүргендерін өздері де білмейді. Сылдырсылдыр сылаң қаққан өзенниң өтуге келгенде гана бас көтерісіп еді. Үш арба тіркесе келіп тоқтап еді. Ал, төртінші арба – Сүйіндік пен Нэрнэр жоқ.

Арбадан түскен қыз бен жігіт: «Қайда олар, білесің бе неге жоқ» дескендей, біріне-бірі үнсіз күле қаасты да қалды.

Элден соң гана сынқылдай құлген қыз аузынан үн шықты.

Разіз, білесің бе, қайда тұрсын?

Өмір жолында.

Кімнің алдында сонша қуаныштысың?

Бақыттымның алдында...

Бесінші шаралы

Сонау көз керім дс, аппақ далада бају жылжып, жалғыз ноқат домаланады. Бір жаяу. Өзінше асығып та келеді, булығып, өзіне-өзі симай да келеді. Жиі алқынып кеудесі кебінеді. Кешегі бұлан құйрық ысырма көміп кеткен шана жолының анда-санда бір белгі беретін сүрлеуінде сүреле сұлжиды.

Табандатқан тас мойын пима алғын тар өрелеп, бексерін сөккендей қиналыспен басады.

Ауылдан шыққаннан бергі ет пісірім уақытқа осы халін енді ғана сезініп, әйеншектенгендей де жайы бар. Жан шіркін қанша тәтті болса да, қазір ол кеудеде түтеп бұырқанған ашу-ыза шенгелінде бүріліп, ерік әмірінің соңынан амалсыз ілеседі. Ішкі сол бейжайлышты күреніте бөрткен бет-бейнесінен де әндаларлық. Қалың бүркенген басын қымылсыз, тік ұстап жолдың алыстағы сілемдерін шолады. Жайшылышқта осынау толымды жүзге бір құлім белгісін дарытып тұратын мәлдір көз қарақатында мына қыс құні мензелденген салқын шатынас бар. Кең иінді қара қастарының үстін жұқалаң құміс жалатқандай қырау тапқан. Арқасында жұмсақ түйіншек – екі қолымен кезек ұстайды. Жалғыз қолғапты ауық-ауық ауыстырып киіп, қолының екеуіне бірдей пана етіп келеді.

Бір гұста буынщағын астына қойып, сәл дамылдады. Мандаійының терін шәлі орнына байлаған коңыр-ала, көне дастарханның шетімен сүртіп алды. Артқа тілті ерекісе, әдейі қарамай отыр.

Сонан біраздаң соң қайта жүріп кетті. Қыска аттап, сүйреле басқан ізі тізіліп қалып жатыр. Шіліктері үйірім-үйірім қар буган өзен алабына сиді ғана жуықтады. Қоналқаға ілбіген күн тұс-тұстагы биік таулардың ирек қырқаларына ғана сарғыш сәуле түсіреді. Ұзак иреленді өзен жарып жатқан

иен жазыққа көш алдының күнгірттігі енген. Соқыр сүрлеудің өзі көмескілсініп, барлықкан жағу салпан етегіне дейін соғыла тілерсектеп келеді. Аяғын ауыр алып, қайта басқанда кейде бір жағына жөнкеріле ауытқып та кетеді. Сол соқтықпа жүріспен жол жарып өтетін екі шілік көмбесінің аралығында іліккенде алдындағы бір қысташ әлде не бұлан еткендей болды. Сонан секемдене тітіркеніп, тұла бойы дуылдаш шыға келген. Біресе мұздагандай да болады. Жаңаты слес жоғалған жакқа көз тастай, сақ басамын дегендегенде мұлт жіберіп, омбыра омбыла етпестінен ұшып түскен. Тез тырбандаш дірілдей көтерілгенде көзі алғы шок қар қалқасында тұрган итке түскен еді. Бұган қарай тұмсығын созып-созып емінетін сияқты.

Қасс... – Онан эрі үнін бітеп, екі көзі итке қадала шашаншылып, қалшиып қалған. Енді өнс бойынан тығылар орын таптай, кезгейген үрейлі сезімі ғана бұғына-бұғына бұлқынады.

«Иіс тартуын карашы. Мына қатын талай жылғы ту екен деп қылғынады-ау тажал, шынымен-ақ осы ярада жеп кете ме-ей.»

Ғы-ғық, әй-и. – Аузы кемсендей, көзінен от болып шашыла моншақтар ытқып кетті.

Сол екі үзік үн өзіне қайрат құйып, айбарланышта қалды.

Жеме-ей, мені. Бар Көсірбек пен Сүйіндіктің қайсысын жесең де еркің. Бірақ, сірі Көсірбек өзінді жеп журмесе. Мен де саган жегіз қоймаспын.

— деп арқасындағы түйіншегін төбесінсө көтере србендетіл-србендетіп жіберді. Соңан тайсалды ма, құрық сілтемдей түрған ит екі-үш оргып кетіп, шіліктер деңгейінен аргы дөнес жүлгесінсө жете бүйірлей тұрып, бұған қайта қарады. Құлақтары тіп-тік. Өзі жаланып түрма, немене. Кешкі күнгірттің коюдана түскен сайын бұған қадалған көздері от болып маздайды. Енді сәлде құйрығын шұбалта тұрып, төрт аяғымен бірдей жер тырмалап қар бүркүрата бастады.

«Расымен-ақ жейтін болғаны ма, «О-о, о ей. — тағы бір қайрат кіріп, эйел әлгіндей дыбыстауын соза, түйіншегін србендете алға бір-екі басты. Сол-сэтте төңіректі әлде нендей дуріл алып, қак алды әптақ от шалтағы маздалап кетті...»

Машинадан түскен екесу жолдың жиегінде жығылып жатқан эйелді екі қолтығынан алып көтерді. Аяғын баспайды. Көзін бір ашып, бір жұма есендіреп сұлық бұлғандайды. Көтергендер бөгелген жок, аяғының ұшымен сүйрете машинаға қарай алып жүрді.

Өтім.

Кабинадан әйел даусы естілді. Соны құлагы шалғын мынау тез сергектеніп, жанына адамдар келгенін аңгарды.

Ой, алла, алла. Сендер — шын сенсіндер ме? Екі көзі жайнал, жаңа маган қасқыр шауып еді гой.

Ешқандай қасқыр көргеніміз жок. Үрейдің елесі шығар ол. Бұл араға машинамен келген біз ғана.

Бауырым. Сеншын Газіз, сеншын Қалқаштысың?
— деп жүргөті енді орнына тускендей болған эйел
екі жағынан демегендерге кезек-кезек қарады. Өңі
тоңазыған қамырдай күп-ку.

Әтім деймін?

Е, кім болсын, жеңген. — деп Газіз ашық
кабинадан мойнын соза үн қатқан Сипатқа жөн
білдірді.

Бұлар машина жаңына жеткен.

Сипат-ау, айналайын-ау, мен, мен гой бұл.

Нәрнэр тәтей, бетім-ау, сіз бе?

Иә, иә мен. Қасқыр болып келген ажалдан алып
калдыңдар.

Қайдан, нағып жүрген жүріс мынауыңыз, осы
бейуақытта?

Сипаш, түн болып барады, жөнін жүре
сүрарсың, бөгелмейік.

Сейтсек, сейтейңк, — деп Сипат срінін айтқанын
бірден мақұлдады. — Онда, мына кісіні менің
жаныма отырғызып жіберіндер.

Машина жүріп кетті. Газіз бен Қалқаш бір
тұлыпты пана етіп кузовтағы көмір үстінде отыр.
Бора ын шала-шарпы бітеген дөңестің қағыл
жолымен машина шайқалактай тартып келеді. Газіз
шарбакты кішкентай эйнектен бірауық кабина
ішіне көз тастады. Сипаттың баранканы қалай
ұстап келс жатқанын сактықпен байқамақ ниетте
еді. Қазір ол ойын тілті ұмытып кеткен сияқты.

Нәрнэр Сипатқа бетін берсе сөйлесп, қолын

ербендең төңдерінде көзінен жас парлайды. Ал Сипат бірессе оған, бәресе жарық түсken жол бойына, енді бірессе барапкага қаранып, қатты аландаймен отыр. Жұзінен мынаны аяуы танылады. Осы жайды көріл, Газіз сәл басын шайқады да, тоңазыған аузын жылытпаққа папиросын тұтатты...

Орман сағасындағы бұл ауылда күш-көлік жағы қыстатьлып отыр. Ие Науан да, Мәпішкен, Өміргалы Ақбаласымен жәрдемшілері. Разымбет атай ешкім айтпай-ақсептігін тигізуге өзі үмтүлады. Кейде ат тағалап беріп, кейде қамыт-сайман, шана бүтіндейді.

Күдықтың үстінен ағаш балаған орнатуғада акыл берген сол кісі. Талай жылдан бері осы ауылдың қысқа іргесін берік көміл кіргені осы биыл шыгар. Өтіздер мен аттарға жаздай өздері шапқан көкмайса пішен мая-мая үйіліп шарбакталған. Соны бәрі мына жігіттер қолының араласқандығы. Дастанхан ақ тоқашқа толы. Газіз бен Сипат өздері МТС-ке көшер алдында Арман отыратын баяғы бөлмені атасының жалғыз бөлме үйімен жалғастырып, арасынан бір бөлме және қосып берін. Газіздің анасы, Сипаттың эке-шешесі – құда-құдагилар және Қалқаштың жекесі Назым кемпір бәрі әнді осы жаңғыртылған үйде. Терезесі бүтін, пештері тез жылытады, іші ағартылған, көңіллі-ак. Бәрінің де баласы келіп, бұл кеште қарттар көнілді жур. Бұлар көмір, керосин, қант, шай жекеліп, үй ауқатын көпіртіп тастанады. Өзіне экелген сәлемдемені міссе

тұтпай, Айғанша шешейдің бөгеребасын күлімдей актарып Мәпішкен жур. Май мінезімен осы ауылдың бәріне ерке, бәріне жагымды. Өзінде қазір толынып, албырай тұскен күрен шырай бар.

Апа, мынау бірденемізді алайын деп жатыр.

Тауысар деймісін, ала берсін, жоқ болса тауып беруге өзі міндесткер болады, - деп дыбыстады Газізге шешесі органғы бөлмeden.

О, қағынды, өзің бөлек тұтін тұтеткен сон дүниешіл бола бастапсың гой. Ал, апамның өзі ерік беріп отыр, сінді не дер екенсің? Сипатжан, мына шешек сараң болып кетіп жүрер, дүниелік төңіргіне жолатна.

Сипат Мәйіштің мына сездеріне сыпайы ғана, үнсіз езу тартады.

Эй, Мәпішкен, зуылдамай мұнда кел. Конак сен бе едің? Мына шек-карынды арши. – деп қой сойып жатқан Науан эйелін шақырды.

Аргы Разымбет қарияның бөлмесінде ауылдың өзге адамдары шай үстінде. Бәрі Назым кемпірдің Газіз жайлы айтқан разышылық сөзін хоштанып тындасады.

Сипатпен екеуінің өркені ессін, айналайындар. Анау соғыста құрбан боп кеткен Имашымнан еш кем көрер бе екен Газізді. Разымбет пен Хаяу сен, эм, Айғанша үшеуің бұл екеуің өздерінің ғана баламыз деп журмегейсіндер зәуде. Олар маган да, бүкіл ауылымызға да бала. Садаған кетейін, мына жалғыз немерсімді өз колдарына алып, өнер-білімге үйретіп

жатқанын қарасайшы. Бір жағы мені аяғаны, бір жағы Қалқашымды іні санағандары емес де.

Апыр-ау, Назым өзіндегі колхоз бастығы болуга лайық ой да, шешендік бар екен, эттегі, ұлгайып қалғаның-ай, з. – деп РАЗЫМБЕСТ этай ақ мұртын сипап қойып, миығынан күлді. Оның сөзі өзін гана емес, бәрін де күлдірді. Жарасымды, акылды әзіл осында баршаның көңіл-күйін шертіп тастайтыны бар. Баганадан үнсіз түксіюмен отырган мейман НЭРНЭР да ішкі ала құйын күйінен дәл осы кездे сәл де болса сейілгендей еді. Науан мен Өміргалының балалары: «Осы сойылған қойда төрт асық бар, екеуің бөліп аласың» деген ҒАЗІЗ сөзіне өздерінше мәз.

Ауыл дәм піскенші ұзак, мәз мәслихаттасып кеш жатты. Соңан соң да талайға шейін көз ілмestен ауызғы бөлmede шам жарығымен отырып, сыр шертісken НЭРНЭР мен Мәпішken гана еді. Қариялар үйінен жазуга осында келген НЭРНЭР абысынына соңғы бірнеше айда басынан кешкенди бүкпей шерткен болатын...

Астық тапсырудан таң қыландаға оралған түннің ертеңінде-ақ НЭРНЭР үйін жығып, шеткегі отырган Сүйіндік үйінің жанына апарып тіккен болатын. Бұл жай қыздай келін түсірем деп үміт еткен Сүйіндіктің анасы – Сэнапраз шешейге оғаш білініп, дағдылы жып-жылы көңіліне бір сұық су ағып келіп құйылғандай тітіркене тіксініп, ұзакты қүнге іштей беймаза жүрген. Ақыры ауыл-үйдің

«Қайырлы болсыны» райынан қайтарып, басы қараны иғі біле, тәккаббаршылық етпеске бесініп еді. Енді келін болып кіргеніп білдіріп, қак алдына келіп тәжікім еткен Нәрнэрдүң шашынан сипап, аяу танытуы да сол іштей жібіністің, енелігін ұқытурының белгісі еді. Қарт басып қалған Сәнапраз соңан былай үй арасы әнгімеде Нәрнэр есімін ұлдан жалғыз Сүйіндігінің есімімен қатар атап, баласына балал қеткен болатын. Көңіліне бір кісіге жетерлік марқабаттану да пайда болған еді.

Егін біткен соң ауыл бөлініп, шаруаның ретінс карай, басқарма бригадирлердің үйгаруымен әркімдер қыстар мекендері басына барысқан. Бәрінде де енді үй-кораны бүтіндеу, шеп тасу, отын-суды қамдау сияқты әрқылы жұмыстар жүріп жатты. Сүйіндік есепшілікке тағайындалды да, кенсе басындағы ауылда қалды. Осында көшіп қонған күні Қасірбектің өзі болмаса да, эйелі Рәуия бұларға ереулігін берген. Көпті берген Сәнапраз ұғымынша жол-жобаның мына кәдесі басқарма эйелінің бұл семьяны енді өзіне жуық санайтындығының, ағайындық ынтымаққа шақытурының жылы емеуріні еді. Соңан былай екі үйдің аралас-құраласы да күшіген. Келінінің жарқын мінезі, екі үйдің оны-мұны шаруасын қатар ұксатып тастантын оралымы кәрі енені де, талайға кінәмшылдықпен өр қарайтын Рәуияға да жаққан сияқты еді. Сейткен Нәрнэрдүң қыс ортасы болмай жатып, жаяулай безіп мына ауылға келіп

отырганы несі? Сипат осы жайды танданыспен ұзық топшылат түспарлаган, әйтсе де, еш байлам жасай алмады.

Бұл Нәрнэр женгейдің мына жүрісі не? – деп сұраган еді ол Газізден жатар алдында.

Өзі енді бағана жолда, жаңында отырганда сұрасаң етті.

Сұрауга ұядым. Ал, өзі: «Сүйіндік тепкілеп қуып шықты» деп жылайды. «Кесірбектің қара қатыны шағыстырып, пәлс сонан басталды» дейді. Эй, қайдам? Бұл сөздерге көнілім дауаламай түр. Сүйіндікті өсек-аянга ере қоятын жігіт дегенге өзім сенбеймін. Сен қалай ойлайсын?

Мына халін өзіңсөн естіп аял отырмын. Ауылдасымыз Нәрнэр деп емес-ау, адамның баласы деп. Эйел жолының үлкендігі үшін тағы аяйық. Мәпішкен мен Ақбаланы қарашы, өз тіршіліктерімен, семьядагы тәтті сыйласымдылығымен мәз. Жетімсізден жамал-жалғап жақсыны күрайды, қағынып-соғынып үй-ішіне ажар, береке ендіреді. Тіпті ағайын-тұган былайғыға ілтипат-пейілі қандай. Осыны неге көре алмаймыз онан? Ер десе, тепсे темір үзгендей жігітке тиді. Отаса алмауына себеп не дейсің?

Қайдам? – дейді Сипат ерінің жалаңаш иығына басын сүйей отырган бетімен акырын ғана.

Эй, осынының тубі шикі сияқтана береді.

Сонда?

Сыртынан төн пішу де жөн смес, әйткенмен,

мұндаіда тошыламай да болмайды. Өмірін мәнді студен ғөрі сәнді стуге құмарлығын Арман ренжи айтып жүрер еді. Дүниелікке сонша ашқарап та қызғаншақ жаралысы болушы еді. Біреуден артық орамал көрсө күнделеп, өзінде болса басқадан артықша жаралған жансып жүрер еді. Соғыста қайтқан, бұрынғы ері мұнын дегенінің бәрін бірден тауып бере алған смес-ті. Сол үшін оны қорлайды деп те естігінмін. Оңай олжа тауып қалуга тым әуес сияқты еді. Тері, деймін-ау мына шатак та сол мінездің акқула тиген қырсығы бар ма дей беремін.

Тап сол болса, мұнысы – өзі әзер дегенде жеткен бақытын басқа тебушілік қой?

Сірә, бақыты мұны басқа теуіп отырмаса?

Ол да ықтимал, Газіз.

Семья бақыты деген не? Әзімше, оны: таңдастып табысып, ансаумен қосылған жарлардың сол махаббаты әмен кіршіксіз сақтағ құрметтесуі, қадірлесіп – қастерлесуі ғана деп үтамын. Жүргімнің түкпіріне соны – «зан» жазып та қойған сияқтымын. Есінде болғай, жүргегінде ондай жазуы жоқтар тіршілігі – азаптан әрі де, беріде смес те.

Ал, дүниеконыздың жүргегінс махаббат даруы мүмкін бе?

Жок. Қателесті деген боктай берсін, - жок. Ондайлардың жүргегінс күншілдік қара қан болып қатады да, көнілін көзсатушылықтың шелі жауып кетеді. Тап осындай жанды білсек – ешуакытта онан ілтипат күтпес. Ең жақсысы, - деп Газіз

сәл ойланып отырып, өзінен өзі әлде не жайга ризашылықпен езу тартып, күлім қақты, - біздің заманымыз төрінің сондайларға емес, адам сыйлас қастерлейтіндерге, Әмірге деген таусылмас ыстық сүйіспендігі барларға ұсынылатындығы...

Осыны айтып отырган тап мына оймақтай аузынан, - деп Сипат жұп-жұмын ақ білегін мойнына орай тастап, Ғазіздің ернінен шөп—шөп сүйіп алды. Сүйген сайын өрінен ыдыратқан, бунақ-бунақ ұзын қолаң шашы өз иығынан Ғазіз иығына сусып төгіле түседі.

Иә, солай, періштем- Сипат.

Тауып айттын. Нәрнэр басындағы ауруды танып ашумен қоса, тіршілікте менің ондай аурудан сакталар жөнімді де нұскадың. Өмір дегеннің сырлары көп екен-ау. Семьяның бір тірегі бола түрган соң бұл жайларды білс тусу маган аса қажет сияқтанады. Сүйіктім, осыған өзің де жәрдем ет.

Ол жағын мен біле алсам, сен қабыл ала білсең.

Осының екеуі де сөзсіз, қазірдің өзінде дайын түр, - деп келіншек ерінің нұрлы жүзіне қарап ақырын жымиып қойды.

Ғазіз ойын әлі жалғастыра түседі.

Эйтсе де, мүшкіл халдегі Нәрнэрды аймын. Молекулдың Браун ашқан сі ішіндегі паркысыз зенген қозғалыс жайы есінде бар ма, физиканы оқыдың гой? Мына бейбактың қазіргі тіршілік белгісі тап сол сипатта болып отыр. Бұдан эрі бұл молекулдың қайда, неменеге согылары тіпті

мәлімсіз. Ол өзіне қатерлі тасқа соғылуы да ықтимал. Адамдықты парыз санаған жандармыз гой, Нәрнәрды осындағы қатерден сактап қалуға, мүмкіндігін тапсақ, тіпті Мәпішкендер катарына экеп қосуға шама-шарқымыз жетер ме еді? Кеш қалып отырмасақ, әрине.

Сипат мына сұраққа бірден жауап тауып айта алмай, ерінің ойын қоңтап, тек басын ғана изеді...

Ертеңіне ерте түрып, тыска шықкан бетіндегі Газіз қос қарагай түбіндегі құлық басында журген Өміргалыға беттеді. Орманға жегіп баратын көлік сұрамаққа келеді. Түнде тағы қар жауыпты. Жарық сәуле мол жамырап тарай қоймаған таңның бүл сәтінде қар жапқан ауыл төңірегі әлі көгілдір елестейді. Эрідегі орман тұсы ғана сәл борандап мұнартып жатыр. Газізге жолшыбай иінагаш көтере маймандай жүріп, су экеле жатқан Ақбала үшырасты. Өзі Өміргалының шинелін желбекей киіп алыпты.

Жақсы жатып, жайлы түрдүи ба, қайным?

Е, шүкір женеше. Өзіңіз де жайлышыз ба? Өмем, тегі, мына шинелін сізге сыйлаган-ау, ә?

Иә, сөйткен. Соғыста бұл шекспинің де Отанға қызметі сіңілті. Сол Отанның біз де перзенті емеспіз бе? Енді үйімізге қызмет етсің деп, ағанын маған сыйлаганы рас, - деп Ақбала Газіз бұрын есітпеген төтен бір ләзімді күлкі араластыра, қалжың сұраққа қалжың жауап қайтқан еді. – келе салдың да келінді ертіп, МТС-қа тартып отырдың. Қайта сағындық.

Майдан жерінен өзіңмен бірге келсе де, әнінді енді аған да сағынады.

Рас, рас. Тіршіліктің өзі бізді солай жұмсап жіберді. Өздерінізді сағынған соң біз де жетіп келдік. МТС мына екі тұмсықтың айналысы ғой, әлі талай келеміз.

Ол тұрыпты ғой. Қазанға дәм салғалы жатырмын. Соғымға бітей құнажын сойғанбыз. Соңан ішмай істеп, Сипат ексуіңе сақтап қойғам.

Эй, жеңеше, әюден раҳмет. Мен Қалқашты ертіп қазір орманға бармақшы ем. Үйге тамызықтық май ағаш эксп бермесек болар емес. Тамағынызды кешке қарай саларсыз. Жарай ма?

Е, жарасын, әйтеуір біз Мәпішкендерден үлкенбіз ғой, соны біліп дәмді біздің үйден бұрын татсандар болды.

Күп, жеңеше, күп...

Газіздер орманға аттанған бойдан Сипат өздері жатқан төрі бөлмені жинап, қобди-сәкіге іс машина құрған.

Айғанша әбдіресінен соғыстан бұрыннан жатқан әртүсті екі бөлек сәтенді алыш келініне үсынды.

Қарағым, экеннің көйлегі тозып жүр, мына қонырынан сол кісіге көйлек тік. Ал, мына көкшілін, жетім ғой, Назым жеңе көйлек тігіп бер де батасын ал. Біздің бе? Менде басқа жарып отырған жан емеспін, сауабы тиеді. Өз әкешешенмен бұрын жай ағайын ек, енді құдай қосқан

күдамыз, иншалла, бұдан былай сиңіміз бөлінбес.
Разымбет пен Хауада не бар – біздікі, бізде не бар –
олардікі бол кете береді. Сол қарагым, әуелі әжене
піш. Экен мал жайғасып келсін, өзіне өлшеп тіге
қоясың гой...

Енесінің әк тілеумен ақтарылуы мұнын іштей
хош етеді. Сырмак үстіне жайылған көкшіл
кездемені бормен сыйзылап қойып, кия отырып,
ыңылдан эн айтады. Аузында – «Тәнірі қосқан жар
едің сен», көз алдында – сонау күзде арбада қатар
отырып, Пушкин Татьянасына Абай салдырган осы
энді қосыла, аса мәзденісүмен салған Газіз екеуі.

Үш кемпір, сары самаурынмен төртсөн бол
бас қосып, ортадағы кішкентай бөлмеде шайға
ұзақ отыра жайғасқан еді. Үшесі де әлде неге осы
бөлмеге кірген Сипат та есіктен әндестіп соза сөлем
бере кіргенге жалт-жалт қарасты. Сүйіндік екен.

Құдай-ау, мына Сүйіндік пе? Тымагын көзінс
түсіре киген сон танымай жатырмын. Шүкір ме
қарагым?

Жоғарылат, балам.

Шешен байғұс ауру-сырқаудан сау ма?

Тегіс аманбыз, - деп жігіт тымагын, пальтосын
шешіп босағаға іліп жатып Сипатқа жымия қарап
кійды.

Мына МТС-тагы ұлықтар, сендер қашан келіп
қалғансындар? Амансындар ма өздерін? Газізің
қайда?

Кеше келгенбіз, Газіз бен Қалқаш жаңа ғана

орманга шықты. Өз үй ішін сау-саламат па?

Соның ар жак-бे жағында, - деп сұраудың жауап айтқан бола Сүйіндік салқын да сараң жымыңы бар көздерін сығырайта Сипатқа қарады. Беті тотығып күреніткен. Ал, тымак астында жатқан мандай, самайлары таңдактанып, онан өзге түсте слестейді.

Кел, балам, шайға отыр, тоңып келдің гой.

Ойбай-ау, Назым-ау қолтығымнан кішкене демеп жібер, казанга мына Сүйіндікжанға дім салайын. Үлкен үйдің баласы гой. Ойпыр-ау, белім.

Карт аналар мейман жігітке жылы ниистті лепесін бірінен бірі қалмай, жамырай да жалғастыра айттысып, бәйек болып жатыр. Бірак, әзірге Нэрнэр жайынан сөз коспай өздерінше сақтаныс ететін сиякты. Кей жастардың тұткиылдан мұздай сұысып ертең біріне-бірі бал болып қайта еритін өзінше бір дәурен жайына араласу бізден кеткен көде деп сақтанысы ма, кім білсін.

Шай үстінде Сүйіндік Сипат екеуі бірінебірі қарасып қойып, «Жай солай болып қалғаны» дегенді қырпумен гана үгысқан.

Сипат, жақсы келіпсіндер, ақылдасатын шаруам болып түр, осы кессені үрттап таставайын.

Іші, іш, неге асықтың?

Болдым, рахмет. – Жігіт кессенін төңкеріп, орнынан түрді да, Сипатты ерте төргі бөлмесге беттеді.

Екеуі тұрган бойларында жай гана сөйлеседі.

Өзің жанарыңнан жалын алаулай нүр маздалап,

аппақ бұғақ бітіп, әм шымырлана толысып алыпсың-ау. Жар сағынып келген жауынгер жігіткес асыл бакыты болып орнағаныңды пәк нистіммен айтамын.

Койши суқтанбай, көзің тиіп жүрер.

Ышыным. Күттүктаймын, екеуінің балдай тіршілігінді.

Немене, сонша сміне қалғанын, - деп сынқылдай күледі Сипат.

Өз бақытың құшағыңа олқы соғып жүр ме еді?

Сипат осы бір сөзі жақсы құрыға қалжың ретімен айтып қалдыда, сонан езіўялыстап, Сүйіндік жүзіне тез көз таstadtы. Ол өні құбылыныңқырай үнсіз төмен қарай қалыпты. Қайтып не деп тіл қатарын біле алмай, енді келіншек дал болды.

Ойнаймын жай, өзінде қалжың айтып жатырсың гой. Біліп тұрмын неге мұнайғаныңды. Керегі не еді? Нәрнәрды үйден күп, қыстың қақаган мына аязында жаяу қаңғыртып жіберіснінді не деп түсінейін? Совет заманының мектеп көрген жас жігітіне мына мінез қалай жараспақ? Елге күлкі болып, бұл не? Саган, иә, тап саган Газіз екеуміздің бірдей ауыр өкпеміз бар. Сенің әйел жөнінде көнс заман көз қарасынан шыға алмауына не себеп?

Мына сөз өтіп кетті ме, немене, Сүйіндік бойын жия тіп тік тұрып, кешегі пулеметчик қалпына тез түсे қалды. Қос жанарынан төтен бір жігер танылып, қырма сақалының қылтанактары үрпие түксигендей елестеп кетті ол келіншекке. Гүйдек-

түйдегімен қойған сұрауларына жауап күткен Сипат өнінде бұрын білініп көрмеген салқындық тебіндейді. Сонысын танып қамыкқандай, Сүйіндік аузын аша беріп, көзін екі-үш қайыра жыптылықтатып барып тағы да үнсіз қала берді. Енді аздан соң ышқына дем алды.

Соғысқа қатысып, өмірдің ыстық-суығы дегеннің не екенін біліп келген жауынгерсін. Не қылыш мұнауың? – Сипат ренішті көңілінің әмірімен жіргітті әлі де қажай түседі.

Сенің жаныңың мәлдірдей таза екенін білемін. Эйтсе де бүкіл әйел атаулының намысын куып, менен жауап талап етесін. Жөн де былай. Бірақ, әйел біткеннің бәрін тап өзіндей деп санасан – қаталасасың. Оны біліп қой...

Нағыз әділ болу үшін мән-жайды түсініп, кімнің кінәлі екенін саралап үк. Бір әйел қынқ етіп барса әлденешеуді мұрнынан тізіп жауапқа жетектейтін баяғы көрі женотделге үқсама деймін. Уақыт озған сайын толысып, жетіле жаңғырып жатқан салт-санамызды өткен күннің бағдарымен өлшеген жүрт та қалады. Эр күннің өз талап-тілегі бар. Нағыз кінәлі қайсымыз, қаһарыңды соны біліп төк.

Сен, бауырым баяғыда женотдел болған шала сауатты аpanы кекеуінің өзін төркіндете ойлацы. Бәрі бір, әйелге ала көз қарас бар онында.

Өмірдің бал-шырының беретін қасиетті гулі әйел емес пе. Иә, әйелді сыйламасақ – жолымыз болмасын. Өз басым эр әйел сондай гүл бол білсе

деп тілеймін. Сипат, бауырым, әлгі сөзінді басқа біреу естімесін, күліп жүрер.

Неліктен?

Шынтуайтты көріп білмей, әйтеуір қамкор болу кей әйел жолдастарды өмексітіп жіберетін өкінші жағы да болатынын ескер. Осы өзің арқасуілері болып тұрган Нәрнәрді-ак алши. «Күйесуім ел қатарлы ұстамайды» деп көрі женоғделге жылап барып, соғыста өлген ерін ана жылдары ауыл совет хатшылығанан күгізганнын естіп пе си?

Естігем.

Естісен, сонымен Нәрнәр не ұтып еді? Ерін қызметтен, өзі киер койлегінен қағып күлкі болмады ма? Бір ғана сол дей аламысың. Эйтеуір қамкор бар деп өмексіп кеткен ол текстестер бірен-саран емес.

Максат қой әйел жолдастарды жаңаша, жақсы инеттілікке, ізгі талпыныска бастау. Оларға деген қамкорлық та соган өнкей үйлесімді келіп, берер жемісі әрқашан, әркімді сүйсіндірер болса деймін де. Рас, ерлер ішінде сынар езу шалдуарлар да бар. Соларды дәл танып барып ауыздамақ жөн.

Сипат Сүйіндік қыықты ойын бұғып мойындан қалды. Енді әзулгідей дүрмектей кінәламай, жігіттің естілігін танып, Нәрнәр екеуі арасындағы реңіштің мән-жөнін білдіруді өтінгендей қылта.

Иә, ресімдік іс жайы өз алдына. Ұқытөткізбейік, өз араларындағы халдің мәнін білдіруші.

Бағанадан солай келсең ғой ендігі бар жайымды біліп те болатын едің.

Сүйіндік жұзі реніш қайыра торлағандай жадаң тарта қалды. Сөзін тым ақырын үнмен айтуга көшті.

Саган көзбес-көз тұрып айтуга үяламын да. Өйтсе де, шындық – шындық, оны бұлтарып айта алмайсын. Өзің білесің: жиналыс мені колхоз хатшылығына бескітті ғой. Орталыққа бардық, Кейде ауылдар аралап кетемін. Аргы күні Көсірбек мені кой фермасына жұмсады. Таң сәрісінен кеттім. Шаруаны бітіріп, кеше түсте үйге оралайын. Өмірі жабылмайтын қақпамыз ілініп қалыпты. Қақтым-ай келіп. Элден уақытта біреу дыбырсыз келіп ілгекті ағытты. – Нәрнэр. Түсі күп-ку. «Эй саган не болған?» деймін. Үн жоқ. Мөлтілден жас келген екі көзін менен алмай, әлде неден катты қысылғандай болады. Қайталап жөн сұраймын. Үн жоқ. Жүгіре басып үйге кірдім. Элде не қоңырсыды. Отқа қарасам бір киім жана бастапты. Жұлып алдым. Көсірбектің диагональдан тіктірген бітсөн жаға педжагы. Кеудесіне дейін шала жанған екен. Сөндіріл жатып ойға қалдым: «Біздің үйге бұл костюм қалай келген?» Сөйтіп тұрғанымда қорадан тырсыл естілсін. Жүгіре шықсам – Көсірбек, қақпадан шыға зытып барады. Неше түрлі ойлар келіп кетеді. Ешбірі жөнінде де тұжырым жасай алмаймын. Тутін будақтаған костюмді қарға сога жүгіріп, басқарманы үйіне қарай куып келемін. Ол өз үйінің қақпасынан кіре бере баж-баж етті. Үйінен эйелі және біздің шешей үрейлене, сүрінс-қабына шықты.

О не?

Не болған сендерге?

Мына иттің баласына жазығым не, костюмінді тартып алыш, өзімді жатып тұрып тепкіледі. Экті-екті жасандар» - деп даурығады Көсірбек шімірікпестен.

Шешей мен Рәуияга көрген-білгенімді баян еттім. Колымдағы күйген костюмді көрсеттім. Көсірбек кейлекшен, жалаңбас бойы есік қайырылысына тығыла тұрып бөлгегатын айтуда. Рәуия әуелгіде еріне сұстана қадалып тұрып, артынша шаптыға сөйлей, екі қолын сермен-сермен қалды. Байының бет-аузын айғыздай тырнай беріпті. Бетінен кан жосылған Көсірбек тізесімен нұқып жіберіп Рәуияны мұрттай үшірды. Өзі: «Экті жасаймын, екіті» деп әлі деміге даурығады. Қозгала алмай қалған Рәуияны көріп күйіп кеттім. Пулемет тұтқасын талжылтпаган мына қолды не де болса өндіршегіне бір басайын деп бұрыла бергенімде Көсірбек ашық тұрған есіктен үйіне зып беріп кіріп кетті. Есікті әр жағынан ілгектеп жауып та үлгерді. Өзі боктал тұр. Құртатындығын айтады зіркілдей.

Шешем екесуміз өңменін колымен баса еңкіген Рәуияны колтықтал далага шықтық. Ыза қысып, иығынан дәм ала булығып тұр. Бір уақытта ол менің колымдағы костюмді жұльш алды. Қалталарын ақтарып жатыр. Біреуінен өңкей ортасы ойылып күйген қызыл ала, кек ала шербен ақшалар шықты, енді бір қалтасынан мөр, сиді біреуінен кодекстің

кітапшасы және жазуы бар бүктелген қағаздар шықты. Рэуия мөрді маган ұсынды да, өзгениң бәрін жатқан жерінен алып әрі лақтырды. Күйіп тесілген ақшаларды жел біртін-біртін ұшырып әкетіп жатыр.

Сүйіндікжан, - деді жаныма таяй көп боздаган Рэуия, - баламсың гой. Сенен енді несін жасырайын. Мына Қөсірбек сенің қанағатсыз катыныңмен неше жылдан ашына. Мені қаладағы қызымың үйіне апарып тастап, мұны алмақ та әңгімесі болған. Соғыстан өзің қайттың да, ана қатын екеуің отастындар. Сонан қояр деп үміттенген едім. Коймады. Қөсірбек сені хатшы стейін деп жүр дейсің бе. Өзінің арам ойы көздегені. Мына Сәнапам екеуміз ақылдастып, саған бір күні білдірміккे жүр едік. Дұрыс болды, үстінен өзің түстің. Сен бір жерге аттансаң мынау – оны, иә, ол – мұны іздел таба қояды. Соны бетіне басқанымда Қөсірбек өзімді талдырып та тастаған. Мына сенің шешең келіп қана тірі қалғам. Эні, жаным, жай сол. Мынаган сенім жок, қызыым келгеніще мені қолдарыңа алындар, - деп дегірі кете жылайды Рэуия.

Сонаң үшсүіміз біздің үйге келдік. Нәрнэр жок. Міне бар жай осы, Сипат.

Сипаттың өңі өзгеріп кетті. Біресе бозарып, біресе қан тебіндең қызырып шығады. Бір кездес ол көкірегін қолымен басты.

Ойпыр-ай, жүргім тулат түр. Шының ба осы?

Жарты ауыз жалған сөз қоссам бетімді екінші
қайтып көрмс.

Сипат үлкен қара көздерін бадырайта Сүйіндік
жүзінے үңіле түседі.

Неткен масқаралық Бұл туралы Ғазізге қалай
білдіремін? Айтудың өзі ұят.

Оған өзім-ақ айтамын. Сен, Сипат, әу баста сөз
тоспастан мені сөктің-ау. Қане, енді айтышы – кім
кінәлі?

Эрине, ол. Мәлдір жігіт сен оған қателесіп
қосылғансың.

Ол жылан екен гой, мені сүп-сүйкімді келіншек
бейнесінде келіп арбады емес пе?

Сипат жан сезімі қатты қаржалаған Сүйіндік
бетіне қадала үнсіз ойға кетеді.

Неге үндемейсін, Сипат, неге? Эйел намысын
жоқтаушымын десен де, тап осы арага оның реті
келмес.

Рас. Бірақ, сорлы әйелді осы халғс әкелген
 себепті де ойлайықшы...

Екеуі де бұл сұраққа жауап тауып айта алмайды.
Бір-біріне қарасып қояды. Бар жай түсінікті-ақ
дескендей, бар гәп Көсірбекте дескендей. Ата
сақалы аузына біткен бұл адам неге солай? Себеп
те сол жұмбақ сияқты. Бірақ соны дәп басып әзірге
ешбір қармақтай алар емес.

Сипат кері бұрылып ісін тігуге отырды. Жал
пешке арқасын тірей Сүйіндік те сұлық отыра
кеткен. Тұнық көк матаға қара сыйықша із түсіріп,

келіншектің мұсінді білсінің әмірімен іс машинасы зыр қағады. Элгі себепті екеуі де оймен шарқ үрыл әлі іздеуде. Талай топшылаулар үйіріліп келеді. Бірақ, бәрі де жанама. Дәл түйімі әлі көнілдің кен қаттауларында бұлталақпен еткелектеп жүрген сияқты. Соны қай арага, қалай қамап үстар?..

Сипат сырттан кіріп, тұра оы бөлмеге беттей берген Нәрнәрді көріп орнынан атып тұрды. Қаперсіз келген эйсл төрдегі Сүйіндікті көрді де, көз алмaston үнсіз тұрып қалды. Ұшқын шашқан сұрғылт көздері «Не оймен келдің Сүйіндік?» дегендей, мұның өңіменінен өтіп: шсгінің қырындысына дейін тінте тілгілеп барады. Эу дегенде етшең беті қызара дуылдағандай болып еді, енді сазара сұрланып, бүтіл ірі денесі селкілдей тынышсызданып кетті. Оナン әрі аяқ басып тұра алмай, Нәрнәр Сүйіндік алдына жөңкеріле келіп сұлап түскен. Екі жауырын тұсы, екі тоқ бүйірі гана селкілдеп біраз жатты. Үн шығармай, бет аузын аңы да ыстық жастеп жуып жатыр. Арғы бөлмеден кемпірлер, Мәпішken кірген.

Нәрнәр, қой қарагым, тұр, басынды көтер.

Жаман ырым бастама шырагым.

Әй, қатын жылауды білгенише, жөнді біл. Арынан айрылып зарыңа табынғаның кімге дәркөр. Батпаққа жығылған элде не қусамай, тәй әрі, тұр. – деп Мәпішken бар салмағымен, ауыр қап үнша жайыла етпеттеген Нәрнәрді иығынан тартпақтал еді, ол тапжылмады. Сол беті қорс-

қорс жылап, артын кәліпкі ентікпелі еңіруге жалғастырып жіберді.

Әркім тағы да басу айтады. Бұл тыңдамайды. Бір кездे Нәрнэр Сүйіндіктің тізесіне басын таяй түсіп, жылауын тағы да үдегіті.

Кешір, мен бейбакты, алжастым.

Сүйіндік үйдің бұрышына қарайды. Саршаның назары сонда. Элгі сезінен орай Нәрнэрға тағы да Мәпішкен тана үн қатады.

Тәй эрі, ақыл тоқтатпаган бала емес, жағы түсіп отырған көрі емес, о несі. Неге алжасасын.

Алдан алжастырды Көсірбек. «Сүйіндік сендей сары қарын қатынмен бәрібір түрмайды. Дүниенің қызығынан айрылма. Сені тубі өзім аламын.» деп арбамады ма көрі әзәзіл. Алжастым. Кешір мені, Сүйінжан...

Үн қатпастан орнынан тұрып кеткен Сүйіндік әйелдің әлгі сезінен жеркенгендей, эрі қарай түкіріп тастады. Қарт аналар бетін үзіспі, кері бұрылып кетіп жатыр. Мәпішкеннің он жағында тұрган Сипат та мына ұргашының қылышына корланғандай сыңай бар. Кірпік қагуга да да ұялғандай кейіпі бар. Жаратылысында жайдары мінезді Сүйіндікті қазіргі кейісті түрінде көріп аяды. Сөйтеп тұрып екеуі бағана ұзак толғанып таптаған мына масқаралық жайдың жұмбагын күтпеген жерден Нәрнэрдың өз аузынан естіп пайым етеді. Соны екшел електеп, мәндең жөргемдей бір ойга да шомып кетті: «бір қаныпезер наданның

өзі өмірге қашшама азапты жүк. Көсірбек қара басының жеңісін бір гана басудың өзін өмірдің қызығы деп таниды. Оған мұның жанында тұтастай қауымның тіршілігі де, оның өркен жаюы да дәнсөне емес біреулердің семьясың бұзылып-жырылуы да, біреулердің жала жабылып жазага үшырауы да, мына Нәрнэр сияқты ашық ауыздардың еніреп этуі де дәнеге емес. Иә, Көсірбектердің өмірге қаскей-қаскунемдік әрекетіне бір күн болса да төзу нағыз көзсіз ынжықтық болар еді.»

Осына бір тұжырымды Газіз айтып журген ойлар сөресімен барып тапқанына ол іштей қанағаттанып та қалды.

Сипаттың ойларын тағы да жалбырану айтып қақсай бастаған Нәрнэр сөздері боліп жіберген.

Өмір бақи күнің болып кетейін. Қалған өмірімде сенің ошағыңың басынан шықпасқа, басқа жанга көз салмасқа әке-шешемнің атымен айт етейін. Кешір мені, Сүйіндік.

Сұстанған Сүйіндік Нәрнэрға сырттай тұрып, сабырмен айтып жөн білдірді.

Ата-ананың ақ атын бұл жайға экеп қосақтама, білдің бе. Мен сенімен бөлесатасып жататын жан емеспін. Жігіт басымды, арымды лас жанды Көсірбекке аттаттың. Осыған кешірім лайық па? Иә, адамнан туды деген атың бар гой, енді алдыңнан жарылқасын, жолың болсын.

Іштей қайнап, сапырылысқан сабырсыздықпен тұрса да, осынау сөздерді сыйық-сыпайы әүенмен

айтқан Сүйіндік бөлмеден шықпаққа бет алғанда Нәрнэр оны алдынан келіп орап алған. Екі жағынан кере жұлқып, көйлегінің омырауын дарылдата жыртып жіберген бойы Сүйіндікке бетпе-бет қадалып тұр. Мөп-мөлдір жас астында қарашықтары көмексі ауықшиды, беті көгереп ісіп кеткен.

Онда осы арада біржолата өз колынмен өлтіріп кет. Бәрібір маган бараз жер – басар тау қалған жоқ, өлтіріп кет, тілеуінді берсін Сүйіндік, өлтіріп кет деймін.

Сүйіндікте үн жоқ. Бұған көз де салмай, жоғары қараған болады. Нәрнэр оған әлгі бойы жалаңаш омыраумен ентелей түсіп, дірілдей тұрып, қайталап жалбарынады. Эрсөзі жүргегінетікенекшестііп, жігіт тітіркене мазасызданды. Онан әрі тіпті тыңдағысы келмейді. Сәлден соң Сүйіндік Нәрнәрды жолынан қолының сыртымен ыңғыстырып жіберіп, тыска тез басып шығып кеткен. Сол бетпен ол атына қона желе жортып кетті. Өкшелей шыққан Нәрнэр азырап аз тұрып, гүйлдан шығып бара жатқан Сүйіндік сонынан жүгірді. Екі қолы сол бойы әлі омырауында.

Көшпедің бс, өлтіріп кет, - деп келеді. Солай барып-барып Нәрнэр дөңес етегіндегі күртік қарға матала жығылып түскен еді. Күа шыққан Мәпішкен, Сипат, Ақбала ұшеві оған әлденеше минуттан соң гана жеткен.

Ой, байғұс-ау, өзіңе не болып кеткен? Тұр бері.

Келгендер үш жақтап тартып, Нэрнэрді орнынан ззер көтеріп, енді қолтықтай ауылға беттеп келеді.

Кеше гана құшагымдағы Сүйіндікке енді қуып та жете алмай қалдым. Бәріне кінәлі өзім, басқа ешкім де кінәлі емес, өзім. Ат құдай мені ақ мылтығыңмен, бар болсан. Санылаусыз басқа, қызықтың бәрін Көсірбектің сыйқырымен берген ақшасында деп үққан ақымақ басқа, өзімнен басқада болмасын дейтін қызғаншақ жәдігей-жады басқа сол жаза гана лайық, ат деймін құдай...

Мәпішкен мына жан шошыр сөздерінс кейіл, жас шағынан шамалас Нэрнэрді өз білгенінше кекей де, тежей де айтып үрсып келеді. Ақбалада үн жоқ. Бұлардың артында жеке өзі келе жатқан Сипат бейпіл мінезді Нэрнэрдің әлі қақсай өлім тілсеген сөздерінен жанымен шошып безінеді. Іштей катты түршігіспен бір ой да ұстап келеді. «Қаншама игі-жақсылар өз тіршілігін қалау қалапта ұзарта алмайды. Ал, мына бейбак, өзі айтқандай: санлаусыздығымен өз басын өзі саудага салып, соナン сазайын да тартып, сол қорлыққа төзе алмай, қыршын шағында енді өлім тілейді. Ех, надандық, қашан арылармыз сенен».

Екі жағындағы қолтықтаган екі әйслді тенселте Нэрнэр әлі жулқынып та келеді, сандалбай, сандырақ сөзін балпылдай әлі соғып та келеді...

Алтыншы тарау

Кең атырапты ойнағымен алтап-таптап, неше күндергі ызың шуымен маза кетірген асау бұлаң, ақ бүркін кеше гана тыныстап еді. Наурыз күнінің райында бүгін снді әжептеуір-ак жадыраныс бар. Аспан ашық. Эйтсе де, көк шыңырауында әлі шаңғыткан ызғар білінеді. Шілдеде тарамтарам нәзік жіптерше созыла жалтылдан тұратын шағылма шашақ күн саулелері тап қазірде көмекі жолақтар болып қана елестейді.

Далада сол сарғыш рең бар. Қар бетінде қалтылдаған қалың көдс үлпегінің құбылта елесі болса керек. Эредік-әредікте ақ томар боп бүркелтін бұта шоқтары ұшырайды.

Сонау жырақта теңселе баяу бойлап, шоқ-шоқ тутін бұландайды. Иә, тап сол белгі болмаса, ак жиек алаппен жымдақсан селоны әріден ажыратып тану да қын. Соны іргелей шыққан керуен мына таулардан бергі жазыққа едэуір жүріспен келіп жеткен. Кос арыс темірте кигізіп, алдына орнатқан сүйірше желбезегімен каржы жара қоларып стумен келген. Бөгеместің иласы.

Трактор тоқтасымен тіркемедегі вагон-үйден тізіле топты жігіт түсті. НАТИ-дің кабинасынан шыққан Fazіз солар жанына оралып, махоркасын орай тұра сөйлесіп кетті. Эзілдесе құліскен өңкей қоңырқай жүзді жайнактар. Солар ортасында Қалқаш қана балаң білінеді. Эйтсе де, тебіндең келс

жаткан балапан мұрт белгісі жүзіне айбар береді. Сол жайды тап осы секундтерде аңгарғандай Ғазіз көнілінде сүйініс бар. Бірер әзіл сез сол орайдан келіп тұған еді. Ғазізді қадірлі аға тұтатын Қалқаш бұған ештеңе де деместен жымиган бойы сырт айналып кеткен.

Алдағы тау жаққа назар салған жігіттер енді басқа әуендері әнгімеде.

Етектен өрмелей біткен қалың қарагайлар сала-сала тас шоқылардың жалтыр жалдарында шанжаулап кетеді. Тас жарып шыққан шынарлар паң тұлғасымен, бұл-бұйра, кою барқын мәусімен арулар тақиғасындағы үкіш шокталып, тауга ерн әсемдік бітіреді. Ал, сай-салалар сыңыскан, жік-жоқ орман. Кей түстарда сары бас, ақ балтыр қайындар иіріліп, қарагайлардың жасыл жаралысын өндей ашып ажарландырады. Осынау бітімге тас құздардың жайылма жалтыр күрен рені, етектегі, сай ернеулеріндегі ақ қар менсіздігі астасып сәл бір алаптың өзінде сан бояулы құбылыстың арайлары бір-біріне шағыла құлпырады.

Жігіттердің жаңа кенеттен ойыскан әнгімесі де осы сұлулық жайы еді, қараган сайын көнілге көрік құйған, не қылыштың күйінде созылған жерге деген хоштанудың сүйсінудің жайы еді.

Бір уақытта шаниныла таулар аспанына әлде қайдан кара бүркіт самған шыға келді. Ақшыл астар қанаттарын бірде қалықтатып бірде қомдай

шүйіле, сұылдай ағындаپ, тау ішін от-шегір көздерімен тінтеді. Ауық-ауық шанқылдаپ та қояды. Енді бір сэтте бергі тік жотаға бір топ арқар шыға келді. Бастары қаздыып, пыскырына ойқастай үркініп тұр. Сол кезде шаңқ еткен мылтық даусы тауларды жанғырықтыра естіліп еді. Болар болмас бозғылданып та елестейтін құбақан ренді жануарлар тас салдырата дүркіреп, орги-орги қарыштап, қыр жотаны бойлай, он жакқа жәңкіп кетті. Алыстай жосыған сайын жалтылдаپ ақшыл таңдары көрініп барады. Ал, алда – бір серек тас бетінде тұрып қарауылдаған құлжа мұрттай ұшып, ак бұлтық сұламага киліге ағындаі сырғанап бергі етекке бір-ак кеп түсken. Жанағы жігіттер тымтырақай жүгіріп келеді. Элгінде бәрінің сыртында қар бетіне қарындашының түбімен формулаалар жазып отырган Қалқаш енді бәрінен озып аркарға алдымен жетті. Жануар үреймен зсыға тұруға ұмтылып еді, тұра алмай, қарға бата қайта құлап түсті. Аяқтарын дамылсыз серпеді, шанырактай арбиган мүйзіне таянып, жанушыра бірер аунап түсті де, қайтып ондай тырбаныс жасай алмады. Жігіттер біртін-біртін кеп ентігс, журелей отырып жатыр. Иен бір әдеміліктен ойып алғандай таза тұлғалы құлжа боз жиек айыздарын аша дірілдей, элжуаздал бара жатқаны білінеді. Мөп-мөлдір көздері маздауынан айырылып, солғын тарта түседі, үреймен әлі де әлсін-әлсін әлсіз жыпшылықтайды. Сәлден соң аузынан ытылды-ытылып кара-күрең

қан кетті. Астыңы қолтығынан да қан кеткені білінеді. Енді аз соң жарық дуниесмен қоштасқандай, алдыңғы зяғын бар пәрменімен бір серілті де, ышқына барып сылқ етіп қала берді.

Жаны шығып барады, жануардын.

Бауыздайык,

Койшы, қолың қалай барады. Шыбын жанының қиналғаны аз деп түрмисың. Обалын атқанның өзі көтерсін.

Маган өткен күзде қойда жүргендес осылар әлденеше рет кездесті. Бір асым ет үшін өмірдің бір тірлігін оқпан қалай үзэрсін. Аяп атпадым.

Аяуындан да бұрын тірі сулулыкты өз қолындан жоюға қимаган боларсың?

Солай десе де бәрі бір. Экем: жаулығы жыртқыш андан басқаға мылтық кезеу жақсы емес. Ол ретте сен өмірді тонаушы болмаксың деп отырап еді...

Екі жігіт дала еркесінің мерт болуы жайында орай осындаі бір әнгіме шертіп кеткен еді.

Атушы мерген екен. Винтовкамен атқан. Басқа оқса құлжа бұлай бірден омақаса қоймайды. Тегі, талмау жерінен тиген болар, - деп әлгілер сезін Газіз үзіп жіберген. Қалқаш қолғабын тізесіне басып жануарды мұсіркеп аялагандай, иірлене дөңкіген мүйізін алақанымен сипалап отыр.

Енді бір кезде тау басынан дабырласқан дауыстар естіліп, бәрі солай қарасты. Құлжа ағып келген құлама қар бетінде осыларға қарай біреу отырган бойынша ентелей зулап келеді.

Жалғыз таяқпен сырғанап келіпті...

Өй, сен Перштемесің?

Иә.

Таудан түскен жігіт Қалқашқа бір-ак үнмен жауап берді де, артына қайырыла тез бұрылып, тау басындағы екеуге айқайлады.

Мұнда, мұнда – Өзі көнетоз тұлкі тымажының екі ұлагын артына қайырып байлап алыпты. Қызара бүртіп, мандайынан тері тамшылайды. Мына жігіттер жайына қалып, енді аңшылар бірі онда, бірі мұнда тұрып, айқаймен сөйлеседі.

Бауызда, бауызда.

Аналар кім өздері? Бері шығаруга көмектес те.

Жарайды, жарайды.

Газіз амандықтан кейін Перштеден қысқаша жай сурал қанды. Кесірбек үйіне кеше облыстагы жиені қонаққа келіпті. Соナン бүгін аңға шыққан екен. Бір топ арқарды таң атқаннан қуа отырып, әй келерсің-ау деген тұстан тас қалкалап тоспа алыпты да, Кесірбектің өзі мен Перште арттан оргытып, арқарларды осылай беттетіпті. Одан кейінгісі әлгі.

Газіз аға жігіттердің бір-екеуі мына құлжаны тауға шығаруга көмектессе қайтеді?

Газіз шәкірттері жүзін шолып еді. Мұны ешқайсысы да андамаған бола қалды.

Әй, жігіттер, мынау біздің басқарманың орынбасары өтініп түр гой, қай-қайсың баrasын? – ешкім сыйылып үн қата қоймады.

Қалқаш, Иманов екеуін көмектесе гой...

Үш жігіт құлжаны сирагынан сүйреп, тауды бектерлей өрмелеп кетті де, Ғазіз өзге жігіттермен кері оралды. Едәуірден соң таудан бағанағы Періштеше сырғанап түсіп, жаңағы скеуі де жеткен. Сәл тыныстан кейін бәрі Ғазізге ілесе орындарынан тұрып, бірнеше қадам алға жылжып барып тұрды. Енді Ғазіз нұсқап көрсеткен қар бетіндегі жазуга назар аударысады.

Осы жазуды мен бағанағы арқарға барғаннан кейін оралып келе жатып байқадым. Қалқаш, бұл теоремалық формуланы сен жазылпей?

Иә, несі бар? Келмей ме?

Келгенде әсем келтіргенсің. Бір шардың аумагын есептеп шығарыпсың. Блокнотыма жазып тексеріп көріп едім, есебің дұрыс шыққан сияқты.

Мен әзір шықтай тұрган шығар десsem, жауабы дұрыс табылған екен гой.

Тексердім дедім гой. Қандай шардың аумагын есептеп ең?

Е, мына күннің де, - деп Қалқаш аспанға қарап, көзін сыйрайтты. – Соның аумагын осы жолмен білуге болар ма еді?

Нақтысын деп айта алмаймын, бірақ, осы есептермен жорамалдан көруге не болмасын.

Қалқаш қалтасынан бүктелген тетрадын шығарып, қарға өзі бағана жазып кеткен формуланы көшіріп жазып алды.

Мұны қайтесің? – деп сұрады Ғазіз онан.

Маган теоремаларды жүйелеп түсіндіріп жүрген

мұғаліммен қоса тәтем ғой, сол кісіге сынатайын деп түрмyn.

Вот, жігіт. Женгең екеуің сенің сабагынды бірге отырып пысықтайтын-дарың қандай жақсы болған. Кешкі сегізінші класты да ойдагыдай бітіруіңе тілектеспін.

Ағатай, сонымен біз күн аумагының мөлшерін таптық па?

Мына есеп бойынша табылған болуы кәдік. Бірақ, бұл әлі жорамалдау.

Ал, дәлін келешекте күнге ұшатын планетааралық кеме жасалғанда, өзің барып есептеп қайтарсын. Мына есептеріңің ақиқатқа қаншалықты жанаңқанын сонда тексерерсін, жазғанынды жоғалтпа.

Жігіттер Газіз сөзіне ду кулісті. Қалқаш үнсіз құлімсірейді. Өзі бір ойда тұрғандай.

Немене, күнге ұшуга жүрексініп тұрған жоқпысың?

Жоқ, жүрексінбеймін. Бірақ, алыстан орагытып жүріп көрмессе, тап өзіне барғанды күн күйдіріп жібереді ғой...

Ей, мынадан тубі батыр шығады, көрерсіндер, - деп бір жігіт дыбыстап та жіберіп еді...

Әзіл әңгімелер сонымен тынып, жігіттер келген шаруасының жайынә көшті. Газіз тақтайдан шегеленген вагон-үйді, қарлы жолда септігі тиген алдағы желбезек сырғыны тіркеуден ағыттырып, курсант жігіттердің біріне тракторға от беруді

—
тапсырды.

НАТИ үүріл үрүп, эйнек алдындагы трубадан көк түтін будақтай атыла берді.

Істеріңс әт жігіттер. Қыстай оқып-үйрениңдерінің нәтижесін енді көреміз. Бұл нағыз емтихандық іс болды. Кәне, алдымен қайсың отырасың тракторға?

Мен.

Мен.

Мен, - деседі Ғазізге шәкірт жігіттер.

Ал, жарайды, сен отыр «Бірлік» колхозының болашак трактор-иссі

Жауқашаров.

Дембелше келген, көнетоз фуфайкалы жігіт тракторды сілкіндіре козгалтып барып, бөгелмestен тарта берді. Сынақтың алғашкы қадамы болғандықтан ба, оған бәрі ду қол сокты. Ғазіздің өзі де алаканын согады. Винт жайынан бастап әңгімелеп, өзінің де, шәкірттерінің де қолын май мен күйеге баттастыра жүріп, бес ай бойы үйреткен сабагының армандаپ күткен нәтижесін көре бастағанына үстаз жігіт шексіз қуанышты еді. Қолын әлі шапалақтай түрып, үзап кеткен трактор жүрісінің бабын байқаудан көз жазбайды. Едәуірден соң бастау қадам жасаған жігіт қайтып оралды.

Ал, енді токсан градустық бүрүлістар жаса.

Жауқашаров қайта тапсырма алып кабинаға кірді. Трубасынан ықылыштай түтін атқан трактор

жұлқына жылжып барып, оң жаққа тез бұрылып сала берді. Оナン алға біраз жылжып, жаңағы ретпен енді солға бұрылып кетті.

Молодец. Екі жақтағы фракционды да жедел, нық басып, тракторды үршықса ойнатқанын, өлшемді бұрыш жасай, бөгетсіз бұрылғанын көрдіндер ме? Бәрің де осындай еппен батыл қимылдай біліндер, - деп Ғәзіз екі жагына жарыла тізілген шәкірттері бетіне хош жүзбен қарай тұрып жөн мезгейді. Әзінің шолақ тонының омырауынан бітеу жағалы әскери жасыл көйлегінің сап-сары түймелері жалтылдаپ көрінеді. Сүр малақайы қонеленіп қоңырқай тартып кеткен. Мандайында қызыл жұлдыз орны сол төл түсін сақтап, беспелгілі болып тұр.

Трактордан түскен жігіт алшандай басып келеді. Тұрган топқа аландаі көз тастайды. Курсанттар оң колдарын көтеріп, тарбита бес саусағын көрсетеді. Бәрінің сонынан сол белгіні кулімдей тұрып Ғәзіздің өзі де көрсетті. Емтихан берген жігіт жайының жақсы екенін андалап, топ жанына жетсеке бере қарқылдаپ күліп жіберді.

Екі шартты өте жақсы орындағың. Енді қайта отыр. Тұрган орында 180 градусқа айналыс жасаудың гана қалды.

Жауқашаров бұл сынақтан да мұдірмей өтіп, бес бағасына ис болған...

Алтыншы кезек Қалкашқа тиген. Отыра от алдыра жөнеп берді. Трактор шалшан журіп

барады. Орта жолдагы езекшеден де селкілдей түсіп, мұдірмей өтіп кеткен. Жігіттердің алғашқы екеуден кейін қол шапалақтараны осы еді. Жәнс үзагырақ та шапалақтайды. Біреулері бағанагы формуулалы есептен кейін Қалқашты «профессор» атандырып, соган мына журісін қосып, еспірімнің өнерін артылта бағалап мадақ етіседі. Айналыс жасап оралған бойдан бірнешеуі жүгіріп барып, Қалқашты қолын ала құттықтасқаны сол қошеметтің белгісі болатын.

Ау, жігіттер, әзірше асығыстық етпендер, әлі екі шартты орындауы керек. Сонан өткен соң барып құттықтандар, - деді Газіз шәкірттерінің бірнешеуіне ескертпе жасап.

Бұл Қалқаш бәріміздің ішіміздегі ең кішіміз. Экесі согыста өлген жетім. Оның эр кимылына сол себепті артығырақ қуанып қошамет еткіміз келеді ағай, сіздің де солай қарауынзызы өтінер едік, - деп бір сыпайылай айтып, Газізге баршасының тілектерін де білдірген.

Техниканы менгеру тәртібі біреуді жас, біреуді ол, біреуді бұл деп кешірімділік етуді көтермейтінін үғындар. Баға машинамен барлық сын шарттарына сай жүре білуге қарай беріледі. Элде кімге бүгін бес, із төрт қойсақ, ал, ол ертең – көктеміңі жұмыс үстіндес шалагай согып, тракторды қажетінше жүргізе алмай тұрса, із, бұлдірсе – не болмак? Олай болмауга тиіс. Данқты қолбасшы Александр Суворовтан қалған нақыл сөзбар: «Үйрену негүрлым

кинырақ өтсе, соғысу согұрлым оңайырақ болмақ». Иә, сол айтқандайын, тракторды жүргізу тәсілдерін негұрлым киынырақ белгілеу үйренсек, нағыз жұмыстың өзінде машинаны жүргізу солғұрлым оңайырақ болмак. Міне, мұны бәріннің есінде саламын. Алғашқы сынақтан таяу күндерде өтетін ауылдағыларға да айттарым сол...

Жігіттер бас изесіп құттасады.

Аңыз шетінен қалай бұрылар ен, енді соны көрсет, Қалқаш.

Ол тракторды жылжытып барып, он жаққа бұрылышты оңай жасады. Оナン солға бұруға келгенде, фракционды тез тартып ала алмай уақыт оздырган. Тартады, тартады – көнбейді. Бір уақытта қос қолдай, ышкына тартып қалды. Сол бойдан тракторы да бұрылып сала берді. Шарт сакталмады. Өлшемнен асып ауытқып, оナン эрі бетімен кете берді.

Көп алдына келіп түскен өспірім жүзі түнжырай түтігіп кеткен еді.

Жолдастары оған жұбатқан сездер айтып жатыр. Бір-екеуі бұру тетіктерін қалай ұстау керектігі жайында қолдарымен нышандап та көрсетеді.

Қалқаш, кәне қайта отыршы...

Ғазіз кабинаға онымен қоса көтерілді.

Жүргіз.

Трактор жылжып кетті. Бала қабары катыңқы. Өзін іштей ытқындаған намысы беймазалап

отырганы үшкүн атқан көзінен де байқап қаларлық еді.

Мұндай жайда ешқашан қорланып үмітсізден бе. Қайта, жаңып түсіп, аттан талпын. Дәненде де киындығы жок. Элі-ак үйреніп кетесін. - Өспірім үнсіз, сұсты күйі басын изейді.

Фракционды әу дегендे әрі нығарлай түс те, сонаң соң сілке беріп тартып қалшы.

Қалқаш ұстаз айтқан ақылмен қымыл етеді. Тәсілге де байланысты екен, бұл жолы бағанағыдан басқаша шыққан. Соған қуанысып тұрған курсанттар ажарын трактордан түскен бетінде Газіз бірден таныған...

Енді ол 180 градустық айналыс жасауды керек.

Бәрі қас қақпай қарап тұр. Қалқаш тракторымен әрі таман барып, онына да, солына да бірдей айналып, машинасын келген ізінс беттетіп қойды. Солға айналуы тағы да қынырықтау түскенін Газіз байқап қалды. Курсанттар бұл арасын онша әбай етеп қоймай, Қалқашты сынақ шартынан өтті деп қол шапалақтасқан. Газіз бәрінің ниеттестігіне разы-ақ.

Қалқаш, саған үш қоюыма болар еді, бірақ, тәрт берейін. Оңға шебер айналдын. Келесі сынақ шартының бәрінен осылай өтуге тырыс. Онда бағаны директордың өзі қояды гой. Білдін бе? Бәріңе берер ксесім: тап бүгіннен бастап спортпен айналысындар, пүгтүк гир көтеріп, қолдарының қаруын серпіндете түсіндер. Қалқашты сол жақ

қолының сондай серпіні аздау екен. Екі қол бірдей тегеурінді келсінші, онда тракторға би билетуге болады.

Иә, енді кім отырады?...

Курсанттар алғашқы сынектан етіп болған кезде күн де сұксайтіл, батыстары сонау Қотантас тауының өркештеніп жатқан қырқаларынан аттауга айналып қалып еді.

Рульге Жауқашаров отырып, өзгесі тегіс вагон-үйге кірген. Кең шанаңдағы вагон-үйді трактор теңселте сүйреп келеді. Ғазіз мәндайда әйнегі бар тұста – төрде. Өзгесі айнала қурылған бітсу сәжіге тізіле орналасқан. Өзара әңгіме шертіп келеді.

Сынақ қортындысын курсанттар бір-бірінен сыйырмен сұрасып біліскең. Төмсө бағага тап болғандар іштей қынжылыспен, сырттай үялумен отыр. Жаксылар тобына іліккенмен Қалқаш кейіпі де осылар текті. Біраз үнсіздікті ғазіздің өзі бұзды.

Төрт пен бестен дәмелілерің сынектың екінші кезегінс қамданындар.

Тұпкілікті баға сол болмак. Мына төртеуің күныспандар. Ал, жалпы бірінші сынaq нәтижесі күткеніміздей деп есептеймін.

Маған сұрақтарың бар ма?

Менің бір сұрағым бар еді, ага.

Айт.

Ага, бағана сіз Жауқашаров пен мына Имановтың екі шақырымға барып қайтқан жайлай жүрісін балты деп айттыңыз. Ал, мен олардың

мына Қалқаштың шапшанырақ барып қайтқанын ұнатып түрмүн. Жұмысты тездету үшін қымыл да тез болуы керек емес пе?

Газіз күліп алды.

Трактор егін салып, әм жинап, шөп шабуга арналған машина.

Қалқашша жөңкілткенде әлгі жұмыстардың бірінде атқарып болмайды. Астық өсірмей көр, колхоз ондай трактористі трактордан жұлып алып лактырысын. Тракторды жұмыс бабына қажет журістен артыққа шапшандатуға ешбір болмайды. Тракторды құр жүргізе білу гана аз. Қай ретте қандай баппен жылжытуды да білу керек. Агроном қоятын шарттарды үғу сол үшін сендерге аса қажет.

Пәлі, агатай-ау, сонда тағы оқи береміз бе? Былай да шаршап болдық.

Жап-жас басымен қара мұны. Бүгін шаршасаң - сртсөң рақатын табасың. Онан да кызымыды сағынып жүрмін дессейші. Міне, сол шындық болар еді. Шын сүйген кызың болса, сағынып бар, сені ол да сағынып қарсы алсын.

Бәрі ду құлді.

Енді сұрақтарың бар ма?

Бір сұрақ бар еді, ага.

Ал, құлагым сенде.

Тракторды табан үстінде 180 градусқа айналдырып, келтеген ізінс қаратып қоюдың қажеттілігі қанша?

Өте дұрыс сұрадың. Кыстың сонғы кезі дейік

мысалға. Үсті еріп, мұзы жүкарған биік кемерлі өзен жиегіне абайсыз келіп қалдың. Тіркеген шанаңда себуге әкеле жатқан тұқым бар. Өзенге қойып кетсек мұз жарылады. Тұқ болмады дегенде бейнетке батасың. Ал, не істейсің? Өзің айтшы.

Міне, ғажап, сол үшін керек екен гой. Тез тоқтап, тіркемені ағытамын.

Тракторды қауіпсіз жаққа табан үстінде бұрып, ізіммен қайта шегінемін.

Дұрыс, - деді Газіз әлгі жауапты айткан жігітті иығынан қагып, - 180 градусқа табан астында айналдыру осындай жайда өте керек. Кейде алдыннан батпақ, иә, апан ұшырауы да ықтимал. Сол реттің бәрінде сені осылай айналыс амалғана күтқармак...

Сұрақ тәмамдал, курсант жігіттер үстаз қалауымен кезекпе-кезек ән салған. Осы бір әсем әндер зуені Газіз құлагынан үйіне кіріп, Сипатымен тілдескенше кетпей тұрып еді...

Шүберекпен тұтқыштап үстап, ыстық лист көтерген Сипатқа Газіз кірген бетінде кезіккен. Ернеуленген ұзынша қаңылтыр ішінде қызыл бетті томпақ тоқаштар тізбектеледі. Келіншектің өз ажары қазір сол тоқаш рендетіп албырайды. Танауының ұшында шық суында жылтылдан, ұсақ тер түйіршіктері білінеді. Аяғы ауырлағалы бозғыл тартып кеткен жүзіне төл шырайы қайта оралғанын қуана танып, Газіздің сүйіктісін көкірегіне басқысы да келіп кетіп еді. Бұл екі қолын бірдей соза

бергенде Сипат ыстық листі омырау тұсына көтере койды. Қашан болса осы, Газіз құшырлана қысайын десе, осындай қалжың иласын жасай қоятыны бар. Сәл сәтке ғана. Соңан өзі де Газіз көкірегіне басын сүйей үнсіз еркелеумен тұрады, бұл жолы қолы бос болмады. Сонысын ері де абайлан келіншегінің пісті мұрыны ұшынан екі саусағының басымен ақырын ғана қысты да, алпақ тістерін көрсете езу тартып койды.

Колым күйіп барады, қойшы деймін.

Экел мен ұстайын онда...

Жок, жуын әуслі...

Газіз бен Қалқаш сенекке сырт киімдерін іліп, жуынып – сүргініп кірген.

Ыстық ианның саумал хошы танау шертеді. Қалқаш төзе алған жоқ, тегенседен токаш алып көмейлей бастады.

Қарның ашып қалыпты-зу өзінің. Багана нан ала кетпей...

Үн қатуға аузызы босамай, Қалқаш кулімдей тұрып басын изеді. Элі нәзік, тотығыңы жузіне өсінкіреп кеткен шашы қонымсыздау көрінеді. Сол қалпын танып Сипат та кулімдеді.

Е, жей бер ыстықтай. Казір шайды да жасап жіберейін, - Сипат тездеп айналып, ашамай аяқты, биік столға дастарқанын жая берді. Газіз бен Қалқаш ак ою, көк сырлы шкафтан шыныңақ экеп жәрдем етеді. Келіншек кілетке шығып, омырып сарымай, екі түйір құйма қант экелді.

Тәтс, мына қантыңыз бір байлық екен.

Кооперативке бүгін экепте. Оны қойши,
трактор жүргізе алдың ба езің?

Орнынан қозғадым ғана. Жүрісімнің бәрі қате
шықты, - деп Қалқаш ұялаңдап төмен қарап кетті.

Тәтесі, онысы несі. Эйткенмен, төрт алды.
Екінші сынаққа дейін бәрін түзестуге тырысады.
Оған спортпен шұғылданып, қолының қаруын
серпіндешту керек. Ал, жалпы жүргізуінде шеберлік
жактары да байқалады. Бір ретте тіпті қасқыр
согатындаі жәңкітіп те кетті өзі. Газіз жаңағы
қантты пышақ сыртымен шекіп, алақанында шага
отырып, Сипатқа бүтінгі сынақ жайларын мәлім
стті. Шәкірттердің жалпы зейінділік танытқанына
куанғанын айтты.

Ұстаздық қызмет жемісін көзіңмен көріп қуану
мәртебелі іс болар.

Баршаны қуантар жай ол.

Тракторист деген атауды өз басым өмірдің
жүгін тартушы деп үққым келеді. Соңғы мұрат
өткенге сәл болса да қолғабыс бере алсам – өмір
алдындағы парызымды өтегенім болар едім.

Сипат еріне төтенше бір мереймен көз қылғын
салады. Газіздің кешегі соғыста етігімен су кешкен,
қатер шақ сапарларын еске алады. Иә, зұлымдыққа
қасқая қарсы шауып, Отан алдындағы парызын
қалтқысыз өтеп қайтты. Сөйткен арда жігіт өмір
алдында өзін әлі де парыздар санайды. Осыған
қайран.

Газіз, өмірге адам қаншага қарызыды?

Сипаш, оған ешбір есеп жүрмейтін болса керек.
Ізгілік пен рақаттылық, махаббат пен рақымдылық
өмірге қанша болса да көптік етпей сия бермек.
Адам тіршілігінде сол аса ізгілі жайларды жасай
беруге тиіс.

Өйтпесе, саған рақатты кім әкеп береді? Сол
себепті өмірге қарыздарлығымыз да шек жок деп
ұғамын. Ал, оны толғанбаған өз тіршілігін итжемеге
айналдырады.

Сипаттың Газіз мойнына асыла кеткісі келіп
еді. Бірақ Қалқаштан үялады.

Барынща сыпайылық етеді. Ал, Қалқаш аға,
женгесінің өзара мәслихаттасқан тап әлігі биік
мезгеулеріне балапан ойын еркін маңайлата алмай
іштен зуре...

Бірсыныра үнсіз, іштей толғаныспен отырган
Сипат қайта сөз бастанды.

Газіз, Қалқаштың тракторист бола алатынын
өзің айтшы, өзі де сене түссін. Естіп мен де
куанайын.

Орыс халқының «Мәңгі – бақи тіршілік ет,
мәңгі – бақи оқып үйрен» деп өсиеттейтін мақалы
бар. Ал, ыбырай Алтынсарин: «Өнер білім бәрі
де оқуменен табылған» деп аныздайды. Ол кісі
бізге өсиеттің көкейде ұмытпай сактайтын өлеңмен
айтып қалдырган. Тап осы скі өсиетті есіне ұстаса
– Қалқаш ертең-ақ өмір жүгін тартып бара жатпак,
Осыныма не дейсін, өзің айтшы Қалқаш?

Өспірім ақсия үнсіз күлді. Аға, женгесіне ризашылығының да, уәде айтудының да белгісі екені шүбәсіз еді.

Естик те, өз аузынан айтсайшы. Ағаң сенін тракторист болатының сеніп отыр. Енді несін ұласын?

Боламын тәте, әуелі, ағатайым айтқандай, мықтап тұрып үйренемін.

Газіз бен Сипат Қалқаштың сөзіне қуанышқаның сыңғырлай қосыла құлуімен танытқан еді.

Осынан соң семьяның стол басындағы жаразтықты әңгіме-кесесі мақсат түйіп тынып еді де, бәрі бас қоса тамактануга жайласа отырып еді. Плитада тоқтаусыз қайнап, шүмектен шырт-шырт тамшылар сепкен қаз мойын шәйнектен әлсін-әлсін шай құйып, Сипат сүйікті достарына қызмет етеді.

Жемінші тарау

Сәске. Шаршы тұрықты, аламыш село төбесінде бүтін көңіл жадыранысындај жайнакы мөлдір аспан көрінеді. Сырткарыдағы сонау шеберхана қысы, жазы толасы жоқ жұмысымен осы селоның сан тарам тіршілік тамырларын дамылсыз соктывып тұратын жүргегіндей білінеді. Көкке желкілдете қошқыл түтін бойлатқан еңселі де енді сол үйдің кең қақпасы қазір айқара ашық. Сонан іштегі гүіл-шының үзбей естіліп, ара-

тұра наизағайдай шағылумен шашылып атылған оқ үшқындары көрінеді. Ауылда бірі кіріл, бірі шығып, әрлі-берлі асыға басып бара жатқан адамдар. Ашық қақпаздан бір трактор шықты. Сол шыны көздері ұзын тізбегімен күнге шағылған мына саптағы тракторларға беттеп келеді. Осы салынында саты-баспалдақтай асып көрінген, қаралоныр түстегі комбайндар шоғыры тұр.

Кейі әкшыл, кейі ала бүйір, кейі қоңырқай сылама балшық сырты түргын үйлер шашылып түскендей парықсыз быттыраган қалыпта шеберханадан бөлектеніп, беріректе жатыр. Өзге үйлерден күн жеген қуаң шатырмен гана ілкім биік, өзгешелесу елес берген бірнеше үй орта тұста топталған. Осылар жанында да шуақтай, дел-сал қалқыған, әр түстегі сиырлар, торпактар екеулеп, үшеулем үшырайды. Өндіршсін соза, сілекейін шұбырта тұрып, күтірлете сүйек кемірген бірнешесуі бар. Жануарлар басқаның қолынан келмес іс атқарагандай өзінше әуре жайда.

«Клуб» аталатын жалпақ үйде село адамдары күнде кіріл-шығатын бірнеше мекеме бар. Почтаның қаңылтыры қобдиы қағылған теріскей жақтағы сыртқы есік Сипат бір жағынан уақытша қызмет ететін кітапханаға да ортақ. Осында дидарлы жас әйел кірген. Ортадағы кітап сөрелері ықшам гана бөлменің аласа шермек тәбесімен ернеулемеседі. Жауыннан соң толынған қарақаттай мөлдір көздерін төңкеріп тастап әлгі келіншек стол

басындағы Сипатқа сүп-сүйкімді сүйір саусактарын ұсынып, иіле сәлемдесе берді. Бұл да езу тартып, оның қолын қыса тұрып амандасады.

Ішке кір,- деп Сипат арадағы шарбақша есігін ашып, келіншекті енгізді де, орындығын ұсынды.

Өзіңіз отыра беріңіз.

Орындығының осы біреу-ақ.

Өзіңіз отыра берінізші

Ендеше мен де отырмаймын.- Сипат келіншекті мойнынан құшақтап қысады.

Сүйікті Маргарита, өзінді көрген сайын доктор Фаустың қадірлі досы - сонау аса мейірімді, пәк жанды Маргарита көзіме елестеп кеткендей болады да тұрады. Арманда кеткен жан гой. Бірақ сен маган онан да ыстық білінесің. Жиі келіп тұрсайшы, әңгіме шертейік, кітапты көбірек алып оқы.

Әңгімешертеберуге қолыңызтиеме? Қайынагаға трактор жүргізуден емтихан тапсырғанша өзім де қабағат алаңмын.

Маргарита қазақша кең ұғымда мудіріссіз, сыпайы сөйлесп жай білдіреді. Фуфайкасының түймелерін ағытып, тубіт шәлісін желкесіне сырый қойды. Аузынан мәйсібі шығып, жұп-жұмыр ақ мойныны, ақ томпақ бұғагы үлбірейді. Шашау жібермей, аса ұқыпты тарап, қақ жарып түйген конырқай шәші мұсінді мәлдір жүзіне ерен жарасым береді. Эр көріктіліккес куана, ләззат ала қарайтын Сипат сүйікті досынан әлі де көз алар емес.

Ал, өзініз автомашинаны жүргізу сынағының бөрінен өтіп алдыныз.

Енді ережесін қашан тапсырғалы жүрсіз?

Міне, соган күнде кайталап оқып әзірленіп жатырмын. – Сипат столда жатқан, мұқабасына автомашинаның суреті салынған кітапты нұсқап көрсетті.

Сізге енді сң җенілі қалып отыр. Ал, біз сң қынынынан әлі өткеніміз жоқ.

Жүрексінем. Оның үстіне әлгі Қалқаш: «Колың әлсіз болса сынақтан өту екі талай» деп қорқытып және қойды. Қайдан білейін, қайын ағаға жақпай қаламыз ба?

Осы сенен бір сез сұрайын деп ұмыта беремін. Газізді қай ретпен «қайын аға» деп атайсың? Соны айтшы.

Маргарита күліп алып, әлгінің җенін білдіреді.

Біздің Ирихты намысына тиіп, қорламақ болатын кейбір шайпау тілділерден сіздің күйсүіңіз әмен ара түсіп қоғайды екен. – Сол себептен ол кісіні Ирих қамқор аға тұтады. Соңсоң енді о кісі маған қайын аға емей кім болмақ?

Жән, жән. Сендей келін бола берсе біздің де жеріміз кеци берер.

Бір тұмасақ та, адал көнілдеріңізді танып, ниетімізбен туыс білеміз. Ол қашпас шаруа. Қазір мына трактор окуын бітіруден артық алаңдатып жүрген жай жоқ менде.

Сипат жүргегінің лупілін танып, Маргаритага

сенім бере кеңесін айтады.

Дәнеңде қыындығы жоқ Мұдірмеймін деген сеніммен барғайсын. Иә, оған шейін өзінің Ирихынан трактордың жүргізу тетіктегін ержайда қандай қымылмен, қандай ешпен қозғау керектігін сұрап біле бер. Сынақтан өтесін де кетесін. Газіз қайын ағаң сағанғана қабак шыттырмас. Мен де өтінермін. Саспай сабырмен эзірлен.

Жақсы-ак болар еді. Ақыл беріп жүргімді бастыңыз. Сынақтан өткен күні өз тойым басқа. Ал бүгін, әлгі кішкентай қызымыз бір жасқа толады. Соның тойына кешкі 8-те үй-ішіңізбен түтел біздікіне келіңіздер.

Рахмет, Райком шақыртып, қайын ағаң бағана директормен бірге ауданға кетіп еді. Үлкен бір жыны болып бөгеліп қалып жүрмесе барамыз гой.

Бөгелмес. Эйтпесе енді Қалқаш екесуіңіз келесіз. Өтінеміз.

Көрейік, Газіз де келіп қалар. Ал өзің, енді не оқығын келеді? Этген, эзірге бізде неміс тілінде неміс кітап жоқ. Орыс, қазақ тілінде біраз кітаптар бар. Өзің қарап, соナン қалағанынды ал.

Жаңа өзіңіз айтқан доктор Фаус туралы жырларды тауып бере аласыз ба?

Мұнда жоқ. Райком комсомолдағы Лизаны білесің гой, соның үйінде болушы еді, ауданға бір барғанда саған деп, здейі сұрап экелейін.

Ол қыз да неміс тілінде оки білуші ме еді?

Жоға, орыс тілінде аударылған гой. Немене,

бұл ретте оку саган қын тиे ме?

Орыстың әдеби тілінің кей жерлерін жегіп үгу қынырық та соғып жүр.

Эйтсе де Фаусты оқығаным олжа. Ұмытпай сұрап аларсыз. Ал кешегі соғысқа армандары жаңа неңіз бар?

Карайын.

Сипат бір сөреден кейінгі екі жылда алынған кітаптар мен журналдарды аударыстыра бастады.

Қазақ тілінде болса, оку қынға сокпай ма?

Серіз классты казақша бітірдім смес пе. Ол жағына баландаймын, - деп

Маргарита сыңғырлай күлс сөйледі. – Қазақ жазушыларынан неңіз болса да экелініз. Эбділда Тәжібаев ағайдың анада езінізден алған өлеңдерін Ирихпен таласып оқыдык. Гейнесі керемет екен. Сонан сон әлгі геологтар шатыр тігіп өткен жerde қала салына бастайтыны туралы өлеңін жаттап та алғамыз. Біздің Ирих кейде жігіттер «өлең айт» десе, соны сауылдата бастайтыны да бар. Қызық езі. Бір жолдасын әлгі өлеңді «Өзім шығардым» деп сендіріпті де.

Ол шешектен өнер шығады. Өкпелесе автор екпелер. Бірақ, естіп жатқан жоқ қой. Эйтесуір жақсы идеялы өлең халық құлағына сіңе берсінші. Эбділда ағай бір уакытта естіп өкпелер болса, соны айтып күтілармыз.

Иә, жақсы өлеңінізді көпке ауыша жырлап бергені үшін Ирихтың езіне арнап бір өлең

•••••

шығарып берініз деп қолқа сала қойып. Соңан соң Эбекен өзі де жыгынды болады.

Сипат мына тауып айтқан сөздеріне риза болып, Маргаритага танырқай қарап қалған еді. Экелген журналдарын сәлден соң ғана стол үстіне қойып, беттерін аша бағады.

Жаңа кешегі соғысқа армандары туралы сұрадың той. Міне, мына «Майдан» журналының үш-төрт номерінде «Қазақ батыры» деген повесть басылған. Қайрош дейтін жауынгер жастың өмірін әсерлі әңгімелейді. Жазушы тілі деп осы Габенің тілін айт: шапқан атқа жеткізбес жорғадай тайпалтып, оқыған сайын көңілінді алыш ұштыра көтеріп экете береді, экете береді. Қалай оқып тауысканынды сезбей де қалып, артынан бір нәрсенді жоғалтқандай қайта армандаپ, қайта толғанып қаласың.

Экеліңіз, экеліңіз. Энеуқұнгіден бері сұрасамшы...

Маргарита қуанып кайтты. Қазақ көркем әдебиетінің жаңа дәуір күрескерлерін бейнелеген лепті шығармаларын сол қазақ жерінің азаматы – неміс қызы сүйсініп, түшіркеніп оқитының өлшеусіз қуанып Сипат қалған...

Сәлден соң ентіге басып, осында қайта кірген Маргарита бірден хабар білдірді.

- Сипат сізді директордың кабинетінде телефонға қайын ага шақырып тұрган көрінеді.

- О несі екен. Пен осында отыра тұршы

Маргарита. - Жөнін журе сұғынған Сипат шығып кетті.

Улкен терезелі, шаршы кабинетте өзінен басқа ешкім жоқ. Баганадан-багана қуып кетіп жатқан тізбек – тізбек сым-өрмектің ызылы шынылдал естіледі. Телефон элі дыбыссыз. Сипат терезеден сонау орманды тауларға қарай өрмелеп кеткен қадаларға көз жібереді. Газіздің дыбысын жеткізе алмай жаткан, қалелімде, солар сияқтанып түр. Терезеден аргы екі-үш багананың сым-желілерінде жыптырлай тізіліп, дамылсыз шиқылдасқан коңыр торғайлар отыр. Осы тинамдай құс балаларына да улкен рақат көрек. Мына шуакта көрмеде алансыз тыныстан арқаларын қыздырады. Шеберхана жақтан бір көтеріле, бір құлдилай өтіп кеп, бергі багананың бос желісіне бір топ бозғыл торғайлар және қонды. «Суықторғай» аталатын – сойдиган бір тұмсық жағалдар. Өздері осы ауылдың шышынды-төгінді дәндерін теріп жеп, бырбия семіріп алған. Мектептен қайтқан, сумкаларын арқасына асқан бір-екі бала рогаткаларын кере тартып атып, барша торғайды да шуылдата үркітіп жіберді. Сипат оған көз сала отырып дабыстайды.

Алло-алло. – Үн жоқ.

Едәуірден соң ғана аргы жақтан дыбыс келді.

Алло-алло, Сипашысың?

Иә, иә. Айта бер. Жай ма?

Ақылдаскалы түрмyn. Ақаң аға екеуіміз бірдей мынау райком нұсқаушысының жанында отырмыз.

Не туралы ақылдасайын деп ең?
Онша жай да емес, бір жағы «дауласып та»
отырмын. Маган листок толтыр деп жатыр.
Көсірбектің орнына жібергелі келетін сияқты. Өз
басым барғым келмейді. Сен не ақыл берер ең?
Ойлан да, айтшы соны.

Қазір, қазір. – Сипат трубканы құлагынан әрі
үстап, екінші қолымен бетіне шашырап түскен
шөкім шашын басына басып, ойда түр.

Өзіңойлан: колхозға үзак-сонар сезден гөрі қазір
астық, ет пен сүт көбірек қажет. Сен тракторисін,
мен шофермін, әрі комбайнға да отыра аламын.
Біздің мамандығымыз әлгі қажеттерді өтеуге
баруды керек етеді. Айтайық, сен председатель
болдың екен, онда күрсөн шай, табак-табақ ет
дәмететін уәкіл атаулының күтүшісі болып, сумен
кіріп, құлмен шығып үйде отыруым керек қой.
Біздің ауылдың егінін салатын жалғыз Қалқаш та,
жинаитын Мәнішкен үйіндегі қайын аға болмақ па?
Мига тіпті кірмейді. Ақылдасқаным ғой, өзің біл,
Ақаң ағаймен де ақылдас.

Сипаш, сен өз ойымдагыны тап басып айттың.
Осыған тұрамын.

Жақсы. Бір өтініш, Маргариталар баласының
туган күніне шақырып отыр, иә, осы бүгін кешке
даймін. Соны тіпті ұялмай-ақайтып, потребсоюздан
ең болмаса бір кило конфет сұрап ала келсөң
қайтеді?

Болса, тіпті Ақаңды салсам да алармын. Ал,

жарайды.

Жақсы...

Айтқаным-айтқан жолдас нұсқаушы, әйелім де сол ойда. Мен өзіміздің колхозда білек сыбанып еңбек еткім келеді. Нан керек, нан. Білген өнсрімді, қажыр-қайратымды ел иғілгіне жұмсауга мұрсатана беруден басқа ештеңе де сурамаймын.

Сонда Газіз, Сіз басқарушы қызметінің ролін қалай бағалайсыз?

Төмендетіп жіберіп отырган жоқсыз ба?

Газіз мырс етіп күліп жіберді.

Жо-о, оның керісінше, басшының ролін, нагыз үйымдастыруши басшының ролін мейлінше қадірлеп, жоғары бағалайтыным үшін солай келіп, бас тартып отырмын. Екі мысал айтайын. Мен колхозға председатель болым дейік. Онда әйелім де үйден шыға алмайды. Сонда тракторды, автомашинаны жүргізетін кім болмақ? Элде өгіз соқасы мен қол шалғының жаршысы болып қала беруіміз керек пе? Екіншіден мен де іс басқаруга түк те тәжірибем жоқ. Ал, әрқылы мінезді, әрқылы жайды колхозшылардың қыбын тауып, мақсатқа бағыттап жұмсай білу бұл ретте маган тіпті де киын тиеді. Менінше, райком осы жайларды салмақтауга тиіс қой деймін. Басшының креслосына бүтін отырып, келсін-келмесін ертеңінсә ақылгәй болып шыға келетіндер де бар. Білем. Мына сезінің бір дәндей де салмагы болмайтын жайға үшырағым келмес еді. Кадрды ішкі дүниесін көріп танымай

апарып қоя салу мұратка жеткізбек смес. Ол ретте былқылдан тұрган сәл олқылық үлкен сіреу мұзға айналып кетеді де, кайтадан жарып – бұзу тіпті бейнетке түседі. Өз басым әзірге тап осындағы жайдан сақтандық келер еді. Қандай да болсын преседательдің дұрыс іс атқаруына қажет жайлар жасау жагын да қоса ескеру жөн-ау деймін. Мәселең, біздің механизаторлық сибекте болуымыз сондай жайдың бірі болар еді.

Нұсқауыш ойланып қалды. Дәйектемені Газіздің өзі де жеткізэ айттып жатқан МТС директоры Аюжолдин бұл арада сөзге араласпады.

Онда мен Ақықов жолдастын өзіне кіріп пікірлесіп келейін. Сіздер осында кідірс тұрыныздар, - деп нұсқауыш шығып кеткен.

Едәуірден сон нұсқауыш оралып, Аюжолдин мен Газізді бірінші секретарьдың кабинетіне экеп кіргізді. Арым Ақықов бұларға орнынан тұрып келіп амандақсан. Жалпы жайларын сұрап біліп отыр. Аудан мүлде дерлік ділгерлік көріп отырған механизаторлардың бір тобын даярлау жөнінде мына екеуінің биылғы қыста сінірген қызметіне мол қанағаттанумен қарайтынын хош ренде отырып айтқан.

Газіз, сенін доводтарынды естідім. Бір шама орынды айтқансың, Эр коммунист жолдас қажет іс жайының дипломатиясын осылай толғана жүрсе қандай илі. Иә, оның бер жағында, - деп Арым сәл езу де тартты, - өзіннің күтылыш кетуін үшін

айтсан да, бағзы пікірлерің бізге ой да саларлық. Кей жолдастарды қызметке жоғарлатуда егжеттегжейлесуді жетсө елемеуден шаруадагы олқылықты қолдан жамап алған реттер де бар көрінседі.

Иә, осы жайдан арылу қазіргі шұғыл да басты проблема, - деп секретарь екі қолымен столының екі жақтауын үстай отырып, біраз ойға да кетті. – Соның ең дұрыс жолы райкомның топшылап отырганындей: - басқару қызметіне такта отырғысы келіп жургендерді смес, өзін сияқты эртарапты білігі бар, көздеген айқын мұрат-мақсаты бар, неғұрлым қарапайым мінезді жолдастарды жіберу болар еді. Сол ретпен саған қолқа салғанда, біз үмттылу талабын бар екенін ескерген ек, тәжірибелі жүре үйреніп жинақтар деген ек. Эрине, қыстамаймыз. Бірақ, аса қажеттік. Қалай қарайсын, әлі де ойланышы. Партия солдаты екенінді есте үсташа дұрыс болар еді.

Ғазіз үнсіз, ойда. Тракторшылықтан шынымен-ақ кетіп қаламын ба деп сәл қабагын да шытып қойды.

Арым, бір ауыз пікір қоссам ба деп едім, қалай қарайсыз? – Ақжолдин тәртіппен сөз сұрайды.

Айтыңыз Ақа, ақыл қосу өте қажет. Райкомның бюро мүшесісіз ғой.

Айтсам, осы ауданның қырық шамалы колхозы тегіс бұдан былай шаруасында техникаға арқа сүйемек қой. Онсыз астық өнбейді, онсыз мал өспейді. Иә, сол колхоздарда иеше тракторист

бар? Жоқ дерлік. Талай жылдан бері биыл гана отыз қаралы тракторист даярлаған екенбіз. Соны оқытып үйреткен осы Ғазіз. Келешек те де мұнсыз трактористер даярлау киын. Газіздей жетік өндірістік оку мастері біздің қолымызға жуық манда түсे қойса жақсы ғой. Енді өзініз есеп етініз: жалпы аудан үшін Ғазіздің бір колхозда председатель болып отырғаны тиімді ме, әлде, барша шаруаның өркендеуіне шұғыл қажет механизатор-кадрларды даярлап беретін оқытушы-үйретуші болып, МТС – ке қызмет атқарғаны тиімді ме? Осы арасын бір таразылап алсақ деймін.

Арым Ақжолдинге қарай отырып, ойда отыр.

Ақа, сонда нақты ұсынысыңыз не?

Ұсынысым – Ғазіз МТС қолында болсын: қыста баршалар үшін механизаторлар даярлап беріп, жазда інісімен, келіншегімен бәрі өз колхозының жұмысын атқарсын деймін.

Тағы да ойланып қалған Ақықов сәлден соң барып қана шешімін білдірді.

Жән екен. Құп болсын Ақа, бір жағы қолқалап та жібердіңіз білем.

Ареке, рахмет сізге, – деді Ғазіз өнінде куаныш ойнай ризашылық білдіріп...

Осы кезде есік ашылып, секретарьдың қабылдау бөлмесіндегі кызы бала кірді.

Ага, облыстанмын дейді, бір ағай келіп отыр, кірсін бе?

Кірсін.

Кыз шығып кеткен соң орындарынан көтеріле берген Ақылбек Ақжолдин мен Ғазізді: - Сәл отыра тұрыңыздар, ақылдасатын бір жай бар еді, - деп Арым кідіртті.

Сырттан еңселі, орта жастардагы, келте танау, жылтыр қара, кек лапак, кек жагалы мыналарға жагалай қол беріп амандасты. Онан сырт киімін шешіп шеткеріп орындық үстіне қойды. Өзі Арымның жанынан таяй барып отырып, шашың тарай бастады. Бірақ иліккен шаш жок, шәлкемшатыс қарғысып, үрпие түсіп қала берді. Сонаң соң қалтасынан қобдишалы папиросын шыгарып, әуелі секретаръга ұсынды.

Рахмет. Танымадық па?

Шылымның түтінін шалқалай будақтана отырып, мейман сез бастады.

Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс. Онан әрі кездесуіміз достық отношенияғе кетеді.

Әбден жөн. Ныспыңыз кім?

Көмір тресінің инженері – Асаубай Көбеновпyn. Иә, жолдас Ақықов, сізben бір мнение алыспақ ойда едім. Мына кіслердің жұмысы бітіп пе еді?

Бұл кіслер өзіміздің қызметкерлер, айта берініз, онша құпия болмаса.

Асаубай отырғандар жүзін қайталап бір шолып шығып, Ақықовқа қарай ентелей түсіп, сезін жалғай берді.

Менің өзім де осы аудандікімін. Туган жер жайы қашан да ішінді бұрып тұрмай ма?

Кең үгымымен қарасақ, ол өте жақсы қасиет кой.

Иә, дұрыс айтасыз. Көсірбек Тұманов дейтін аксақал нағашым болушы еді. Жас кезінде байда жалда жүрген. Тәрбиелеген Сонет Өкіметі. Бірсыныра жыл колхозда руководящий қызметте жүрді. Сол кісіні енді жылатып отырысыздар. Почему? Қызметтен алып тастап, орнына майданнан қайтқан бір шіл-шикі, мактансақ баланы қоймақ көрінесіздер. Совет Өкіметі үшін қызмет еткен қарт большевикті құғынга салуларыныздың, ым, әлгі несін білгім келеді. – Асаубай секретарьға үніле түседі. – Райком как допускает?.

Ақықов мейман жүзіне қарай отырып, өні жадандай құбылып кетті. Тері, оның айтқан сезінс қарыны ашады білем.

Көбенов жолдас, пікіріңізді принциптендіріп білдіресіз. Бірақ, онымен нағыз партияшылдық принциптен көрінбей отыр. Оナン гөрі, бәлки, өндірістік дағдылы механикалық процеске де, адамның эр кездегі тіршілік қарекеті жайларына да бір-ақ сарынмен қарайтындығыңыз білінетін сияқты. Тозған машинаны жаңғыртып пайдалану өндіріс өркеніне сәл де болса эсер тигізетіні бар. Ал, тозған адамды қалай жаңғыртуға болады?

Басқасын болмаса да, партия принциптерін білеміз ғой, бауырым.

Институтта марксизм-ленинизм негіздерінен қайта-қайта-ақ экзамен тапсырганбыз.

Арым өзінен-өзі күліп алды.

Сабактан құтылу үшін емтихан тапсыру бар да, ленинизм қағаздарын есте әмен сақтап, қызметтіңнің арқауы ете қолдана білу бар. Бірақ, біз басқа жайды әнгімелегелі отырмыз гой. Накты қолканыз не еді?

Колхоздың тәжірибелі вожагынан айырылып қалып, жаңадан қоятын шалағай кісілерінің шарузыны прорывка түсіріп журмесе деп ойлаймын.

Колхозга жаңыңыз қатты ашиды екен. Колхозшылар жиналышына ұсынамыз дегеніміз сол ауылдың өз тумасы – тап мына отырган жас жігіт – Экпаров жолдас еді, - деп Ақықов Газізді нұсқап көрсетті. Асаудың екі көзі енді мұны ішіп-жеп барады. Аргы күні құлжа атқан мергеннің ой дүниссіне Газіз де үніліп отырган сияқты. – Бірақ бұл жігіт сіздің нағашыңыздың орнына тілті де қызықпай отыр. Қоғамға пайдалы негұрлым тәуір тигізе алатын жағында – тікелей еңбек етуде қалдыруды өтінеді. Доводтары өте дұрыс. Сол себепті райком оның тілегін қанағаттандырып та отыр.

Е, онда бұл молодец жігіт екен. Рахмет айтуюмыз керек. Да, қарияны өз орнында қалдыруларыңызды қолқалаймын. Прошу, жолдас секретарь. Осыған көмек етіңіз. Біз де бір қажетті ашуға жаарымыз.

Міне, бауырым, Асаубай, келісе алмайтын шаруамыз тап осы арасы болар деймін. Жаңа принципті біlestініңізді аңғартып едіңіз. Осы кадр мәселесін шылықтың саудасына салуды қойып,

тұтасынан партияның өз шешімінде біржолата болатын етсек деймін. Біздің қогамның бастаушы күші және жоғары саналы, марксизм-ленинизм ғылымының негіздерімен қаруланған басты күші – коммунистік партия екенін Владимир Ильич тіпті революциядан бұрынның өзінде үйреткені мәлім. Кадрларды партияның атын қоры дейміз. Ол қорды қогамның өсу тілегіне сай пайдалану сондықтан да біздің партиямыздың басқа ешкімнің қол сұгуына жатпайтын ісі. Бұл солай әлдекашаннан қалыптасқан да. Осы ойым дұрыс па?

Ол дұрыс қой.

Дұрыс болса, еркімізден тыс жайды осы екеуіміз қалай өз бетімізше билеп төstemекшіміз?

Ондай ойға мен бармаймын. Мен только лишь, өзіңіз айтқан алтын қорға жататын біздің шал жайына жән қарауындыған сұраймын.

Эй, солай болмай түр-зу. Түрлі жағымсыз мінез-құлқымен, шегіншектеуімен, өзімшіл меммендігімен, бұкарага бұлдануымен жақын-жұықшыл шылығымен, ағаттығын айтқанды құлаққа іле бермейтін сірі зернелігімен алтын кор құрамынан шығып қалатын, өз ар-ожданына дат түсіруші кейбіреулер де жок емес. Сіздің қадірлі нағашының тап сондайлардың біріне айналған. Қандай өкінішті. Эрине, жақын-жұықтардың өзара ләзіммен, қогамның салт-санасы түргысынан қадірлесуін өз басым орынды демесем, теріс дей алмаймын. Асаубай, өзіңіз күрметті мамандық

иесі екенсіз. Нагашыңызға уақытында дұрыс жән мезгемей, оның шылықшылдығын қорғаушы бола келгеніңіз, бұл да тым-ақ өкінішті болып отыр. Нагашыңыз қогамның бүгінгі тілегіне сай іс атқарып береді деп кепілдік айта аласыз ба?

Асаубай үн жүргасы кетіп, еш себеп болмаса да, басын әрі бұрып әкетті.

Иә, райком ол колхозды аяққа бастырар, принциппен қызмет атқара білер бір жолдасты іздең табады ғой. Менің бұл жайында енді айтартым жоқ сияқты. Басқа бұйымтайыңыз болса айта отырыңыз.

Сонда немене біздің нагашы қогам алдында бірдене жасаған ба, қалай?

Көбенов жолдас, гәп осында болып отыр. Эдейілеп келген екенсіз, өкпелеп кетерсіз мен сізге екі документті тана оқытайын, нагашыңыздың не күйге түсіл кеткенін біліп кетініз. Болжым, бұл сізге нагашыңызға қай тұргыдан қамқоршы болуыңыз керектігіне келешекте ой да салар. – Арым қоңырауын басып, көмекшісін шакырды. Келген қызға: – Көсірбек Тұмановтың мәселесі қаралған бюро мәжілісінің протоколын нұсқаушы экелсінші, – деп тапсырма берді. Оナン кейін Арым Ақықов МТС директоры мен Ғазізге назар аударды.

Мен сіздерді босқа ұстап қалдым. Артынан ақылласармыз. Эзірге шаруаларыңыздан қалмаңыздар, – деп кенес берді. Олар мына кісілермен қол алысып шығып кетті.

Ақылбек пен Газіз жаңағы жай туралы сөйлеседі де күледі, сөйлеседі де күледі. Сол бетте олар потребсоюзға соғып Сипат аманатын орындаған. Онан әрі бөгелтөн жок, «Газ 51» -дің қолқасына саулық тілеп МТС - ке тартып кетті...

Ирих үйіндегі той кеші өте көңілді. Екі бөлме лық толған қонақтар. Басы директордың, бухгалтердің, агрономдардың әйелдері болып, бәрі Маргаританың кішкентай үлпек шаш қызына көйлек пе, ойыншық па – әртүрлі тартуларын әкелген. Үй іші мәз. Жұрт шайға отырган шақта Маргарита Сипат әкелген пластинканы патефонға қойды. «Құлақтан кіріп бойды алған», бойдан өтіп ойды алған, бірде шарықтап шалқи, бірде сызыла мұн шерткен аса әсем саз бүкіл үй ішін алып кетті. Дастархандагылардың бәрі-бәрі кеселерін алдарына қойып, музыка тыңдасады.

Кішкентай немересін қолына көтерген ақ шашты әже келіп, патефонға иіле-иіле түсіп үніледі. Сәлден соң өзінше сөйлеп кетті.

Эжөң не дейді, келін-ау? – Ақылбек Маргаритадан қарт ананың сөзінс түсінік беруді өтінді.

Эжесінің жанына келген Маргарита құлімдей тіл қатып жөн сұрады. Соңан соң бәрі бұрылып, Маргарита меймандарға қарт ананың жаңағы сөздерін қазақша аударып айттып түсінік бере бастанды.

Бабамыз Людвиг ван Бетховеннің биік сезімге

де сөүле бітірген сонатасын кішкентайымыздың тойында қазақ қызының қолынан тартуга алуымыз неткен қызықты сөт, деп түр әжем.

Меймандар мына сөзге тегіс дауылдаса қол шапалақтан жіберді...

Сегізінші тарау

Кара борбай жүгіріп келеді, жүгіріп келеді. Қалың шөп, сары бас қурай арасынан басы ғана қылтылдап, ағарандап кейлегі көрініп қалады. Қарлығаштар ерсілі-карсылы ағындал өтіп, жez омырау шымшиқтар шикылдай, бытырай ұшып зытады. Онан тағы бір қурай бастарына қонып алып, қылтылдай тұрып әніне қайта басады.

Бала көгалды өлкені көктей өтіп, машина бұрылғатын тұска тұра тартып келеді. Артында - алыста құғыншылар дауысы естіледі. Асыга ентіге бүкшендеген үш қария үздік-создық жүріп, алма кезек айғайласып қояды, бәрі де баланы шақырады. Естісе де, мұны елең өтіп келе жатқан ол жоқ, жүгіре-жүгіре ұзай түседі. Ара-тұра тыныстай тыңтындал, шөп арасынан артка көз жіберіп те қояды. Өзінің кекіліне қурай басының макта қылышықты бүршіктері жабысқан.

Ауылдағы Сәнапа да алаң. Мына мандайшага бір қолымен сүйене, ашық есіктен тентек беттеген жаққа талмаурай қарап тұрган сол кісі. Баланы

қолдан абайсыз шығарып алғанына анау үшеуіне іштей кейіп, өзінше болып та тұр. Ажары құқыл тартып, бір түрлі ышқыныспен тыныстыайды, әредік ыңқылы да бар өзінің.

Тентек бірде біріне қара көрсептеген бері ауылдан жырақтағы екі жолдың айырылышы тұсынан келіп бір-ақ шыққан. Бұлай қашпаған да болар еді, «Эне, сонау қыратта шаң бүркүратып тәтен келе жатыр» деп мұны еліктіріп екі әжесі мен атасының өздеріді. Солардың айтқаны мінс дәл келді: тәтесі машинасының әйнегін күнге жарқылдата зулатып келіп тентек жанына тоқтай қалды. Мына қызықты қара: тәтесінің жанында тағы бір тәте. Бірақ, бөтен. Суық қолын аузына қыстырган қара борбай сол бөтен тәтеге қатап қалған. Кабинадан түскен келіншек сәбиді көтеріп алып бетінен сүйіп жатыр. Одан машинаға қайта көтерілді. Бөтен тәте бұған күлімдей қарап, бірдене айтып жатыр. Үқпайды. Оның сөзінә өз тәтесі ғана күлімдеп қояды.

Сипат бұл сүйкімді сәби, тегі сіздікі болар, көз бітімінен танып түрмyn.

Тұңғышымыз.

Екінші кішкентайының да бар екен ғой?

Оның бесікте.

Мына көжекті қарайтын кісі жок-ау тәрізі үйінізде. Қын ғой бұлай.

Өз әжесі, менің көрі экс, шешем және бір әжей – төртеуі бірдей қараушы еді, айырылып қалған ғой.

Жұмыстан экесі оралар кезде, немесе, мені іздел осылай қашып шығатыны бар. Өй, ақмак, соның не? Біз өзіміз де келмейміз бе? – деп Сипат кейінгі екі-үш сөзін баласына қуле қарап өзінше айтқан.

Бұл көжекті маган берініз, алдымға ұстайын. Рульдегі сізге ынғайсыз болар. – Шырайлы жас қара борбайды өз алдына алды да қобдишасын ашып, сәбиге уысын толтыра әдемі ораулы конфет ұстартты. Шекесінен қараган бала көзі мына бөтен тәтеде. Неткен жақсы тәтеп деп отыр ма, кім білсін.

Машина шанжаулап қалған бес-алты үйлі ауылға келіп жеткен. Бөбекті қуа шыққандар содан едәүірден соң ғана оралды. Сол шамада басқа ауылдан оралған салт атты қыз да келіп жетіп еді. Сипат шешесіне самауыр қоюды тапсырып, өзі жанындағы кісіні ертіп Сүйіндік үйіне кірді. Сәнапаның кенжесі, қаладағы оқуынан жуырда ғана оралған Қамария ілтипатпен сәлемдескеннен бастап мына орыс адамнан бір көз айырмады. Шәкірт қыздың арайлы ажарынан бұл да бір хоштық, жылдылық мерей тапқандай.

Сәнапа, сізге міне облыстан келіп жүрген дәрігерді ертіп экеп түрмыйн. Біздің ауылда екі-үш күн болады, өзім қыдыртамын. Кішіпейіл, эйбат кісі көрінеді өзі.

Камарияжан, көрпе жай.

Дәрігер бұлар сөзін ұқпай, бәрінің жүзіне кезекпеле-кезек бір шама танданыс райымен қарап қоюмен отыр.

Иманжұзді бала екен, бір. Осының емі маган
конатындағы білінеді. Тіфе, тіл-аузың тасқа.
Казақша біле ме өзі?

Білмейді-ау деймін.

Алыстан дәрігер шақыртып, мына жаман
кемпір өмірінің күштісін-ай, деп отыр ма ішінен,
кім білсін? Бірак, оны да мендей ана тапқан шыгар,
демесі Ана сыйлаганның алдынан айы туады деген
бар. Демес.

Осындағы жасы кішілер «Сәнапа» деп атап
кеткен Сәнапраздың тап әлгі сөздеріне Сипат
сақылдан тұрып күліп жібере жаздал, ернін тістей
барып, жай күлім қағумен ғана тынды. Мына мейман
алдында сылайылық етуте тырысады. Ауылдың кей
жандарының мінезіне күліп кетсе қын гой.

Апырмау, осы баланың жүзі таныс сияқтанады
өзі. Емінен үлкен үміт етстінімді түсіндіріп айтшы
өзіне қарагым.

Сипат Сәнапаның әлгі сөздерін дәрігерге
аударып түсіндіріп берді. Төрдегі таза сырмак
үстінен көсіле отырган дәрігер күлімдей түсіп, карт
анага мейірімді нышанмен қаралбасын изеді. Сипат
байдарлауынша өзі Маргарита реңдес, тек онан
сұңғақ бітімділеу, иықтырақ сияқты. Ол шашын
әдемі тараң түйетін болса, сол сондай қонырқай
шашын бүйралап, бунакташ қайырган. Түсі
Маргаритадан акышылдау ма қалай? Ал, сүйкімді езу
тартысы, мейірімділік білдіруі онан жомартырақ
болуы да ықтимал. Бәрін аса жарастықты ізепсен

—
танаңады.

Аты кім екен бұл баланың?

Тараса. — дәрігер Сипатқа жалт қарады. — Мына әже есіміңізді сұрап жатыр. — Дәрігер тагы жымыңдап қойды.

Қай жері ауырады екен бұл кісінің?

Сипат Сәнапамен тілдесіп жөн білдіреді. Дәрігердің айтқандарын Қамарияда үшіп отыр, бірақ, тіл катудың реті алі келмей жатыр. Бір кездे ол кереуетке шешесіне төсек жайып берді.

Тараса тік қобдишасын ашып аспаптарын алған. Ақ халатын киді. Ана көкіргіне құс баулы тұтігін қойып тыңдайды. Оナン қеудесіне екі саусағын басып, екінші қолының саусақтарымен соның сыртынан тықылдатады. Соңан әрі арқасынан тагы әлгі ретпен зерттеу жасады.

Бұл кісіні рентгенге түсірсе тіпті дұрыс болар еді. Қеудесі былай, таза сияқты. Денесін сұық буза деп топшылаймын. Басы ауыра ма екен?

Ауырады қарагым, арқам сіресіп, кейде желкем сұтырлайтыны бар, бір тзуір шай ішкенде гана бойым жіпсиді. — Сипат пен Қамария Сәнапа сезін ақылласып аударып айтады. Дәрігер басын изеп, бірінші кезекте қолданатын емінің жайын білдіреді. Келісім бойынша Сәнапа әзелі жайланаңып тамақтанып алатын болды. Осы сәтті пайдаланып, Сипат дәрігерді тамақтануга өз үйіне алып кірген.

Шешесі Хая аекеүі шай жасағанша бесіктегі кішкентайды ақ шүберекке құндақтаған қалпында

Тараса көтерген. Олак ұстаудың байқап Сипат жымының қойды. Эйтесе де, өзі уілдей мәз болған бөбекке шүйіле, қоңыр жай бір әдемі зуенмен әлди бөбек жырын айтады. Соны есіктен байқай, РАЗЫМБЕТ АТАЙ, бағанағы қара борбай, Мәпішкеннің, Ақбаланың балалары – бәрі өзінше әлде не айтысып күлісіп жатыр.

Мейман кең отырсын деген ниистепен бұл үйдегі шайга қариялар кірмей, өздері бөлек, екінші үйде тамактанған. Тараса сыртқы үйдегі әңгіменің, күмбір-күмбір естілуін андал тамашалайды. Мына дәрігер жайлыш қариялардан жөн біліп, сол әңгімені қозғап отырган Ақбала екенін Сипат абылап отыр. Өз сезін Тарасаға қазактың бал қаймағын, ақ бауырсағын таныстырудан бастаган Сипат енді жөн білу орайына ойысқан. Тараса әңгімесін ілтипатпен тындаған Сипат сезімдері есіркеп-аяумен толқынып, шертіліп кеткендей еді. Іргесінде мөлдір тынық көлі бар бір хуторда туыпты мына дәрігер. Есейген шағында көл жанына бұл жиі-жій барап еді, су бетінде сәл ғана дірілмен түрган өз сүзесімен сөйлессер еді, әртінде жотага жамырай біткен жасыл бұйра, шынар қарагайлар бейнесін де сол көл бетінен көріп тамашалар еді, кейде сол орманға аулақтап кетіп, неше түсті гүлден алаша-тақия байлап басына киср еді. Сейткен ерке тотайдың экесі, екі ағасы соғыста жоқ болып кетіпті. Ағаларынан кейінрек қара қағаз келген. Ал экесінен әлі еш хабар білмейді. Аяулы анасын зар

иlegen топты жерлестерімен қоса азап қамауынан совет жауынгерлері азат еткен. Тараса эвакуациямен алыс тылға экелінген балалар үйінде болыпты, сонда интернатта оқыған. Енді міне дәрігер. Анасы мұны согыс біткен соң бірнеше жылда іздел тапқан.

Қазір ананыз өз қолыныңда ма? – деп сұрады Сипат.

Қолымда. Сіздің облыстың орталығында тұрамыз. Институт бітірген соң былтыр мәні Қазақстанға жіберді. Куанышпен келдік. А нам да, өзім де сіздің елді көріп-білуге асыктық. – Тараса осы бір сөздерді хош көнілде отырып айтқан еді.

Әңгіме солай созыла түсіп, Сипат өз жайларын да баян еткен. Осы ауылда Украинаны азат етіскең жауынгерлер еңбек ететінін білу Тарасаны мүлдем хоштандырып тастап еді, дәл бір көптен көрмей журген бауырларының оргасына келгендегі сезініп еді өзін.

Ана сыркат әжениң бағанагы қызынан басқа баласы бар ма?

Үл баласы да бар. Сіздің тұган жеріңізді азат етіскеннің бірі, сол. Төрт жылдан бері Алматыда окуда. Агрономдықта оқиды. Бұл күндерде басқа бір жерде практикада жур. Эйбат жігіт. Келесі жылы бітіріп шығады.

Жөн жасаган. Қарындасты бәдендес – ол кісі де шырайлы шыгар?

Шырайлы. – деп Сипат Тарасага көз сала жымышп қойды. – Қыздар осындағы сұрақ қоюшы

еді, жай сұрадыңыз ба?

Енді, көрікке көзі түскіш сол қыздың біреуі мен емес пе? Сұрауым ретсіз келді ме? – деп бұл да күліп қойды.

Жоқ, ілтипатпен сұрап білгеніңізге риза болып отырмын.

Әжесін кім асырайды?

Азын-аулак малы бар. Шаруасының бар жайы біздің мойнымызда. Білім алуга үмтүлған жасқа осындағы жағдайда қол үшүн бермесек ауылдастығымыз қайсы?

Өте дұрыс жасағансыздар. Тері, ракымдылық ата-бабаларымыздан дарып, сонан бірте-бірте мирас бола қалып келе жатқан асыл дәүлеттеріңіз бе деймін. Солай топшылап түйіп отырмын.

Силауменайттыңыз. Раҳмет. Рақымдылықышын асыл да, тозбас та дәүлест. Кейбір мактаншақтар болмаса, біз оны дара дарыған срекшелігіміз деуге үяламыз.

Тым кішіпейілділік етесіз, Сипат.

Сипат біраз ойланып барып сезін қайырды.

Рақымдылық қай халықтың болсын ең асыл қазынасы деп үғамын. Сондай ретте өзімізді төтенше санақ – жаңылысканымыз, басқаны күрметтемегеніміз болар еді. Иә, әлгі асыл қазынаны керек орайға жүмсай білу шын игінің басы болмақ. Халқымыздың перзенттері екенімізді сол ретпен гана білдірсек дейміз.

Жан сырларыңызды тап солай деп өзім де

топшылап танып отыр ем. Қайталап айтайынши: тым сыйайылық етесіз, Сипат. Пейілділіктеріңізге ризашылдығымды, сүйсіне қуанатынымды бүккім келмегенін ешбір артық санамауынды өтінем.

Сипат пен Тараса осылай әдемі де әсерлі сырласып еді. Екі халықтың ойымен өрелес қыздары солай сырласып, қанысып ұғысуына орай берген өміріміз рәсіміне іштей аса риза да еді...

Сыртқы үйден Сипат шешесінің дауысы естілді.

Сипат, қарагым.

Эу, апа, о не?

Қарагым, мына кішкентайды емізші.

Тарасага осы жайды айттып Сипат үйден шығып кетті. Дәрігер қыз керуеттен жоғары тұрган этажеркана, онан қызыл шұға оюлы-ақ тү斯基ізге тамашалай қарал біраз тұрды. Этажеркада неше қылыш кітап бар. Шағын бір кітапшаны түбіндегі жазуына үніле тұрып қолына алды. «Жұмагали Саин». Естігені бар. Сонау сұрапыл күндерде Украинаның мақпал топырағын алақанына салып сүйіп тұрып ант айтқан ақын жауынгер. Эттен, оки алмайды. «Не жазды екен? Бәлкім, Сипат жаңағана айтқан нәрлі ойларын, тамаша сымбатты сыйайылықты тап осы ақынның мынау өлендерде жатқан сезімдерінен тапқан болар-ау».

Ой үстінде тұрган Тараса сырттан Қамария' кіргенін абайламай қалған еді. Шәкірт қыз сыйын үнмен тіл қатады. Тараса он жақ қолымен қапсыра үялшақ қызды құшақтап қысты.

Апам тамақ ішіп жайланып еді, қазір біздікіне кіре аласыз ба?

Барам, барам, - Тараса кітапты ақырын орнына қойып барып, омырауы ақ өрнекті, көгілдір кофтасын түймелей бастады. - Сипат бебегін тамақтандыруға көрші үйге шықты. Келсін. Соносон...

Таңертең өзенге беті-қолын жуып оралған Тараса Сипатпен бірге Сәнапа үйіне тағы кірген. Әдейі шай жасап қойыпты.

Қарағым, тен-кұрбының алды бол. Кешегі шанышқан инең бойымды сәл жадыратқан сияқтанып отырмын. Қамарияжан екеуінде шай әзірлең отыр. Ал, жайгасындар. Бір лақ жесін бұл бала бізден.

Сипат аударып айтқан сөздерге Тараса мәз. Онымен ақылдастып Сипат Сәнапага қайыра жөн білдіреді.

Сәнапа, осындай келінің болса ғой, қандай әйбат болар еді.

Рас-ау. Бала болғанда өзі алтын да, мінезі өз дидарындей ақ жібек білем. Құлім қакқан көзі қандай мейірім таратады дессейші.

Сипат Сәнапа сөзіне езу тарта отырып, айтпак ойларын жалғай берді.

Бұл кыз, шайдан кейін тағы кешегіше ем жасаймыз деп отыр.

Рахмет қарағым, сейтсін.

Ал, лагыңызды қайтар жолда сойғызарсыз. Біз

бөгелмей ана ауылдарды аралап қайтайды. Бұған қалай қарайсыз?

Е, жарайды. Бірак, біздікінен қайтсе де дәм тататын болсын. Ана жакқа көп бөгелмегейсіндер.

Сәнапа үйінен шыққан соң бұлар онша көп бөгелген жок. Пішеншілерге әр үй берген пісі тамақты бұып-түйіп алыш жүріп кетті.

Түленіп түрленген жасыл жон таулар арасындағы ирелен, сзығ тармақты жолмен жук машинасы ызып келеді. Кең жазира Арқа табиғаты өз ажар-көркімен төтен көрініп, мына мейманды тамашалатқандай жайы да бар. Кейде қызы емшек, тік жұмыр төбелер ұшырап қалса, кейде жап-жалтыр мұз тасты занғар шындар кес-кестейді. Осылар арасы алуан-алуан құлпырысты көрініспен өсімдік дүниесіне малынып балбырап түр. Рақатты самалмен қоса есіліп ерен бір хош-жүпар тарапады. Тап осындай хош лепті сң тэуір делінетін духилардан да алыш көрмегеніне дәрігердің тандануы да жок емес еді. Кеудесін кере, рақат тауып тыныстал қояды. Баранканы үздіксіз алма-кезек қозғай отырып Сипат ыңылдалап салған «Бал Қадиша» зуені Тарасага төтен бір эсер бергені айқын. Енді мейманың қалауымен осынау ерке де, нәзік мұң-назды да энді шофер келіншек ашық та бік үнмен көтеріп, шалқыта шырқап кетті. Осы сүттің бәрінде Тараса үлкен қарақат көздерін Сипаттың балбыраған күрен жүзінен бір айырмай, сүйсінген ықыласпен қараумен болды.

Эніңіз мына дарқанның жұпар ауасынан да тез жетіп, бүтін бойыма шымырлай тарады. Соның мұндылау сазының бәрі көкейіме еніп алғып, шыңшың шертіліп түрган тәрізді. Неткен эн? Да, гажап. Жарыңызды әзірге көре қоймасам да, аса жарастықты тіршіліктеріңіз бар сияқты. Сіз неге тап әлгіндей екініш, опық назы бар эн айтасыз?

Халық эні, - деп бастап барып, Сипат Тарасаға қазак қызының өткендегі ескі тіршілік салтынан шеккен мұң-зарының тарихынан мағлұмат білдірген.

Бәссе, мұнды арудың мөлтілдеп тамған көз жасын, қол жетпес ыстық арманын, өзіндей аяулы жасқа деген сағынышын елестетеді мынау эн. Шіркін, әншілік өнер-ай. Бұл тек қана эн емес, биік ойлы, адам сыйлаган суретші салған, бояу ешбір өзгермес, мәңгі бақи жасайтын картина да. Өмір сүйгіштігінің ең асыл мұрасы. Соның осы әннен танып біліп, тіпті не заман бұрынғы болса да бейбак қызды қатты аяп-мұсіркеп келемін. – Тараса осыны айту соңында жүзіне сәлғана салқындық рай пайда болып, жай курсініп қойды.

Бір кезең алдына келгенде екеуі түсті. Аяқ астында қаптаған баданадай қызыл булдірген Тараса көзінің жауын алды. Сәл минуттар ішінде екеуі қызыл гүлдің тоқ шоғынданай болып көрінген булдіргенді колдарына сабагымен жинап та алған еді.

Осынан сол кейін бұлар қайта жүгіріп кетті.

Машина кезең үстінде шыққанда арғы кең жазықта жыптырлап жатқан маялар дәл аяқ астында тұргандай байқалып еді...

Екі-үш киіз үйлі пішенші ауыл бұларды мереймен қарсы алған. Тараса кабинадан бірден түсे қоймай, машина жанына жиналып қалғандар жүзіне жағалай шолып көз жібереді. Кек майға баттасқан қалпағын көзін көлкелей киген, майкеңең жас жігіт бұған таяй келіп қарап тұр.

О, қагынды сені көзіне іледі деп қарайсың ба? – жалпақтанып алған Мәпішкен Қалқашты қолындағы қәкпірінің ұшымен желкесінен нұқып қалды. Соны көріп, Тараса өзу тарта төмен қарал кетті.

Немене сонша, мына қызға еміне қалғанын қарасайшы. Эне, ол да саған ғашық бола қалды.

Ойпыр-ау, ей, танымайтын кісіні де қалжынға айналдыра бастадың ба, қазақша түсінетін бол жүрсе қайтесің? Ана бауырсағың күйіп кетпесін, қарасайшы, - деп Науан Мәпішкенді сақтандырып жатыр.

Е, қойшы, орыста мендей қатын жоқ деймісің. Мына ұл сол қызға шын ғашық, эне, қарасайшы.

Куда түс ендеше.

Түссе несі бар? Назым апамның бір сиырын, өзіміздің бір сиырды береміз де қуда бола саламыз. Тек өзің әке-шешесіне менің айтар қолқамды жеткізе білші, тап осы қызды екеуіміз қолынан жетектейміз де қайтамыз.

Мәпішкен сөзінс бәрі күлді. Мына құлқінің мәніне түсіне алмай, әркім бетіне қараган Тараса аң-тан.

Кузовқа шығып ауылдан келген тамақты алған Ғазіз қайта түскен. Сипат оң жақ кабинаны келіп ашып, әлде не айтып, Тарасаны жерге түсірді. Тарап кеп ғазіз ілтиплатпен сәлемдесіп, Тарасаның ақ сүйін қолының сыртына еңкейе ернін тигізді. Жігіттің ізеттілігін таныған қыз да иіле хош пейілін білдірген. Ас-су жайымен кері айналып кетіп қалмаганда Мәпішкеннің мына жайды біраз тагы қалжыңға айналдырыры белгілі еді. Ғазіз артық болар ондай қалжыңның болмаганын теріс те көрмеген сиякты.

Еріміз осы жігіт, - деп таныстыруды Ғазізді дәрігерге Сипат күлімдей тұрып. – Ал, мына кісіні Ғазіз сіз де біліңіз: - дәрігер Тараса Литвишко, біздің ауылдың сырқаттарына жәрдем тигізуге келген, мен аралатып журмін.

Күрмет тұтамын сізді, ага боларсыз.

Ризамын қарындаас. Аты-жөніндеге қараганда Леся Українаның жұрагат-сіңісі боларсыз. Қадірлі еліңіздің дәм-тұзын сонау соғыс кезінде татуымызға тұра келген. Күн ыстық қой, Сипат сізден өтінемін, қарындасты үйге кіргізіңіз.

Рақмет, ага. – Тараса ауылдың мына сом білекті, сұнғақ бойлы, тықыр бас тракторисінің шырайын қайта шолып, ізетін сыпайы білдіруінен мәдениеті барын бірден үғып риза жайда еді. Сипат екеуі

үйге беттегенде әріден құлап кеп, сырттагы екі-үш трактор жаңына тоқтаган төртінші – шаңырақ дөңгелек трактордан түскен қызыл орамалды жас әйелді көрген.

Сипат, анау келген орыс қызы-ау шамасы? – деп сұраған еді Тараса.

Ол кісі – жаңа өзіңізге сырттай тұрып сәлемдескен Ирих Цвейг дейтін жігітіміздің келіншегі – Маргарита сұлу.

Дұрыс түсіндім. – Тараса ақырынға үн шығарып күлді. – Ағайындақсан тіршіліктеріңіз шын көнілді екен...

Мәпішken үш үй пішенишілердің бірдей аспазшысы. Үй-үйде қазір бәрі шайға отырысқан. Элгінде ғана емізген бөбекін Науанға берген Мәпішken қазір алдына дамылсыз жеткен кеселерге таңдақтанған ақ қаймақты бетіне қалқытып, күп-күрсөн шай құйып, иелеріне қайта ұсынады. Жол-жөнекей шөліркеп келгенін Тараса шай ішү үстінде ғана сезіл отыр. Пішеннен келген Науан мен Ғазіз, Қалқаштар терлең тепшіп шайды ұзак ішті. Ашық есіктен Тараса табигаттың ерен бір панорамасын көріп, көз алмастан тамашалайды. Эріде селкілдегендей білініп, көк сенгір тау көрінеді. Соңан беріде жалғасқан жасыл сырт, ұсак, бұдырысыз тәбелер жатыр. Ал, мына ауылға тиіп тұрған екі-үш тәбе іргесі жалпақ көк шалғын. Сол ну шөп арасында жасырынып аққан асау бұлактың сүлдіры естіледі. Сазға бырбық біткен үйірім-

ұйірім талдар жапырагын ақырын сыйбырлатады.
Солар басында бір үшіп – бір қонып ала жон,
қалақша құйрық сауыскандар жур.

Үй сыртынан арба салдыры естілді. Тысқа
шығып келген Қалқаш:

Никаң келді, - деп хабар етті.

Жақсы болды, солярка таусылуға таяп еді. –
Ғазіз май тасушы Никаңның дәл жеткеніне қуанып
калғанын білдірген.

Сәлден соң үйге пүшпак беркін айналдырып
киген, шапаны желбегей күйі арық жүзді, бойшаш
қария кірді. Тараса оның жөзіне аяу сезіммен біраз
қарап отырып еді. Амандықтан соң қолын шайып,
аппақ сақал-мұртын соза сипаган Никаң Науан мен
Тарасаның аралығынан кеп шайға отырды.

Сипат, қарагым, кеінс естіп ем, әлгі дәрігерін
осы бала ма?

Иә, ата.

Мен бір жөтсліңкіреп жүргенім, соган дәрісі
бар ма екен?

Сипат айтқан жайға Тараса басын изеп жауап
білдірген.

Сәлден соң Сипат Тараса сыртқа шықты. Ілесе
шықкан Қалқаш Сипатқа бір жайды ақырын айттып
білдіреді.

Тәте, мен мына кісіні шырамытып түрмүн.

Қойши, келіп отырганы осы, қалай
шырамытасын?

Жок, шын айтамын тәте. Рас, өзін көріп

отырғаным осы. Бірақ мен бір суретті тұра осы кісіге үқсататын сияқтымын.

Қандай сурет?

Қамарияның альбомын көргеніңіз бар ма?

Асығып отырып бір қарап ем, иә, сонда бір жастау орыс қызының суретін көрген сияқтымынды. Қой, бұл кісі болмас. Өзің үндемей жүріп қызы альбомын ақтарасың екен-ау.

Қалқаш құлағына дейін қызырып төмен қарап кетті.

Көрші үйлердегі жұмыскерлер далага Сипаттар ілгері жүрмекке айналғандаған шыққан. Комбинезонын тастап, жеңіл көйлегін киіп шыққан Маргарита меймандарға келіп амандасты. Тараса екеуі бір-біріне сүйсінгендей бір сәтке қарасып, тілектестік жайларын ішпен біліскендей сіді.

Кішкентайыңыз бар ма? – деп сұраған Тараса онан.

Екі кішкентайымыз бар. МТС басында, әжем көлінде.

Сізді сағынады ғой олар.

Аптасына бір рет мына Сипатқа ілесіп барып кеп жүрмін. Колхозға көмек те қажет, біз жәрдем етпесек, кісі қайдан келеді.

Оныңыз өте жақсы. Өнеріңізге риза болып, жайыңызды бағана Сипаттан сұрап білдім.

Елегеніңізгер ахмет. Тым асығыс болмасаныздар, бүгін бізге мейман болып кетініздер.

Эзірге үміткер бола тұрайық та. Бір сырқат кісіге

баруымыз керек еді, соган асығып тұрғанымыз рас.

Онда жолдарының болсын айтудан басқа не дей аламын.

Көп раҳмет. Кейін кездесуден үміткер болысайық.

Құп. Өте күтемін.

Осынан соң Тараса Ниқанә дәрі беріп, Өміргалының сырқырай беретін ақаулы аяғын байқады. Өміргалы дәрігер сөзін естіп сәл қабагын шытып қойды.

Сонау соғыстың қырсығы менен әлі шықтай жур. Енді мына кішкентай осколканы алдырып тағы журуім керек, э...

Пішениші ауылынан шөл қандырып, біраз жан ракатын тапқан жолаушылар машина моторындағы сәл бір ақауды Ғазізге ондатып алғып, қайыра жолға шыққан. Жарты сағаттай уақытта бұлар көгал арасындағы, көмессілене бастаған баяғы жайлай жолымен лылышп жүре отырып, ұсақ адырларды етектей бытырлап жатқан қалың отар қойға келіп жеткен. Кері серпілген қой шетіне жетіп тоқтаған машинаға атын жетектеген, қартаң тартып қалған, ірі бітімді әйел келіп жетті.

О, айналдым Сипат, сен бе? Аманбысың? – деп қойшы әйел мұны құшақтап бетінен сүйді, - Мына бала кім?

Дәрігер. Ағаға алғып келемін.

Орыс халқы ағайынның бәріне бірдей пейілді, ракымды деуші еді Ғазіз, соның бір ару баласы

екенсін. Алыстагы шет ауылда ауырып жатқан қойшы ағаң Дәлмаганбет бар деп келесің-ау. Келші, сенің де бетіңен сүйейін, - деп қойшы Тарасаны да құшақтап, екі бетіңен кезек-кезек сүйді. – Мына имандай ажарыңнан ата-бабаның сол асыл нышанын бірден-ақ танып білдім қарагым. Балам құралпы екенсін өзі. Эйел бала болғанын мұндай жақсы болар ма, үл болса мендей көріге бетіңен өмірі сүйтізер ме? Жасын ұзак болсын, қалқатай.

Тараса сөзін ұқпласа да, мына ана адамның өзіне төтен мейіріммен актарылып еріп кеткенін ұтып түр. Сонан жүзінен бір толқынысты арай да пайда болған. Оған Сипат Ағиян жеңгесінің әлгі сөздерін айна-қатесіз аударып жеткізді. Тараса сонша риза.

Бұл ана да тура менің шешем мінездес екен.
Не дейді?

Сипат Ағиянға Тараса сөздерін түсіндірді.

Сені тапқан шешене ризамын. Аман болсын әмен. Біздің үйден шешене сәлемдемеге құрт-ірімшік апар, қазактың қойшы эйелі сәлем айтты де.

Аударып түсіндірген соң Тараса күлімдей, Ағиянға басын изеді.

Сөйт айналдым. Ал, қазір біздің ауылға тартындар. Анау Сымтас қой. Қойды айдал мен де жетейін. Ал, тартындар...

Койлы ауыл жайдакқа жайылған жасыл кілем үстінде отыр екен. Қақ алды кішірек көл. Арғы беті жартас. Сол көлдің бір жиегіне тараала тұрып тас

атып, оншакты жылқы жүздірген балалар көрінді.
Тараса қалау айтып машинаны жағаға тоқтатқызыған.
Өзі кабинадан жерге түсіп, бері беттеп жүзген
жылқыларды тамашалап қарап тұр. Жануарлар,
су бетінде қаздиган бастары ғана елестейді, жи-
жие пыскырынғаны естіледі. Қылтылдан кейде
қыр арқарлары елес беріп кетеді. Солардың ескін
екпінімен жан-жаққа таралып таңдай-таңдай
толқын кетіп жатыр.

Осынау елесті көріп тұрып Тараса Сипатқа
басын шайқай үн қатады.

Мына картинаны көріп тұрғаным бүгін. Сіздің
ауылда тіршіліктің не алуан өзінше әсемдігі бар.
Сол мені тұган жерімдей ынтықтырып тартады.

Осы тіршілігімізді енді қолдан қосатынын
қосып, өркен жолымен көріктей түссек дейміз.
Оған өздеріңіздей ізгі жанды кісілердің жәрдем
көмегі қажет-ақ...

Қолымнан келері болса сөзсіз қосар ем.

Біздің ауылга біржолата келмейсіз гой?

Тараса бүған бірден жауап тауып айта алмай,
ойланып қалды...

Бұлар Дағамбет үйіне кіргенде ауғын ауыл
адамдары осында жиналған еді. Балаларда, үлкендер
де мына дәрігерді тансықтап тамашаласады. Өні
сурланып, жадау тартқан сырқат Дағамбет
кымтына киінген күйі төсектен басын көтеріп,
Сипат арқылы дәрігермен тілдесіп отыр. Бір ауық
ол ерсілі-қарсылы жүріп селтең қаққан балаларға

зекіп тастады.

Түгे, кісі көрмегенсіндер ме, ұят емес пе, сый кісі отырганда бұл не, маза кетіргендерің. Бар, тысқа ойнандар, эйтпесе, мына кісі арқаларыңа ине шашшады, естисіндер ме.

Балалар есіктен қабаттаса, асыға шығып зытты. Дәлмағамбеттің сырқаты жайлыштағы қозғалған кезде Ағият да келіп кіріп еді. Кимешегінің сыртынан байлаған, күн жеп қуандаган жұқа қоныр шәлісін, желбекей киген кең костюмін шешіп, ши аузына жүрессінен отырган бойда әңгімеге құлақ асты.

Басы айналып ауырады, көп күндер ұйықтай алмай да жүреді.

Көзі қарауыта ма екен?

Солай көрінеді.

Қымыз ішудің артынан қандай күйге түседі екен?

Ішіме қымыз жағуды, дейді. Бірақ, көбірек ішуді көтере алмай, тіпті кейде ұмытшақтанып қалатын көрінеді. Ал, қою тағамнан жас ет сіңіп, сүр ет ауырлау тиеді, дейді. Сарайын ашып, жақсы шай ғана біраз жадыратады екен.

Арақ іше ме екен?

Жакпайтын болған қазір қойыпты. Кейде бөтелкө есіне түссе ішінде иреленденеп жылан жүргендей көрінеді екен.

Бұрын ішкен гой?

Карагым-ау, бұрын ішкенде, картаның сонына

түсіп, күні-түні бірдей аузыңы құргады дейсің бе. Айтушы ем, түбіне жетеді деп, энс сол келді. Тыңдады ма онда. Өмірдің бар қызығы сол арақ деп білді емес пе.

Сақалы көйтен қырылмай, солыңкы тартқан жағында алатубіттеніп кеткен Дәлмагамбет шүнірек кезін әлсіз қадай, әйеліне ренішпен қарайды.

Байғұс-ау, мына балалардың алдында ұятқа қалдырмай, койсайшы. Мен дүшпаның бе едім, өткенді сонша актарып, не мұның? Кім ауырмайды.

Байғұсым, енді ұялып отырмын де. Өмірге пайда тигізу үшін алдымен адамша өзінді-өзің қадірлеп-сыйла дегенді тыңдауың керек емес пе еді? Енді ғана сыпайы болғың келеді, - деп Ағиян ескі ренішін андатып, ерінің бетін қайтарып тастаган. – Енді қайтейін, өзің-өзі ауыртқанға қалай ренжіmessін.

Ерлі-зайыпты адамдардың әлгі сезінін сөресімен Сипат дөрігердің жаңағы құрагына сыпайылап жауап қайтарады.

Артығырақ ішіп жүрген кездері болыпты.

Тараса үй иелерінің жүзінен салқындық таныған. Білмек жайларына сырқаттың жауаптарын естіген соң қобдиын ашып аспалтарын алды. Дәлмагамбеттің сыртқы киімдерін тастатып, оң білегінен орау салып, өзі бір қолымен түтікшениң ұшындағы торсығын басып-басып қысады. Сәлден кейін тоқтатып, градусник тәрізденген приборга қарады. Тіл темір кері серпіле ытқып кетті. Сонан бір сзызықша белгілерге жетті де тынды. Тараса

соган үңіліп Сипатқа түсінік айтады.

Қан қысымы мына кісінің жасына қажеттісінен төмен.

Онан тамырын ұстап, градусник қойды.

Бәрі де қуатының кемігенін білдіреді.

Сипат бұл нәтижелерді үй иелеріне баян еткен.
Өзі түбі адам бола ма?

Бұл сұраққа Тараса күлді де, жауапты сәл ойланып барып білдірді.

Корықсаныз, ана. Емделу қажет. Алдымен жағар тамақ ішү жағын ойласу дұрыс. Бұл кісіге овошъ керек. Ол бірден табылмаған ретте поливитамин алғызып, бірнешеуден соны күніне үш мәртебе сорып отырса да теріс емес. Мәпсиге құмар балалық шағын есінегінде түсірсін. Етті әзірге – тыйланғанша аз және көп қайнатып жесүтеғана болар. Тауық еті дұрыс келер еді. Тамақ сіңіретін қуатын үздіксіз ішкен арақ қүйдіріп тастаган. Сут, қатық ішсін. Ақ ірімшік те жақсы. Осы шарттарды сактаса былай айығып кетуі де ықтимал.

Сипат Тараса кесеңін білдіреді. Дәлмагамбет те, Ағиян да басын ізеп ризашылымын тындасты.

Жүргі ауырмай ма скен?

Сыздайды, дейді. Кейде алқынатын көрінеді.

Солай болар. Бәрі жаңары жай белгісі. Соносон ғыл мінде үнсімі қынтанған бермесін. Біраң денеге жағар салқындық, ара-тұра өздігінен қозғалып жүру көп дәріден пайдалырақ. Ал, лайықты дәрігерлерге мен рецепт жазып беремін. Оны Сипат, сіз өзініз

жеткізіп, қалай пайдаланарын жазылу ретімен айтып берерсіз.

Күп. – Сипат осынан әрі Дәлмағамбетке дәрігердің қорытынды кеңестерін ұқтырды.

Рас, денем кейде бір салқындықты сүйеді.

Е, денесң сүйсе, көл мынау, бір мезгіл суга шомылып отыр.

Тұбі осы баланың айтқанының бәрі саған шипа.

Ұғып ал. Енді жалғыз тамшы арақ ішсөң – жоқсын.

Атама, - дейді зайыбына Дәлмағамбет, - кәпір өлімнің атын.

Ал, мен тамаққа кірісейін, Сипатжан, сен қол ұшынды бере гой. Айтпақызы, бұл дәрігер әлті Сәнапаны көрді ме?

Екі-үш рет тұтік инемен дәрі етіп еді, жайлыш тиді деп отыр.

Садағаң кетейін бала скен өзі. Бәрін қалай дәл біледі. Шіркін-ай, деймін-ау Сипатжан біздің ауылға осындағы бір дәрігер-ай, ә?

Сипат пен Ағиян жер ошаққа қазан асып, самаурын қойғанша Тараса балаларды ертіп көл жакқа кетіп еді. Төніректегі тұс ауған шақтағы мамыр тынысты жайға көл жиегінде ақ білектерін жауа отырып назар салады. Ал, балалар мұны тамашалап, өзара сыйырмен әлде не айтысып жымындастып кояды. Дөп-дөңгелек айнадай тынық көлдің қарсы жағасы шоқ-шоқ тас аркалы жота. Соның ойықтау сайында актылы қалың қой үйездейді. Арғы жаға қазіргі сөтте сол көрінісімен

көл бетіне әсем сурет болып түсіп тұр. Тарасаның хоштануы көз тоқтатып отырган жайы осы еді. Бір сәт дәл алдында жаркылдай шолп еткен қайранға қараймын деп, тұнық су бетінен өз сөулесін көрді. Ап-айқын. Қырга келгелі ақ дидары сәл қүренітіп толына түскендей танылады.

Бір шамада балалармен бірге көлді жиектей, жай қыдырып жүрген Тараса жанына Сипат та келіп беті-қолын жуып алды.

Бүгін қайтамыз гой? – деп сұрады Тараса.

Қайтайық. Қазір шай ішеміз. Ауыл дәстүрі бойынша артынан сыйлы мейманга арнап сақталған дәмді етін береді.

Әйтеуір мейман келер деп сақтай бере ме?

Жақын адамдарына да, қадірлі мейман келіп қалса деп сақтайтыны да болады...

Бесін ауа меймандар шопан үйімен қошайтысып, ауылға сұыт жүріп кеткен. Ағиянның тіршілік тарихын жол-жөнекей өзара бірсыныра әңгіме етісті. Ер көнілді, жомарт жанды ауыл эйслінің бітімін Тараса әрі қайран қалумен, әрі сүйсінумен айтып, слдің мына алыс қырдағы қамалының берік бір қазығы есебінде бағалап келеді. Берген сөлемдемесін ұсына отырып, шешесіне бұл кісі жайын өзінше бір дара әңгіме етпек ойын да білдіреді...

Ымырт әлегінде далада секендер маздаған жарық ауыл иттерін дүрліктірген. Бес-алтауы абаласа жосып, ауылдан әлі біраз әріде келе жатқан

жолаушыларға жеткен еді. Енді үрмей, машинаға ілесе зулап, пәрменімен қайта жарысып келеді.

Үйлер іргесінен от сәулесі елестейді. Сәнапа үйі алдыңдағы жер ошақты бәрінен де айқын көрінген. Сипат машинаны тоқтатысымен тез түсіп, Тараса отырған жақтағы кабина есігін келіп ашты. Бұларға алдымен үшырасқан Сипаттың шешесі Хаяу еді.

Аман-есен оралдыңдар ма, балалар?

Бәрі де жақсы болды.

Дұрыс-ақ, Ал, енді мейманыңды Сәнапаның үйіне запар, малын сойып күтіп отыр. Сөйтте, езің мына кішкентайды келіп еміз, - деп екі қолымен омыраулай көтерген бөбекті мезгеді. – Сүт бердім, ақ ірімшік қайнатып бердім, аш емес. Бірақ, бірде-бірі әзір өзінің ақ торсығындей бола ма. Ауық-ауық жылап қояды.

Күп, апа, сөйтейін. – Сипат шешесіне қысқаша гана жауап айтып, онан әрі Тарасамен тілдесіп кетті. Осы кезде бұлар жаңына Қамария да келіп жеткен еді. Үшеуі енді Сәнапа үйіне беттеп келеді.

Емдегенге ақы тілегендей, осынымыз лайықсыз болып журмес пе? – деп Тараса Сипатқа ойын ақырын гана айтты.

Жоқ, атамаңыз. Қайта, шакырганға бармай кетсөніз әбес көрінеді бұл үлкен кіслерге.

Жер ошак жаңында жүрген Сәнапа жастарды ықылас таныта бастап экеп үйіне кіргізді. Сипат сәбиін емізбегін білдіріп қайта шыққан соң Тараса Қамариядан жөн сұрады.

Бабушканың көніл-күйі қалай Қамарияш?
Өте қуанып отыр. Өзін әжептәуір женіл сезінеді.
Тағы біраз укол берсе деп тілейді.

Жасаймыз, бұрсігіні қайтқанша тағы төрт-бес
укол беруге әбден болады. Бұгін жатар алдында
тағы біреуін жасармыз.

Қамария сырттан кірген анасына әлгі жайларды
түсіндірді.

Әркені өссін де... Ал, шай жасайын ба, әлде
Сипат келгенше әңгімелесе тұрасындар ма?

Әңгімелесе тұрайық...

Сәнапа қазан жанына қайта шығып кетті.

Тараса қошқар мүйізден тігілген көк атлас
көрпені қолымен сипап көргенше Қамария стол
үстіне қызыл барқытпен қапталған альбомын
әкеп қойды. Тараса соның алғашқы бетін ашып,
интеллигент жігіттің жымыспен түскен үлкен
портретіне кірпік қақпастан үніліп қалған.
Мына Қамариядан аумайды. Оナン өзгешелігі тек
толымдылығы, бүйралап қайырган шашы, қыры
сынбаган кара костюмі. Ақ жібек көйлегінс ыншайы
түйген гүлді галстугі эсем жарасып көрінеді.

Қырланып келген мұрны, күлімді өткіз көзі,
тұгастай бет пішіні ерге тән ірілікпен байқалса да,
мына Қамария текті арайлы албыр ажармен елестеп,
бөтен кісінің өзіне жақыныңдағы жылылықпен
тансылады.

Біздің ағай, оқудагы Сүйіндік осы кісі.

Өздерің сұлу жандар екенсіндер Қамарияш, -

деп Тараса қыз жүзіне мереймен күле қараган еді.

Қамария бір қолымен иегін таяна отырган бетінде езу тартты да қойды. Бір сәт ол алдындағы керосин фонарын жарқыратынқырап қойды. Тараса осы алғашқы бетті сәуірден соң барып аударған. Екінші қағазда беті жұқа қағазбен буркелген суре бары білінді. Қамария өзіне неше жылдан таныс бұл суретті тап осы отырган дәрігерге үқсата береді. Бар айырмасы суретте жас қыз, ал, дәрігер әлі ерге шықпағанымен жиырма бестерге қараган кісі.

Қамария Тараса жүзіне көз алмай қарай, «Не дер екен» деген оймен отыр. Ал, Тараса аялап ұстаган мына суретті көрер алдында бір толқыныста отыргандай еді. Эйтесір қыз суреті екенін андайтындей. Бірак, «Қамария ма, жок, ағасының ұнатқан қызының суреті ме» деген екі түрлі ойы тайталасады. Өз көнілінше, жігіттің сүйіктісі болмай, Қамария болгай деп тілегендей.

Міне, ақ сүйір саусактарының ұшымен жұқа, шытырлақ қағазды ақырын шымшып ұстай көтере бастады. Басына гүл алқа-тация киген, ою омыраулы шымқай ақ кофташа китен жас қыз суретіне көзі түскен бойдан Тараса альбомды тастанап жіберді де, екі қолымен екі шекесін баса таңданып, Қамарияға кадала қимылсыз отырып қалды. Тек әлден уақыттан соң барып қана тіл қатты.

Бауырым, Қамарияш, мынау мәнін суретім ғой.
Сендерге бұл қалай келген, ә?

Ағатайым майданнан қайтқанда ала келген.

О, гажап. Менің суретім кішірек болушы еді. Оны экем майданға аттанарда қалтасына салып ала кетіп еді.

«Эке, мұны қайтесіз?» - деп сұраган см мен онан.

«Уай, қызыым-ай, сен менің күнім емессің бе. Соны білмейсің бе? Ауық-ауықта окопта сенің суретінді қолыма алыш қарап отырмақтын. Сені көріп отырганым – туган жерді көріп отырганым болмақ. Сенің дидарыңдан маган Отанымыздың ыстықтығы білініп тұратын сияқты. Энс, сол үшін керек» - деп ол осы суретті блокнотының арасына салып алған еді. Сөйткен экемнің өзінен әлі еш хабар білмейміз. Ал, сол суретімізді сіздің үйден көріп отырмын. О, гажап.

Тараса өні құбылып, сәбішіе аузын кемсендеп, ықылықтай жылап жіберді. Шырайлы, толықша бетінің үшінда мөлдір тамшылар жорғалайды. Екі қолымен шекесін қатты қысып алған қалпында әлі отыр.

Тараса, қадірлі Тараса, қойыңыз, өтінемін. Мен булдірдім-ау. – Қамария аузына жөні түзу сөз де түспей, қатты абыржып қалды.

Кішкентайын көтеріп сырттан кірген Сипат, оның эке-шешесі: Хая, Разымбет және Сәнапа – бәрін мына күтпеген жай мүлде қайран қалдырган еді.

Ойбай-ау, мына баланы жылан шағып алған жоқ па?

Жоқ.

Элде сен шошақай қыз сөйлесе білмей, тіл тигізіп алдың ба?

Жоқ апа, басқа...

Енді не болды?

Үлкен кісілер отыра алмай, Тарасага қарасып, іштей әбігер күйі тұр. Разымбет атай шертермін деп ала келген домбырасын жүк алдына сүйей салды. Сипат бөбекін шешесіне беріп, Тараса жанына, атлас көрпе шетіне келіп отырды.

Сүйіктім, сабыр ете көрініз.

Жарайды, - десе де Тараса әлі өксігін баса алмай отыр.

Қайранбыз, білуге болар ма, мына жайдың сырын?...

Тараса альбомды ашып, Сипатқа өз суретін көрсете отырып, жаңа айтқан жайын қайыра баяндап кеткен...

Не дейді қарагым, Сипатжан?

Үлкендерге Сипат есіткен әңгімесін қайталап берді. Аяқ үстінде тұрган бойларында Сәнапа да, Хауа да көздеріне жас алып, кимешектерінің бет-аузыздарын сұртіп қояды.

Осынан соң бәрібір үнсіз күйге түсті. Эрқайсысының әредік күрсінуі ғана естіледі.

Қамарияш, сенімен нағыз бауыр болып шығып отырмыз, бері келиші, - деп Тараса өзіне таяп келген қызды кекірсегіне баса құшактал алған еді. – Тері дәймін, біздің әкей жайынан сенің ағаңың қандай да болсын бір хабар білуі ықтимал той. Ол туралы

энгіме айткан кезі болған жоқ па?

Ондай әңгімесін естігем жоқ. Тек осы суретті жақсы сақта деп қана тапсырды...

Рұқсат болса, маган ағанының адресін жөне, және бір суретті бер, ол кісіні мен қайтсем де іздең баруым керек. Экемнің жайын сұрап білуім керек қой. Қалай көресің?

Қамария дәрігер өтінішін шешесіне білдірді.

Бер қарагым, басқа бүйымтай болса, үалмай тағы да айт де.

Тараса ананың мына акпейіл сөзіне сәл езу тартты. Үлкендер осынан кейін жамыраса сойлесіп, мына дәрігер қыздың өзі, экесі, анасы жайларын аял мұсіркеумен әңгіме етіп кетті...

Сипат Тарасаны үшінші күні түстен кейін шығарып салғалы жатты. Бұлар машинаға отырғалы жатқанда Сәнапа да келді.

Сипат қарагым, мына баланың мәңдайынан сүйсем әбес көріп журмесс пе екен?

Тараса Сипат түсіндірген сөзге ризашылықпен жымыған. Өзі Сәнапаның колын алыш түршіл бірнеше сөз айтты.

Апа, енді сырқатыңыздан айыға бағтарсыз. Осы Сипаттан аудан орталығынан дәрі тауып беремін. Кейінірек тағы бір келіп білермін, - деп түр бұл кісі сізге. – Қамария шешесіне дәрігер сөзін жеткізген.

Осынан соң Сәнапа Тарасаны мәңдайынан сүйіп, бақытты болуына тілек білдірді. Дәрігер ауылдың жиналған барша адамымен тіпті балалармен де

жагалай жүріп қол алысып қоштасты.

Жол-жөнекейде Сипатқа:

Эйтеуір облыс орталығына қайсыныз келсөңіздер де біздін үйге соқпай кетпегейсіздер, өтінемін Сипат. Адресіміз Қамарияда жазулы. Өзім сізге барған соң хат та жазармын. – деп Тараса тілегін қайталап білдірген болатын...

Сонан айдай өттіме немесе, ғазіс облыс орталығына пленумға келген. Ұзакты күнгі уақыты мына ыстық шақта көппен бірге жагалай қызыл барқытпен іштелген, қоңыр салқын кен залда өткен. Ауылдағы жайға енді бұрынғысынша алаң бола қоймайды. Өзі осындағы жиындарға кеткенде бригаданы Қалқаш тапжытпай-ақ жүр. Жұмыс қазір екі үдай. Шөп те жүріп жатыр. Енді соган егін орағы жалғасқан. Бұл жағында көш басында Науан, Ирих, Маргариталар, Сипат дамыл таппай, осы үдай топтын бірдей қолқанаты бола қажетін ашады. Бұл күндерде көбінекей таситыны – жанармай, астық. Колхоздың екі ғана жүк машинасы болса да, соның өзі баяғы пәленбай қосар өгіз-арбасынан артық. Екі шофердің барапасы бір қозғап айналдыруының өзі өгіздерге жаз бойы бишік бұлғандатқаннан әлдеқайда үтимды.

Ақ көйлегінің түймелерін ағытып тастап, көщеде терлең-тепшіп келе жатқан ғазіс осындағы бір ой үстінде еді. Жан-жагы ерсілі-карсылы ағыльшы өтіп жатқан кісі. Қалалы жерде жылдың барша күнінде осынан бір толас болмайды. Бір

—
сэтте әлдекім оны білегінен үстай алды.

Өй, Сүйіндікпісің? Аман ба? Қашан келіп қалдың?

Өзің де саумысың? Ауыл аман ба? Поездан түсіп келе жатқан бетім осы.

Газіз қуаныш қалды. Тотыға қарілезденген жігіт дидарына шақырайған күн астында сығырзя көз тастап, жайын әлі сұрап жатыр. Ол да мәз. Чемоданын жерге қойып, қалтасынан орамалын алды. Енді тершіген бетін, желкесін ыса сипап сүртеді, біресе бетін желпіп қояды. Ши шляпасы шетінен шымшып үстеган күйінде екінші қолында.

Иә, практикаң бітті ме?

Бітіріп қайттық. Енді өздеріңе – ауылга асығып келемін. Не жаңалық бар?

Сағындым дейсің гой?

Енді? Бір жылда қалай сағынуға болатынын білесін гой.

Білем, білем.

Біздің үй аман ба? Апамның денсаулығы қалай?

Тегіс аман. Сәнапа ептеп сыркаттанып жур еді, Сипат бір дәрігер ертіп экел, содан бері жақсы бол қалды.

Өй, рақме-ет. Кыста отын, шөбін жинап беріп, таршылық көрсетпесіндер, естігем.

Өз жанымызға алып, бәріміз бірдей кол үшін, береміз. Алғысын Сәнапаның өзі-акжеткізіп жатыр. Сен бізді мына окуынды ойдағыдай бітіруінмен қуантар бол. Жарай ма?

Сүйіндік жай күліп қойды.

Енді бір ғана қыс қой. Соносоң қолдарында дей бер.

Болты. Ал, бұл жерде тұра бермейік.

Кеттік. Гостиница дамысың өзің?

Иә. Ертең қайтамын. Сенің мұнда бөгелетін шаруан жоқ шығар?

Жоқ. Қазір десен де әзірмін.

Сипаттың бір досының үйіне кіріп-шыға қояйық. Берген хаты бар еді. – Ғазіз соны айтып, Сүйіндікке қарап қойды. Кірмек шаруасы осының өзі жайында екенін көшеде әнгімелеп уақыт алмайын деген ойда еді. – Соносоң кемпірлерге бір шай, өрік-мейіз тауып алармыз.

Болсын.

Ал кеттік...

Екі жігіт қатарласқан зәулім, ала бел, курсен үйлердің біріне кіріп, жогары этажға көтсірілген. Ғазіз блокнотына үңіліп есік сыртындары кнопкани басты. Іште шырыл естіледі. Сәлден соң есік ашып шыққан жас эйел күтпеген қонақтарды қымсыныңқырап қалған еді.

Уо, Ғазіз ағай, кіріңіз, кіріңіз. – Пейілімен сипайы үн қатқан сонау эйел бейнесі Сүйіндік көзі не әлденеге оттай басылып, жүрегі бұлқынып кеткендей болды.

Екеуін органды бөлмесіне бастап экелген соң үй иесі бүрын жүздеспеген жігітке шыраймен бір сәтке қарап қалған еді. Мұның да көзі сонда.

Ақ манарадай мына жағының Сипатқа дос болып шыққанына Сүйіндік іштей сүйсінген.

Сіз – Сүйіндікіз ғой, таныдым.

Жігіт абыржып калды.

Біз Қамариямсн бауыр екенімізді білсіп айттыстық.

Сәнапаны емдең қайткан дәрігер – осы қарындас. – Газіз Сүйіндікке әсем жасты солай таныстыруды. – Өзін де бұл кісіні білуғе тиістісін.

Апыр-ау, сіз, қай үлттың баласысыз.

Украинкамын, - деп айел жымиды.

Токтаныз, токтаныз. Сіз, сіз Тараса дейтін қызын апасы емессіз бе? Жаңылсам айып етпетейсіз.

Бұрын өзі едім, қазір апасы екенім рас, - деп үй иесі тағы күлімсіреді.

Қалайша? Ұға алмай тұрмын айтқаныңызды?

Үкласаныз, сізге бауырластық жолымен кішілік білдіруге кешірім стіңіз, - деп жайнақ жас Сүйіндік алдына таяй кеп тұрып, сол қолымен омырауын баса сәл иіліп, он қолын жігітке ұсынды. Сәлемдескенінің белгісі еді. Бұл оның саусақтарын алақанына салған бойы көтеріп, сыртынан сүйді. Жас қолының дуылы жүргегіне дейін жетіп аса бір ыстық леп дарытқандай.

Сіз бен біз өте жакын адамдар екенбіз, - деп жайрандайды үй иесі.

Гафу өтінемін, мен әлі де жетіп ештене түсіне алмай тұрмын.

Газіз әлі сол бойы, хош ренде үнсіз жымыңдай түседі. Өздері біліссін деп тұрганы айқын еді.

Сүйіндік, сіз мениң балан кезімдегі суреттімнен білесіз. Қазір азаматтыз. Енді мен сол суреттегі кезіме апасы сияқтымын. Арада оннан артық жыл өтіп кетті емес пе.

Сүйіктім, онда сіз Тарасаның нақөзі болғаныңыз ба?

Иә, нақ сол Тарасаның өзімін. Рас, қазір картайған шығармын.

Онда қайыра сәлемдесуге рақым стіңіз, өтінемін.

Тараса үнсіз жымияды. Сүйіндік оны ақырын құшып, мандайынан сипап босатты...

Жайласыныздар, - Тараса меймандарына диванды мегзеді. Сүйіндіктің екі көзі әлі де сұнғак бітімді дәрігерде. Ол ортадагы стол үстіне аргы бөлмеден жаңа шешек атқан гүл щогын экеп қойды. Сол кезде қонырау шылдырып, Тараса есік ашқан. Онан жігіттер отырган бөлмеге қарт ананы ертіп кірген.

Мама, міне, анадаөзінізге айтқанбіздің қымбатты ағайындар келіп отыр. Екеуі де Украинаның дәмтүзын татқан кешегі жауынгерлер. Мына кісі ауылдың жарық жұлдызындај жарқыраган сүйікті Сипаттың жолдасы – Газіз агай. Ал, мына кісі – Сүйіндік.

Ана көзіне жас алды. Екі жігіт орындарынан тұра үлкен кісіге иіліп сәлемдескен бетінде әлі тұр. Ананың ашаң жүзін бір кейіс торлап кетті.

Сүйіндік Тарасаның бұл кісіден гөрі экесіне көбірек ұқсайтын тылымдылығын пайым етеді.

Ризамын, қарақтарым. Орындарыңа отыра беріндер. Мына мен жалғыз қыздың анасымын. Екеуің соғыста кеткен екі ұлым тәрізденіп елестедіндер... Ал, қызым, меймандарынды сыйлауга қамдан.

Тараса кухняга шықаннан ана меймандармен бірсыныра сөйлесіп жөн білген. Біраз тағам ішілген соң тағы сол кісі Сүйіндікке назар ڈударып, арнай сұрақ қойды.

Балам, сен бізге әңгіме айтшы. Мына Тарасаның суреті сениң қолыңа қалай келіп түсті? Мұның папасы, менің қадірлі Андрейім жайында сәлкім бірдене білерсің? Не болса да бүкпей, бізге дәлін хабарла. Эйтеуір, тіршілікте жоқ екенін сеземіз.

Құлағына көптен қанық Украина акценттерімен айтылған ана сөздерін Сүйіндік қалысыз ұрынды.

Иә, ол жайды дейсіз бе? Оны әңгімелесу маған ауыр тиетін сияқты. Және сіздерді аямын. Қарап отырып, онсыз да көзінен жасы кетпей жүрген ана, сізді аныратқым келмей отыр.

Ана Сүйіндік орыс тілінде айтқан сөздердің бағзы біреулерін қанып түсіне алмай, Тарасадан қайталап сұрап қояды.

Сонда да айтыңыз. Сіздің әңгіменіз арқылы болса да марқұм экемнің бейнесін көз алдымызға бір елестетейік. Өтінеміз, айтыңыз. Мамамның да бір тілегі сол.

Сүйіндік аналы-балалы екеуінің жүзін барлап алды.

Апрай, жарайды. Айтайын. Бірақ, сабырмен тындауларынызды мен де алдын-ала өтінгім келіп отыр...

Совет армиясынан ыңғай соққы жеп, сыйыла қашқақтаумен келген фашистер Украинаның шекара шетінде табан тіресуге тырысқан. Келер күні шабуылға шығуға әрекет етіп жатқанын білдік. Мұндайда алдын алу аса қажет. Таң қылан берерден сөзді артиллериямыз алды да, оны авиациямыз қостап берді. Оナン танктер мен пехота лап қойды. Енді бірнеше танк біздің атқыштар взводындағы пулемет расчеттарын бір топ автоматшылармен коса алғып, жаңа кеткен танктердің артынша және жосыды. Маршрут айқын. Біздер ұрыстағылардың жау бетін өзіне бұруын пайдаланып, сыналап етіп барып, фашистерді бүйірден қапсырмакшымыз. Осы кезде шолушы авиацияның мезгеуімен артиллерия калың снарядын дүркін-дүркін жау тылына сілтеп, жалғасар жәрдемін жайпай бермек. Үшқыштардың бір бөлегі осыған және үштасады.

Межелі жерге бөгелмей жеткеміз. Пулсмет расчеттарының бір бөлегі орта тұста қалды да, біз ері жылжи түстік. Үш танк ту сыртынызда орманға еніп алғып зеңбіректерін кезеп түр. Андрей Григорьевич екі максимді араларын біраздан салып, далдалата құргызыды да, екі қанатқа алты автоматшыны орналастырды.

Артқы ұзын бой сатыр-сұтыр атысшайқас. Дүшпанның сол жақ сыртында да тоқсауылшыларымыз барға үқсайды. Тұс ауа фрицтердің жөңкіле қашқаны мәлім болды. Енді бір сәтте екі ашық машина толған фашистердің бір жатқан алаңға беттеп келе жатқаны көрінді. Тау түскін күтеміз. Сырттағы танктың екесін зенбіректерінен қыл-қызыл жалын шаша періп-періп қалды. Екі машинаның күл паршасы шықты. Талай фриц үгіліп кетті. Тірі қалған үшеу-төртсөй келеді. Колдарында пистолеттері шощады. Елу қадамдай келгенде автоматшылар үшеуін қағып түсірген еді. Ал, біреуі ғайып болды да кетті. Жымбалап бара жатқанын Андрей ағай шалып калыпты. Пистолетін жулып алды да, оны да орнында қалдырып. Андрей Григорьевич енді көнілді еді.

Мына сұлагандардың бәрі фашист офицерлері екенін абайлайсыздар ма? Осылар Украинадан жер кестіріп алуға тізімге жазылғандар ішінде болса керек. Оларға шошка, тауық өсіретін кең жер керек еді, бүйірганы екі-ак аршин болып шықты. Басқаның рақатын тартып алмаққа әбігерленгенге сыйага осынан артық болмайды. Арам пигылдардың бірін де тірі жібермейміз.

Андрей Григорьевич осынау сездерді ұзын қоңыр мұртын ширата тұрып салмақпен айтқан еді. Соナン кейін аспаннаның бәрін гүрілге айналдырып, алға өтіп жатқан өзіміздің тізбек-тізбек сұңқарларға

рақаттана қарап тұрды. Пилоткасын сәл желкесіне қарай ысырып қойғанын байқадым. Бір кезде биноқлің көзіне салып әрігे қарады. Еә, тап осы кезде алдындағы бір қарагай басынан пистолет шашқ ете қалмасы бар ма? Андрей ағай етпептінен түсті. Сол бойдан максимді бұрып алып, жаңағы қарагай басына оқты жаудырып кеп жібердім. Эуелі бірнеше бұтақ үзіліп түсті. Тағы жаудырдым. Сол кезде ала мойын қара киімді жау өлексесі жерге топ ете түсті. Қайтып қымылдамады. Жүгіре, жүгіре келіп, бәріміз Андрей Григорьевичтің жанына жиналып қалдық. Тасада тұрган танкистер гана бұл жайды біле қойған жок еді. Жаудың дәлдегі атқан оғы сабазға қас та қақтырмапты. Екі пулеметчик, алты автоматчик бағдарынан пилоткаларын алған. Бәрінің де көзінде жас. Үнсіз бірімізге – біріміз қараймыз. Энс, аяулы командирімізден солай айырылдық қой...

Тараса да, анасы да солқылдай азырап кетті. АナンЫҢ бетін әппақ орамалмен қайта-қайта сурте тұрып ғазіз сабыр етуін өтінеді. Осынан кейін екеуі де едәүірге дейін өксігін баса алмай отырды.

Қайран менің сүйекті Андрюшам, - дейді ана. – Соңан соң қарагым?

Жаудың үлкен тобы камауга алынғанын бізді іздел тапқан батальон комиссары Иванов жолдас хабареткен еді. Соғысуакытының салты өзінше. Сол жерден кабыр қаздық. Танкистер де шақырылған. Бәріміз қадірлі ағаны ақырғы рет бетінен сүйдік.

Жерлер алдында қалталарын қарадық. Қызыл билетін комиссарға табыс еткенбіз. Блокнотының арасынан Тарасаның суреті шықты. Маркүм осы бір кішкентай суретке тыныс көздерінде ұзак-ұзак қарап отырар еді, артынан иіскеп қойып, блокнотының ішіне қайта салып қояр еді.

Иә, онан кейін, - деп сұрайды Сүйіндіктен енді құбылыңың тұрган Газіз.

Иә, «Бұл суретті не істейміз?» - деп сұрады бәріміздің бетімізге жағалай қарап, автоматшыларымыздың бірі – өзбек жігіті – Хаким.

Үн қатуға ешқайсымыздың батылымыз бармай, бірқатар отырып қалдық. Хаким жаңағы сезін тағы қайталады.

Не істейміз не? Айрықша жақсы көрген сүйікті баласы, бұл сурет Андрей Григорьевичтің өзімен бірге осында жатуы керек, - дедім мен.

Комиссарымыз Иванов жолдас менің әлгі сезіме риза еместей басын шайқады. Өзі Тарасаның суретін алақанына салып ұзак қарап отырды. Ақырында оның айтқаны мынау болды:

Андрей Григорьевич Литвишко қандай қадірлі кісі еді, қандай ер жүрек жауынгер еді. Енді амал жоқ қоштасқалы отырмыз. Ол өлмейді, туган жерін шетінде күзетте мәңгі-баки қалады. Оның қадірлеген баласын өзінше біз де қадірлей білуіміз керек. Мен бұл суретті жерде қалдыруға риза емеспін. Тіршілікке гана лайыкты мынадай көріктілікті қайтып қиясың. Сактауымыз керек. Риза

болсандар, біз мұны бір фотографқа көбейттіріп алайық та, осы отты жылдардың ескерткіші ретінде эр қайсымыз үйімізде сактайтын болайық. Сонда біз қадірлі Андрей Григорьевичтің бейнесін де жүргімізде сактай аламыз. Адам бакыты үшін біздің бұл жылдарда канды қыргын ішінде жүріп, қалай күрессенімізді осы ескерткішке қарап отырып, талай үрім-бұтактарымыз біліп, бірден-бірге мирас аныз есебінде айтып қалдыра бермек. Осылан не дейсіндер?

Алгашқыда кәте айтып қалғаныма кешірім сурай, жауалты алдымен өзім айтып, комиссар пікірін қостадым. Міне, жай осылай болған. Таrasаның біздің үйден көргені сол суреттің көшірмесі.

Сүйіндікәнгімесін тәмәмдағанеді. Кірпіктерінен шық тамшысында мөлтілдеп жас көрінген ана ауыр курсініп барып, нешеме минуттарға үнсіз отырып қалды. Соңан әлден уақытта орнынан тұрып кеп Сүйіндіктің бетінен сүйді. Тарака мен Газіз екеуінің де назары төтенше мейіріммен еріп елжіреп кеткен анада еді.

Тоғызынышы тарау

Сілемдесіп жатқан, жолак-жолақ орман жапқан шоқылардың бері етегі саздақ болып кетеді. Таулардан тарамдалып келіп, бір арнаға түскен су

көк мөлдір өзенге айналып, ылдилай тұлаған бойы ауқымды, көк ала қамысты қопага қүяды. Соның айдын беті қиқулаган құс. Эртаманда жыртылып айырылып үйректер жүзсе, бір легі сусылдай үшып екінші жаққа беттеп барады. Солардың қауқыл-қырқылына мән бермегендей, оң жағаға шанжаулай қонған зуыл алдындағы жалтырда қос ақку жұп жазбастан тербелे сзылып, айнала күзеді. Бағызыда тандай-тандай қанаттарын серпе су бетін сабалап, күннің кешкүрымғы қызғылт сәулесіне шағылған, шок-шоқ моншактар шашады. Енді бірде күй сандық тілдерінше сыңғырлап, үздік-создық санқылдай серуендейді. Жүп-жұмыр, имек мойындарын кең арқасына аса, күй сазы естілген киіз үйлерге қарай, тың тындай беттегендеге барынша мамыр сызады. Ауыл кісілері осынданай сәтінде қасиетті жануарларды үрейлендірмеске тырысады. Қарт аналар Хауа мен Айғанша, Айғаным үшесі ашық есіктен қарап, ортадағы қоңыр үйдің сенек түсында отыр. Үй жанындағы көлсөнкеде Разымбет қария домбырасын сауылдата күй төгеді. Жанында Никамбек қария. Оның да назары сонау мүлгіген сұлу құстарда. Кейде күрән макпалмен тыстаған пүшпак бөркін желкесіне қарай ысырап қойып, акқулардың айдарынша желкілдеген аппақ сақал-мұртын сипап қояды.

Жануарлар Дайрабай күйлеріне бой ұрган. Елтіп жүзеді. Күйде бір гажаптық бар-ау тегі. Құс баласы дегенмен бұлар зерек-зейіндісі ғой.

Ниқамбек, онща дабырлап, күй саздарын жарма,
ынтығын бұзасың, - қоңыр үнмен соны айттып
тынып, РАЗЫМБЕТ күй мақымын көтере әуенде тіп
әкетті.

Екі құс ауылга таяй түсіп жүзеді. Сәлден соң
күй үзіліп таусылды да, еркес жануарлар айнала
бере ұмтыла түсіп, су бетін екпінімен жара
толқындата барып, көтеріле үшіп шықты. Ауыл
үстін сыңғырлай жүріп, бір-екі айналып өтті де,
құбылаға қарай самгай тартып кетті.

Бұлар күй тыңдаған соң қунде солай беттейді.
Кайда түнейді екен?

ҚАЗІР төңірегі иесіз сонау Сымтас айдыны,
онан бергі Сары көл бар емес пе, сүт пісірімдей
де сонда барады. Хауіпсіз гой. Мұнда кунде бесін
ауа келіп жүргені бұл кездे қопа маны, ауыл іші
жүріс-тұрыстан саябір гой. Сол ыңғайын үгип,
Дайрабайды мен де осы сәтте үй жанына шығып,
қозғалмай отырып шертемін.

Бұл жануарлар үйірілгенде басқа күй шертіп
көрдің бе?

ЖОҚ, әзір. Тері, Тәттімбеттің Сары жайлауын,
Сылқылдағын тартып бір байқагым келеді. Бұл
да басталуынан шертіліп біткенше лықси толқып
жатқан көңіл қыттықтайтын сағыныш наз саздары
гой.

Құс екеш құсқа дейін ынтығып елтіл тыңдайтын
Дайрабай күйінің не кереметі бар бұл?

Мен саған үрпактан үрлакқа көшіп, баршаның

аялап аймалап, қастерлеп күрметтеуінс ие болып келе жатқан бір аңыз әңгімені шертейін. Соңан соңғысын өз зерденмен, толғанып-топшылауынмен түйіндерсін, жарай ма?

Е, күп. Дастан-қиссасың гой, сен Разымбет, ал, шерт!

Кіші жұз елінде, шілденің шалқар шагында жазирада отырган ауылда бір үлкен той болып жатады. Ауыл іші ығы-жығы кісі.

Жер бауырлай жылжып кек ала тұтін таралып жатыр. Үйлер алдында қазан-қазан ет асылуда. Жалба-жұлба бір бишара үй алдындағы жер ошақ жанына келіп отыра кетеді. Аргы үйден келген, кербез киінген эйел қазан сапырып жатқан келіншекке әмір етеді.

Мына қайырши қайдан келе қалған? Эй, шырагым, ашы ішек бұмасын қосып, бір тостаган сорпа бер де ку. Бұл арадан кет теде...

Дәм татқанмен қайырши аспазшы әйелдің сезін елең ете қоймай, дұылдастып жастар ән айтып, күй шертіп жатқан үйдің есігінен қарайды. Қекірегінс тым жылы тиген күйді шертіп болған төрдегі бір сылқым әлгі тартқан сазынан дерек білдіреді. Оның айтқанын баршасы ықыласпен тындақсан.

Бұл шерткенім сонау Сарыарқаның Даирабай деген күйшісі шыгарған күй.

Эй, кұда бала, жан жүйеме шымырлай еніп, бір ләzzат таралғандай болып кеттім, әлгі шерткенінді қайта бір тыннатшы.

Калындықтың сол жағында отырган күйеу жолдасы сылқым жаңағы күйді қайталап, байыппен тартады.

Садаған кетейін-ай, Дайрабай дедің бе осыны шығарған күйшінің есімін? Мұны күй деседе, кекірек буган қайғы-шерді балқытып барып ызырататын дәрі десе де болар. Раҳмет қарагым, өркенің ессін!

Үй ішінің дуылдасқан гүлін есік жақтан саңқылдай естілген жаңағы қайыршының дауысы бұзып жіберген еді.

Оу, мырзам, бұлдіріп, бұзып тарттың күйді!

Әй, мынау кім?

Кім өзі бұл, күйеу жолдасын кекететін?

Домбыранды сәл ғана рақым етші!

Әй, серім, берші, мынау тегін адам өмес, берші, - деді жігітке жанында отырган қалындық.

Домбыра бірден-бірге етіп, есік алдындағы қайыршы қолына жеткен еді. Құлақ күйін бір-екі бұрапбаптап шерте бастаннан шеттей отыргандар біртін-біртін ысырылып, буган орын бере берді. Домбыраны шерте жамбастай жылжып, қайыршы дәл жаңағы жігіттің жанынан кеп орын тепті. Күйді одан әрі дауылдатып, біресе наздандыра саябірлей жаяулатып, біресе әуезді үзіп тастай жаздал барып, қайта бебеулетіп, қанша құбылысты әуенмен шертеді. Элден соң барып тына қалды.

Қарагым-ау, сен кім едің? Қайыршы боп көрінген күй тәнірісі періштесін бе, қайын сіңлімнің тойына

әдейі осылай елестеп келіп жүрген жайын бар ма?
Айтшы, жөнін айналдым!

Үй іші қулаққа ұрган танадай.

Күй сазын көкеймен үққан аяулы женеше, сізге
мың да бір рахмет! Жас жұбайлардың мерейі
өссін. Жаңа шерткенім Дайрабай күйшінің төрт
тарауының беташары. Рақым етсөніз, балалардың
мына тойына шашуым болсын, екінші – дабыл
қақпайын тағы шертейін.

Женеше, шертсін, шертсін!

Рұқсатыңызды беріңіз, шертсін, - деп әр түстен
жастардың үні естілді.

Бойым балқып, ойым әлдеқайда көк
қаттауларына сермелек кеткендей сезінемін. Көген
көздердің бәрі қалап тіледі гой, шерт шырагым,
шерт!

Жадау жолаушы көңілі желпініп, енді ажарлана
түсіп, қоңыр домбыраны шалқақ ұстай шертіп,
сауылдата дабылдатып экетті. Бәр-бәрінің көзі
жігіттің домбыраның пернелері мен қақлақыл
бетінде ойнақ салған нәзік саусақтарында.
«Кулақтан кіріп бойды алған» әуен шалқи-шалқи
түсіп, бірде аспандап, бірде қайта ортага кеп тарай
жайылып, ерке әуен самал сепкендей желпінеді.
Сонан өрлең барып-барып, кілт құлдилай беріп
тына қалды.

Үлкен женге бас болып, отыргандардың
баршасы орындарынан тік көтеріле тұрып, бір
сөтке гүйлесіп кетті. Артынша жастар айқара

аймалап қошамет етті.

Карагым, жаңа да сұрадым. Кім едің сен?
Айтшы!

Жігіт оң қолымен көкірегін баса тәжім етіп,
аяулы жеңгеге иіле түрып жем білдірді.

Сол Дайрабай күйші мен едім, жеңеше!

Дайрабай! Бүтіл халық асыл күйін қастерлеген
Дайрабай шын сенсің бе? Сорлы болған мына
жүрісің – қай жүріс?!

Жігіт отырыңыздар деген ишара білдірді. Бәрі
орындарына отырысты.

Иә, айналдым, мына ахуаліңнің сырын білдірші!

Жеңеше, ол бір тым өкінішті хикая. Қыскаша
мағлұм етейін. Нешеме жүздесіп қанықсан сүйікті
қалындырыма үрын баруга жан ашыр жолдастармен
бірге шыққан жолымда қарсы алдыннан сұық
хабар жетті. Кәмшат қыз үшті-күйді жоғалып
кеткен. Сұрау сала, із кесіп жүргенде оның көрі
саудагер шенгеліне абайсыз түсіп, у ішіп өлгенін
білдім. Кекті ашу-ыза шыдатпазды. Жәдігөй
саудагерді өз қолымнан о дүниеге жөнелттім. Арты
жагы түсінікті гой. Жер аударылып, Мың аралда
кісендедім. Жылдарды өткізіп, оралып келе
жатқан бетім осы. «Дайрабай» күйлері солай көліп
туып тарап кеткен. Шалқымамен басталып, дабыл
қақпай жалғасып, аяғы қайғы, арылмас арман
дауылы болып тәмамдалады...

Бәсе, бәсе, бұл күйлерден жанынды өртеп
отыратын мейлінше арманды сағыныш саздары

сорғалап төгіледі, - дей келіп қалындық женгесі кіршіксіз ақ күндігінің шетімен Дайрабай көзінің де, өз көзінің де молтілдеп төгілген жасын сұртті. Соңан соң өз отауына кіргіздіріп, Дайрабайды ерінің ажарлы киімдерімен бастан аяқ киіндіртті. Үш кундей жастармен бірге той тойласып, Арқа елінің асқақ күйлерін шерткен Дайрабайды сәнделеп ерттеп ат мінгізіп, ауылдың көп жастары еріп, үш кундік жолға шығарып салған десседі...

Ойпыр-ой, - деді әңгімені қанша қымылсыз отырып таңдаған Никамбек, - даланың акқу құсына дейін әуен әсері дарыған күй өштес арманнан келіп туган еді де. Жә, соның сенің домбыраңа келіп жиі-жиі шертілетін болғанының төркінің де біліп отырмын.

Сипаттай жалғыз да қадірлі баламнан қапыда айырылып қалу арманға батырмай қайтеді? Дайрабайдың шежіре шертпесі менің сол қайғылы арманымның сазындаі білінеді, қайталап тарта беретінім де соңан. Колы тиіп, жұмыс арасында соққанда Газіз де мұны бір-екі қайырып, домбыраны маган қайта ұстатады. Қайғы зілін сәл бір женілдетіп тастайтын осындаі күй-мұра қалдырган Дайрабай бабага мың карыздар болсам, оның сол асыл күйлерін шертуді үйреткен мына Тоқанекен үрпағы, тұқымымен домбырашы Бошан, Кошандарға да қарыздармын, - деп Разымбет ой түйіп, мына есік алдындағы қол-қопадан аргы сонау дөңесте көрінген курен шошак косқа көз жіберді.

Қанша аңсал сағынсаң да енді қадірлі баланың жүзін көрмейсің. Күн тиіп, жел қақпасын деп күйдірген кірпіштен солай ескерткіш қорған салдық. Енді соның өзі Сипатым текті болып елестейді де тұрады...

Екі қария орындарынан жайлай тұрып, етектерін сілке ауылдың сыртына қарай беттеді.

Әне, қылтылдақ көріне бастанды. Қундегі уақыты. Сауын басында оны-мұны жұмыс көп. Ертеңгі таңғы сауынға бәрін сайлан кетпесе болмайды. Сырылар сауылып болған бойдан бәрі соны қаузайды. Тетіктері мен тұтіктерін, шелек, флягаларын жуып-шайып сұртеді, ауланы тазалайды дегендей бықып жатқан жұмыс. Бәрі болып қолға алып жібереді де әбсэтте-ақ тындырады. Бұлар бері қарай аттанған бойдан қотанға Науан ие. Кейде табынды тұнгі өріске шығарады. Бірде Науанның өзі, енді бірде Мәпішken келін жаяды. Осы төңірек бұларға алақанындағыдай. Тек мына бейітке мал сүйкенбесін деп, қайта-қайта айтып табыс еткем. Кейде Сипатжанның үлкені Элімхан Науанның балаларымен ойнау үшін сонда қонып қалып жүреді. Бүтін үйге қайтқан екен, қасқа өгізге жайдақ мініп, тебіне түсіп алдымен сол көрінді, - деп РАЗЫМБЕТ қария белгілі жайды айтып білдіргенше сауынға кеткендер мінген өгіз-арба жолшыбайғы дөңескес көтеріліп, айқын көрініс берген еді. Рудникке сут таситын машина оралған бойдан аргы жолмен қолхоз орталығына кетіп қалушы еді, бүтін ол да

осында келе жатыр гой, өгіз-арбаның соңында ілбіп келеді. Бір шаруаның жайы болғаны гой...

Бері шыға машина озып, ауылға бұрын келген. Соңан Арман, учетчиктің келіншегі Дағила және орыс келіншегі, тағы бір жас жігіт түсіп жатыр. Келіншек пен жігіт әріректе тұрган Разымбет пен Ниқамбек қарияларға келіп, иіле сәлем берді.

Ата, мені таныдыңыз ба?

Қарғатай-ау, Сипатымның сүйікті досы – Елизасың гой, сені танымай алжыппын ба?

Дәл талтыңыз ата.

Разымбет көзіне жас алып, бір-екі қайта өксіп қойды.

Ата Сипаттың көктасын жасатып, үлкен қаладан алып келген едім, соны сүт тасыған машинаны көздестіріп, алып келе жатқаным гой.

Ой айналым, сен көрі дос Петрдің гана баласы емес, енді Сипатымдай елестеп, менің де балам болдың. Өркенің өссін. Элгі шешенің денсаулығы қалай, үйге кіріп-шығып жүреді гой эйтеуір? Мынау қай бала? – деп назарын жігітке аударды.

Бұл да балаңыз – жолдас жігітім. Оқуын бітіріп келген.

Уа, бәрекелде, өркендерің өссін. Ал, үйге кіріндер!

Жайлап басып бұлар үйге оралғанда самауыр қойып, жер ошаққа қазан асып әуреленіп жатқан Хаяу мен Арман есік алдында үшырасқан. Разекенің бейбішесі Лизаны құшақтап тағы

дауыстай бастады. Кішкентай Элімхан кебежені алып табаққа салған сүр етті көтерген бойы осылар жанында аңырып қалды.

Ау, бәйбіше, қой енді, былтыр да Елизаны осылай құшақтарап аңырап ен, Сипатжан тірілді ме, жоқ. Енді мына жолдасынан үят болар, қой, бұлар салтында кездескен сайын керісіп, енірей беру жоқ шығар, артық кетпе.

Халқымның өз рәсімі бар. Бізді сыйласа, балалар халқымның салтын да сыйламақ. Еш артығы жоқ. Лизага мұң-шерімді шертудің несі артық? Ана бала да сөкпес, - деп Хая тұсінік білдіреді. Арман Хая ананы білегінен алып айырып жатқанда Газіз бен Сипаттың екінші кішкентайы – Дайрашты жетектеп Айғанша шешей жеткен. Лиза ол кісінің қолын алып амандасып, әлгі кішкентайдың мандайынан сүйді.

Бет пішінің Сипат тәтіне сонша үқсаган скен өзіннің.

Газіз, РАЗЫМБЕТ, НИҚАМБЕК қариялармен кенесіп жекелеу түр.

Көк тасты орамалаган күйінде үйге кіргізіп қойдық, ертең орнатарда бір-ак ашамыз гой. Лиза жолдасымен екеуінің ертең демалыс күндері көрінеді, сол көк тасты өздері жасатып экеліп, орнатысуға әдейі келіпті. – Газіз жайды осылай әңгімелеп білдірді.

Оркендері өссін. Адал болу дегеннің төркіні қайда жатыр. Қалтқысыз қадірлессе білу дегенді

осында танымак керек. Ал, енді Ғазіз балам, сен мына машинамен шай ішкен соң Ағиянға тарт. Келсін. Ал, келе алмаган күнде екі аксабырас бағлан берсін. Қосып қойған оншақты қой-тұягымыз бар гой, берген бағандарының айырбасына тандағандарын алсын. Қайтар жолында колхоз орталығына соғып, ағайын-туғанға хабар білдір. Ертең сәскеден бұрынырақ жетсін де.

Күп, экке!

Ғазіз аттанып кеткеннен кейін бес-алты үйлі ауыл меймандар келген РАЗЫМБЕТ үйіне біртін-біртін келіп жиналған. Дәлила ас-су камдауга жәрдем тигізіп есік алдында жур. Арман бір кіріп бір шығып тыным таппайды. Қолында үлкен кәрлен кесе-сырттан НИҚАННЫҢ бәйбішесі АЙГАНЫМ кірді.

Арманжан, мынаны ал, жаңа ғана қайнаттым, бал қаймақ, Сипатжанның жан досы – мына қонақ бала татсын деп әдейі қайнатқам, кесе әлі ыстықтау, қолындан түсіріп алма.

Әпекемнің кәдесі көп, - деп Арман ризашылықпен күлімдей айттып, сөзін жалғай тусти. - Қам-жайдың біразын ұксата алмай жатқанда тіпті дұрыс-ақ болды.

Осы жайды мақұлдауын білдіру сонында Арманды Айғанша шешей жанына шақырып, әлде нені қубірлей айтты.

Ғазіз кіреуетінің аргы басында оқтаудап оралған жаңа дастархан түр, соны алып жай да, столынды жасай баста.

Сәлден соң дөңгелек стол жайылып, көк кестелі клеснка дастархан үстінсә әр қылыш тағам құралды. Хая сүрі қосып қайнатқан қызғылт ірімшік, аппақ сыйпаларды сүйір табаққа үймелей салған бауырсаққа іргелете төгіп, соның арасына жаңағы бал қаймақ пен толы тарелка сары май және бірнеше ықшам тарелкага конфеттер, қант, мейіз, көздің жауына алатын мөлдір қызығылтым түсті малина қойылды.

Ал, қарақтарым, шай ішнейік, - деп Хая мейман жастарға ықылас білдіріп, ауылдастарына да отырындар дегендей шырай танытты.

Апа, біздің қала дастарханында әзірге тап мынадай тағамдар құралып кездеспей келеді.

«Қазақстың қосы болмаса да досы болады» деген ата-бабаларымыз. Лиза, сен Сипатыммен бірге оқып, бірге ойнап-күліп өскен доссысын, барымызды сенің алдыңа жайып салмай қайтеміз. Енді Сипатымның орнында мына қайта оралған Арманжан. Сол екеуміздің және атаңың жигантегені, алындар, қарақтарым, алындар!

Үлкен сары самаурын зіркілдеп бу атып тұр. Кеселерге, шыны аяқтарға құйылған күрсөң шай дамылсыз тарап жатыр. Дәлила ара-тұра темір қалақты толтыра самауыр көмейіне жайнаған қып-қызыл шоқты экеліп салып қояды.

Шайларың шай-ақ болды. Арқамды әлдене не бүріп тұрар еді, біраз жіпсіп, бойым жадырай бастады.

Онда мына атаңа күреңін баса күй, қымыз қарызы көп еді, - деп Разекен Ниқаңның әлгі сөзінің орайында ниет таныта Арманға тілегін білдірді.

– Екі құлынды биені Сипатқа қызыл кірпіш үй соқтыруға сатқалы қымызды осы Ниқамбек үйінен ішіп келеміз рой. – Айғанымның сабасын жиі ыстатьип, мейіз қосып қымыз ұстауында мін бар ма? Ондай қымыз ұстайтын кісі де сиреп барады.

– Разымбет Ниқаң бәйбішесінің қымыз ұстай білетінін мына жастар ұқсын дей ме, біраз шертіп әңгіме етіп таstadtы.

Екі үйде бірдей еркінситін екі кішкентай атасы мен әжелерін біраз беймазалап, бірді-екілі кесе сұытқан шай ішкен соң бауырсақ, конфет уыстап алып Арманның болыскей кереуетінің үстіне шығып кетіп еді, енді екеуі де қалғып үйқыға кірген. Ниқаңа жаңалап шай құйып ұсынғаннан кейін Арман орнынан тұрып кеп, шашыла үйықтаған балаларға ірге жақтан алып жұқа көрпе жапқан. Бұл кезде шай ішу саябырлеп, әңгіме-жай етек ала бастаған еді. Разымбет қария Лизаның бір-екі ауыз сөзінен әлпін танып, қолына алған домбырасын бір-екі дыңылдатты да, қайта орнына қоя салды.

Ал, қарагым, Елиза, бірдеге айтқын келіп отыр білем, айта рой.

Көзбен көрмесен соң өкінішті-ак. Былтыр жерлеу үстінде сұраудың тіпті реті болмады. «Күн түсті» дегенмен, уақиға қалай болды? Бәрін қолыңыздан дерлік өткіздіңіз рой Арман, сонан

маған есте жүрер бір елес мағлұмат берер ме едініз?

Айналдым Лиза, мынау маған соңша қын тиетін жай. Құлынтайдай шүркүрасып бірге өскен саған да солай гой, жарайды, қын да болса, ол сәтті айтып елестетейін. Ең алдымен өзімнің сол ахуал үстінде есімнен танып қалғанымды есінде ұста. Жүргегім ұшып кетті гой...

Іә, бесінгі сауын алдында шайдай ашық аспанға туырлықша турылған қара қошқыл бұлт әлде қайдан пайда бола кетті. Көңіліме жақпайтын құбылыс еді. Өрістен әкелініп жусатылған сиыр жануарлар қалғи түсіп күйіс қайырды. Мәпішкеннің ақ самаурынын еңсерे ішіп, шөл қандырып, газеттен өзіміз туралы жазылған жылы сөзді оқып, өз суретімізді тамашалап қарап көріп шықтық. Сипат газетті қолына қыса келіп, дәл сиыр сауатын шарбагының мандайша түсіна іліп қойды. Арамызда мына Дәлила. Мен үшінші шарбакта сауылып болған сиырдың емшегінен қондырғы емізігін ептеп ала бергенім сол еді, бағанагы қара бұлт шайқала будақтай шатырлап барып, шытыр-шытыр айырылып, өне бойы ирелен қакқан от жалындар болып шыға келді. Қайта тағы шартылдағанда отырган орнымыз күтырына қуйқылжыған қуйынға айналып, әлем-таптырық болды да кетті. Көзім Сипат түрган шарбакқа түскенде қас-қагымда аспан ойылып жер сүзе құлағандай білініп, өне бойым дірілдеп, көзім қарауытып кетті. Не боп кетті деп тағы қарасам,

сауып отырган қызыл сиыр да, Сипат та ақтарыла құлап жерде жатыр. Шелегімді лақтырдым да, солай тұра жүгірдім. Келсем садағаң кетейін, Сипатым екі көзі бадырая түсіп қымылсыз қалған. Басынан бастап денесінің бір жағы көгеріл шыға келіпті. Жарақат түсіп, қан шыққан жері білінбейді. Мойнынан құшақтай отырып, «Сипат, Сипат» деймін. Міз бақпаймыз. Сәлден кейін жаныма өңтүсі қашып, кирелендей Дәлила келді. «О не болды тәте, не болды?» дегенін ұқтым. Үн қата алмаймын. Аузымды аша алмай қалдым. Айтып болмайтын гәп болғанын іштей пайымдал, жансыз денені көтере тұра бергенімде жүргегім дүрсілден, өнс бойымды діріл алып құлап түстім...

Әлден уақытта баяғыдай суга түсіп кеткен сияқты сезіндім. Бәр сэтте көзімді ашсам Науан көкірегіме шелекпен элсін-элсін су шашып тұр. Енді біразда маңайымды ойбайлаган, бауырымдаган дауыстар басып кетті. Сейтсем, Мәпішкен ерттеулі атқа міне шапқылап, ауылға суық хабарды жеткізіп үлгерген екен. Сипаттың денесін мына атам ақ шүберекпен бүркеп қойынты, соның жанында екі баланы қолтығына алып, үн-түнсіз, сурланып кеткен Газіз отыр. Жел кеулең шашын шаша үрпитеті. Хауа апам талу үстінде, Газіздің шешесі зар еніреп, төніректі сілкінтендей. Өзім үңсіз егілемін, іші-бауырым удай ашып езіліп жатқан сияқты. Еш жазығымыз жоқ қой аллаға, тіршілікке сонша құштар жайнактың өмірін шорт қып, бізге

нәубәтін төккені несі деймін. Эне солай болды Лиза.

Аяулы сінілімнің бейнесі көз алдынан кетпейді.

Иә, бірде бұрынғы отырган жерімнен түнделете қашып шықтым. Қара жолдың шаң-тозаңын екі аягыммен бұрқыратып тартып келемін. Ана жексүрін биеге жайдақ мінген байы алдынан кескестеп олай да өтеді, бұлай да өтеді, көрмейді. Бір элете таяңқырап келгенінде екі етегімді србендейте қарсы ұмтылдым. Шәлкес бие үркіп алды да жәнелді, апарып-апарып дұрс еткізе жерге атып, жануар онан әрі дүбірлете жайына кетті. Сүмның аллаға жалбыранған даусы естіледі. Іштей алланы сыйнаймын. Пиғылы жаман зымиянга ма, әлде мен бейбакқа ма, қайсымызға жақсылық шарапатын тигізер екен, бұл алланы да бір синап көрейінші деген ой келеді. Көнілімде үрей бар, опық пен қайғы-шер бар. Эр нәрсеге секем ала қарап, қатты аландаимын. Шілде түні мұсіркегендей бол, тызызыз кайнаған денемді майда самал шарпып желпиді. Ол да болса қайда жатыр. Енді бір сәтте артымнан маздал от көрініп, таяй, таяй түседі. Жын-шайтан екшелеп келе ме деп зәрем кетті. Сөйткенше автомобиль жаныма кеп кілт тоқтай қалды. Көзім бақырайып түрғанда сонан секіріп түсіп Сипат құшақтай алды. Өзімс өзім сенбей түрмyn.

Тэтетай-ау, танымай қалдың ба, неге үн қатпайсың? Қайдан журсің?

Айналдым, қараңызым, шын Сипаттың өзісің бе?

Енді кім болушы ем? Мен, мен – Сипаттыңмын!

Көзім жетіп, көңілім орнына түскеннен кейін құшақтап сүйе бастадым.

Тәтетай-ау, мына жсті қараңғы түнде қайда беттеп барасың?

Бұл төніректен біржолата көзімді жоғалтпаққа келемін. Әуелі саған кіріп, құшақтап сүйіп, ризашылығынды алыш, қоштаспаққа келе жатқан беттім еді бұл.

Ешқайда жібермеймін, өзіммен бірге боласың. Тіпті Газізді де өз құзырыңа қайта тапсырамын. Өзінді ренжітіп мен бұл дүниеде қалай журмекпін!

Мына сөзіңмен сен, Сипаш, мені өте ренжітесің. Газіз жігіттің боз тайлагы емес пе. Ол сенің – бақытың! Сені бақытыңнан айыруға арым қалай бармақ менің. Екінші қайтып мұндай сөзге барма, ондай ретте мен сені мұлдем көрмей кетуге бармын.

Қойдым, тәте, қойдым. Қайтып енді ондай сөз айтпасқа мына түн жамылып тұрып айт етемін!

Бәсе сөйт.

Бірак, өз қолымнан ешқайда, тәте, сені шығармаймын. Бізбен бірге тұруға батылың жетпесе, өз эке-шешемнің баласы болыш, сол үйде тұрасың. Үқтың ба?

Басымды изеймін. «Ол ретте қалай болмақ?» деп іштей толғанып тұрмын.

Мұныма не дейсің? Айтсаншы түйімінді.

Элі үнсізбін. Ризалырымды тек қайта қысып құшактауыммен гана білдіремін... Сөйтіп, түн ішінде ауылға жеттік. Кабинадан шықпай әлі отырмын. Газіз ауылда жоқ болса керек. Үйден мына атам шығып, Сипатқа тіл қатады.

Қызым-ау, кешігің кіредін гой. Ағияңды көшіріп апардың ба әйтеуір?

Иә, Ақке, бері келші...

Қалқатай-ау, Арманжан, мынау сенсің бе?..

Иә, Сипаттың ақ пейіл, мейірбан болмысы көз алдынан кетпейді. Қазіргі осы сэтте де ол мені уатып қасымда тұргандай. Соңан қойшы, қамқор эке-шешенің қолына оралып, ақырында сауыншы болды да шықтым. Тұнгі далада үшырасып екеу ара тілдескен жай аузымнан бүтін гана шығып отыр. Сипаттың ең қадірлескен қызы – сен тілек етіп, жөн сұрамасаң, Лиза, бұл әңгіме бәлкім ішімде кетер еді.

Мына сырды естіп білу шерлі көнілдің нәзік қылын шертіп кеткендей, қариялар үндеместен көздерін сұртеді. Лиза да сабыр ете алмаса керек, аппақ қол орамалын уысына қайыра жиырып алды...

Мейман күтіп, актарыла сырласып ауыл кеш жатса да әдетімен ерте тұрган. Арманның самауырыны бүркүрап шыққан кезде көрші үйде үйіктаған қонақ жігіт пен Газіз жуынып сұртініп жатқан. Солармен қоса тұрган бала Элімхан белдеуге байланып, күйіс қайырып жай жатқан үш

қойды беймазалап түрғызып жіберген еді.

Үшеуін бірдей сойғанда қазанға қалай сияды?

Мұның сөзіне тыста жүргендер күлісіп алды.

Баламысың деген...

Лиза түрді ма? – деп сұрады кампорқага ақ шәйнек бықтырып жатқан Арман жанына таяп келген мейман жігіт.

Қайда-а, менен бұрын тұрган, энс, анау көл жиегінде қикулап үшіп қонған құстарды тамашалап жүр гой. Ұл, сен өзің есімінді айтышы, қазақша білетін бе едің?

Білем гой. Сізді бәрі тәте деп атайды екен, мен де солай дейін. Атым Дмитрий гой.

Міні, енді атыңды білдім. Дима, сен барып Лизаны шақырып келе гой, шай ішейік. Сауынға баруымыз керек.

Бұл екеуі оралғанда Разымбет кария шынтағынан су тамшылап, бірде күміс мұртын сипап қойып, бірсесе сулы қолымен әжім айғыздаган желкесін, шықшытын сипап өтіп, жуынып отырған еді. Элімхан атасының қолына кек шайнектен мөпмөлдір су құйып қояды.

Иә, қонақтарым, жақсы жатып-жайлы түрдүндар ма? Үйқыларың қанған шығар.

Атай, бір жөн сұрасам қалай көресіз?

Е, сұра қарагым, қазақша жап-жақсы сөйлейді екенсің, соныңа ризамын. Иә, сұра білмек жайынды.

Элгінде Ғазізден естідім. Сіз мынау көлге кір шаюға, жиегінде сабынданып жуынуга рұқсат

бермейсіз екен. Осының мәнісі неде?

Эй, балам, өзің не қызмет атқарушы ең, - деп ұзын сүлтісін шұбалта бетін сұрткен қария бұған жөнекей сұрақ койды.

Орта мектепте мұгаліммін. Алғашқы жылым.
Биология сабагын жүргіземін.

Оқытасың ғой?

Иә.

Әлгі айтқаныңың мән-түсінігі қалай?

Биология – өсімдік дүниесі, жан-жануарлар тіршілігінің жай-жапсарын талдайтын ілім деген ұғымды білдіреді. Грек жүрттының атауы.

Дүниенің бұл гажаптығын білгенің жақсы екен. Бұл жолды әбден дұрыс таңдал алғансың. Инжілдің тауратшылары азыз-хикаяны мәндеп жеткізуімен білікті болған деседі. Гажаптықтың сырын білгенінді айтып жеткізе алсаң дуалы ауызсың. Енді сұраған жайына қайта келейін, - деп РАЗЫМБЕТ бұлар тіпті күтпеген жешін бір әнгімені шертті.

Суық қыс. Сайдагы аз үйлі ауылды ала қанышық боран орагытады. Шеткери үйдің қызығылтым сәулө түсірген терезесі қағылды.

Эй, өгім бұл? – Сырттагылар тұншығынқы үннен басқа ештене ести алмай, терезені қайыра қағады. Аздан соң етегін қар бүркеген қақпа сықырлай барып ашылды.

Уа, кімсіндер? Бері жүріндер!

Күдайы мейман – жолаушымыз.

Мұнда келіндер! Қос ат жеккен мұшайман

мейман болмадыңдар. Мен жарық түсірейін, ештеп аттарыңды қорага кіргізіндер...

Үй ішінде – стол үстінде жетілік керосин лампасы әжептәуір маздайды. Меймандар шағын төргі бөлмеге өтіп, шешініп барып, стол жанына – сырмак үстіне отырысты.

Танымадық қой?

Ауданнан келеміз. Разымбет дейтін кісінің үйі осы ма?

Иә, Разымбетің менмін. Ал, Хая, шайыңды қаузап, қазаныңды қайта жақ, – деп үй иесі мейманжайлыш білдіріп, пештің бұрышынан қарап тұрган зайыбына назар аударды.

Мына кісі үлкен жерден келіп отыр. Сізден бірекі ауыз жөн сұрап білмек ниеті бар.

Е, құп болсын. Менің бұл арада, тап осы үйде екенімді біреу айттып па еді?

Әйтеуір таптық қой. – Жөн білдіруші қонырша жігіт жанындағыра түсінік берді.

Немене, мұның біздің тілді білмейтін біреу ме?

Солай. Орыс азаматы.

Орыстың қазақ тілін білмейтінін көргенім осы шыгар. Тілін білмегенді бұл шал сабайды екен деші өзінс.

Тілмаш жігіт осыны жеткізгенде анау езу тартты. Қалжың екенін пайым етеді. Соносон ірге жаққа тастаған былғары қоржынын алып ашып, стол үстіне бір шәрік тас шай, оралған кесек қант қойды.

Шешей, мына шайдан тураныз. – Қоңырша жігіт РАЗЫМБЕТТІҢ бәйбішесіне шай мен қантты ұсынды.

Біздің шайдан гөрі тәуір екен. Мейманның да мезіретілі болғаны абзал-ақ қой.

Шеше, терезенізді бөр жағынан бүркей салынышы.

Хаяу мынасына секем алып қалды. Мына жеті қаранды, боранды түнде біреу сыгалайды дей ме екен?

Орыс тіл қатты.

Бұл кісі сіз Қарақожин дегенді білмей ме екен деп отыр.

Қарақожин, Қарақожин, э? – деп әуелі шал өзіне-өзі ойланған сұрақ қойып алды. – Жок, мұндай есімді бірінші рет естіп отырмын.

Сұрақ беруші тағы бірдене айтып, Петрдің есімін атағандай болды.

Петр Котин дегенді білс меген дейді.

Кәдуілгі осы біздің аудан орталығының кедей жатағы болған Петрді сұрап отыр ма?

Солай.

Е, ол біздің туыс қой. Жала жауып, соттатып жіберді гой ана мылқаулар.

Тілмаш анаумен тілдесіп алды.

Қалай туыс болады, сіз қазак, ол орыс қой, - дейді.

Енді не дейін! Қалай туыс болмайды? Біздің ата-мекенімізге осы орыстардың ата—бабалары

келгеніне жұз слу жылдай болды. Соңан бері тіршілігіміз бірге, ас-сауымыз аралас, ниетіміз бір, жаманшылық ойласпаймыз. Қыз алысып жатқанымыз және бар. Осындағылардың бәрі біздің тілімізде мұдірмей сөйлейді. Кәрілер мына біз гана оқи алмағандықтан орыс тілін аз білеміз. Түс деген біздей-ақ болсын.

Коңырша жігіт ауызынан РАЗЫМБЕТ түсінігін естігенде сұрақ қоюшы жымысып қояды. Сонассоң тағы бірдеңелер айтты.

Сол Петр бауырынызбен бірге жүріп жұмыс істеген кезініз болды ма?

Эрине, ағаш ішінен шөпті бірге шауып, шағын егінімізді бірге егіп жинаған ретіміз қанша. Онан отызыншы жылдардың алғашқы кезінде потребсоюзда жұмыс істедік. Ол – шопыр, мен жүк тиесушікемекші болып сонау. Семейден қаншама рет жүк тасымалдадық.

Сонда ыңғай қазақша сөйлесіп жүрдіңіздер ме?

Пәлі, Петр казақтың жай сөзі тұрсын, той-домалақта осы Хауаның өзімен ән салып айтысатын да. Үлкен баласы Костя болса біздің ауылда саужайдық мұғалімі болып, көбімізге арабша әріппен жазуга көз ашқызған. Осынан артық қандай туысқандық болушы еді енді? Біреуден дән шайнап – қыл жүтқанын білмеймін. Өз жал ақымызға потребсоюз басшыларынан шай-қант, бала-шагала кәйлек-көңшектік кездеме сұрап алар едік. Сондай адамды қалай соттайды, жазығы не?

Мына ішкіден келген ұлығыңа осынымды жеткізіп айтшы, айналайын!

Тілмаш күлімдей отырып, бірсыпыра шүлдірледі. Анау да түсі жыли түсіп күлімдейді. Сонасөң тагы бірденелер айтты.

Семейден келе жатып, жазғы ыстықта бұлак басына түсіп дамылдаған көздеріңіз болды ма? Болса сол жолы сіздер ешкімді кездестірдіңіздер ме? – міне, осыны сұрап отыр.

Болды, болды. Эй, осы арада бір гәп болар. Шэйнек асып қайнатып отырғанымыздан артымыздан үш ат жеккен біреулер келіп түсті, аттарын шалдырып, біздің шайымызды бөліп ішті. Соносөң кеудесіне шлия шандып, он жақ бөксесіне алты атар байлаган бір жылтыр қарасы бізден брезентті көтеріп, машинаның корабын көрсетуді талап етті. Ендігі біреуі бір жәшік арақ беріндер де жайларыңа кетіндер, эйтпесе, шатаққа ұшырайсындар деп корқытты. Элгі шлия шандыған жылтыр қара қылта бунак шалбарының қалтасынан төрт-бес сарбасты оқ алып, алақанында шылдырлатады. Петр : совдепте солдат болған ержүрек еді ғой. Мыналардың қокан-лоқысына көнбей, гүж етег қалды.

Бізде арақ, жок, экеле жатқанымыз терезе эйнегі, зәмеске, топса-тиек секілді ұсак-түйектер. Нанбасаң, езің барып ашып қара, - деді алақанында оқ ойнатып тұрганға.

Жанындағы екеуі берзенттің шетін эр жерден

көтеріп, машина қорабына көз жіберіп, қайта шегінді. Бізден ештеңе өнбесіне көзі жеткен соң бұлар арбасындағы коржынынан екі бөтелке көк сүйн алып бөліп ішті. Босаған бөтелкелерді бұлақтың ернеуін қөмкерген тасқа шағып, күл талқан етіп қиратты. Үгітілген қаншама қылтанақ шыны сынықтары бұлақ түбіне ыргаландай барып түсіп жатыр. Мына жай Пётрдің ашуына әбден тиғен еди.

Мыналарың барып тұрған озбырлық қой, - деп гүжілдеді ол. - Бұл арага қаншама журғінші соктай, шай қайнатып ішпей кетпейді. Жаңа өздерін де шөл қандырдар гой. Элгі уатқан шыны сынықтары бізден соң келушілердің тамағына қадалады-ау, бейнет шектіріп, өлімге ұшыратады-ау деп ойламайсыңдар ма? Адам баласы баршага нәсібе сауатты осылай бұлдірер ме? Сендерден не үміт күттеге болады!

Мылтық асынған, тегі, бұлардың басшысы болса керек. Сол қынабынан алты атарын жұлып алып, аспанта атып-атып жіберіп айбат шекті.

Сен патша генералы Корниловтың құйыршығы, ақшыл контрсың. Көзіңді қазір жоғалтуыма да болар еді. Жарайды, әзірге бара тұр, қазынаның мына жүгін жеткіз. Барған соң экенең көрісесің, білдің бе. Тас зынданың ең қаранды түбінде қыңсылайтын боласың!

Эй, сен әуелі өз басынды сактауды ойла. Потребсоюз дүниесін тонамақ болғанын аян гой.

Кім контр екені элі сараланады. Қорқатын кісіні тапқан екенсің, бар – жолын анау, - деп Петр қолын сілтеді. Мылтығын қынабына қайыра салған жылтыр қара бұған жаман көзімен қарады да, арбасына отыра беріп, қолын сермеді. Сейтіп жүріп кетті...

Осы жайды естіген сон жөн сұрап отырған мейман Разымбетке қарал қойып басын изеді. Разышылығын білдіріп қостауы ма, кім білсін, әйтеуір бір жайларға оның көз жеткізгені айқын еді. Соносон әлде не айтып тілмашқа қарады.

Бала-шаганыз бар ма, -дейді.

Хал-ахуалімізді сұраганына рахмет. Хауа алты перзент көтерген. Бесеуі жерде. Жалғыз кенже қыз гана қалып, он жылдық мектеп бітірген. Былтыр ұзаттық. Күйеу бала соғысқа қатысқан, жалғыз қалған кәрі шешесінің көз жасын іп, аман оралды, соナン бәрі колхоз, біресе МТС жұмысында.

Тілмаш осы тұрасын жеткізгенде анау тағы да басын изеп, оны-мұны білмек болып, беймазалаганына кешірім сұрапты, біздің тұнделесте келіп – кеткен жайымыз жария болмасын депті...

Сол бір хикаяны мына екі мейман жасқа аузынан бірінші рет шыгарған қария уақиғаның немен аяқталғаны жөнінде дерек білдірген.

Жоғары жерден келген сол кісі әділдік жағын қаралған абзал азамат болды. Сол келіп кеткеннен кейін кешікпей Петр ақталып елге оралды. Бірақ ауруға үшыраган бейбақ көп өмір ете алмады. Сонау

кісі «Қарақожин дегенді білесіз бе» деп неге сұрады екен? Осы жұмбак көкейімді ұзақ тырнап журді. Жолда бізді тонай жаздаған, қорқытып мылтық атып, суатты бүлдірген, Петрді зуре-сарсанға салған қара пәле тал сол Қарақожин болғанын кеш болса да өкінішпен білдім. Пәлекеттің өзі де зымзия жоқ болып кетті. Иә, зымияның біреу болса да кемігені көңілге самал сепкендей сезіледі.

Петрдің озығылармен тайталасып, суатты қорғағаны ерекше жай екенін енді түсінемін. Көп несібесі, ел ризығы деген ұғымды халық қастерлеп, бәрінен биік ұстайды ғой. Досымның сол жолғы тайталасы адамға, жан-жануарға аяушылықтен қараудың маған дарыған гибраты еді. Иә, осылай бажай қылсак, мына көлді қызғыштай қоргауымның несі жағымсыз? Жан-жануар, есімдік тіршілігінің арқауы осы су көзі екеніне шубә жоқ. Аялап ұстап, таза сақтамасақ ол арқау болудан қалады. Мына көлде қанша балық бар, мұнда жаз бойы қанша құс келіп, сая тауып, өмір сүреді, жағаға жұмыртқа салып, балапандарын өрбітеді. Мұнан арқарлар: қоян, түлкі де келіп су ішеді. Қаншама мал, қаншама адам рахат табады. Соның бәрі казына, тіршіліктің қажет бүйімдары. Сол балықты беріп түрган суды улап, ластасаң әлгінің бәрінен айырыласың. Мундай гәпке ұшырап отыргандар аз ба? Іргелес ауданда бірнеше көл-қопа балық шолпыш, құс қонбайтын борсыған өлі иірімге айналғаның газеттен оқыдым. Оған шомылған адам қотыр, қышымага айналады

екен. Табигат өзін сыйламағаннан өшін солай алады. Соны айтып, ауыл адамдарын көл-қопаны, өзен, бұлакты ақ сүтін емген анаңың өзіндей құрметтей біл деп сақтандырып отырамын. Тіршілік ету турасындағы білімнің мұғалімі екенсін, батамды берейін, шәкірттеріңе, жүрген жерінде соны насиҳат қыл, соны уағыз қыл айналдым. Енді шайға кіріндер. Бұғын бірқатар шаруамыз бар, келер меймандар бар. Соган қам жасайық, - деп РАЗЫМБЕТ ілгері жылжи бергенде Лиза аталай кеп, оның оң білесіне еркелей басын сүйеді. Бәлкім, экесі жайындағы бұрын есітпеген әңгімесіне ризашылық білдіргені болар. Элімхан мен қолына бауырсақ пен конфет ұстаган, жалаң борбай Дайраш бұған аңтан. Дәп-дәкей тәте бұлардың атасына еркелегені несі-ей!

Тәте, мына тәтені сабашы, - деп кішкентай төре үйге самауыр апара жатқан Арманға қарай тойпалактай жөнелді...

Шыны-аяқ төңкеріп, бәрі тыскә шыққан кезде машина дүр етеп түсті. Учетчик-шофер Еркелет көйлегінің жеңін түріп тастап, баранканы қыса уысына алған.

Отырыңыздар!

Апа, бұғын тездете сауып қайтамыз гой, мына ұлға көз сала салыңыз. Дайрашпен бірге ойнай түрады гой, - деп Дәлила Хаяу шешейге өтініш білдірді.

Е, жарайды, жаздайғы бағып-қараган ақыга

төлсуге Еркелет екеуінің жыл бойғы бейнетпен тапқандарың да жетпес. Эй, күшік бері кел, қатықты өзің ішкенсің бе, бет-аузыңа жаққансың ба? Дайраш, бар, үйден конфет экел, бір ойыншыныңды ала шық!..

Эй, Еркелет, орынынды мына Лизага бер, бұл машинаны сенен кем жүргізбес, мен осының жанына отырайын, өзгөң кузовтағы аспалы орындыққа сиясындар гой. Газіз, ана ұлынды алдына алып байқай отыр. Ал, Лиза жылжы, сенің автомашина жүргізуді Сипатпен бірге оқуда жүргендеге үйренгенінді Еркелет білмейтін шыгар, - деп Арман мұның жүзіне күлімдей көз жіберді. Лиза жымия түсіп ризалық ангартып, машинаны жылжыта жөнелді. Ортада отырган Дмитрий сүйіктісінің өнеріне іштей сүйсініп, кабинаның артқы терезесінен ішке еңкейе түсіп көз жібереді. Арман екеуі мәз, тілдесіп отырган сияқты.

Газіз Еркелетке назар аударып сез қатады.

Еркеш, сауылған сүтті тезірек жеткізіп орал да, бүтін малға сен ис бол. Науан ағаң көк тасты орнатысып, қой союмен айналысадар. Ол – бір. Рудникке бізді ауылға қайта экеп тастанап барып, мына жерден тартасың. – Газіз оған Сипаттың мазары іргесінен өтетін жолды қолымен нұскайды...

Өріске барад мерзімі таяған сиырлар эр түстен топ жарып шығады. Науан қара көкті сипай қамшылай желе жүріп, сиырларды иірімге жинақтайды. Мәпішкен бүрінгы Сипатшар бағында

сиырлардың алғашқы легін емізікпен сауа бастаған. Тұтігінің әйнек қимасынан күміс көпіршік жылжып кетіп жатқаны байқалады. Оң жақ бұрышты ала қойылған флягага сүттің сылдырай құйыльш жатқаны естіледі. Келе Арман мен Дәлила да жем күтіп тұрган сиырларды шарбаққа төртеуден кіргізіп, емшектеріне емізік кигізе бастады. Лиза бұл көріністі бұрын Сипатқа мейман бола келіп, екі-үш рет көрген. Ал, Дмитрийге болса, бұл бір лабораториядағыдай таңсық жай. Тамашалап андана мұнда көз жүгіртеді.

Эй, қағынды ана сиырды бері айда, - деп Мәпішкен Еркелетке әмір етеді...

Мынау бағаналар қай түйіннен тартылған?
Электр қуатының келуінде үзілісі болмай ма?

Бәрінен де осының жыры қызын болды, Дима. Бір қағазға қол қойғызу үшін қаншама шапқылап, он-он бес мекеменің есік-тессігінен өтуіне тұра келетін «тәртіп, зан, ереже» аталатын, көк тыныра алғысыз салт бар емес пе? Соның біреуі кем болса, бері қойғанда тілегің орындалмай, әрі қойғанда – совет заның бұзған болып шыға келесін. Колхоз, ауыл, совет, милиция, аудандық атқару комитеті, энергоуправление, рудник басқармасы, облисполком, сельхозуправление, мемлекеттік банк – иешеу болды өзі, - соның бәрі актара қарап, төңкере тексеріп барып қол қояды гой. Қосымша қанша сауал сұрап бедірейіп отыратындары-ақ азап. Соның өзінде бағана тартуышылары үстеме ақыға

оншақты қойымызды, бірнеше фляга майымызды өңешінен өткізіп барып, бірнеше айдан кейін гана электр энергиясын жеткізді емес пе. «Сүтті болса өздеріңе береміз, неге мұнша бұлданасындар» дейміз. Оны қулаққа ілмей, алаканын қайта жаяды. Сауын алаңына бұл бағаналар осылай келіп орнаган. Соңан соң бір-екі қайта үзіліп те қалды. Онда-мұнда шапқылайтын тағы Ғазіз. Қазір әйтеуір тоқтаусыз сүт жөнелтіп жатырмыз. Енді электр монтерлер бұлданады. Мына Еркелетке осыны оқып үйрен деп тілек айтып журмін. Шұғыл қажет жайды, әсіресе өндіріс қажетін өтейтін орынмен тікелей тілдесіп, тиісті ақысына тез бітіріп алатын күн қашан жетеді, десеңші. Эркімге көз сүзіп, әркімге жалынып-жалбыранған сан сатысы тәртіп титыгымызға тиіп-ақ отыр. Өнім бер дейді. Берейік. Ал, соған керек жай дау-дамайсыз, бұлданусыз жасалуы керек қой. Соған жетер күн болса нағыз бақыттың өзін келіншегінше құшар ең!

Рас, рас, - деуден бөтен Дмитрий сөз айтпады. Ол Ғазіздің қазіргі қарастырын мол танып, іштей қайран қалған күйде тұрганы анық еді, – Иә, осы бір қызыңыз тәртіп алынар иғілікті тым алыстатып жіберіп отырган жайымыз жасырын емес. Соны сезінер көкірек, толғалаң бас қашан бітер бізге?

Мениң толғаным жүргені сол арасы.

Ойлары осы бір түйінге тоғысқан екейі бір-біріне оймен көз жіберіп сәл үнсіз қалған еді.

Бұлардың осы толғаныс сөтін Науан үйінің алдындағы қостын аргы тұсынан кенет естілген қаздар қанқылы бұзып жіберген еді. Екеуі және сауыншылармен солар маңында жүрген Лиза да сол тұска көз жібереді. Бырбиган төрт коныр қаз қызылтым дәлекіні қамап, мойындарын соза, қанаттарын далбандаға түз тағысына үмтыхала-үмтыхала түсіп үрей туғызады. Осы қаздардың бірін қмқырып бөктіріп кетпек болып, бас бағып келген тұлкі баласында зәре жоқ, біресе ол жағына, біресе бұл жағына кілт бұрылып, құйрығын тақымына тыққан бойда тым әбігер. Тісін акситқан болады. Ата қаз болса керек, батыл ырғып түсіп, мұны құлағынан жүлкүп жіберді, дәлекі шошаң ете жата қалып аунап түсті. Осы кезде желе жортып жеткен Науан қаздарды қуып, тұлкінің сыйыла жытуына орай жасады. Оның соңына түсे бастаған, өзімен бірге ілесе келген екі сары ала итін дыбыстай шакырып, артынан қуды. Мына тұстагы қамысты қара суға қармақ салып жүрген үш бала да солай жүгірген. Иттерін ерте қайта оралған қара мұртты Науан балаларга назар аударды.

Қайда барасындар? Бар, балыктарынды ауландар.

Қап, неге босаттың аға, тұлкіні?

Тұлкі емес, әлі ауызданбаған дәлекісі ғой, қайтесіндер оны. Қаз үрлауга келген сері жан саугалап әзер құтылды. Мен бармасам Мәпішкеннің қаздары тіпті жұлып-жұлып тастайтын еді. Оны

кар түскенде аламыз. Қазір обал болады.

Газіздің баласы Әлімхан үн қатпай Науанга тіпті өкпелі еді. Осы жайды көзбен шолған Газіз Мәпішкенге арнайы әзіл айтады.

Бұл Мәпіштің қаздары тұра өзіндей, сірә, қасқыр келсе де шегінбей қамап алар.

Оның рас, келіншектен жалтақтайтын жігіттен қаздарым артық, - деп Мәпіш Арманға көз жіберіп қойды. Эзіл мәнін Дәлила да андайды. Бірақ, ол өзінен үлкен апаларға бұл ретте тікелей қарауга ұялып, сиырларын шарбақтан шығарумен айналысып кеткен...

Бұл Мәпішкен осы ауылдың кәліпті театры. Ойламаған жерден бір күлдірмейтін күні жоқ. Эзілмен тындаушыны жігерлендіре жадыратып тастайды. Кемсітіп айтқанын естімейсің. Құптаап, қостай айтып көтермелеп, емеурін білдіре ой тастап отырады. Бағзыда сәл ағаттығының өзін шымши шыжылдатып, жан сезімінді қып-қызыл от шоғынан ебелек қаққан шыбынша шоршытады. Небір қындығынды елең ете қоймай, жаздың жадыранқы лебіндей көңілді қалпын өзгертпейді. Шіркін, келіншектің бері осылай болып жарала берсейші. Онда жігіт атаулы әулиесінің аялауындағыдай сезінер еді өзін, шын бақытты, іштей шат-шадымандықпен сезінер еді.

Бала жастан дерлік сыралғы Мәпішкен бітімін Арман осылайша тағы толғанып бағдарлады. Оның Газізге қалжың қарымжысы ретімен айтқан элгі

сөзінде ара-тұра мұны да жылды ниетпен қағыта кету жатыр. Орынды да болар. Ғазіз енді басың бос, Арман да солай, енді бұл жүрістерің не дегені гой. Адамгерлік ар-ожданың алтын торы дейтін бар емес пе? Оны бұзуга мен болайын, Ғазіз болсын қалай бармақпыш? Эрине, Мәпішкен оны білмей отырган жоқ. Әмір шіркін шолақ қой, бірінді-бірін куантсандаршы дегені-ау сірә. Айналайын-ай, небір үлкен ойларды, бағдар-болжамдарды иненің көзіндейден өткізіп жіберетін, үшкыр айттып, соны әзілмен жеткізе қоятын тіл мессекерлігің-ай. Сендей келіншектен Науан күн сайын миллион айналып, миллион ризалық білдіріп отырса да аз-ау. Жаңағы қалжынына орай ең болмағанда осы ораймен бір-екі ауыз сез айтқысы келіп-ақ еді, Ғазіз тұр, мына жастар жүр, қалай жаймақ ол ойын. Сөйтіп үндемей, қас-қағымда дерлік сан ойды толғантып етті де, тек жымындал жылды ажар танытты.

Арман, саған арнаап, жетіле түссін деп босаттым әлгі дәлекіні.

Жөн-ау, Науан, бірак, бәріміздің сый-құрмет, тарту-таралғымыз күн сайын сенің Мәпішкенес арнала берсе деп тілеймін гой.

Науке, осы сөздің төркінін көкейінде берік түйші. Бақытты қадірлай білмек керек, - деген еді бұл семьяга мол тілекtestігін тағы білдірген Ғазіз.

Шіркін-ай, мына қатын мен Ғазізді катар отыргызып, кезек-кезек бетінен шөпілдестіп сүйсеп көп емес.

Мәпішкеннің бұл айтқаны баршасын тағы күлкіге батырды.

Эзіл – күлкімен қоса есіліп үқсатылып сауын да өтіп кеткен еді. Топты фляганы Еркелет пен Дима лезде екі жақтағанда орналастырып, бұлар ауылға оралуға қамдана бастады. Тетіктерді жуып-шайған соң, Мәпішкен үйіне кіріп шықты, табынға беттегелі тұрған еріне тапсырма айтты.

Жаңа тұлкіні болса қоя бердің, қайта оралуы кәдік қой. Ауылға беттерінде ана қаздарды қосқа қамап кет. – Осынан соң қолтығына қысқаны бар Мәпішкен машина тұрған жерге бетtedі. Балалар – бәрі отырган екен. Басқышқа аяғын салып, қорап ернеуінен ұстай бұл да көтерілді. Газіз оны қолынан алып демей түсті.

Ауыл көшкелі жатқандай қам-қарекетте. Шеткергі Никаң үйінің сыртында тұрған арба жегіліп Айғанша есігінің алдында экелінген. Өгіздер күйрыймен қамшыланып, арқасына қонып мазалаган шыбын-шіркейді үркітеді. Екі қария және Өміргалы, Газіз нағашысының баласы Жұматай төртеуі көк тасты салмақпен көтеріп арба жанына жеткен.

Абайландар, қолдан шығарып алып, аяқтарынды жаншып түспесін. – деп Никаң сақтық айтып кояды. Осы үйдің жанында екі тай қазан, ошақ, самауыр және аяқ қаптарға ыдыс-аяқ жиналышпен салынған. Іргелес екі үйден бауырсақ, пісі асты да стархандарға

түйіп экеп Ақбала әбігер. Соңадайdan тағы екі-үш арбалылар көрінеді. Сауыншылар тап осы кезде келіп жеткен. Машинағылар түсіп жатыр.

Ата, апа, қабыл болсын!

Қабыл болсын!

Мәпішкен, Арман, Еркелет ұлкендерге тілек білдірді.

Айтқандарың келсін!

Періштенің құлагына шалынын!

Ниет білдіру соңында сауыншылар ауылдан ертерек келген Өміргалы мен Ақбалага сәлемдесіп, жай-күй сұрасты.

Ғазіз қарағым, екі шек қой жетіп қалатын еді-ау, үшінші малға бос әуре болғансың, не істейміз мұны?

Ағиян жеңге болмай алғызды, Сипатжанның аяттамасын қоюға арнағаным, алып бар деді. Балалары үйде жок екен, малын қарайтын ешкім жок, кейіндеу барып аят қайтартармын, аккеме соны үқтырғайсың деп сәлемін айтты...

Екі қой салынып машина жүріп кетті, сол ізben өгіз-арба жылжыды. Эйелдер мына тұстан тікелей бармақ боп, оны-мұны қосымша керек жаймен айналысып кетті. Көлді айналып бұрылатын тұсқа жеткенде аргы жақтан келе жатқандарға РАЗЫМБЕТ қол сермен, зиратқа қарай тартаберіндер деген белгі берген. Сол арага жеткенде аргы-бергіден күралған арбалылар жаңағы екі қойды мойын жібінен, екінші қолымен атын шылбырынан ұстай күтті

тұрған Науанга кезіккен. «Сипат зираты» аталған, күйдірілген кірпіштен, ықшам киіз үй бейнесінде өрілген ғимарат болмысына бірсыптырасы назар салады. Дөңгеленіл келген қабырға қоліпкі төрт бұрышты кірпіштені қаланса, үстіндегі жағы бір шама ұсак, үшкіл кірпіштермен сүйірлене шыққан төбеле дейін жымдастырылған. Бұл төніректе тап мұндай бітімдегі мазар әредік. Жұп-жұмыр, көк шыбық темір шарбақ есіктен жогары, үзік етегіндегі майдайшага қызыл кірпіштер ренінен айқын бөліне түс ашқан, құлаш жайымдай ауқымы бар қошқар мүйіз өрнек көгілдір сырмен түсірілген.

Келгендер тізбектеліп, зиратқа кіре бастады. Шанырак – тесіктен ішке мол жарық түсіп түр. Қабірдің үйінді топырагының дәл кеуде түсында торғайдың қос сарғыш жұмыртқасы жатыр. Ниқамбек аят қайырып өткен соң әнгіме бір сәтке осы жұмыртқалар жайында қозғалған еді.

Айналдым-ай, адал, таза пігільниң алланың пәк күс жұмыртқасы ренінде, періште қолымен салғызған ишара сиығой бұл!

Кұранда алла рахымының осындаи жайы туралы да айттылған деседі.

Молдеке сол дүрыс па, касиетті Госыман моллаға Мұхаммет пайғамбар өзі айттып жаздырған құранда осы жайдың айттылуы анық қой, - дәп сұрайды біреу үлкен ауылдан келген қариядан.

Алла ракымында шек болмайды, не ақ ниет қылсаң – соның бері қабыл етілмек...

Мейман жігіт Дмитрий топшылауы басқаша болатын. Ол жұмыртқа салған торғай бейбак құзғын тырнақтылардың бірінің шенғеліне абысыз ілініп кете барған болар деп пайымдайды.

Кісілер есік алдына шығып, енді қек тасты қай түсқа орнату дұрыс боларын көнесті. Бөлек орнатса жүрген-түрган қағып-согуы ықстимал делініп, аят, аты-жөні жазылған, қасиетті саналатын тасты зират есігінің сыртқы босағасына қабырғаға жапсарластыра орнату жөн деп үйғарылды. Сонан соң арбадан қек тас жерге түсіріліп, неше қабаттаған қағаз орауы ашылды. Ескерткіш дүниенің ерен өрнектелген бедері шыбын тайғанактайды жып-жылтыр күрән тас бетінде қылыштың көз тартады. Жайынан екі метр, ені сыңар қулаштай тастың айнала шетінен көгілдір сырмен өйма сзықша тартылып, сол орам ішіне тізбек-тізбек жазу жүсірілген. Қыры дөңгеленіп келген мандайға масаның сирақтары текті жазумен аят жазылса, онан төменіректе әйнек-қабықшамен дәнекерленіп, дөңгелетіле Сипаттың ең бір аяулы бейнедегі суреті орнатылған. Сонан қос елі төменде «Разымбет қызы Сипат» деп аты-жөні айтылып, соның астына ұсақ ойылған - өмір сүрген уақытын білдіретін жазулар берілген. Сонан біраз төменгі: «Бұлдіршіндерінен, әке-шешелерінен, жанжолдас, достарынан» дәлінген жазулар біршама уақтау көрініп, жана шырлардың көз жасының тамшыларынша елестейді. Соларды оқып өткенде

жүргегің сілкініп кеткендей сезінесің.

Тас үстіндегі сол өрнек бірқатарларға тағыла аяныш сезімін құйып, Хая, Айғанша, Айғаным аналар, РАЗЫМБЕТ қарт үнсіз егілді. Арман көгілдір шаршысының шетімен көзін сұртіп өксиді. Соның артын ала тұрган Тараса, Лиза, Мәпішкен, Дәлилалар іштей бей-жай, көзінен мөлдір тамшылар үзіліп түскенін андамай қалғандай. Кеше гана дерлік өздерімен бірге ойнап-құліп, жылы, тәтті сыр шертіскең, гүл шешектей жайнактың енді тас бейнеге айналып кеткені от шоғындау ыстық күйінішпен егілткен еді бұларды. АРАЛАЙ жүгіріп жүрген үш-төрт бала соларға үңіліп-аң-таң.

Ал, Науан, Сүйіндік, Газіз сол жаңағы айтылған орынга көктасты қондырындар!

РАЗЫМБЕТ мұрсат еткен соң бұлар қайла, күрек, сүймендерін алып іске кіріскең. Арба алдында екі-үш самаурын бұркырап, Ақбала ортага – екі жерге дастарқан жайып жіберді. Самауырлардан әрірек үш жерде қазан көтеріліп, ошақтар жағалай көл жиегінен ойылып экелінген, қап-қара шыммен көмкеріліп жатыр. Дастарқандарда арғы ауылдан жинап, сабамен экелген қымыз сапырыльп таратыла бастады. Өміргалы мән Науан екі қойды жетектеп экеп бата тіледі.

РАЗЫМБЕТ пүшпақ бөркін сәл көтере, қозғап қойып, ақ орамалымен бетін жайлап сипап алған соң салалы екі алақанын алдына жая ұстап, ақ мұрты бұлкіл қағып сөз бастады.

Эулие де, батыр, дана да, сүйікті ару да халық перзенті. Бұл баяғы Уәли баласы Эбілмансұр, иә, айбарлы Абылай бабан айтып кеткен қагида. Осынан жұз жылдар бұрын жонғарлар атанған қалмақ, әм қыттай хандары халқымызға қатер төндіріп баққан. Улы зәрін шашпак жыландардай шабынған солар баққа, таққа таласып, өзара қырқысып жатылты. Абылай бабан қытаймен қырқысқан жонғар ханымен келісім жүргізіп, өзара соғыспауга уағда жетеді. Соның айғақтамасы ретінде осы мына Аягөз манында екі елдің ежелгі дәстүрі бойынша көкқасқа айғыр, аксарайбас қошқар шалып серттеседі, сейтіп, халқымызды біраз болса да тыныштық алуға жеткізген екен. Сол эруақты баба дәстүрі ғой, аксарайбасымызды атап, сэт күні шаламыз, халқымыздың еркін тіршілігіне, іргесі берік, аман-есен болуына жазсын пәрユардігер! Сол халықтың сен де бір перзенті си, аяулы қызым – Сипат, жатқан топырағың торка болсын, тәнірі енді сенің, дос-жараныңа мұндай қайғы шеккізбесін! Бірге оқып, ойнап-куліп бірге өскен, араланынан қыл өтпеген досың бейнен түсірілген мына кек тасты жасатып әкеп отыр, бүтінгі күні соны бәріміз болып босағана ақ ниетімізді айтып қоямыз! Ал, аксарайбастарыңды шалындар, алла қабыл қылсын, әумин!..

Алла қабыл қылсын!

Қабыл қылсын!...

Ет піскенше не заман, қымыз, шайдан соң

дастарқан жанында үлкендер өзара мәслихаттасып Ақбала және үлкен аналарошақастына үстап ақжапа салып, ет сапырып қазан басында жүр. Жаңағы бір әзірде ғана Науан сарымсақ экелуге атына қонып қопаның басы – сонау сайға қарай өрлеп кеткен. Дөнестеуге салынған зират сыртынан еңсөлі бір қызыгылтый күмыра текті байқалады. Соның ту сыртынан арғы көгілжім ояндабес келіншек жайғаса отырып әнгіме-дүкен құрады. Бәрінің назары еңсөлі, аккуба жүзді Тарасада болатын. Элгінде ғана мойындарынан құшактай құшып достық ниет білдіріскең орыс, украин қыздары сәтімен кезігіп табысқанына разылығын байқатқандай бір-біріне хош ренде қарасып қояды. Өзгелері болса Тарасаны былтырғы шілдедегі Сүйіндікпен екеуінің үйлену тойынан бері өздерінің ішкі бір тіршілік жүйесіндей сезініп, мол жылы құштарлығымен қарайды. Эттең ол әлі қазақша сөйлеуді жіті менгере алмай келеді. Ауылдың тумалары болса оырс тіліне шорқақтығына опықты. Қазіргі сәтте сонын бірі де біліне қойып отырган жоқ. Лиза екі жагына бірдей тілмаш. Арман, Мәпішкендер болса Тарасаның ауылдың өзіне келуін қалайтынын білдіреді.

Қазір болса бұл МТС-тері ауруханада дәрігер. Ауылға келгенде не істей алады?

Біздің колхоздан да аурухана ашылуы жайында айтылып жүр гой, оған дейін бізбен бірге жұмыс атқарып жүре туруына әбден болар еді.

Мәпіш-ау, жергілікті өкіметтің ұзын арқан-

кең тұсау дегендей, уәдеге жомарт, нағыз істің жағдайына келгенде шолақ қолдай орашолак, табансыз, жалтақ екенін білмейсің бе, - деп Арман Мәпіштің әлгі тілегіне өз бағдарынша түсінік береді.

– Аурухана ашы үшін әуелі оның орналасатын үйін салып, тағы басқа қажетін жасау керек емес пе? Не колхоз басқармасы, не ауыл кеңесі бұл турасын толғанбайды. Тек мөр басып, қол қойып, ауданға қағаз жібергеніне мәз боп жүреді. Қағазын жіберген екен, соған жалғастыра әлгі жайды қалай шешеміз деп көппен ақылдастып кеңеспей ме? Қайсымыз болайық сондай құрылыш салуга қол ұшын беруге, немесе, мүмкіндігімізше қаржы жинап беруге әзірміз гой. Солай болмаса ауылда аурухана ашам деушілік жел сөз – қашпаған қашардың шикі узызы деген сөз. Анаған да үкімет көмектессін, мынаган да үкімет көмектессін деп қарайды. Немене үкіметтің аспанин жауып жатқан қаражаты бар ма екен? Осыны бір мыйга жүгірту жоқ. Бірдене жетпей, істелмей жатса бар кінені сөйтіп жүріп сол үкіметке аудара салуга әуестігімізді қайтерсің? Бұл пақыршылықтың күнінен қашан шығармыз десейші.

Ауыл тұргындарының мына тілек-толғанысының жайын Тараса Лизаның айттып жеткізуімен біліп, сәл күлгендей, мыналарға тауыш айтқан ойына разыдай кейіп таныста қарап қойған еді. Соносон ойын білдірді.

Сүйіндік агрономдық қызметімен МТС-те

абыройсыз емес. Ол не дейді, қайдан білейін? Ауылға келуден ешбір қашпас едім, жомарт жанды ел іші ерен бір еркіншіліктің кең дүниесі ғой. Сипаттың той күндері айтқан эн зуендері: Бал Қадишасы, Айттым сәлем Қаламқасы құлагымнан бір кетпейді. Аурухана ашылар болса Сүйіндікті осында өзім сүйреп экелер едім. Келешекте көреміз ғой.

Лиза арқылы осы жайды естігенде Мәпішken соңша разы болып қалғанын білдірген.

Ана үлдан келіннің өзі көп мұсылман. Елді қалай қадірлелітінін қарасайшы. Айналым, ауылға келуге қайтсөн де асық. Сенің шипалы болар емінді күтіп отырган ауру-сырқаулар аз емес, алдымен сонау жәлеріне жәрдемін керек...

Оу, Мәпішken баяндамаң, бітсе, ана етті жасауга жүріндер!

Келіншектердің тәтті әңгімесін шақыра келген Газіз үзіл жіберген болатын...

Тамақ ішіліп болып Мұздыбай молда құран оқыған кезде күн едәуір еңкейіп қалған болатын. Ақ шашты аналар, Сипаттың өрөн дос қеліншектері келіп көк тас алдында сәл тұрды. Айғанша бәйбіше қалтасынан орамалын алып, тас бетін бір-екі сипап жіберіп, баласы Газізге көк тас пен зират есігі арасынан жіңішкерек жілтен көрме жасатты. Соған өзі алғашқы болып ақ жібек шаршы ілді. Соңан соң біреулер таза кездеме қындыларын, енді біреулер қызыл, көк ала шербен акшалар ілген.

Молла, мынадан ырым ет!

Тұстас Хауа кемпірдің мына айтқаны жаға қоймагандай, жасыл макпал шапанын желбегей жіберген молла ақ таяғын алдына тірсей тұрып, қарт анага сығырая қарап, көз жіберді.

Бәріне тегіс неге ұсынбайсындар? Элде дүмшелердің салтымен молла ала беруге, жоқтыбарды жинап, күнәға бата беруге тиісті деп қарайсың ба? Ғалім Госман молда жазыпты дейтін құранда бейбакты мұсіркеу парызы болары айтылған. РАЗЫМБЕСТЕРДІҢ жалғыз перзентінің босағасына байлаган актүкты олжалау маган жол емес, соны білгейсің. Эйтсе де, дағдымен айтып жатқан боларсың, Ғазіз қарағым, мынаның көңілінде кетпесін, маган Айғанша шешен ілген орамалдығана әперші, - дегенді айтып молла шамданыңқырап қалған.

Құранды қолына алып көрмеген Хауа моллалардың заңы алай-пұлай бола беретінін қайдан білсін, иә, дағдымен айтып жатқаны да. Не де болса мына балам зираты жанында дау-дамай тұғызбагайсындар!

Разымбет құдай жөнін айтты. Жаптым аузымды...

Кідік сөз үзілді де, Сигітттың жылын беруге зират басына жиналғандар қам-қарекестінің жайымен ыдырай бастады. Машинаға отырып сауыншылар аттанған. Қазан –ошак, аяқ-табақты жинап тиеп, шешелерін отыргызып, Ғазіз өгіз-

арбаны қозғады. От орнына су құйып, сақтық жасап болған Өмірғалы, молла, Жұматайлар РАЗЫМБЕТ, НИҚАМБЕКТЕРГЕ қош айттысып аттанған. Сүйіндік, Дмитрий, Тараса, Дизалар Ғазіз қалауымен соның үйіне соғып аттанбақ боп барады. Бұл арада РАЗЫМБЕТ пен НИҚАМБЕКТЕН басқа ешкім қалмаган. Дастарқан жасалған тұстан сәл әрі барып, енжар күйде қарт әке аяулы баласына зираты сыртынан қайта құран оқыды. Осы кезде көлден үшқан екі аққу баяу қанат қага, сынғырлай санқылдап осылар үстіне үшып келген еді. Қасиетті жануарлар сол бетімен осы араны екі айналып үшып, сарнай қаңқылдап етті. Элде РАЗЫМБЕТІ танып, қабыл болсын айта келгені ме, элде домбыраңды бугін неге шертиедін дегені ме, әйтеуір бір ишара жылылық нышан танытып барады.

Қап, домбырамның үйде қалғанын-ай, қасиетті аққулар сендер маган мына балам тәрізді білінесіндер, келіндер қайтып, келіндер! – деп қария құс кеткен тұска көз жіберіп, қол былғал тұр.

Оныншы тарау

ҚАҚТЫГЫС

Өзен сағасындағы ауыл таңы бугін арайлы атты. Наурыз басының салқыны лебінен білінсе де, артының зәрі болмас, деп түйді сыртқа жабағылы бие айдал шыққан қария. Осы кісінің тұнық ауаны

жарын шыққан, мал айдаған дауысынан сескенді ме, әрірек деңестегі, шарбақталған мал ішінен екі қоян орги шығып ағындаі зытты. Қария бұларды бірден-ақ көріп, жайларын іштей мұсіркеумен толғаныш келеді. Бейбақтар бұларға бәрі қорқыныш. Кеш батып, ымырт түсісімен дамылсыз құғын-сүргін салатын жырақтағы тұлқі мен бөріден сыйылып, осынау маға келіп сағалайды, хоши бүркыраған көк майса пішеннен миуа-тұл бөршіктерін теріп жеп, әрі қорек табады. Адам енбегігің бір нәтижесі бұларға да пана.

Қар жапқан сол ұзын маянын аргы тұсында ақ қағаз бетіне айқын түскен мөр жазуына ұқсан, шүрк,-шүрк, уақ іздер көрінеді. Элті сойқандардың күгисүргінін сүрлеуі екені аян. Сол тұстан келіп құлайтын жал жиегінен жаңағы екі қоянның бірі оғып өтті де, екіншісі зым-зия көрінбей кетті. Жол бетін сәл бүркеген қырбық қарға ұзын ирелең, қас сызық болып түскен, тұнделете сақ өткен шананың ізі жосылып жатыр.

Сонау әріде, көк жиектің аргы ернеу шетінен сәулесін тарамдап таратса күн көтеріліп келеді. Қария бері бұрылғанда ауыл үстінде көкке шанышыла, қатар түзеп будақтаған қоңыр ала тұтінді тамашалап қарады. Іргесін қар тығындағы аласара түскен шағын ауылдың тәйпек үйлерінің маңы қараң-қуран - аулаға шашқан шөпке шыгарылған сиырлар, торпак, әредік қой-ешкі қозғалақтар көрінеді.

Орта тұстагы еңсөлі үйдің майдайшасында қызыл жалауша желбірейді. Соның алдына біртіндеп адамдар келе бастады. Салт атты, тақ қиңген скеудің сырттан келгені танылады, аттары құлагын қайышылап, бозғыл дем бүркіп, солығын әлі баса алмай, танаулаган күйде.

— Жиналыс өтетін құлбыбы осы үй ме? — деп сүрады жеңінен қамшысының сабын шошайтқан.

— Ассалаумагалика-ым, Адақа, Жәке, — деп тракторшы Қалқаш бұл кісілерге дауыстай сәлем беріп, жөн білдірді. — Түсіндер, жиналыс өтетін клуб осы.

— Үэй, мынау әлгі өзіміздің Сәнапраздың күйесу баласы рой, езің де аманбысың, қарағым? Иә, мына атымызды қайда байлаймыз, шөпті қайдан саламыз?

— Жүрініздер, біздікіне түсініздер, — деп жігіт бұларды кері айналдыра, әрі қарай жүрді..

Таң қыланынан жолға шығып, қарлы далада тоңазып келген скеу шай ішіп, бой жылдытқан соң жай басып клубка кірген.

Қылы-қылы сыр шертетін, сөре-сөре сөздер бар. Соның бәрін сіз қызу да қиқуталас ап-пікір айтылып жататын кез-келген жиналыстың өзінен де ести бермейсіз. Сөздің ондай тек тәркіндерін түйсіну сөйлеушісіне, онда да оның сөйлей білуінс байланысты. Шешендер таңдай кептіріп, сортаны бүркырап жататын татырауды да киыстырып бейнелесуімен тамылжытып елестетеді. Бір шешендер сынығының сызатын да сездірмей,

жайып-шуып, енді біреулері төніп келген пәлені бөгделердің басына аудара төгіп, байлап тастайтындағы иланып туғызады.

Мына жиналысты аша тұрып, бұлан құйрыққа салған колхоз партия үйымының хатшысы Тышқанбаев Тоқтаганның кіріспе сөзін тындаған Арман мұны жаңағыдай шешендердің қай легіне екшеп шығарарын әзірге тап бастырып түйе алмай отыр. Бірнеше жыл райком секретары болып қызмет атқарған бұл азамат қай қиықпен де сөйлей біледі. Шашы қыр шекесінен екі жағына тең айырыла селкілдей, көзімен отырған көптітінктілій, тіктүріп сейлеуінде ол колхозшылардың облыстық Советтің депутаттығына кандидат, облыстық прокурор Айқынбаевты қошаметпен қабыл алғып отырғанын алдымен андатқан. Мұнысы құда да тиіш, құдағи да тиыштың райын туғызбақтың қыстырmasы. Оған жалғастырыла сайлаушылардың белсенділігін көтеруге колхоз партия үйымының қаншама қамқаралық жасаганы аңғартылып, тұжырымдауында ауыл мұддесінің шешілмей келе жатқан жайлары әр алуан екенін білдірген. Сырттай шолғанда бәрі де дұрыс, ешбір мін тага алмайсың.

- Өткен екі жолғы сайлауда да колхозшыларымыз депутат болып сайланғандарга көп аманат жүктеген еді. Соның ең бастылары орындалмаган күйі қалғанын бүгін өкініп айтамыз. Әсіресе колхозда аурұхана, монша, мектеп үйлерін салу жөнінде берілген аманат және мұны қабылдай

тұрып депутаттыққа кандидаттардың берген уәдесі айтылған жерінде қалып қойды. Иә, соларды депутаттыққа қателесіп сайлаганымыз енді әбден көрініп отыр. Бізге кейде кім керінгенді эксп тыңпалайды ғой. Айқынбаев жолдас жаңадан сайланатын депутатымызга кандидат болғандықтан сізге бұл жайды айрықша атап айтқымыз келеді. Эсірессе құрылыш салу мәселесі жөнінен барынша қамқорлықпен қарар деп сенеміз. Солай ғой, қауым? – деп кеп түйген еді ол ойын.

– Элбетте.

– Беделің бар, сөзінді жұрт тыңдайтын азамат екенсің, шырагым. Ділгер болып отырган жайымыз көп. Мына аурұхана салғызу жағы қинап келеді.

– Апрай, шай қайнатып беріп отырган кемпірім аурудан бір шықтай келеді. Қандай қерім болар еді, ауылда аурұхана болса.

– Тышқанбаев Тақтағаның әлгі ойын қостап құптаған дауыстар залдың эр тұсынан солай естіліп жатты.

Айқынбаев жиналыс президиумында – стол басында, жанында отырган партия үйімі хатшысына тілек білдірді.

– Жаңағы айтқаныңы – алдымен жергілікті өкімет – ауылдық Советтің тікелей өзі айналысад іс қой. Өздеріңіз бұл тұрасында ешбір жерге талап-тілек қоймадыңыздар ма?

– Ауданға бірнеше рет хат-қатынас жіберілді. Сыбыс жок..

— Ондай хатты артына түсіп іздеуші болу керек кой.

— Эзірге олай іздеу салып көргеміз жок. Депутаттар қол ұшын берер деген үміттеміз.

Ара-тұра Айқынбаев пен Тышқанбаев сойлесе отырып, қызмет атқару сарайындағы біраз сырларды актарды. Эңгімеге залқулак салады.

— Ізі жок, сұрауы ол қатынастардың молланың ішірткісінен түк айырмасы жок қой,— деп орнынан тұра дыбыстаған Адан ақсақалдың күңгірлете айтқан қынжылысы естілді. — Бұлар мына қауымның мұддесін өтеу үшін қызмет атқарып жүр деп қателесіп келіппіз гой. Енді не дейін.

Айқынбаев тағы да қосымша деректер білмек ниестте.

— Сөйтіп ауыл Совет тиісті қызметін атқармаган болып шығып отыр-ау.

— Эркім әртүрлі бағалайды. — Тышқанбаев жалтарыс жасай бастады.— Басқа да қызметі бар гой.

— Құрылыш салудың аса ділгерлік екенін айтып жатырсыздар. Бұған жету үшін занды ретпен талап қоя білу керек. Ол ауылдық Совет сессиясының арнаулы шешімі болмақ. Бұл бірден бір занды документ болмақ.

— Онда депутаттарды несін сайлаймыз.

— Элгі ойга Тышқанбаев өз түйімін тайталастырады.

— Менімше депутаттар жергілікті өкіметтің

занды шешімін іс жүзінде асыруға жәрдем стушілер деп білемін. Ал, сіздер бар тауқіметті депутаттар мойнына артып, қол кусырумен келесіздер. Мәселен, мен депутат болып сайлана қалганның өзінде сіздерге құрылыш салып беруге қызмет бабым жөнінен өкілетті бола алмаймын гой. Рас, тілек көп дейтін боласыздар. Бұл жөн дейік. Ал, қолымда тілекке арқау етіп айтатын ешбір дәйектеме – занды документ жок. Неменеге сүйенуім керек?

Бұл турасына Тышқанбаев түсінік берे алмады. Айқынбаев ойын онан әрі жалғастырды,

– Элгінде бұрынғы депутаттарға өкпе білдірдіңіз, аманаттың кебі орындармады дедіңіз. Иә, сол аманаттарды қалай белгілеп едініздер?

– Сайлаушылардың тап осындай жиналышында айтылған ол аманаттар. Соңан соң қолдарына жазалып та берілді.

– Сонда әр депутатқа нешеуден аманат берілді?

– Біреулеріне бес-алтаудан, біреулеріне екеу-үшеуден аспайды.

– Сол аманаттарды құрастырып қараз бетіне түсірген кімдер? Облыс па, аудан ба, ауылдың өзі ме?

– Біз. Партия үйимы мен ауылдық совет. Бекіткен де, ұсынған да сайлаушылардың осындай жиналышы.

– Ал, әлгі аурухана, мектеп салу кімге аманат етілген еді?

– Облыстық Советке депутат етіп сайланған

•••••

облыстық милицияның бастығына, екіншісі – аудандық Советке сайланған аудандық оқу бөлімінің бастығына аманат етілген болатын.

– Олардың күрылышылары да, мұндай күрылым салуга арнап бөлгөн каржысы да жоқ. Оның үстіне қай жерде, қандай күрылым салуды жоспарлауға да бұлардың ешбір қатысы болмайды. Сөйтіп, әлгі аманаттарыныздың бұларға орынды берілмеген болып шығатынына айтар дауыңыз бар ма?

Тышқанбаев та үн жоқ.

– Иә, баксаңыз, әр депутатқа өзінің атқарып жүрген қызметіне үйлесімді, жөн-жосығын біlestін, ісіне сәйкес келетін, қолынан көміл келетін аманат жүктеген жөн болар еді. Сіздер сол ораймен келмей, бүгіндегі «депутатқалайқызы адамдарды сайлагаптыз» деп опық-өкпе айтасыздар. Тапсырманы қынқызыз белгілеумен өздеріңіз сайлаган жолдастардың өкімет басқару ісіне белсене қатысуына көрнеу көзге колбайлау болғансыздар.

– Аманатты берген мен дейсің бе, белгіленбекіткен сайлаушылар жиналысы гой.

– Бұл енді жалтарған сияқты сез. Элгіндегі өзініз айтқандай, аманатты қағаз бетіне түсірген сіздер гой. Сөйтіп, сайлаушылар жиналысы атынан депутат болушыға орайы болмайтын, қолынан келмейтін жайларды да аманат етіп, тізімдеп, қыстал, құштеп белгілейсіздер. Көп аманаттың орындалмай қалу мәні тап осында жатыр. Міндетті

ұзын-ұргамен жалпылап емес, сарапал дарапал белгілемек керек. Ауыл жүртшылығы болса, партия үйымының хатшысы сізге бәрімен жөнімен, жүйесімен келістіреді деп сенген.

– Иә, сенеді.

– Сол сенімді сіз ешқашан ештенеге жеткізбес сырдақтық әдettің ағынына сілтей сілкіп төге салғансыз. Аманаттың орындалуына сәт тұгызатын әрбір жайды қағаз бетіне тоғыз қайта толғанып барып түсіру, жол мезгесінде, мактан ескерер түйінің болу керек еді.

– Ең болмаса партияның ар-инабатын сыйланқырап айтыңызшы.

– Парыксыздық батпаққа батырады. Халық қажеттің өтеуге жеткізетін нақты, арайлы іс қана ар-инабатқа алтын қазық болады. Иә, Тақтаган сізге бөгет жасап отырмын-ау тегі, жинальсынызды жүргізе беріңіз.

Жүрт қол соғып жіберді. Арман Тышқанбаевтың шешендердің қай легіне жататынын енді айқын бажайлағандай. Бұл жар сала тұрып, жалған айтып, жалтарып шығатын он қантал сыйырланың тап езі ғой. Сан қылы жайды қамтитын істің түпкі нәтижесі жарыттымсыз болып жүргені сонан шығар. Мұндайлар күт емес – жүт. Қалай сұтылып шықпак керек осындайлардың бүріп алған шенгел-шырмауынан? Дәл осы арада туда кеткен осы бір ойлар Арманның зердесін ауыртып, тырнаптырнап жібергендей болды. Эйтсе де, қанық біле

қоймайтын құпия қатпарларын тарақтап ашып, осындаі сезім сермелісіне апарған мына зан қызметкерлерінде әбден разы болып қалды.

Жиналыс одан әрі жүруде. Жүрт сенген өкіл Газіз Экбаровке сөз берілді. Көп назары стол басында. Президиумга сайланған Мәпішкен бетін сәл бүрүп, Ғазіздің үлкен жиында мұдірмей сөйлеуіне ықыласпен көз салады. Тышқанбаев әуелгідей емес, тауы шағылып басылыңқы отыр. Қызылтый көйлекке түстес, таңқыштай жалпақ галстук байлаганы ұнамдылық бермейді. Быржиган беті өзі құрдым біткен мұрынын шөгіндіре тартып, жалмап жұтып бара жатқандай білінеді. Газіз депутаттыққа кандидаттың өмірбаянын, қызмет бабын, азаматтық жолын, кішіпейілділігін басбасына талдап әңгімеледі. «Әділ совет занын іске асыру жолында Айқынбаев жолдастың облыс прокуроры ретінде бұдан әрі де сергек қызмет атқарып, сайлаушылар аманатын орындау түрасымен де байыпты айналысатынына сенеміз. Сайлау күні өз кандидатымызға түгел дауыс берейік...».

– Кандидатымыздың өмір жолымен таныстыңыздар ғой?

– Таныстық,

– Ал енді кімнің пікір білдіріп сөйлегісі келеді?

Залда өзара күбірлесіп сөйлескен дақул-дұқыл естіледі.

– Үақыт өткізбейік. Кәне, кім сөйлегісі келеді?

– Менің әуелі бір жөн сұрагым келеді. Сол турасын түсінген соң бір-екі ауыз сөз қосамын.

– Жөн. Айтыңыз. Ниқамбек деген ақсақалмызы.

Көп ортасында тығыздала отырган орнынан қария асықпай көтеріліп, белбесуін шешіп, шапаны астындағы бешпентінің ішкі қалтасына қолын сұкты.

– Да, Ниқа, шашу шашқалы түрсyz ба?

– Элгі 28 теңге пенсияны кеше берген болса, шашу шашатыным-шащатын едім. Иgi жақсылармен бас қосқан мәжілісте шашпағанда Ниқамбек қашан шашу щашпак, деп ойлайсын.

Жүрт күлісіп қалды.

– Пенсияны әлі берген жок, енді қайтейін, оның орнына мына облыстан келген брокорал азаматқа ауданың әлгі қызыл шұбар тергеушісі жіберген қатынас қағазды көрсеткелі жатырмын.

– Ол негылған қатынас?

– Элгі бұрынғы басқарма лаңының бір шашырандысы ма деймін. Мына кісіге көрсетіп, жөнін білгім келеді.

– Тауым алған соң көрсетесіз гой, әзірге не жай екенін ауызша айта беріңіз, әке.

Ниқаң қалтасынан іздең тілімдей қағазды тауып алып, алдында отырган кісілер арқылы бірден-бірге жылжытып, стол басында отырган прокурорға жөнелтті. Президиум столы шетінде отырган Мәпішкен қолына жеткен қағазды Fazізге, ол өз жанындағы прокурорға берді.

— Иә, қосымша айтайын. Жасым сексенге қарап отыр. Жалғыз бала соғыстан оралмады. Қашшама жылдар әр сайдагы ескі қора-қопсыны шаңға бата жүріп, жаңғыртып жөндеп, колхоз малын сақтаймын деп өмір өткіздім. Онан ауыл азаматтары соғысқа аттанып, қатын-калаш, бала-шаганың басын қосып жұмыс жүргізген пригада болдым. Өмір-тариҳ осы. Соғыста сүм дүшпанды жеңдік кеп. Тірі қалған азаматтар оралып, бәрімізді қуантты. Соның біреуі, шырагым брокорал, жаңа өзің туралы әңгімелеп берген – ар жағында отырған Газіз.

Газіз көкірегі сүулелі, көзі ашық азаматымыз. Жаңа ол сейлеген сезінде біздің занымыз – әділ зан деп айтты. Көп жылдан өзім де сондай иланымда әдім. Бірақ, кейінгі уақта көңліме бір күдік пайда болды. Мен бак та, тақ та тілемеймін. Тек әділдік болуын ғана тілеп аңсаймын. Осы біздің занымыз айтып жүргеніміздей – нағыз әділ зан ба? Осыны үқырышы қарағым маган.

— Бәле, не деп түр мына кісі? Мына сезінізбен бізді бір пәлеге ұшыратарсыз.

— Партия хатшы, шырагым, жаңа өзің сез бердің. Сірә, көңледегіні айтуга құқымыз бар болар. Сабыр қыл. Саған келетін түк жок. Адам үні естілсе зәре-күты кететін бетпактың су жүрек қояны сияқтан ба!

Карияның ренжіген рені байқалады. Үрпіген қасы, күміс құймадай әспак мұрты қозғалактайды.

— Отагасы, сейленіз, бірақ сезді жөнімсін айтпак

керек.

— Иә, мен сол жәнді білгелі сұрап түрмын гой. Брокорал қарагым, сұрағаным — әлгі айтқаным. Түсінігін заның қак ортасында жүрген өзің бер.

Депутаттыққа кандидат орнынан көтеріліп, сәл жымындан қойды.

— Сөзіңдің төркінін андан түрмын. Заң қатал болмай әділ болмайды. Тіршілігімізге қажет тәртіптің бәрін заң қатал, берік сақтауды талап етеді.

— Эне, жөн білгеннің түсінігі. Жә. Олай екен, заның қатал талабын елемей, әлдекімдердің өз жанынан заң шығара беруіне бола ма?

— Жән. Ол занды көрнеу бүрмалагандық болмақ.

— Бәсс, заң өлтөн түлкі емес қой, кез-келген жерге сүйрей беретін. Зәуде деймін-ау, өкімет занына өз жанынан дүмбіlez қоспа қосып, әділ занымызды құбыжыққа айналдырып, қадір-қасиетін кетіретіндер кездесіп қалуы қәдік-ау.

— Осы айтқаныңызга көз жеткізетін дәйек-дәлеліціз болса, білдіріңізші, бәлкім бізге ой саларсыз.

— Өзтүспарлауымша, бұрынғы басқармамыздың қолдаушы-құйыршығы болған, ана қолыңызда отырған құбыжық қатынасты жазған аудан брокоралының тергеушісі әділ занымызды бұлталактатып, өз арбасына көк есек етіп жегіп алған.

Жүрт ду күлкіге батты.

— Қалайша? Мысал келтіріп айтыңызы, түсінікті болсын.

— Бастаң кешкен жайды айтайын. Соңан керек дегенінді өзің сүзіп ұстап, көңіліңе түй.

— Ал құлагым сізде.

— Ең әуелі бұрынғы басқарма Қасірбектің жайын білдірейін. Оның қызметі қундіз-түні қарта ойнап, арақ ішү болған. Дәлмагамбет дейтін қойшымыздың басын солай айналдырды. Сөйтіп жүргенде иесіз қалған қойды қасқыр қырды. Соғыстан жаңа гана оралған сонау Газіз ағайын-туғанға сәлемдесіп жүріп, жол-жөнекей зар еніретен шопан әйеліне ұшырасқан. Осыным дұрыс па, Ағиян келін, дәлін өзің айтшы, — деп Ниқаң залдың орта тұсында отырған сары кідір тартып қалған әйелге көз тастады.

— Үлкен ага, айтканыңыздың бір қатасы жоқ.

Ниқаң әнгімесін онан әрі жалғастырды.

— Газіз, мына Ағиянға қалған малды құтқарып, қырылғанын ауылға жеткізуге жәрдем тигізді. Ағиян басқармага, әрине, қатты айтып, сыйбагасын берген еді. Соны кек алған басқарма қастандық жасатты деп жала жауып, аудан тергеушісіне Газіз үстінен арыз тұсірді. Садағаң кетейін майдангер ерді кінәсіз болған соң араша түсіп, райком қорғап қалды.

Ол өзіне тұрсын. Сол күндерде басқарма Қасірбек маған «Газізге пәлені үйіп-төгіп жала жап» деп жармасып, маза бермеді. Қөнбедім. Соғыста

өлтөн жалның үлдай көретін Газізге жала жабуға аринабатым қалай бармақ?!

Ол да өз жайына. Кейін Қасірбекті колхозшылар басқармалыққа қайта сыйламады. Соңан ол жалақор, пәлекорлығы өзіне таяқ болып тиіл, колхоздың бойдақ сиырларын бағуға шықты.

Бұл да өз жайына тұрсын. Былтырғы жазда соғымға ұстармын деген құнажынымды сол бойдақ мал отарына қостым. Қысқа қарай білсем, Қасірбек құнажынымды картага салып жіберіпті. Иә, ергестің әлек-әуресі.

Кемпір мазамды кетіре берген соң, акы әдал малымды күнип, облыстық өкіметке арыз жібердім. Аудан құлақ аса қоймады. Алты айдан соң сол арызым колхоздың өзінен келіп бір-ақ шықты. Облатком менің әлгі арызынымды аудандық атқару комитетіне, ол – аудандық басқармаға, бұл өзіміздің колхозға сілтей салыпты. Шалым, былышылдаған екенін деген сұық сыңайдың дәл өзі ғой бұл.

Әлгінде жайдан-жай сұрамадым. Заңымыз әділ дедік. Кінасіздерді қаныпезерлер мен жемтіктестері талап жеп, қорлыққа ұшыратып жатады. Осындайда қол бермеген, әділін ашып шешпеген занда қанша қадір-қасиет қалады? Әлгі айтқан дәлелім залым, сыған тергеушінің занды көріп-созып, өз ортасына көк есекке айналдырып жегіп алғанына айқын айғақ. Иә, бір гана осы болса ақсарбас айттар ең. Осындайға қалай жол беріледі?

– Рас, рас, ол арасы – кемшілігіміз, – деп қоныр

ұнмен жайларатып жайып-жуады облыс прокуроры...

— Кемшілікті беткебасқан сайын мойындал, онан арылу жайына талпынуды үйренбай-ақ келеміз. Бұл да бір жағымсыз әдет. Онан айықпай тыныштықта таппассың. Бірақ емдейтін кім болар екен? — өзінің әлгі сезіне осындай пікір жалғастырган Ғазізге прокурор сабырлы кейіпте көз тастанады да ұнсіз қалды. Газіз болса бұл қызметкерлердің сыртанытқысы келмейтін кәсіби зуселесін шексіз танып отыр.

— Өзгесінен де бұрын, — деп Ниқаң ойын түйіндеуге тырысады, — үлкен-үлкен кенселердің бір күнажын жайындағы дау-шарды шешуге шалымы жетпеген қызметкерлеріне қайранмын. Сөйтіп отырып, адам тілегін өтеп, көпке қызмет қыламын деп, екі алаканын жалпита жайып өкіметтен мол-мол ақы дәметеді-ау. Біріне-бірі сілтей салып, жел қайық үстінде селтендеу қайдан, қашан пайда бола кеткен салт?

— Эке, мына қатынас жөніндегі пікіріңізді білдірінізші, — деп прокурор сұрак койды.

— Соны айтқалы келем. Қатынас емес — коркыту гой. Тері осынысы заң жолын айтқан бола отырып, жалтаруының жылпостық тәсілі-ау деп топшылаймын. Құнажыныңызды табынға қосқаныңыз жөнінде Кәсірбектің өз қолынан берген қағазы бар ма, ол болмаса Кәсірбекті үры дегеніңіз үшін сот алдында өзіңіз жауап бересіз, деп тергеуші шоқпарын бұлғактатады.

Е, жарайды, сексендеңі мені соттасын, сонымен ол кімді жарылқайды? Иә, деймін-ау, заңды жәдүгейлікпен бұлғақтатумен аудан тергеушісі Кәсірбекті онан эрі құтыртатыны есалан ететін аян. Аз күнге өз аулымыздың малына тайынша қосқанымды күэландыратын қағаз ал, өзіміздің өзеннен бір шелек су алғанды күэландыратын қағаз ал – бұл негылған заң? Бұл тіршілігінде не болғаның біріне қағаз жасата беру қай жердегі, қай жүртттың рәсімінде бар екен? Адам біреуге біреу сенуден қалып не болмақ? Адам екенің неңнен танылып білінбек керек?

Тергеушінің құбыжық қатынасы жайында толғанып көп түйген ойым осы, брокорол шырагым. Құдай жомарт жаратқан ағайын-туған аман болсын. Құнаажыны құрысын. Ниқамбек аштан өлмес, ана бала жастан бірге өсіп, барша қындық азабын бірге тартқан РАЗЫМБЕТ үйінен-ақ дәм татып күн көріп кетермін. Жетім картқа жасы жеткенде тағы да азап шеккізіпті деген удай ашы сөз, өшпес таңба болып басылар қанқу сөз өкімет басындағы өздеріңнің бағдарыңа соғылып, беттеріңе түкіртіп жүрмесе, мен төздім.

Әділдікті үрлау не сүмдық. Аспандагы күнді қойнына тығып жасырамын деп бір мысттан жанып кетіпті дейді. Осындалардан арылар күн бола ма, шырагым, соны білдірші. Әділ заң бар екен, оның әділ қорғаушысы да болуы керек қой. Соның көне заманнан сайрап жатқан жолдай гибрат аңыз бар.

Алла әмір етеді, періште қас қағымда қалтқысыз орындаиды. Эділ занымызды алланың әміріне балап айтайын. Иә, оның орындаушысы сол періштедей елгезек, қара қылды қақ жаратын әділ, еш кінәратсыз таза болуы қажет деп қараймын. Біз есکі адамбыз гой, мұнымды қата десен, қарагым, төрелігін өзің айт.

– Ника, – деді президиумда отыргандардың бірі – МТС директоры Ақылбек Ақжолдин, – тап әлгі айтқаныңызга ойынды толықтыра бір пікір қосайыныш.

– Е, қос қарагым.

– Никаң ой салып, ақыл берді. – Ақылбек сөзін жалғастырады. – Сол кісі айтқандай, әділ занымың әділ орындаушысы болуға бір талайдың өрісі де, ебі де, жетпей жүргеніне шэк болмас. Неге десен үйретер мектебі әлсіз. Мәселен, жаңағы біздің аудан тергеушісі сияктылар қанша? Прокурор жолдас, ойша болса да, осыны бір мұғдарлап көрініші. Депутатымыз етіп сайлайтын болған соң аманат ретінде айтып тұрмын. Сондайларды өзініздей тәжірибелі ағалары ісшендікке, адам мұддесінің жайын адал, әділ, жаны ашыр қайырымдылықпен қарап шешуге жалықпай баулыса, солардың қызметтінің жайын, өз басының қараеті жайын ауық-ауық ақтара-тәңкере қарап, зерттеп біліп отырса, өздерініздің жалпы қызметтерініздің бейне-тұлғасы бәріміз біліп жүргеннен анағұрлым ілгері тұрар еді, зан тұтқасын үстасып жүргендердің

көбі-ақ әділдіктің парасатты қорғаушысы болуға талпынар еді. Өмірімізді көркейтетін істер ол ретте нудай өрбімек.

Біз бұл пікірді қарапайым халық адамдары есебінде ұсынып отырмыз. . Халықтан мықты, халықтан кеменгер ешкім де жок. Ақылына құлак асқанды ол шырынды жеміс беретін ең биік бәйтерек етіп мәүледеді, тыңдамағанды – дауыл болып соғып, күл-талқан етіп ұшырып жібереді. Осы сөре әмән көкейлеріңізде сақталар деген сенімдеміз. Ағат айтқаным жоқ қой, қауым, – деп шешен залдағы жұртқа назар салды...

– Айтайын дегенімді жеткізе алмай тұрғанда, Ақылбек, қолдап, демеп жібердің. Енді бәрі Шортанбай жыраудың сөзіндей жарқырады да шықты. Бәрекелде. Қарагым, брокорол, бәрін айттық. Депутатымыз болатының ақ. Соны айта тұрып, өмірдің заң-рәсімін қалтарыс-бұлтарыссыз орындаушы болар деп үміт етеміз.

– Сөзіңіз сара, экей. Ұқтым. Бірден уәде айтып салсам, баяғыдан бергі көк татымалдың тап өзі болып шығар еді. Өмір деген ұлken үй. Оның иғілік шаруасы қисапсыз. Оны келістіруге көп уақыт, көп ой-бағдар керек. Ой салдыңыздар. Талпынамың, – дейді прокурор –кандидат. Уақыт, өз пәк көнілдеріңіз біздің ілгері қызметімізге таразы болсын.

– Құп, қарагым, иландырдың, үміттендірдің, Никамбек күтуден жалықпас. Илайім, жолын бола

бергей...

Аз уақытқа үзіліс жасалған. Айналадағы мекендерден келіп қатысып отырғандардың бірнешеуі есік алдына - тысқа шыққан Никамбек қарияга келіп сәлем беріп жатыр. Солардың біреуі Ирих аман-саулық біліскең сон қартқа бір жағынан еркелей әзіл айтады.

- Естідіңдер гой өздерін, Ниқаң тіпті заң орнындағылардың өзін сілейте сынап жіберді. Эсері тисе, жөнімен ұқса жақсы гой. Кеше бастар бар да бар, соңдайдары сізге ерегіспі алғып жүрмесе. Өзін үлкен орында отырғандармыз деп қарайтындары бар емес пе. Тубінде, Ниқа, ана жалғыз биенін тағы айрылып, жете алмай қалып жүрме деп жатқанымда. Тайыншаның дауы алты айда шешілмей жүргенде, биеннің дауын алты жылға созып кетуі кәдік қой...

- Қап, эй, жирен бас бала, оттама. Көптің айтқанына қулақ аспаған жарға жығылады. Қара халық жолсыздығын айта берсе, айта берсе, бұл бір қара дауыл болып соғады да, менменсігендерді тыrapай асырады, кекке ұшырып лақтырады. Естідің гой, бағана МТС делетірі айтқанын. Орынсыз қалжындал, соның ішінде өзің де қоса кетіп қалып жүр ме, білдің бе?

Ирих әлде не айтуды толғанғанша қоңырау шылдыры естілген.

Стол басында графин тырсылдатылып, партия ұйымының қатшысы орнынан көтерілді.

— Да, кауым, сәл тиышырақ Ниңаң ой-пікірін білдірді. Оны кандидатымыз құптал жатыр. Дегенмен, эр бір жайға партиялық көзқараспен қарай білмегіміз керек қой. Пікір білдіргеннің жөні солай екен деп, тым әріге шығып кетпейік. Кейбіреулердің саясатымызды, заңымызды да мінеп-шенегісі келіп –ақ тұрады. Кешегі соғыста жеңіп шыққан елміз гой, женушілерді сынап-мінемейді деген бар, өзімізге, осы колхоз шеңберіне тиесілі жайларды әңгімелеп пікірлескен жөн. Осы ораймен айтсаныздар деймін. Қанс, енді кім сөйлейді?..

— Ал, Өмеке...

Өміргалы орнынан баяу көтеріліп, тоқ мұртын енкі саусағының үшімен сипай тұрып, сәл толғанып алды...

— Сөйлемеуші едім. Қатшы жолдастың тап әлгі айтқаны қытығыма тиіп кетті. Осы партиялық көзқарас деген немене өзі? Елдің онысы жетпейді, мұнысы жетпейді, сол тапшылықтан шыгуға ой салама деп сөз айтсан, партия көзқарасына сәйкеспейді деп жур ете қалады. Неше жиналыш болса, естітініміз осы. Халықтың түрмис қынышылығынан шынуы туралы айтуға болмайды деген Ленин сөзі болса, қане соны мына жүртқа айтып естіртші. Соғыста жеңсек, осы халықтың, ол өмір етіп отырган Отанның мерейі ұстем болуы үшін жанталастық Адамға еркіндік болуы үшін қашшама қыргынға ұшырап барып жендік жауды.

Өмірғалы кешегі соғыстан сол үшін аксақ болып қайтқан. Жеңіске жеткендерді мінеп-сынамайды дейді, біздің парторг. Осы біреуден естігенің бе, жок, өз зердеңмен, өз толғанып-топшылауынмен айтып отырган сөзің бе? Ал, сынап-мінеп айтпасак, сонда көптің ділгер жайларын жасауға бөтелкенің тығыны сияқты бегет болып жүрген, байлау-матау болып жүрген тап өзің сияқтылардың асқынып бара жатқан мінін кім ашпақ? Мұны іс басында жүргендердің ағаттығы гой деп қана қарасак, дәп басқандық болмайды. Мұны өзінді тана емес, баршаны апатқа ұшырататын қатерлі, мерезден де жаман дерт деп білемін. Иә, дергіті емдейді, дені таза қауымға дарытпасын деп емдейді. Осындай жайды, игіліктің ісіне тар тұсау болып отырган ахуалды сынап емдемесе болмайды. Жаңа Ниқаң аға әбден тауып айтып сынады, іс басындағыларға ой салатын сөз boldы. Атар таңнан үмітің болса, ақыл беріп, ой салғанына Ниқана ризалығынды айтпақ керек. Қариясы бар үйдің – сабак оқыттар кітабы бар демей мебүрынғылар. Менің айтатыным осы...

– Өмекс, бұл айтқаныңыз ашуыңыз ба, ақылдыңыз ба?

– Қайсысы десең – сонысы. Тарғы да толғанып, қабыргаңа кеңесте ,нені мезгеп жатқанымызды өзің топшылаң түй. Осы ауылдың парторғі скенсіз, өзіңе ол сагат сайын қажет болады.

Жүрг Өмірғалының осынау сөзіне түйсіне

ұйығандай, оның мән-мағынасын бағдарлай сіміре түйгендей үнсіз еді.

Жиналыс басқарушы тағы да орнынан көтерілді.

— Енді кім сейлейді әйел жолдастар, сіздердің пікір білдіретіндеріңіз бар шығар? Сүт фермасының бетке ұстары – Арман сіздің лебінізді естісек әбден жөн болар еді...

Кексе тартып қалған келіншек жан-жағына байыппен қарап алғып, орнынан сабырлы көтерілді. Сыртынан шапан сияқты жұпымын байқалатын күзен ішігін төңкеріп, отырган орнына қойды. Албыр жүзі күренітеді. Тұла бойы сәл діріл қақкан болып әлі үнсіз, осы сэтте жұрт қол шапалақтап жіберді. Эулие жанындағысын қолтықтайды. Келіншек аузынан сөз ағытылды. Екі көзі терезе жакта. Соңан бір жазуларды дабыстай оқып тұрған сияқты.

— Откен күз алды. Жайлауда отырган фермага «жедел жәрдем» машинасымен екі әйел дәрігер жетіп келді. Жанында милиция қызметшісі бар. Сырды жаңа ғана сауып болғанбыз.

— Мәпішken Сейіталина қайсыныз?

— Иә, жайшылық па менмін,- деді ана қастарыңызда президиумда отырган Мәпішken.

— Сіз болсаңыз жуыныңыз да бізben бірге жүріңіз.

— Е, неге, қайда?

— Ауруханага. Үлкен қалага жөнелтеміз.

— Не себептен?

-
- Білмей тұрған шығарсыз?
- Айнаға түстіңіз гой, осынан апта бұрын?
- Мен тіпті сұраганым жок, алдаң апарып түсірді қаранды бөлмедегі айнаға. Иә, оның несі болыпты?
- Өкпеніз екі жағынан бірдей тесілуге таяған, құрт ауру көрінесіз, тәртіп бойынша сізді айырып, бөлек ұстамаса болмайды, ауруныңды басқаға жүктырасыз.
- Мен тіпті ауырмаймын. Сол себептен Рудник халқына сүт беріп отырған мен ферманың жұмысын тастап ешқайда кетпеймін.
- Жок, оныңыз болмайды,- деп сөзге милиция қызметкері араласты.

Қарасайшы, ауырган да жауапты...

Дауласумен жеңе аламыз ба, машинаға Мәпішкенмен бірге, дауласа жүріп мен де отырдым. Дәрігерлер Мәпішті айнаға қайта түсіруге келісті. Нәтиже не болды деңіз. Айна: «Өкпесі сәбидің өкпесіндегі мәлдір таза, ішкі жүйесінде ешқандай ауруы жок» деген қағаз берді. Элгі дәрігерлер көптен-көп кешірім сұрап, бізді ауылға тұнделете әкеп салды. Дау қайдан шықты деп сұрастырсақ, Мәпішті айнаға түсірер алдында бір қарт эйел кірген екен. Сол кісі ауру болып шығады да, экеуінің аты-жөні ауыс жазылып, біздің сауыншымызға тажал құрығын тастайды да жібереді. Тегінде, тап біздегі сияқты бағдарсыз жауапсыздық дәрігерлер арасында да бар екен.

— Сонымен не болды? — деп сұрады облыстың прокуроры.

— Не істейік, сол бетімен қалды.

— Адамның ар-намысына тиіп, жала жапқаны үшін тұра сотқа беру керек еді тапсырган іске жауапсыз қараушыны.

— Оны қайтеміз, бала-шагасы бар біреу шығар. Бірақ, осындайлардың адамның тағдыры шешілетін жерге қызметке қойылуына сонша қынжыласың, — деп прокурордың әлгі сөзіне түсінікті Мәпішкеннің өзі қайырды.— Өзгесін қойшы, ауырган кісіні де мылтық кезеп айдал жүру керек деген зан бар ма?..

— Иә, ол жолы,— деп Арман үзілген сөзін жалғап экетті.

— Мәпішкен ауылдық Советтің депутаты ретінде ауданнан ауылдың ауру-сырқауларын бір көріп беруге дәрігер шакыруға барған еді. Ол емханага кіреді. Тіркеушінің сұрауы бойынша қағаз толтырылады. Мұның мәнін ауыл әйелі бажай етпеген. Сонан кезекпен дәрігерге кіреді. Ол бұган айнаға қағаз жазып береді. Сонан келген соң дәрігер кеудесін тыңдал, ауызына ұніледі, тісін тықылдатып, мұрының жұлып ала жаздайды.

— Мұныңыз не? — деп сұрайды Мәпішкен.

— Көрініп, емделуге келдіңіз ғой, соның жайы,— дейді дәрігер.

— Менің ешқандай ауруым жоқ. Осында ауылымыздың сырқат адамдарын көрсетуге дәрігер шакыруға келдім,— деп депутаттық

куәлігін, ауылдағылар қолына жазып беріп қойған депутаттың аманатын көрсетеңді. Соны көрген көзі алақтап, кешірім өтініп, дәрігер абдырап қалады. Бірақ түсінік беріпті. Ауылға дәрігер шакыру үшін ауылдық советтен мөр басылған қатынас қағаз жазылып, ал аудандық деңсаулық бөліміне апарылуы керек көрінеді. Біз болсақ, Мәпіштің бір пәлден күтылғанына қуандық.

Иә, бақсаныздар, қызмет атқарудағы жауапсыз бағдарсыздық біздерді осындай қынжылтар күйге душаретіп келеді. Болашақ депутатымыз – прокурор жолдастың әлгіндегі сезінде айтылғаныңдай депутаттарға аманатты тапсырмалар іс жайын білетіндігіне қарай жүктеге біздің ауыл басшылары мән бермей келеді. Иә, мұны жауапсыздық дейміз бе, өмір талабынан артта қалғандық дейміз бе?

Халық жауы дейтін үрейлі үғым бар. Олардың қылмысы не екенін өз басым тіпті білмеймін. Мына қауым мұддесіне акқұла қырсығын тигізуші, бұл тіршіліктің мәнін үккысы келмейтін, ақы алып отырған қызметін жөн-жосықсыз атқарушы жауапсыздарды, жылмақай сезімен алда-арбаушыларды кім деп атасақ жөн болар? Ас ішіп, аяқ босатарлар дейміз бе, дүмбілездер дейміз бе? Кім десек те осылар бір құдды дері болып тұр. Сол жайдан халық азап шегуде.

«Қобыланды батыр» киссасындағы көк сұңғілі найзасын дүшпанына кезей ұмтылған ержүрек Қарлыға қызы көз алдында әрқашан слес беріп

тұрады. Откен заман арманының өшпес етіп сомдаған бейнесі ғой, көніл жебейді. Қолыма сол арман-қыздың найзасын берсе, алдымен халыққа қара қырсық болып, нұқсан келтіруші әлгі тоң мойындарды, үй-үйдің бұрышынан сығалап, тың тыңдал, өсек-аяң теріп, кінәсіздерге жала жабушыларды қыстап, күштеп өктемдік жасаушыларды іліп алып, ағызып экестер суға лактырар ем. Эттен, не керек. Осындайлар шөп арасында ирелендеген қара шұбар жыланша сұық сезіліп, адам басына қауіп-қатер, уайым-қайғы туғызады.

Осындайлар еркін тыныс алдырмай, бізді қашанғы шенғелдең буып, бүріп тұра бермекші?

Демократия деп айқайлаганда дауысымыз жер жарып, тау қопараплықтай. Қайда сол демократия? Партия үйымының хатшысы Токтаған, сіз сайлаушылар жиналысында осынан бірнеше күн бұрын ғана Совет демократиясы туралы жап-жақсы әңгімелеп бердіңіз ғой. Сол, әңгімеден біз демократия деген сөздің ұтмын – кеңшілік, адамдардың өмірдегі еркіндігі деп түйдік. Қайда сол еркіндік? Тіршілікке не керектің бәрін өз қолымыздан жасауга, біріміз білмегеннің есесін скіншіміз толтырып жіберуге серт етеміз. Иә, сол үшін си біріншіден еріктілік керек, еріктілік. Токтаған жолдас, демократияның қасиетті аспабын бұқараның қолына әлі де үстатқыныз келмейді, барша істі тек өздерін бітірген болып көрінгілерің

келеді. Сонымен, игілік атаулының құйылар аузын байлап, буып қойып отырсыздар. Жарытымсызды жарып жеп әділ болайық деп уағыздайсыздар. Өз басым мұны мұсәпірді мұсіркеуге шақыру деп қана таныймын. Біз мұсәпірлер емеспіз гой. Соғыста жеңіп шыққандармыз, деп әлгінде осы көпке өзіңіз айтқансыз. Игілік жасау жолында да біз ерен істер атқара аламыз. Иә, игілікті үрдіс көбейтіп, баршамыз тоя жеп, малына киініп, абзал тұрмыс жасауға жатпай-тұрмай жетуіміз керек. Назыз әділдік сол болады деп қараймын.

Зал толы жұрт ду қол соқты. Осы сәтте жиналыс басқарушы партия үйіміның хатшысы шыдай алмай кетті ме, немене, күржис түсіп, Арманға күтпеген жерден наразылық айтты.

— Арман, айып етпеніз, бәлкім сезінізді бәліп жіберген шығармын. Орта білімді, ауылымыздың көзі ашық азаматысыз. Элгі айтқаныңыз, бәлкім, коммунизм түсінде жетер жай болар. Алысқа адымдау үшін әуелі бүгінгі мәселені шешіп алуымыз керек емес пе? Партия үйімі сізді малшылар арасында түсінік-көлшілік жұмысын жүргізуге бөлген еді, мына бетінізбен адамдарға қалай жән айтып, түсінік бермексіз? Партия саясатын қауымға қалай жеткізбекшісіз?

— Міне, шындықты өзіңіз айтып білдірдіңіз. Партия үйіміның хатшысы — осы сіз мезгеп отырған саясаттың жаршысы болу қолымнан келмейтіні рас. Барша адамды шенгелдей бүріп

ұстау кімге жағады? Сол жайды мадақтауға жүрттың құлағына ілгізіп алыңызы. Өмірдегі еркіндік, кеңшілік деп өзіңіз айтқан сол демократия дейтін ұғымды тап өзіңіз тұншықтырып, қысым жасап отырган жоқсыз ба?

– Арман, мұны немен дәлелдейсіз?

– Өзіңіздің дағдыңыз қандай екенін толғанып бір көрініші. Басқасының бәрін былай қойғанда осы бүгінгі жиналыстың өзі де күэ. Кім пікір айтқаның бәрін ауызға қағып, өзіңіздің тұжырымыңызды қолдауды қысап тықпалап ұсынып, ешкімге өз ойын айтуга жол бермей отырганыңызды мына жүрт көріп біліп отыр. Енді қандай дәлел келтір дейсіз?

– Сіз, Арман, партия принципіне қарсысыз ба?

– Жоқ, сіз қалтанызда Ленин бейнесі салынған, қызыл билетініз бар коммуниссіз. Ол бейне менің жүрегім е орнаган. Мен партияны айрықша қастерлең, қадірлеймін. Өйткені партия көп миллион халықты революция жасаудан бастап, небір қын-қыстау кезеңдерге батыл бастады. Әсіресе қазактар - мына сіз бен біз көзімізді ашып, өмірдің жолын мезгеп бергені үшін Лениннің партиясына үлкен алғыс сезімінде болғанымыз жөн. Оның әрбір кезеңде мерейлі бола беруін жантәніммен қолдап, әрбір қадамының оң болуына азаматтық үлесімді қоспақ ниеттемін.

– Тап мына ұғымыңызға қарасақ, Арман, сіз партия қайраткері болуга лайықтысыз. Партияға

неге өтпей келгенсіз?

— Тышқанбаев жолдас, кекегеніңіз той бұл. Менің дәл сіз сияқты партия қайраткері болғым келмейді. Халықты тіршіліктің еркіндігіне, кеңшілігіне шыгармай, таршылықтың, көз қимас қызғаншақтың шенгелінде буып ұстап, қара қырсық болып келе жатқан тап сіз сияқты бишара қайраткерлер деп білемін. Тап сол сіздер коммунистік партияның қадір-қасиетін қашырып отырыздар. Тап сіз сияқтылармен жігін тезірек ашып айырса, партия бақытты, мерейлі бола түсер еді.

— Жолдас Арман Экбарова, мынауыңыз жала жабу той. Халықтың тіршілігін нашарлатып отырған партия қызметкерлері - біздер деп отырыз гой.

— Иә, тап сіз сияқты қызметкерлер. Осы өзіміздің ауыл тұрмысы мынадай (Арман бармагын көрсетеді) деп айта аласыз ба? Жок. Осы ауыл нанга жарымайды. Қоймада астық жатыр. Іргедегі тауларда жасауша қаланып гранит тастар өмір-бақи жатып келеді. Сонан шаптырып жер диірмен неге орнатпаймыз?

— Мұны колхоз басқармасына неге айтпайсыз?

— Басқарманың толғануына сіз ырық беріп отырысyz ба? Өзінше бір іс ете бастаса, партиялық көзқарасты неге ұмытасың деп шыға келмейсіз бе? Сонансон, қызыл көз пәлеге жоламайын деп, жым болады да қояды.

Жиналыс басқарушы құты қашып, стол басында бүкшие түседі.

— Иә, — дейді Арман,— аурұхана, мектеп, монша салғызы туралы жаңа қанша сөз етілді. Оны қояйын. Шапаты болса да, міне, мына клубымыз бар екен, ал осында жастардың ойын-сауығы, түрлі оқу, өнер үйрену үйірмелері неге жок? Магазин — анау, терезеден көрініп түр. Соган бардың өзі әкелініп түрмайтынын не дейміз? Партияның ауылдағы қайраткер-көзі екенсіз, көптің әлгіндегі қажетін өтсуге колхоз басшыларына, саудадағы жылмақойларға, онан озды ауылдық Советке неге жөн мезгеп, ой салмайсыз? Жетекші партияның қайраткері екеніңді танытатын, көптің есінде жүрер қызметінің қайсы? Сөзбен ақылгөй боласыз. Сонымен ең басы қайырылған бір істі атаңызшы. Депутаттарға аманат деп қолыңыздан жазған жазуларының молланың ішірткісіндей де әсері болмағанын Адақаң аға әлгінде еске жөн салды. Үйытқы болды дейтін қызметініңдің біреуін ғана атаңызшы.

— Партия жұмысы көзге көрініп түрмайды ғой. Ол егін, шөп емес — төбе-төбе болып, алдында көрініс беріп тұратын. Оны ұту керек, ұқпасан кінәламау керек.

— Солай болсын. Бірақ, оның шаруаны жүргізуге, адамдарды аззалдықта баулып-тәрбиелеуге ықпал-әсері болуы керек қой. Сол эсерім мынау деңізші иландырып. Сол жоқ қой. Сол болмаған соң көп-

көп жайдан қоңылтақсып, күн жаумай су болып, тоңазып келе жатқанымыз айқын. Ал, көзге түртіп, кезек күтіп тұрған істерімізде есеп жоқ. Сіз көп жайды жоғары жер шешеді деген бір жөшін бағдардасыз. Сөйтіп, өзіміз тындыра алғын қаншама істі кісендеп тастап, уақыт оздырып келеміз. Сол туралы айтқанда жөн-жосық білмес мәнгірт деп қарайтын, сүмелек сүмбі мұздай илікпес бір, шытынап тұрған өрлігініз бар. Осы арада кімнің мәнгірт екеніне ой жүгіртсе де болар еді-ау.

Ойын солай түйіндеп, сәл бір тынған сәтінде:

- Ауылдарыңызда кітапхана бар ма? - деп сұрады Арманнан депутатқа кандидат.
- Өзім көрmedім де білmedім. Эй, жоқ-ау деймін.
- Онда сіз әртүрлі кітаптарды қайдан алыш оқып жүрсіз?
- Ол қайдан көрініп түр?
- Жаңағы айтқан сөздеріңізден танылады. Қазіргі көп жағдайдан хабардарсыз. Үзбей оқып, толғанып отырмаган адам әлгіндегі ауқымды ойлар айта адмайды деп ойлаймын.
- Прокурор заманда, сіз енді қаланың кітапханаларын пайдаланасыз гой. Бізде барлық жағынан тапшылық. Оны айттым да.
- Қала кітапханалары бай және шагын үй кітапханамыз да бар. Тегі, сіздің үй кітапхананың бар болар, әйтпесе...
- Енді қалай, қазіргі өмірде мұнсыз өзінді азамат есебінде жөніңмен ұсташа киын деп білемін,

үш семья ара бір шағын кітапханамыз бар. Соган ептең қарал жүремін.

— Міне, бұл тамаша. ДЕГЕНМЕН, партия үйымы хатшысымен қаттырақ қағысып қалдыңыз-ау деймін.

— Енді қайтейін, эр ретте, кімді болсын солай орынсыз астамшылық жасап, сезімен жаңыштап тастайтыны күйдіріп жіберді. Еңсенді көтертпейді. Тілдессүшіңен сыпайгерлік дәмету үшін сол онегені әуелі өзің білдіріп таныту керек кой.

— Эттең партияда болсаңыз тура билетіңізді стол үстіне қойғызатын -ақ сез айттыңыз. Көрерміз, — деп партия үйымының хатшысы қызарапдан сұстана үн қатты.

— Онда сотқа беріңіз. Прокурор жаңыңызда, күэ болады.

— Эне, тағы кекеттіңіз, Арман, — деп Тышқанбаев бұған жаңағы қалпында тағы көз жіберді.

— Сіз жауапқа тартқызыарлықтай бір артық ауыз сез айтқаным жоқ, мына отырган жұрт бұған күэ болады. — Келіншек соны айта тұрып, екі жағына бірдей көз жіберді.

— Бұл арада дау-шар турызатын өрескел сез болған жоқ. Қоғам ісінің мүддесі үшін жаңы ашығандықпен ашық лікір алысу ғана болды. — Депутаттыққа кандидат ауылдастардың екеу-ара қақтығысына бағасын білдірді.

— Бақсаныз, партия үйымы хатшысының қитықшылдығынан айтпақ әңгімемізден басқа

жайга лағып шығып кеттік, уақытт өздүрдүк. Колхозымыз бен МТС-тегі сайлаушы қауым депутатқа кандидат өзінізді жылы шырайлы ұшыратып отыр. Дауыс берер алдында сізге аманат тұрғысында айттар тілегіміз бар. Сала-сала ауыр ахуалдан біртінде болса да женилдеуімізге қамкор бола жүруді өтінеміз. Мынасы аса ділгерлік, мынасы ертең болса да жарайды дерлік емес, бәрі де кезегін таласа күтетіндей. Ең түйіндісі - ұлken болсын, кіші болсын адамдарымыз тілегінің әділдікпен өтелуі. Басқа айттар сөзім жок...

Арман ішігін алдына қойып, орнына отырганша көптің дүкінде тағы қол шапалактауы жалғаса берді. Жыптыраган алақандардың шат-шарт соғылуынан зәрсі кеткен, клубтың залы ішіне қайдан келіп кірген жалғыз торғай қонақтар орын таппай, жыбыр қагып, төбеде шырайналады. Көптің көңіліндегісін тауып айтқанына ризашылықпен қоса, бұл қол шапалактауда қаншама жылдар сырттап қалған Арманның ауылдың бүгінгі қызу лупіл лепті тіршілігінә қайта оралып, араласқанына сүйсіну ишарасы бар еді...

- Айналайын, иықтым-ай, аңсап сағынған өжеттілігінді, ділмарлығынды шындалп жанып экеліп, жаңадан жарқырата таныттың. Екі өлмек жоқ, адам бір-ақ туып, бір-ақ өледі. Сүт ірітетін, көзге бірден іліне қоймас күртша жасырынып, ел ішіне жымыскы лаң салып жүрген ана өсекші ұзынқұлақ жалақорларды да, ар-инабат,

жауапкершілік дегенге мән бермейтін дүмбілездерді де әбден дұрыс түйредің. Колыңа батыр қыздың көк найзасын ұстата, соларды шынымен шаншып-түйреп лақтырар ма ең? Ана менменсіген партия қатышысын ше?

- Жеңеше, беріп көріңіші сол найзанызы.
- Иықтым-ау, әлгі айтқан сөздерің сол найзадан да қаттырақ соғылып, түйреді білем. Ана Тақтаған қатшы құт-берекесі кетіп, көк шегірткеше шорыңған жоқ па!

Арман мен Ағиян күлімдей отырып, ризашылықпен өзара солай тілдеседі...

- Тағы кімнің сөйлегісі келеді,— деп сұрайды жиналыс басқарушы.
- Айтатын сөзді әлгі үш кісі жеткізді білем.
- Басқа не айтамыз? Халық жайына қамқорлық керек.
- Онда депутатқа кандидатымыз Айқынбаев жолдасқа сөз берейік...

Жігіт ағасы азамат орнынан тұрып, байыппен қоңыржай айтып, сөз бастады. Көпшілік назары енді сонда.

- Айта қояр сөз де қалмагандай. Элгінде сөйлеген үлкен агалардың, тұстасымыз, сауыншы Арманның айтқан жайларында бөрі де шертілді гой. Ондағы-мұндағы бірқыдыру сөзсоқтыларға жөн мінездеме де берілді. Мәні, ой-багдар беруі жағынан әрқайсысы өз алдына лекциядай. Қықты, сыртайы да мәнерлі айтылған сөздер кәсіби

кызмет тілінен әріге шорқақ бізді шөл қандыра сусындаңғанда болды. Ауылдың еркін тіліне биік ойлар сабакталғаны қандай ерен.

Иә, осы күнгі бір салтта кандидаттың программысы дейтін бар гой. Сол ораймен қайтсе де бірдеме айтуың керек деп күтетіндер болады.

– Иә, өзіңіз де ойда ұстап отыр екенсіз гой. Программаңызды айтқанының жөн.

– Партия үйімі хатшысының талабын күптай отырып, ойымды көптің талқысына сала кеткім келеді. Сіздің колхозда аурұхана, мектеп салғызу менің қолымнан келе қоймайтын шаруа екенін әлгінде талдан білдірдім. Сөйтсе де жәрдем күтетіндіктеріңізді қайталап білдіріп жатырсыздар. Соған орай бір жайды ақылласаңық. Сіздің ауылдық Советтің бір-екі депутаты үақыт тауып келсе облыстық Совет атқару комитетінің басшыларына өтініш-тілек айта кіруімізге болар еді. Ауыл Советтің сессиясында құрылыш жайында арнайы мәселе қарап, облыс өкіметі алдына тілек қойған шешімді ауылдың әлгі екі депутаты ала келуі керек болады. Осы реттіен ғана қажет іске қозғау салуымыз мүмкін.

– Міні, қарағым, соның өзі көмек-қозғау салу болар еді. Ауылдан екі бірдей депутат өзіңе еріп барып отырганда облаткомдегілерде ұялатын шыгар...

– Мен заң орнының қызметшісімін гой, – деп қосымша ой білдіреді Айқынбаев. – Осы қызмет

орайыма бағана Ниқаң аға айтқан аманат – әділ заңның әділ орындаушысы бола білу өтे ұрымтал келеді деп білемін. Өздеріңіз келісім білдірсөніздер мен депутаттық қызметімді тап соған арнағым келеді. Әділдік үшін күресу, занды тәртіпті берік сақтауды қарастыру, адам правосын қорғау – іздене жүріп, өлшеусіз еңбек сініруді тілейтін істер. Менің программам осы болмак.

Зал кандидаттың програмасын қол согумен құптады.

Меймандарды келесі күні аудан орталығына әкеп салған соң Ғазіз тұс ая ауруханада жатқан кіші ұлы Дайрашқа керек деген дәрілерді алуға алтекаға соқты. Сонау орта заманда, күйдірген кірпіштен салдырылған, ұзынша келген, еңселі үй көзіне жылы ұшырап кетті. Элі сол қалты. Техникумда оқып жүрген кезінде ауылдағылардың сәлем айтуымен осында дәрі-дәрмек, көзілдірік іздел келіп жүретіні есіне түсті. Содан бері қанша жылдар өтіп кетті. Соғысқа барып келді. Сонан соң да елде бірқыдыру жыл қызмет етті. Сонша уақыттан кейін келіп көріп турғаны осы. Сағынып қалғандай сыңаймен әшекейлі фасадына, ұлкен-ұлкен мөлдір терезелеріне, бұрыш-бұрыштағы су ағар күрен құбырларына көз жіберіп, қасар жеккен аттардың божысын кәшуа-шанасының түйнек басына керіп байлаган бойы біраз тұрды. Эріректе райкомның ұлкен ақ кенесі, соңан сол жақта құлатылған шіркеудің тәмір шарбағы көрініс

береді. Біраз жайларды ойға шолған соң есік ашып ішкө кірді. Ақ жайделі келіншекпен орысша сыпайы сәлемдесіп, сонан блокнотының арасынан алып, рецебін ұсынды.

Келіншек рецепті екі саусағының ұшына қысқан бетінде әйнекті қорапшалар арасындағы сенекті нұскады.

— Мына екі аралықтан өтіп, аргы сенекке барыңыз да, он жақтағы есікке кірің. Сонда апай отыр, сол кісіге көрсетіңіз мына қазаңдарыңызды.

Сол мезгемен Газіз аргы сенекке шығып, айтқан есікке кірді. Мына тамашаны қаранды, оны ертеден таныс адамы орнынан тұрып кеп, күлімдей қарсы алды.

— Газіз, аяулы Газіз, рас сенбісің?

— Сәнуария, саламаттысың? Кандай қызық кездесу,- деп бұл өзіне ұсынылған енсілі, толыса көңс тартып қалған жылы жүзді эйелдің саусақтарын қошамет білдіре қысып амандасты. Сонан ықыластанғандай эйел мұны мойнынан қапсыра алып қысып тұр.

— Сағындық қой сендерді. Соғыстан оралғаныңды, колхозында қызмет атқарып жатқаныңды – бәрін де естіп жатырмын. Соған куаныштымын.

Эйел мұның женінен үстай тұрып, күлімдей сейлейді.

— Толығынқыраганың байқалғанымен көрікті бейнен өзгермегендей көрінеді маган. Тегі, ер

жігіттің сабырлылығының белгісі шығар бұл.

Эйелдің отты, шегір көздері мұның ішкі дүние-жан сырын сонша тез тінтіп жатқаны сөзсіз еди.

— Ал, Сәнуария Балбасова, сен едәуір өзгеріпсің. Рас, көзің, сөзің сол орнында. Қатпарлап тігіп, етегіне түстес нәзік тор тігіп, кек мақпал бөрікше-такия киімің де сол қалпы. Көп марқайып толыққансың. Сені енді отызынышы жылдарда мен білетін орта бойлы, нәзік бітімді Сәнуарияның тәтесі десуімізге болады.

Эйел сынқылдай күліп, мэз болып қалды.

— Дәл, дәл. Не көрмедім. Ой, ол ұзак хикая. Ал, енді өзің келген шаруанды айтшы. Газіз оған рецебін ұсынды.

Сәнуария бүрыштағы әйнек шкафтан дәрілерді алып, столының үстінен қойды.

— Міне, дәрілерің.— Соңан соң ол білегіне үңілді.

— Жүр, біздікіне, бір-екі кесе шай іш. Екі-үш ауыз сезім бар айтатын. Қысылма. осы күні сырласатын кісім де жоқ, жарай ма?

Газіз іштей толғанса да жалтарар жөн тапшады.

— Жақсы. Өкпелеп қаларсың. Кешігіп қалмасам болды.

— Бір сағатыңызды қи енді, әпендер...

Бұлар Газіздің шанасымен тез-ак барып жетті. Келе Сәнуария шайын жасап жіберді. Үйіндегі нәп-нәзік қыз бала шайнекті қайнатып қойған екен.

— Газіз бауырым, жалғыз қалдым. Ұлым бар, қазір

сабакта. Мына бала,— деп элгі қыз баланы иегімен нұскайды Сәнуария, — сіңілімнен қалған. Иә, сіңілімнің өзі орынсыз жасалған мазақ қысасына төзе алмай өліп кетті.

— Иә, элгі бізге көз салмай барып тиген байың қайда? Қамқор бола алмаганы неси?

— Алланың қаһары соқты көпірді. Өзіне тілеп алды. ГПУ-дің бастығымын деп, жазығы жоқ адамдарға тиісті емес пе? Есінде бар ма, ол кезде мен де сендермен бірге техникумда оқыған едім той. Сен менен Габдолла Тоқайдың кітабын оқып шығуға сұрап алдың. Сол жылы өзің дәптерге көшіріп алған Пушкин прозасынан Шәкәрім өлеңге аударған «Владимир Дубровский» қиссасын ала келіп бердің. Элгі тандап тиген байым осыны қайдан алдың деп берекемді кетірді. Шешем: «Бұл менікі, ертеде көшіріп алған нәрсе» деп жасыра жалтарып айтты. Егер шынын айтсақ, саған қырсығымыз тиер еді. Сенің орныңа шешем кетті. «Совет әкіметіне қарсы шыққан бандит Шәкәрім қиссасын тығып оқыды», деп шешемді жапқызып, айдатып жіберді. Соны «байың қайда?» деп сұрап отырсың. Соңан біраздан соң «Владимир Дубровский» қиссасы көшірілген дәптер сіңілімнің институтта оқып жүрген жігітінікі делініп, ол да тұтқындалды. Сіңілім екі қабат қалып, осында келіп, біреудің үйінде тұрып босанды, онан ауруға шалдығып өліп кетті. Бала інгәлап менің қыымда қалды. Ана жүрген бейбак — сол,— деп Сәнуария

тағы да иегімен мезгеді. – Күн, апта, ай өткен сайын жігерім мұқалып, мазам кетті. Алланың қаһары соққан қызметінен ыңғай шала мас болып келіп, неше түрлі қоқан-лоқы айтып, дау шығарар еді. Корыққанынан шырылдаш жылаған сіңілімнің сәбін «халық жауының сілімтігі» деп балағаттап, бірессе ол жағынан, бересе бұл жағынан пистолетпен жанай атқылап үрейлендірер еді. Бала көкпенбек болып, талып қалатын күйге үшірады, өзіне шыр бітпеді, мектепке іліккенде мүлде ұғымсыз шықты. Осы күнге дейін үйіктап жатқан жерінен шырылдай тұрып, шошып оянатын күйге үшірап келеді. Тегінде, ер жеткенде де үрейлі күйде қалар ма, перзентсіз болар ма деп қорқамын. Эне, солай. «Байың қайда?» дейсін соны.

Шешем: «инабатты өспірім» деп маган сыртынан сені мақтап отыrap еді. Не керек, Алла жазбады, Дубровский қиссасындағы Маша қыз неке қио кезіндегі діндарлық уағызға бой ұрып, сүйген жігіті Владимирден теріс айналып кеткені сияқты, іштей сүйе тұрып, шешемнің ризалығын ести жүріп, мен де саған жете алмай қалған бейбакпыш. Сөйткен менен сен «Байың қайда?» деп сүрайсың.

Газізаяп кетіп, мұнайып, көзінде жас мөлтілдеген Сэнуарияның мандаіынан сүйді.

– Гапу ет, тағы да сүрайын, қайда сол байың?

– Айттым той саған, Алланың қаһары соқты оны. Қалай болғанын айтайын. Қырық нешінші жыл еді, күдайым-ау? Түн болатын. Жұмыстан

байым элі оралған жоқ. Бір мезетте есік алдына қар шықырлатып әлде қандай машина келіп тоқтады. Есік қағылды. Аштым. Жанында қазақ жігіті бар бір майор.

– Қарақожиннің пәтері осы ма? – деп сұрады.
– Иә.
– Сіз Сәнуария Балбасова боласыз ба?
– Иә.
– Онда бізбен бірге жүріңіз. Ақылдасатын бір шаруа бар. Аздан соң қайыра экеп саламыз.
– Сіз кім едіңіз? – дедім.
Ол күзлігін көрсетті. Москвадан келген. Мемлекеттік саяси басқарманың арнаулы өкілі, болып шықты. Ілесіп, байым қызмет атқаратын кенсеге келіп кірдім. Түпкі бір кабинетке кіргізіп, осында тағы бір әйелді сртіп экелді. Екеуіміз бір-бірімізге қарасып үн-түнсіз отырмыз. Элгі кісіге стол басына келіп отырған жаңағы майор сұрап қойды.

– Сіз Қарақожин Сілеусіннің зайыбы боласыз гой?

– Эбден. Екі баламыз ер жетіп те келеді. Бірнеше жылдан бері ол жоқ болып кетті. Эуелгіде қызмет бабымен деп кеткен еді.

– Жә. Ал, Сәнуария Балбасова, сіз де Қарақожиннің әйелісіз бе?

– Эрине. Онаң ұлым бар, – деймін мен.

Майор мейман әйелге, қазақ жолымен айтқанда – менің күндесіме тағы сұрап қойды.

— Алтынбала Айқанова, сізден бұрын Қарақожиннің әйелі болған ба?

— Естіп отырғаным соы...

Сонан маған сұрақ қойылды.

— Сәнуария Балбасова, Қарақожин бұрын әйелдері болғанын сізге айтқан ба еді?

— Ондай сез болған емес. Менен бөтен ешкімді де сүймейтінін айтқан.

Майор бір сәт толғанып отырып, алдындағы қызыл папканың ішінен бізге ажарлы орыс әйелінің үлкен суретін алып, көтере ұстап көрсетті.

— Бұл кісі кім?— деп сұрады күндесім.

Майор жауап айтпай, жаңындағы жай киінген қазақ жігітке біреуді осында алып келуге тапсырма берді.

Масқара-ай, енді не дейін, қал-қара болып тұнеріп кеткен, әлгі қатын екеуміздің бірдей байымызды екі жігіт алып келіп, ортаға отыргызыды. Кімінің бәрі өзгерген. Үстіне ала шолақ бешпет кигізіпті.

— Тұтқын Қарақожин, мына екі кісіні білесіз бе?

— Менің әйелдерім болған еді.

— Ал мынау ше?— деп майор қолындағы әйел суретін тағы да ұстап тұрып көрсетті.

— Мұны мен білмеймін.

— Қалай білмейсіз? Бұл бұрынғы губкомның бір қызметкерінің бала көтермейді деп тастаган әйелі болатын. Қиялданған ажарлы әйелдің басын шатып, сіз оны өзінізге бұрдыңыз. Сонан құпия

түрде жыл шамасындаған бірге тұрдыныз. Оナン кейін ақ гвардияшылардың әдейі қалдырып кеткен тыңшысы екен деп тергеу жүргіздіріп, үштіктің айыптау үйғарымы өз қолыңыздан былай сиямен жазып, бұл кісіні алысқа айдатқызып жібердіңіз. Оның бер жағында бұл Эйелдің ешқандай жазықсыз, таза азамат скендігі турасында бұрынғы ері және Ленинград жұмышшысы – экесі берген түсінік қағаздар бар. Эйелді жер аударып жібергеннен кейін сіз қашқындармен күреске барамын деп тілек айтқан болып, іргелес ауданға аудыса қойдыңыз. Осыны бекер дей алмассыз.

– Бекер, жала бұл.

– Сіздің басқаға үйіп-тегіп айтқаныңыз жала болмайды да, өз қылмысыңыз туралы айтылса, ол - жала болады екен гой. Иоган Вольфанг Гетеңің «Доктор Фаустындағы» жылмақай ку, әзәзіл Мефистофельден де залымырақ болғыңыз келеді-ау, тегі.

– Бәрі жала. Элгі орыс әйел турасында жала жауып отырысыз. Ол менің тіпті де білмейтін адамым.

– Сабыретіңіз. Сол кісінці жоғары өкіметорнына жазған шағымында сіздің сыр-сипатыңызды айқын ашкан. Ол ой түйінін жаңағы «Доктор Фаустағы» Мартаның Мефистофельге айтқан сөзімен білдіріпті. «Ол – Мефистополь сияқты, – дейді сіз туралы, – арамза, сүмпайы жауыз, қаракышы құзғын, өз үй-ішінің, бала-шагасының қас жауы».

— Эбден дәлін, әділін айтқан, — деп менің күндесім Алтынбала дауыстап жіберді.— Бұл нағыз жауыз, барша адамға ракымсыз дүшпан.

— Эне, естисіз бе, соны мына кісілер де қайталап айтып, қолдап, құттап отыр.,— деп майор Карапжинге шұқия қарады

— Маган Батыс классикасы үлгі-өнеге бола алмайды. Бізге қазақтың өз ақын-шешендері жетеді.

— Біздің байымыз солай қыр көрсете, әдебиеттен хабардар екенін білдірген болды.

Майор күлкісі келіп отырмаса да мұны кекетс күліп алып:

— Сол көп болып кеткенінен екен гой, қазақтың ғана смес, бүтіл шығыстың ғұлама бір ақынын жала жауып, жойғызып жіберуді тікелей үйимдастыруышы болғаныңыз,— деп ызбарлы айтты.

— Бұл жағын әлі анықтаймыз. Дүние жүзінде көркем прозаны ажар-көріктей түсіп, аса жем поэзияға басқа тілден аударып жазған қанша ақын бар екенін айтты берінізші, әдебиеттен сауатыңыз болса. Эрине, мен жазушы да, ақын да емесспін. Эйтсе де сіздің қаншалықты асыл қазынаның көзін тығындал жауып тастағаныңыздың мәнін үғыну үшін туралы белгілі әдебиетшілерден сұрастырып білгенім бар. Рас, сіздің совет өкіметінің мүддесіне қорған болып ,бул туралы да қолыңыдан «зандастырып» жазған қағазыңыз бар қолымызда. Оның анық-тәніғын зерттеу үстіндеміз.

— Жала, жала,— дейді біздің тұтқын байымыз,—

ана орыс әйелі жөнінде айтып отырганыңыз көрнекі жала.

— Қалай жала болады, мына қолыңыздан жазгау айыптау қазаңыңдағы жазудың өзі күз емес пе?

— Ол менің жазуым емес.

— Олай болса, тап осы қаланың большевигі, советтің қызыл туын алғашкы көтерушілердің бірі болған Петр Котинді жау деп жала жауып айыптап, әлгіден бірнеше жыл хейін көк сиямен жазған мына қазаңыңды қарайық. Екеуін жазған бір-ақ кісі — мына пәлекөр да жолақор сіз гой. Бұған не айтасыз?..

Алланың қаһары соққаны сол гой, біздің тұтқын байымыз бұған жақ жаза алмай басын төмен салбыратты. Екі қатын біз оның бетіне түкірдік. Соңан соң белгі берді-ау деймін, оны бөлмеден алдып кетті.

Артынан әлгі кісі жай айтып, сөзін жалғады.

— Эйел қауымына, өзінің үй-шіші, семьясына мұншалыкты құзғындықпен қараушыны өмірінде үшінші ретте басқа адам әлгіден қалай рақым күтпек? Менің тәжірибелі қызметкерлерім кейбір деректерді сіздермен ақылданаса, бірлесе отырып анықтаган жөн болады деп ақыл берген. Соның жел болғанына енді көзім анық жетті. Айып етпеніздер, бұл арамзаның осы төңіркекте тағы бір эйелі бар деген жайды анықтамақпыз. Мынадай кісі көздерінізге түскен жоқ па? — деп майор біздің қолымызға қазақтың

тығыршықтай келіншегінің суретін ұстатты. Мен көрмеген кісім екенін айттым. Осынан соң астанадан келген өкіл жаңа бір дерек білдірді.

— Сыртынан қайыспен шандып буған, кішірек бір қара жәшік тұрасында ештеңе білесіздер ме?

Екі әйел бір-бірімізге таңырқай қарасып, ол тұрасында ештеңе білмейтінімізді айттық

— Оның ішінде, тегі, бір асыл дүниес бар-ау, ә?

— Алтын, күміс, гауһар тас та емес, бұлардан да құндырақ дүнме бар оның ішінде.

— Сонда ол не қазына болды екен?

— Үйіліп жатқан алтынға, гауһар тасқа тап болдыңыз дейік, мұнан сіз не ләззат алар едіңіз?

— Ең асыл, қымбат дүниені таңырқаптамашалаумен көріп білемін гой. Оның басқа не әсері болмақ? Олжа гой деп меншіктенсем өз басыма қатер тәндіремін. Жайыма кеткенім жөн гой оның жанынан.

— Ал, әлгі айтылған қара жәшіктегі араб әрпімен басылып шыққан, аса қымбат кітаптар

— жыр, шежірелер, гибрат мысал, аныздар. Оның топшылау -толғаулары сізге маҳаббат пен зұлымдық тұрасында не жәшиң ой-толғаныстар қайырымдылықтың каусары болып сыйлайды, ар-инабаттан безген қаныпезерлерге деген удан да уытты өшненділік сезімін егеді, адамдық ажылышын адаспасқа жөн мезгейді.

— Ышын қастерлі қазына екен.

— Сонымен, қайсысы қадірлірек, алтынмен отша

маздайтын гауһар тас па, жоқ, әлгіндей кітаптар ма?

— Эрине, кітаптар. Ол абзal тіршілік стуіңе жөн нұсқап түрады ғой.

— Иә, солай болар. Алтынбала, жұмбакты дэл шештініз,— деп майор езу тартып мэз болып қалды.— Сіздерге ұлken тілегім бар. Біздің бүтінгі әңгімемізді басқага әзірге тіс жарып айтпауды сұраймын. Уәде бересіздер ғой.

— Уәде.

— Рахмет. Сәнуария, сізді үйінізге қазір жеткізіп салады. Ал, Алтынбала апай, сіз елінізге осы арадан ертең жүретін машинамен қайтасыз, оған дейін өзінізге арналған бөлмеде жақсылап тынығыныз, — деп майор бізге ізетпен жөн билдірді. Мен ол кісімен де, кундесім десем де Шаңбастаудан келген Алтынбаламен де ықыласты қоштастым.

«Байың, қайда?» деп екі қайта сұрадың. Энс, қайда! Әлгі әйелмен біз енді оны байымыз деп санамаймыз. Мен ұlyмның фамилиясын да өз экемнің атына көшіріп алдым. Ең өкініштісі - сінлімнің баласына сүркіялықпен айықлаң жала шектіріп кеткені. Аяулы анамды ақ жауып, арулат өз қолымнан қоя алмадым.

— Элі де тілегінді тілейтін Сәнуарияның ғұмыры солай арылмас опық-өкінішпен өтуде. Бір кезде сырттай болса да қадірлескен өзінің абзal тіршілік жасап, өмір сүруіннің өзі маған биік махаббат. Семьяң жайы киын екенін әбден білемін., Лизадан естіп, қанғанмын. Эйел көнілінің

күштарлығы өлшеусіз болатыны өзінде айқын шығар. Эйтсе де қинап, қандай да бір тілек қоймақ емеспін. Адам болғаннан кейін адамдық санамен мейірбандылықпен тіршілік етпек керек қой. Жарқыным, кездескенде тұзу сәлемінді ай көрме.

– Бөгедім, білемін, айып етпе. Саған сырымды актарып, қайғы-шерімді шертіп, көп жсңілдеп қалдым. Жолың әмен болсын. Балаларына, ата-аналарыңа және көрмесsem де ең адап досын, көнілінің мендей шері бар – Арманға сәлемінді үмытпай айтуынды сұраймын.

Сәнуарияның әңгімесі шешен домбыра актарған аса аянышты ахуалды білдірген күйдеги шертіліп, көнілін қытықтайды. Аяп кетті. Газіз мына шын бейбак әйелмен екі қолын бірдей қатты қыса тұрып қош айтысты. Иә, одан басқасы бұған жол емес қой.

Оны-мұны жағдаймен Газіздің бойдақ мал қыстағына бас көрсете алмағанына аптаға айналып барады. Соңан аргы, сілемдесіп кететін бергі іші шок-шоқ қалтарысты тас қабырга боп біткен Күнжатар тауының киын асуларының сырт етегіндегі қойлы қыстақтардың да әрқайсысының ақылдаса отырып шешетін жайлары бар. Ең тәуірі наурыздың осынау жадыранқы күндерінде тау шокыларының екі жағы кезек күнгей. Түске дейін бергі бет, түстен кейін – сырты күн шалып, мал жайылысына орай жасайды. Сиыр жануарлар тебін түбінің босаңыған қарын тұмсығымен түрте шөп алып жеп, қой тебін бүркүратып, шептің әр тегін

теріп тоят табады.

Шебіміз бар дегенмен, бұл да болса женілдік. Мал талғампаз, ойпаттан шабылып, тасылған көк ала пішеннен гөрі осы кезде бетеге, жусан, татырауын, тарлау, ерек шөп ақ желек, алғим аралас сарыла тұздықты жайылысты көп қалайды, қарлай жүріп, тоят тауып, шыныңуына қажет қорек керек қой. Қараған, тобылғы, шыргай, тасжарған текті уак бұта бүршігін де сыйдырып ашылайды. Соның әсері болар, мал күйі көз қуантады. Эсіресе, қозыланы жуықтаган шақта іші ауыр саулықтарға жақсы. Тек бабымен жылжытып, өріс ауыстырып, жая білу керек. Ағияннан басқа қой қыстақтарында осы бір ыңғай, эттен, тапшылау-ау. Апа шопаннан мал жаю өнегесін барып көріп, үйрену жағы айтылып та жүр. Ал, жігіттердің бағзылары сыбага жеп қайтудан аспай-ақ келеді.

Өзінше мэн-магнасы үлкен осына бір туралы Ғазіз жол-жөнекей бірсыптыра толғанумен болды. Қыс кірген кездегі астau жаны біршама аяңдаган қара көктің жүрісі әлі уытты. Бұлан құйрықтай сар желіп, көмескі, кейде күртікті болып кететін жолдың қарын тағалы тұягымен ойып, шана қолтырына түйдек-түйдегімен лақтыра тастап келеді. Үгітілген кесектер әредікте шананың ішіне де келіп түседі. Карсы алдынан уілдеген, әлі де ызғары бар жел кейде аттың жал-құйрығын кейін желпіп шашақтатады. Аяғының жанында малопулькасымен қатар жатқан бишигін тілті қолына да алған жоқ.

Баласына алғандарларді таңертең МТС-ке Ирих, Қалқаштармен бірге аттанған Науанға беріп, мұны не ауруханада баланы күтуде отырған Арманның, иә, дәрігер келін Тарасаның қолына тапсыруын өтінді. Анасынан емшектен шықтай қалған тентек Дайраш екі әжесі мен Арманин басқаға құлақ аса қоймайды. Суық ұстап сырқаттанып қалуына осынысы көрнеу себеп болды. Соны айтып атасы Разымбет бәйбішесі Хаяға ренжіп те қояды. Немере ыстық қой тегі. Үлкені Элихан болса беске қарап келеді. Мектепке бармақ ынтасы күшті-ак, әжесі Айғаншаның жанына жантая отырып, малдың, ит пен мысықтың, қаздың, трактор мен жүк автомашинасының суреттерін салудан эсте жалықсайшы. Бояу қарындаш табу қын. Қанша рет әкеп те берді, шыдатпайды.

Кейде бәбектер жайын ойлауга мүршаш болмай жатады. Сала-сала мал шаруашылығының жайы, көпшілік- қоғам жұмысы аталатын жай уақытының көбін алғып кетеді. Сол ретпен түнделетіп те сапар шегетін реттер кездесіп қалады. Екі бөлек отырғанымен үш ұдай семья тіршілігі толғана жүріп, камкор екенін білдіруді ді үзбей тілейтіні әк. Сипат болса жоқ, қын. Жанын үзіп берерліктей сыңайы білінетін Арманның жай-күй, көніл ахуалына төтенше сергек, аяушылықпен қарау өз алдына бір тәбе жай. Осы ретте Сипат танытарлық ізеттілік те енді бұған ауысып қалып отырғаны күн сайын білініп-әк тұрады. Тіл табыса білу ең өзекті

жай. Дәрі тауыл берген кешегі есті келіншектің осы жөнде айтқаны естен шығармас сөз. «Эйел көңілінің құштарлығы үлкен» деді-ау. Сондай сыңайын танумен қоса Арманға пейілінді аңғартта білуің де қажет. Өйтпейінше сыйласып қадірлесу болмақ емес.

Эйел қауымына жылдылық ізетінді білдіруге әр азамат есебінде парыздысың. Арманның ішкі биік бітімі, адалдығы, соның үстіне анау жылдарда азап күйін шегіп, шерлі көңіл болуы барынша сергек, ілтипат тілейді. Ғазіз турасында оның өзі де осылай қарап толғанатыны андалады. Мұның алдында ол өзін, бәлкім кінәлі деп сезінуі ықтимал. Сонысынан болар, тым ішке кіріп жуықтап кете алмайды. Оған ешбір кінәсіз екенін қалай аңғартпагы керек? Бұл көптен щешімін таба алмай жүрген жұмбагы. Иә, ол туралы Сипат бұған неше қайта айтып та жүрген еді. Бірақ Ғазіз өз аузынан сол орайды әлі айтып білдіре алған жоқ қой. Эй, қын. Тап осы түйінге келеді де тығырыққа тынылады да қалады.

Үй ішінің үлкендері, жаны ашыр ағайын мұның өзіне де, Арманға да енді бірінсіз бірінің тіршілігі кем-кетік те мәнсіз соғатынын андатып та жур. Эй, қын-ау, біріне – бірі «солай» деп қалай бетпебет айтпак? Мен түк те дей алмаймын. Қажеттілік билеп кеткен күннің өзінде Арманның өз аузынан естігенім жөн болар. Ар-инабаты биік үргашы, батылы бармайды-ау. Аяйды гой мені, Һәм үлады.

Осындаій бір іштей қинальсты толғанысын

атының секем алып қалған жайы бұзып жіберген еді. Сонау тау етегінен бері бадырая көрініп, төрт арқар зымырап келеді. Қасқыр үрейлендіргенге үқсайды. Анау ретте де солай болып, жануарлар шананың төнірегіне онадай келіп, айнала жосып жүріп, пана тапқан. Ал қарлы дала бетін буыршын түстерімен құбылтып шайқағандай елес береді. Үн шығарған жок. Шошынып келгенде үрейі кете түсі ықтимал ғой. Жануарлар тау ішіне кіргенше ат-шанаға айнала жосып ілесіп отырды да, тас қабыргалар елес бергөн бетте жотаны өрлей, қатарласа орги зымырап, аздан соң әрі асып, гайып болып кетті.

Бұдан соң көп те жүрген жок, тұмсық айналып, бойдақ сиырлардың осы шакта жейтін қорығының бергі шетінен іліккен еді, аты басын көтере, екі құлағын шанша қадап кілт тоқтады да қалды. Тұтаса ақ көмбे болып жатқан тырбық шіліктен әріде, жоталардың етек тұсында топтанған сиырлар өкіріп, алғы аяқтарымен бүркүратақтарпып әуре. Ірі сиырлар басын шайқай алға ұмтылып барады да, онан қайта кейін шегіншектейді. Сонау күмбез аспанда айнала қалықтаған құс көрінеді. Жалғыз қара нокаттың шанқылдауы жер жарғандай. Эр тұста, жотаның жақпар-жаклар тасына, шіліктің тау жақ жиегінде әредік өскен қайың шоқтарының басына дамылсыз қонып үшқан қоланша құрық сауыскандар шықылықтайды. Ал, анау төрдегі сай жақтан иттердің арсылдай үргені естіледі, кейде

біреуі соза түсіп қыңсылап қояды. Малға қасқыр шапқаны айқын еді.

– Чүү. Чүү.

Қара көк әуелі он жақ, алғы аяғымен екі-үш қайта жер тарпып алып, пыскырды да алға жылжи жөнелді. Біраз журіп, шілік тасасынан шыға бергенде сиырлардың соғылыса саптасып, мүйіздерін жалтылдата шайқап, қоғалап шеп құрып, алдындағы ақ шулан бөріге үздік-создық өкіре, үмтүла-үмтүла түсіп тұрганы алақандарғыдай айқын көрінді. Бұл жануарлар қанқұйлы дүшпанына басы қосылса батыл ғой. Құйрығын тақымына тықкан қасқыр қарсы алдындағы өктем күштен тайлығып артқа қарай бір басып, екі басып, жанжагына жалтақтай қарап шегіншектей түседі. Сол күйін танығандай сиырлар онан сайын айбаттанып, өкірект ей түседі. Назары осы көріністе болған Ғазіздің қолына мылтығынан бұрын бишігі түскен. Оны тастай беріп, мылтығын көтерген мезетте бүйірден оқтап атылып келіп, ірі ақ тазы килікті. Бөрімен алыса кетті. Ақкүмайдың қарғысының екеуіне бірдей матау болатыны байқалады. Тазы мен бөрі артқы аяқтарымен жер тірек көтеріліп, ауыз салыса алысқанда әлгі жіп біресе оның, біресе мұның ағына оралып, шырмайды. Осы сэтте олар секіре түсіп, шырмаудан шығып, қайта қабыса арсылласады. Атайдың деп мылтығын кезей беріп, Ғазіз қайта кідірді. Тазыны жазым етіп алармын деген болар, бәлкім. Дегбірі кете

тұрып, Ақкүмайдың өжеттігіне, шапшан шалу, шап етпе кимылына сүйсінеді. Бөріні бірауық аунатып-аунатып жіберді. Тұздің тағы жыртқышы осал емес, ол да мұны бірер рет мұрттай ұшырып жібере жаздады. Тазы қатерден көз ілеспей ытқи сыйылып, қайта арсылдай барып, екі аяғын бөрінің өндіршегіне тірек беріп, дәл қолқа тамағынан қылқындыра ала түсті. Анау мұның көк желкесіне ұмтылғанмен жете алмай қалды, әйтсе де шеке тұсынан қауып, бұлғактаған құлагын жұлып алған. Ыза буган Ақкүмай азының баса түскенде бері дәті кетіп, сіресуінен айырыла бастағаны білінген. Тазының шекесінен сорғалған қан иығынан әрі таралып жонына кетті. Осынау сөтте ол онан сайын долданып, қасқырдың қылқынба тамагынан қапсыра қысып тістеуін ырғап-ырғап жіберген еді. Енді әлі кетіп, дымы күрыған арлан сылқ етіп құлап түсті. Тазы әлі де босатпай, бүйірлеп жатып, дүшпаның кеудесімен басып алды. Жанына жаяу түсіп келген Газізкөзіқанталағантазының алақанымен арқасынан аялай сипалап аянышын да, сүйсінуін де білдірген жайда еді. Ондай жерде осқырына жер тарпып, жегулі күйі аты мазасызданады. Иірілген сиырлар біртін-біртін ыдырай бастаған. Қара қасқа өгіз бен қоспақ мүйіз қоңыр сиыр таянқырап кеп, танауларын шүйіре ііс тартып тұр. Жануарлардың көзі үйренген Ақкүмайды іш тартып келгені айқын еді. Тазы сабау құйрығымен ауық-ауық жер соғып кояды.

Сонау түпкір жактан ит үргені әлі естіліп тұр.
 Енді бір ғана ит үрді. Көк ала төбет екені аян. Газіз
 өзінше тұспарлайды. Бағана үрген ит екеу еді,
 енді біреу ғана. Тері, Ақкүмай байлаудан босанып
 кеткенге үқсайды. Мына мойныңдағы жіп соны
 білгізеді. Тазыны қасқырды басып алған күйінен
 қозғамай, Газіз шанасына келіп отырып ілгері
 жылжыды. Сиырлар, тайынша-торпактар қорыкка
 бытырай қайта тұмсық тыққан. Жанына адам
 келген соң малдың тыныш тапқаны байқалады.
 Біраз жүрген Газіз қасқыр жарып кеткен торпақты
 кездестірді, жануар қиналып, жаны шықпай жатыр.
 Мал болмасын абайлаған соң ішкі қалтасынан
 бәкісін алып бауыздады. Онан шанасына отырып,
 ит үрген жакқа-әрі қарай жылжыды.

Мұндай да ахуал болады екен-ау, болжағаны
 дәл келді. Көк ала төбет дөңкіген әлде не нәрсеге
 байланған күйі алға үмтыла түсіп, күмпілдей үріп
 тұр. Элгі дөңкіген нәрсе Қәсірбек сиыршының өзі
 болып шықты, етбетінен сұлаған күйі қозғалыссыз
 жатыр. Аударып қараса, бет-аузы тас-талқан бол
 жарапланған, соナン қан бетіне жайылып қатып
 қалған, жаракатының бір жерлерінен үзілмей әлі
 қан шығып жатқаны білінеді. Аламыш мұртының
 бір үші танауына қептеліп қатып қалыпты. Тезінен
 иіліп, кеудесіне құлағын тәсеп, тыңдал қөрді.
 Абұйыр-ай, жүргегі соғып жатыр.

- Тірі, тірі,- деп өзінен өзі Газіздің дауысы
 шығып кетті.

Ал, Кәсірбек болса, қымылсыз да үнсіз. Аузынан арақ иісі бүркүрайды. Көк ала тәбет жұлқына элі үріп түр. Көңілі тоңазып, басын көтерген Ғазіз ойга шомады. Кәсірбектің белбеуіне екі жіп қазық бау шалып байланған екен. Біреуі мына тәбеттің мойныңдағы қыл шылбырдың үші да, екіншісі – Ақкүмайдың қарғы шығыршығына байланған қоңыр жіптің үзік үші. Тегі, малға қасқыр шауып, сиырлар өкірген кезде екі ит отырған орнынан мұны сүйреп әкетіп, осы арага дейін қелген болуы керек. Сүйрету үстінде мұның тымағы далада түсіп қалып, бет-аузы тасқа, бұтага соғылып жаракттанған болуы ықтимал.

Топшылауынан әлі тұжырым жасай алмаган күйі Ғазіз тәбетті байлаудан ағытты, өзі Кәсірбекті әзер көтеріп шанасына сұлаған күйі салды да, мұздап қалған жалаңаш басын тонының үстінен киген өзінің берзент сулығымен орап бүркеді. Сонан тағы әрі жылжып, сүйрелген ізбен сай ішіне қарай жиектеп жүре өрлемді. Бір жерден мұның маңдайы үйтілген тұлқі тымағын тауып алды. Онан әрі көп үзамай жылқы кісінегені естілді. Кәсірбекке сиыр бағуга берілген тайлак, құла ат болып шықты. Жануарды шокпар тас түбіне шыққан тасжарғанға тізгінінен түйіп, байлаап тастапты. Сонан әрі бесалты қадам ықтасын орында жартысынан көбі ішілген арақ бөтелкесі аузы әшүйк күйі қарға шанышла қойылған. Соның жанында шыны аяқтың шұнқыры, туралған майлы ет газет үстінс

қойылыпты, сыңар қалған аузынан үлкен көк бәкінің сабы қылтияды.

Осы жайға көз сала тұрып, Ғазіз гәптің қалай болғанын түспарлайды. Бәрі бір-екі сағатқа жетпейтін уақыттың оқиғасы. Сиырларды корыққа салған соң Қәсекен ықтасын сайға кеп демге отырган. Сақтық жасап, әуелі әк тазы мен көк ала тәбетті баулап, безіл кетпесін деп өзінің белбеуіне байлаған. Сонаң бұл арактан бір-екі рет бағышлап жіберіп, ет турап отырган сэтте қасқыр тигсін сиырлар өкірген болар. Эккі иттітер мұны сүйрей алға үмтүлған. Кесе-көлденен қалпында сүйретіліп, кез-келген кедергіге соғылып, сиыршы осылай жаракатқа үшыраган.

Осы тұжырымынан соң уақыт оздырмай, Ғазіз құла атқа мініп, өз атын жетілген күйінде жетегіне алып, қайта шегініп, мал жаққа карай асыға жүрді. Жаракаттыны үйіне тездете жеткізіп, қандай да болсын жәрдем жасау керек. Жиектегі бір қайың шоғына экеп, қарәкөкті божысынан байлады да, желе жортып жүріп, бытырап жатқан сиырларды иіре шоғырлап, ауылға тартатын шиыр соқпаққа түсірді. Анаңайда өліп жатқан қасқырга үмтүла, үмтүла, бірақ дәл қасына таяп бармай, қүйрығын бұлғактата арсылдан тұрган көк ала тәбестке көзі түсіп, еріксіз езу тартты, шіркіннің батыры - ай, тап өзі жамсаңдай дүрдиюін қарашы. Ал, қасқырдан әрілеу барып орнықкан Аққұмай жаракаты бата ма, екі аяғының үстіне тұмсығын төссеп, сұлық жатыр.

Төбеттің қызыңыз әрекетіне қүйгендей аңда-санда ырылдап тісін аңситады.

Малды ауылға беттетіп, Газіз шананы жетегіне алды. Сонаң дауыстап, Аққұмайлап тазыны неше қайта шақырды. Бірақ, ит бұған мойын да бүрмай, сол бойы жатып алды. Ат-шана сонау тұмсыққа таянған кезде көк ала төбет осылай жосыды. Жолжәнекей неше қайта бөгелектеп, артына бұрыла тұрып, күмп-күмп үреді де бұрыла қайта жосиды. Газіз құла атты тебіне түсіп, бір мезет малдың бет алған жолына көз жіберіп, онан соң бір көзіл қызыңқырай, ойысып келе жатқан күнге қарал қояды. Уақытты шамалап келе жатқаны түсінікті.

Бір өнірді түгелінен шақыр-шұқыр шиқылға бытырап шұбалған сиырлардың алды қыстакқа жеткенде үрпіскен үш адам есік алдында тұрган еді. Табынды қақ жарып өткен Газіз солардың жанына кеп тоқтады. Екі аттың бүйірлерін сога тыныстаудынан қаржала журіп келгшени аңдалады. Дегбірсізден Рәуия сезін сауал қоюдан бастады.

– Газіжан-ау, қарагым, ағаң тірі ме өзі, әуслі соны білдіріш! Элгінде мына биік жотадан аса жосып Аққұмай келді. Үсті-басы қан-қан. Қыңсылап берекемізді алды. Зәреміз көтіп отыр.

– Тірі ғой, тірі. Былай, нетіп, шамалы жаракаттанып қалынты, алып келдім, шанада отыр.

Ауылдағылар тез басып барып, шанага шүйіледі.

– Өзін сыртынан орап тастанты.

– Уәй, Кәсірбек, Кәсірбек.

- 99 —
- Тірі ме өзі, неге үн бермейді?
 - Жарақаттанған дедім гой, дабырлап қинаманыздар. Үйге кіргізейік...
 - Кәнсө көтерейік,- деп еңкейе беріп, тотыққан жүзін әжім шимайлаган қырықпа ала сақалды екі әйелді шақырды.
 - Кәдеке, сіз тізесінен қамтыңыз, мен екі қолтығының астынан алып көтерейін. Женге, сіз тамағының астынан екі алақаныңызды тәссей үстәңыз. Ал, апа, сіз, - деп Газіз Қадірсіздің буқшиген анасына көз жібереді,- есік ашып тұрғайсыз.
 - Эуп!
 - Ал, сүрініп қалмай, аяқтарыңызды нық басыңыздар...
- Үшесуі есік-есіктен сақтанумен өтіп, едәуір күшпен Қәсірбекті төргі бөлмедегі жаюлы текеметтің үстіне жайлап экеп жатқызды. Басына жастық қойылды.
- Газіз, жен білдірші, не болған?
 - Бөтелжесі де жасырмай, Газіз барлық жайды көріп білгенінше баяндап шықты. Қыстақ адамдары аяныш білдіріп, ауызы бөлменің босағасында шөкесінен жатып, бүйіріне түскен жараны тілімен сипалай жалап жатқан Ақумайға көз жіберді.
 - Отырып уақыт алмайық. Тері, Қасекенді МТС-тің ауруханасына жеткізген жән болар. Женге, өзіңіз қалай көресіз?-деп Газіз Қәсірбектің зайдыбына назар аударды.

Аурухананы атаган соң ба, Қазанат бітімді, сида келген Рәуия көзіне жас алды. Бұлығып біраз отырды.

— Бейбак-ай, тіршіліктің тперіш-тайғын өз басына өзі соғып келеді. Енді тірі қалса жақсы гой. Мұның ойланып-толғанbastығынан менің тартқам азабым қанша? Шек жоқ. Қандай болса ұзатқан жалғыз қыздың экесі гой. Сақтай гөр, құдайым, осыдан басқа алладан тілерім жоқ. Газізжан жөнін айтып ақылын өзің берші, не істейік? Біреудің жаманшылығына жақсылығынмен, мейірім білдірумен жауап қатып, қызмет көрсететін асылымызың гой, қалқам, ағаның қалған аз жылғы тіршілігіне тағы да медет бола гөр.

— Женге, разылық білдірсөніз, ауруханаға жеткізіп, дәрігердің емдеуіне берген жөн болар, мына жаракатынан тезірек айығып кетуіне бұл өте қажет қой.

— Күп, қарагым.

— Ана апай екеуіңіз бет-аузының қанын жылы сумен шайып тазарттыңыздар, сонансоң тәбеті болса ыстық шай, сорпа ішкізіңіздер, кештетіп болса да жүріп кетейік. Өзіңіз жанында болғаныңыз дұрыс. Қәсекенді шанға жылышал орап отыргызамыз, қорапты шана гой, жолда қиналмай-ақ барады гой.

— Ал, Қәдеке, — деп Газіз Қадірсізге қарай отырып, шаруа жайында ақыл-кенес білдіреді.

— Қазір бөгеместен сонау екінші атыңызды жайдақ шанаңызға жегіп, ана өлген тайынша мен

касқырды алып келуге аттаныңыз. Үстін бүркен экелуге бір құшақ шөп сала барыңыз. Сона оралған соң малды қорасына кіргізейік. Оған дейін мен сиырларға мая іргесіне біраз шөп шашып жәрдем етейін.

– Өте дұрыс мұның Газіз.

– Элі ақылдастын жай бар. Малға бірді-екілі күнге иелік етіп, сақ болыңыз. Кәсекенді емдеуге орналастырган бойдан мұнда мал қарасуға МТС-те трактор жөндеуде жүрген Науан мен Қалқаштың бірі келе тұрады, істің жөн-жобасын өзіңіз көрсетіп отырасыз гой. Рәуия жеңгей күтіп асыраған Аккүмай палуан жігіттей қару көрсетті. Иткүс дейтін баршылық, эр сағатта, эр істе сақ болуыңыз қажет шығар. Жарай ма? Айттар пікіріңіз болса тыңдайын, ақылдастып пішкен тон келте болмас дейді.

– Иә, иә, ұмытып барады екенмін, қасқырды кімге байлайсың?

– Ол көкжалды соққан мен емес, Аккүмай гой. Жол сіздікі, өзіңіз байланыңыз.

Касқырды өзіне байлағанына іштей сеніңкіремей, Қадірсіз не айтарын білмей ә дегенде абыржыған жайын танытып, артынан кібіртіктей сөйлей келіп, Газізге ағалық түргыдан алғысын білдірген.

Бұлар далага шыққанда сиырлардың сонау шарбақтагы қос мая жаққа беттегені көрінді.

– Дағдыланған.

— Жөн болды. Бүгін тоят ала алмаған шығар. Шөп беріп қарбыттырайык.

— Күнде таңертең өріске кетер алдында да қолдан пішен беріп келеміз...

Үйде бір кесе шай, бір тостаған сорпаны сүйемелдеумен отырып қиналып ішкен Кәсірбек шанада киіз орауда отырып қозгалактайды. Бірак, әлі үн шығарған жоқ. Рәуия сонысының өзіне куанып келеді. Тіпті бүккісі келмеді.

— Газіжан-ау, ағана жан кіріп, қымылдай бастады.

— Женге, әлі-ақ айығып кетеді. Тегі, бет-аузынан түскен жарақатынан бұрын артығырақ ішіп жіберген арагы мендейтіп кеткенге ұқсайды. Эрі сұық тиіп, бүріп тастаған болар,. Қозғалып бойына жылу барған сайын айыға түседі.

— Айтқаның келсін, қарагым...

Кәсірбек енді молырақ қозғалып, бір әлетте дыбыстып қоя берді.

— Айт, айт, ей, қасқыр, қасқыр!— Осыдан соң ол тағы да біраз үнсіз, қымылсыз қалды.

Газіздің топшылауынша Кәсірбек араққа қызып отырып, иттердің сүйретуі кезінде есінен танып қалған. Қазір есі кіресілі-шығысылы жайға келгенде малға қасқыр шапканы көңілінде елес беріп, беліне байлаулы иттерін айтактап жатканы сол сынайы. Аздан соң ол тағы да айтактай бастады.

— Айт, айт! Жарып кетер ме екен, айт, айт!

— Иә, тәнірім, бере көр, иә.

— Женге, сіз дыбыс шығармаңыз. Айыға бастады. Дәрігер бет-аузын емдең берсе болды рой.

Сондай үміті мен құдігі тай таласқан жайларын біліскең өзара әнгімемен бұлар көп жерге барып та қалды. Енді қас қарайып, түн қаранғысы түскен. Арғы Тасқотаннан да, мына Күнжатардан да іргесін аулақ сала, жеке жаралған қызыл шақа тас шошақ жалғыз шоқыға қатарласа бергенде қаракөк тағы да осқырынып, жол бетінен тайқын қыыстай жөнелді. Газіз көз тігіп үнілгенде екі арқан бойындағы да жонарлап, көмескі шырагдандардай жылтылдаған сәулелер елестейді. Толғанып жатпай-ақ малопұлтқасын алып, көздей тартып қалғанда итқұстың қанқылдағаны естілді.

— Газізжан, не болды, ит қанқылдай ма?

— Жол бойлап, із кескен бөрілер болар. Кетті ме екен? Төңірегінізге көз сала отырыңыз. Ауылдан шығарда атты жемдең алғаным дұрыс болды. Жануар түнгі сапарда қашан да осылай сақ жүріп, қауіп-қатерді сездіріп отырады.

— Найсалтар, жеті қаранғы түнде де жол кезін жүре береді екен.

— Жұтқыншагы бұларды отқа да, оқса да айдайды. Мына есіз иенде тіпті өзсурейді, көзінс түскенге шабады.

— Ананы қара, сонау арада қосыла ұли бастады.

— Мына оң жағымызда рой. Қөрдім, көздері от бол жалтылдағанын байқаңыз. — Соны білдіріп, Газіз мылтығын қайта кезеп, сол тұсқа жүре-мөте

екі мэрте оқ зуылдатты. Соның түн түйігін жаңғырта жарған ысылдаған даусы төтен зәрмен естілді. Эрі қойғанның өзінде оқтар зуылының ұлыған бөрілердің дәл үстінен ойнап өткеніне Газіздің өзі шүбесіз. Сонан соң төңіректен бөтен сыйыс біліне қойған жок. Қара көк сабасына түсіп, екпіндей желіп тарта берді.

Жүргін шілердің өзара әңгімесі бір сәт үзілді, мезгілсіз ұзак жүріс жалықтырганы айқын. Осы кезде әріде маздаған от шоқтары көрініп, Рәуія көңілі сергіп қалды.

— Эне, МТС, сүт пісірімдейде барып қалымыз.

— Отын-ай, өзінің шақырайшы төңірегін жарқыратаяны! Біздің қыстактар үстіне де орнатса қандай әйбат болар еді. Мытысыда /МТС дегені/ тұратында, сірә, көресен жақпайтын шығар?

— Оны қайтсін. Анау электр үйлерге жарық та береді, онымен кір өтектеп, машиналарын да жөндейді, дән тазартып, сырқаттарды сімдейді. Тіпті қажеттің бәріне жаратады.

— Неткен тамаша, рахат қой. Колхозбыз деп күржиеміз-ау. Элгі рахаттың біреуін элі көргеніміз жок. Ет деп, сүт, жұн, май деп, астық деп қазынага, Газіжан өткізесіндер де жатасындар. Сонан келген қыруар ақшадан бөліп, қыстактарға осындаі бір жарық түсіргіш алмайсындар ма?

— Түбінде болады гой, женгей. Әуелі ақша кірісті ұлғайтып, сонан соң оның тетігін ұстайтын адамдарды оқытып дегендей, дайындығын жасап

аламыз гой. Анау сүт фермамызда шағын болса да электр қуаты бар., көп іске жәрдемші.

— Айналым, өмір-баки сығыраюмен өтеміз бе., ескеріндер бәріміздің тілегімізді. Үйден өзі емдейтін жарық болса ауру-сырқауды әлдеқайда апарып, бейнет шегіп не керек?

Аңғал пайымдағы үлкен кісінің жақсы тілегін әрі құптай, әрі іштей күле отырып, Газіз атының божысымен айналысып кетті. Бұлар МТС-ке келіп жеткен еді.

От бүркенген сонау үлкен үй жақтан тарсылытұрыл, біресе шыңылдаған дауыс естіліп, кейде көгілдір нажағай шатырлай бүркіліп кетеді.

Орта тұстағы бір үйдің жанына келіп тоқтап, Газіз тақылдатып терезесін қақты.

Үйден біру шықты.

— Сүйіндік, аман-саумысың? Кәсекен жарақаттанып қалып, сол кісіні емдеуге әкеліп түрмyn. Тұнделетіп ұзақ жүрдік. Келін үйде болса, айтшы, түсірісуге өзің де кел.

— Қалқашты ерте шығайын.

— Құп. Біз аурұханаға қарай жылжи берейік.

Бұларга артынан келіп жеткен келіншегі мен Сүйіндік және Қалқаштар сәлемдесті. Тараса келін Рәуияның қолын алып амандасты.

— Апа, амансыз? Мен – Тараса, дәрігер.

— Е, айналым-ай өзің қазақша сәлемдесуді үйрсніп келесің еken. Денің сау ма, қарагым, бабашкелер калай? Мына атанды тұнделетіп экеп

— түрмиз, емде, қарагым.

Тараса әзірге ұзақ сөздің бәрін қазақша айттылған мәнінде жетік ұға қоймайды, соナン соң мына үлкен кісі айтқан жаңағы сөздердің мәнін Сүйіндіктен қайталап сұрап білді.

Дәрігердің шүқшия шүйіліп ауру қараганын Қалқаштың көргені осы шығар. Ақ жейде, ақ тақия киіп, іс бастаған Тараса оған бір құтқарушы періштедей сезіледі. Албыраған мөлдір келіншек ортадағы орындыққа отыргызылған Кәсірбектің ол жағына бір бұл жағына бір ойысып, бетіндегі жарақатты саусақтарының ұшымен басып байқайды. Жарылған қабағының үстінен әлі шыпшып қан білінеді. Танауының бір жағы сетіліп, аламаштанған мұртының көп талшықтары жұлынып кеткен. Екі көзі қанталап беті көгере ісінген. Кіртиген шүңірек көзің ашып-жұмып қояды. Тыныстауы ауыр. Өзі әлі үн қатқан жоқ.

— Қарагым, қалай, жарақаты ауыр ма? — Сырт киімінің үстінен тартқан қалың шәлісінің қымтауын әлі ағытып жазбаган күйі эртіндеу түрган Рәуія Тарасағажай айтып, солай жөн сұрады. Жанындағы Қалқаш бұл саударып айттып жеткізді.

Солай дегендей, дәрігер басын изеп тұрып күлімдей сөз салады кәрі анаға. — Бірсыптыра сәмделуге тұра келеді. Сүйретілуден ес-зердесіне де біраз зақым келген сияқты, үн қата қоймайтыны, жолшыбай бір-екі қайта ауытқып айттып дауыстағаны соны андатады. Осыны білдірген соң

Тараса кішкентай кабинетінің есігін ашып, сенекте тұрған Сүйіндікті шақырып жөн білдірді.

— Апаны өзің үйге apar. Қалқаш сырқатты жылы суга шомылдырысын, мен жататын бөлмесіндегі кіреуетін әзірлетеійін...

Рәуия кабинеттен шыққан бетте оған Сүйіндік жанында тұрған, оны ауруханада Газіздің сырқаттанған кішкентайын бағып жатқан Арман амандасып жайын білген. Шамалы уақыттан кейін сырқатты орналастырып, Тараса мен Қалқаш та үйіне қайтқан еді. Атын аз-маз сұтыып барып отқа қойған Ғазіз ауруханаға дәл бір осы кезде келіп кірген. Терезе алдында тұрған Арман екеуі жымындаидай ишарамен бас изесіп сәлемдесті. Эзірге екеуі де үнсіз қалпы. Бір-біріне батып тіл қата алмай тұрғанының сыры тек өздеріне ғана аян. Бала жайы, сөйтсе де, бұл үнсіздікті бұзып жіберген болатын.

— Дайрашжан қалай? — деп қасын кере, кулімдей сұрады Ғазіз.

— Өте жақсы. Дәрің тамаша болды дейді Тараса келін. Үйқысы қазір тышталды, ыстығы түскен. Өзі бүйрек, конфет, күрт, бауырсақ сұрап жүр. Осындағы асхана пісірген жай көжені ішे қоймайды қазір. Өзі ояу, ойнап отыр. Алып келейін бе?

— Иә, алып келші, сағындым өзін. Осында сонау кезде әкеліп салғаннан кейін бүгін ғана келіп тұрмын гой. Уақыт бар ма?

Толысып кетпеужайларын ұзбей ескеріп жүретін

сақа келіншек әрі бұрылып, сырт айналғанда тұлгасы әлі де сымбаттылығын, кербез көрінісін, ширак жүрісін әдейідей байқатқан еді. Кііз табан кебісін дыбыссыз, шапшаң басып барып, бөлмесіне кірді де, онша бөгелмей өзінің ши барқыт, кек пиджагін сыртынан орай жауып Дайрашты алғып шықты. Газіз көз жіберіп түр. Басына көгілдір шаршы түйген, шырайлы әйелдің жүзіне бір ыстық қан ойнап шыққанын электр жарығы айна-қатесіз танытарлық еді. Келіншек жай басып, баланы алғып келді.

— Дайраш, Дайраш, эне ағатайың.

Бала оның құшағынан түсе сала томпандаі экесіне беттеді. Газіз оны қапсыра көтеріп алғып, бетінен шөпілдетті. Бірер қадам әрі түрган Арманга Дайраш қолын созады.

— О не, көкешім?

— Бері келші.

— Ал, келдім,— деп келіншек күлімдей балаға қарады.

— Ағатай, мені тағы сүйші.

Газіз тағы шөпілдетіп сүйді. Сол бетінде бала мойнынан құшақтай тұрып, экесіне сұрақ қойды.

— Ал, тәтемді неге сүймейсің, ә?

Мыналар екеуі бірдей қысылып, сасып қалған.

— Айтшы, тәтемді неге сүймейсің? Болды гой енді, бір сүйсейші тәтемді, мені көп-көп сүйдің гой.

Газіз ила таппай, сәл еңкейе беріп, Арманды мәндайынан сүйді.

- Ал, болды ма енді? Екі сүйсем тәтең ашуланар.
 — Ашуланбайды. Мені көп-көп сүйесің, оны бір-ак сүйдің.

Күлім қағып тұрған Арман, сырт айнала беріп енкейе көзін сипайды.

- Тәте, жылайсың ба, ол неге?
 — Жәй әншейін, жәй әншейін.
 — Жәй емес қой, жылаганың әне көзіңнен көрініп тұр, — деп алдына барған Дайраш Арманның бетіне үніледі. Соңан соң Арманга әлдекайдан өжеттік пайда болып, басын көтеріп алды.

— Газіз, көкешім біліп айтып тұр. Сенің алдында менің кешірілмес кінэм бар. Ең алғаш табысқан кешіміз есінде бар шығар. Жаңа мені сен тұра сол жолғыдай құшырланумен сүйдің. Қанша жылдар өткеннен кейін, арадагы қанша қызын жайлардан кейін тап сондагыдай ыстық ізет білдірдің, жүргімді жара елжіретіп жіберді, калай шыдармын, көзімнен ыстық жас ытқып кетті. Сен маган аспандагы айдың өзісің. Бірақ, бірақ аса сүйікті Сипаттың қасиетті әруагын аттай аламын ба, аттай алмаймын, сол себепті маган бір жағынан сен жаңағы айтқан айдай – аса алыссың да. Ол бір. Екіншіден, айттым гой, алдында кінэлімін деп. Ата-аналарынды, сүйікті баларынды Сипаттың өзіндегі сезіммен сыйлап күтіп қызмет етемін. Тағдыр маган басқа қолқа салmas.

— Менің алдында сенің ешқандай кінән жоқ. Басқа философиянды өзің тағы да толғанып барып

түй. – Осынан соң Ғазіз Даираштың басынан сипай тұрып, Арманға көз жіберді. – Ауылда қанша асығыс шаруа бар, қайтайын, – деп айнала жылжып жүре берді. Арман көзінен жас енді ен мөлтілдеді. Элгі сөздердің байыбына бара алмайтын бала үнсіз ғана тәтесінің бетінде сырғанаған жып-жылы жасын алақанымен сипап таныса алмайды.

(Жалғасы бар).

Қараганды. 1991-94 жж.

Жауынгер журналисттер

I. Аттаныс алдында

Қырық үшінші жылдың қаңған қысқы күні еді. Почта таситын самолеттің ұшқышы Николай Елистратовке жалынып жүріп, азар ілігіп, Қарқаралыға ұшып келемін. Кеше редакцияға майданнан келіп түскен үш бұрышты төрт хаттың біреуі еді мені бұл сапарға шыгарған. Педагогикалық техникумда бірге оқыған абзал дос, қазір Белоруссияда партизан өлкесінде жүрген Галым Омаровтан келген хат-ты ол.

Самолет кей-кейде қалтылдай ылықсып тәменге түсіп кетеді де, онан ыргала қайта көтеріледі. Дала жолында баяу жылжыған кірешілер керуені жоғарыдан карағанда көнге тізген асықтай ғана. Бәлкім, алдағы егіске түқым, немесе колхоз қажетіне көмір тасушылар шығар.

Аспанның суық желінің өтіне қалқан етіп койған име эйнек тасасына тығыла түсіп, Галымның жай сөйлейтін, ыңғай күлімдеп жүретін биязы дидарын көз алдыма экелемін. Хаттағы жазуына қарағанда «Бірінші Май» колхозында тұратын қарт эке-шешесінен жарты жыл бойы бейхабар, қатты аландаушылықта көрінеді. Сол кіслерден хабар біліпберуді сұраган. Жауапты редактор Бейсенғали Тәйкіманов осы жайға байланысты бүйрыйғын берді де, командировка күэлігін қолыма үстättты. Ұшқыш Елистратовпен де езі сөйлескен.

Сейтіп, майдандағы досымызға ауылда қалған кәрі ата-анасының амандық хабарын жеткізген едік. Осы бір оқиғаны Ғалым майданнан хатында да, кейіннен елге оралған соң да әредік айтып, ризалығын білдіріп жүрді.

Осы арада редакциядагы жолдастар атына ауық-ауықта майдан шебінен келіп жататын кешегі бірге жүрген қаламдастар хаттары да ойға оралды. Майданда жүрген сол жайнақтардың көбі редакциядагы әдебиет үйірмесіне қатысуышылар болатын. Соларға деген сағыныш сезімі аспанда келе жатқан осына бір сәтте мензеткендей болады. Кешегі ересен бейбіт күндер, ғазіз құрбы-құрдастар аңсатады-ақ! Үйірменің тақырыбы қызықты әңгімелеріне біріміз қалмай қатысад едік. Қызметі өсіп, облыстық партия комитетіне ауыстырылса да бұрынғы колективі — бізден қол үзгісі келмей Хамит Қабдиев те үйірмеге келіп жүрді. Бәрімізге қам жеп, ол небір қажет кітаптар да тауып беретін. Осындай ыңғайымен бәріміз үйірмені сол Хамит басқарғанын жөн көргеміз. Талай-талай талас пікірлер, ой бөлісу болып жатар еді.

«Орыс классиктерін қалай оку керек?» дейтін әңгімеге әдеби қызметкер Ғалиакбар Мұсагұлов Лев Толстойдың «Софыс және бейбітшілік» эпопеясының екі томын ала келіп, «өзгенің нең бар?» дегендей, көтерінкі отырды. Алпақ көйлекке әдемілеп түйген қызылтым галстугін иегінік астына әредік басып қойып, қара бүйра шашын

сипап өтеді. Бетінде қорасан іздері бар ашан жұзді Хамит кекіл шашы селкілдей күлімдеп, әлгі екі томды қолына алғып тіл қатады.

— Міне, бұл — талпыныстың белгісі. Мұнда орыстың мұхиттай шалқыған мол, шынар тіл қазынасының жеті атасы жатыр. Оны жүйесімен зердеге жеткізу үшін әсіресе біздерге үлкен әзірлік қажет. Өз басым мұның бетін ашардан бұрын «Севастополь әңгімелері», «Жастық шақ», «Екі гусар», «Казактар» сияқты әнгімелері мен повестерін сұзғем. Онан «Хаджи Муратын» қолға алғып, сонан күрделілерін окуга біртін-біртін қадам жасай бердім. Бәлкім, ана тілімізде жазылмаған нәрсе болғандығынан шыгар, ұлы жазушының кең толғамдары миға сонан соң барып қана ене бастағандай еді.

— Хамит, дұрыс жоба бердің. Екі алтадай оқып, осының ой ауқымына ене алмай жүрсем не айтасың? Ал, «Шүғаның белгісі» бірден-ақ жүрекке сіңіп кеткен еді. Қазақ әдебиетінің бұл сұлу туындысы Николай Карамзиннің «Бишара Лизасы» бітімдес дүние ме деп танимын.

Галиәкбардың бұл ойына Хамит үнсіз күлімдеп барып тіл қатқан.

— Міне, әдебиет теориясынан журналистердің хабардар болуының қажеттігі тап осы айтқанынан сезіледі. Сырттайсарында сияқтанғанымен екенеуінің жөні екі басқа. «Бишара Лиза» дәуірінің тынысына қарай жағымсыз — көне сарынмен бейзеленген.

Рас, В. Г. Белинскийдің айтқанындағы, Карамзин мен Жуковский орыстың әдеби тілін байытып, биікке шыгарған, шыгарма кейіпкерлерінің сезімдік әуендерін классицизмнің тұсауынан босатып, кенеіте түскен. Бұлар сонысымен қастерлі. Бірақ, олар сомдаган кейіпкерлер кейінгі үрпақтарға гибрат бола алмайды. Карамзин дворяндік үстемдіктің жанкүйері, өз табының мұддесін қорғайды, оның шырқын бұзбауға, көпкे шығармасымен ықпал жасауга тырысады. Шаруа қызы Лизаны қорлық пен мазакқа күн етіп, мойын ұсыну, шыдал төзө беру қалпынан асырмай, адам, оның ішінде ару ретінде нағыз бишараптың ахуалда қалдырып бейнелсөүінің сыры да тап сонда жатса керек. Ал, Шұға мен Эбдірахман мұғалім болса, бізге таяу кездің кейіпкерлері — ескілік салт-сана шенберін бұзуға талпынушы, әзірге жеке дара болса да азаттық, еркіндік үшін күрескерлер есебінде сомдалған. Осынан қазақ совет жазушысының биік идеясын танисын. Повесть солай социалистік реализм тәсілімен жазылған.

Хамит әңгімеге осылай түсініктеме жасап, сәл бөгелгенде катар отырган төрт қыздың бірі, редакцияның мәдениет бөлімінің үйренуші қызметкері Аймағамбетова Майдаш ұзын бұрымын иғынан асыра тастап, бір-екі ауыз сез айтты.

— Онда мына Галиакбар ай жарығымен айнага қарап, болашағына бал ашатын, Жуковский балладасындағы діндар Светланага ынтығатын

романтикасынан айырылады гой.

Осыны бір жағы қалжыңмен айтары айтса да ақ жүзі куренітіп, ұян мінезді Майда ұялшақтап, екі көзін жасыргандай алдына қарап қалды.

Бәрі ду құлді. Редакцияның спорт хабарларын жүргізушісі, толықша келген Зәріп Қосыбаев пен техникалық секретарь, қараторы ашаң жұзді Дина әлгі айтқан қалжыны үшін Майдашты құттықтағандай қолын қысып жатыр. Хамит көзінен жас аққанша күліп алды да алдындағы әдебиет теориясының бетін ашып, социалистік реализм тәсілі қағидасынан бірер үзінді оқып жіберді.

Екінші бас қосу июнь айының бастапқы кезінде өткен. Құндізгіліктे редакцияның жауапты секретары Элихан Сүлейменов «Правда» газетінде басылып келген Константин Симоновтың «Отан» деп аталатын сегіз шумакты өлеңін аударып, бөлмелерді аралай жүріп оқып, жүрттың пікірін тындаған. Мәдениет бөлімінің менгерушісі, ақын Алдажар Теміржановтың ұсынысымен Элихан аудармасының екі жолын ана тіліміздің ұтым нәріне жеткізе түзетті де, баспаханага жөнелтіп, «Правдаша» бірінші беттің етек тұсынан беруге макетке енгізді. Өлең келесі номерге басылып шықты.

Әдеттегіше сол күні кешкіліктे үйірменің әнгімесіне жиналдық. Оның хабары екі күн бұрын қабыргадағы тақтага ілінген. Бұл күні үйірме жұмысын Элихан Сүлейменов жүргізді. Редактор

Піспек Жұмановтың түкпір жақтағы кабинеті салқындау болатын еді. Оңтүстік тумасы Элихан қоңыр жолакты сүр костюмінің үстінен пальтосын жамылып алған. Аузынан түспейтін папиросын тағы тұтатып, сөз бастады.

— Жарандар, хабар етілгеніндей, Қазақтың журналистика институтынан келген жана қызметкеріміз — Кәржан Николай Островскийден аударған «Дауылдан тұғандар» повесінің алғашқы тарауын тыңдаймыз. Аударманың тілі жайында ұсыныс айту үшін қағаз, қарындаш алып, ескертпелеріңізді жазып отырған жөн.

Бірақ, ол кісі әлі келген жоқ еді. Аздан соң оның обкомға жиынга кеткенін естідік. Осына бір сәл үзік сәтті пайдаға жараты қойып, редакция партия үйымының секретары Мәди Сәрсембаев балдағын қолтырына қыстыра көтеріліп, бір-екі ауыз сөзбен жақсы тілек білдірді:

— Талапкер жастарымыздың да, тіпті жасамыстарымыздың да ой үштап, тіл үстартуына әдебиет үйірмесінін әсері сөзсіз үлкен екені байқалуда. Сондыктан үйірменің жұмысын онан әрі жақсылап жалғастыра беруге тілектестік білдіргім келеді.

Ат жақты, ашаң бітімді Элихан Мәкеннің әлгі пікірінен соң сөзін жалғады.

— Аллажар Джорж Байронның «Сәби боп қайта жасар ем» деген өлеңін аударған. Қазір соны оқып береді.

Теміржанов төрдегі Элихан отырган стол жаңына жетіп, дәптерінің бетін анып оқи бастады:

Қайтадан еркін сәби бол,
Жасар ма ем туған тауымда.
Толқынын құшып теңіздің,
Жүзер ме ем, шіркін, дауылда.
Азат бір жанды ізгі мен,
Саксондық салттан жиренем.
Жартасты тепкен толқындаі,
Теңізім, сенде билер ем.
Қайтып ал, тағдыр, қайтып ал,
Байлық пенен пандықты,
Жасаман мұнда, құлдардың,
Көз жасы мені қаңғытты...

— Таир Жароковше екпіндете оқысайшы. Және де дүние жүзінің Пушкиндей бір жарық жүлдзызы Байронды оқып тұрсың ғой. Қастерлі даңқын сыйла, екпіндете оқы! Бұл жалғастыра, жаңсарластыра ыңылдай беретін жыраулардың секіртпелі шолақ ырғакты термесі емес.

Элиханның ескертпесі бірден әсер етті. Аллажар енді даусын көтере түсіп екпіндете оқыды. Соның әсерінен болса керек, тік жағалы көк көйлегінің белін буган жіңішке қызыл былғары белбеуінің сән ретімен салбыратқан, бөлекейлеген ұшы шайқалып тұр. Ауық-ауықта сол жақ шекесінен айыра тарағ қайырган сұйық шашы шашылып, мандаіына келіп түседі. Оны алақанымен сілке қайырып тастайды.

Байронның екі-үш шумағын солай оқып шыпқан

Аллажар кім не айтады дегендей сөл тыныстады.

— Эусіні қулакқа жаттау естілгендей ме, қалай?
— дейді осындағылардың көбінен көне елестейтін Күлбаев Рақымбай ақын. Жақтырмаганы ма, әлде несі, мәндай терісі жиырылып, әрі қарайды.

— Ау, Рақымбай, сен өлеңді Элихан жаңағана айтқан ескі терме сарынымен жазасың. Бұл аузы әдебиетінің үлгісі. Максим Горький Пушкинді барлық қайнардың бастауы деген. Бұл орайда өлеңнің ыргагын да жанартқаны ескеріліп отырганы талассыз. Байронның артықшылығы да осы текстестігінде. Менімше, қулақ үйреніп қалғанының тұрғысынан қарау жаналықты қабыл алудан қашқақтаушылық болар еді. Менімше, Аллажар жетік аударған, ойлары жаға үғылып, бойына шымыр-шымыр тарап кете барады.

— Сара сез. Дайындығы бардың танымы басқа. Кеңес әбден дұрыс айтты, — деп Элихан редакцияның ауырөнеркәсіп бөлімінің меншерушісі, Қазақтың журналистика институтынан екі жыл бұрын келген Кеңес Үсебаевтың айтқанын қостай тусты.

— Эйтсе де, — дейді тағы өзі, — бағана Симонов өлеңінің аудармасына өзіңдің ақыл бергеніндей, кейбір сөздерді төл үгінға дәп жеткізер етіп редакциялаған жөн болып қалар деймін. Сол тұстарын орысша текспен салыстыра отырып, бір қарап шығайықшы.

Элихан қазақтың көркем әдебиет баспасында

бірсыныра жыл қызмет атқарған, Пушкин өлеңдерін аударып, ысылған аудармашы болатын. Мына сөзинен соны аңғарғандаймыз.

— Дұрыс қой.

Аллажар қалған шумақтарды тағы оқыды... Үйірменің келесі бас қосуы жеткенше адам баласының өміріне үлкен ауыртпалық салған соғыс басталып кеткен. Неміс-фашистері тиіспеу туралы шарт жасаса тұрып, советтік Отанымызға 1941 жылғы 22 іюньге қаражан тұнді жамылып келіп, тұтқындан шабуыл жасады. Көп кешікпей облыстық партия комитетінің ұсынысы бойынша Зәріп Қосыбаев екеуміз меншікті тілш болып, ол — Балқашқа, мен — Жезқазғанға аттанып кеттік.

Сонан мен редакцияның шақыруымен 1942 жылдың бастапқы кезінде оралдым. Редакцияда төрт-бес-ақ қаламгер Кеңес Ұсебаев, Қали Садыков, партия тұрмысы бөлімінің меншерушісі Мәди Сәрсембаев, әдеби қызметкер Оспанбай Орынтаев және Аллажар Теміжанов қана қалыпты, Жігіттердің көбі: Хамит Қабдиев, Элихан Сүлейменов, әдеби қызметкерлер Галиакбар Мұсагұлов, Айташ Омаров, Төлеу Балмагамбетов, меншікті тілші Зәріп Қосыбаев, тілшілер бөлімінің меншерушісі Дауіт Сәрсембеков, тілмаш Мінәж Жармухамметов, газет шығарушылар Құдыш Сүлейменов, Галымқажы Абдуллин, «Қарағанды комсомолы» газетінің редакторы Аскар Смайилов, сол редакцияның секретары Құрманжан

Касымжанов, бөлімменгерушісі Балпау Сүлейменов майданға жүріп кетіпті. Көбі өздері арыз жазып тіленіп кеткен. Зәріп Қосыбаевтың сұлтышасы болатын еді. Эйтсе де разрядты спортшы өз өтініші бойынша аттаныпты. Ақшыл дидарлы болған соң Майдашты құрбылары ақ Майдаш атап кеткен еді. Редакциядағы құрбылары Дина, Айтжамал, Жәкен, Жәміштер әскери медсестралар даярлайтын окуга Қарағандының топты қыздарымен бірге Майдашты да поезга шыгарып салған.

2. Майданнан хаттар

Газет көлемі ықшамдалғанымен редакцияда қызмет ауыр. Қундізгі жұмыстан соң үйден тамақтанып кеп түн жарымына дейін тағы жүреміз. Соғыстың сын сағатты кездері. Майданнан да, тылдан да күнбе-күнгі хабарларды халықта жеткізіп отыру керек. Таңертенгілікті редакцияда көзді уқалап жүретін күндер де жиілеп барады. Ара-тұра қундізгі жұмыс аяғында газет шыгарушылардан басқамыз вагондерге көмір тиесуге шахтага да кетеміз.

Февраль іші. Көшелерде алағаншықтан жаяу борасын сырғиды. Таңертенгі сезіздің шамасында редакцияға Кали Садыковпен сөйлесе облыстық партия комитетінің бірінші секретары Хабир Мұхаррамұлы Пазиков келіп кірді. Сәлем бердім. Былтыр Жезказған шахтасында кездескендегі

жайымызды айтып, шүйіркелесіп жатыр.

— Садыков жолдас, өз бөлмене баста. Редакторларың майданға аттанды гой. Жаңа редактор жөніндег Алматымен сөйлесіп жатырмыз. Енді көнекөз саган кірмей қайда барамын?

Калекен есікті ашып, бөлмеге кірдік. Хабир абзи іші күзен, тысы күрең сактиян, сұргылт мөх жағалы ішігін шешіп, малашайымен қоса шеткі бір орындыққа асып қойды. Голық күрең жүзіне буырлы шашы, көгілдір көзі жарасымды-ак екенін тап осы жолы байқағандаймын.

— Хабир абзи, мұнда отырыңыз, — деп Калекен өз креслосын нұсқады.

— Эй, Қали, айналайын-ау, айтшы, мынаған да Волков (баспа мекемесінің бастығы) керек пе? — Обком секретары Калекен сыйдырып алғып, арқасын сүйеп отырғыш етіп қойған креслоның бет жастықшасын қолына үстап тұр.

Калекен саскалақтап, желкесін қаси берді.

— Қали, шахталардың ішкі мүмкіндігін үқсату жайында, қауіпсіздік техникасы жайында байыпты жазып жүрсің. Мына креслоның жастығын орнына коюға өзіннің де мүмкіндігін бар. Иә, мүмкіндікгі дүрыс үқсату біздің жауды талқандауга қажет жайлар жасаумыздың мықты біршарты. Естерінде болгай, бұл жағына мейілінше сақ қараңдар. Ал, бала, сен бар жігіттерді осында шакыра гой, — деп секретарь маган қарады.

Тұнімен газет оқып, үйіне таңертсан, қайтқан

Кеңес Үсебаев қана жоқ еді. Аллажарды, Мәдиді, Оспанбайды шақырып экелдім. Амандақсан соң Хабир әңгімесін бастады.

— Жігіттер, газетті қыншылықпен шыгарып жатқандарынды біліп отырмын. Уақытша редактор болып қол қойып жүрген обкомның насиҳат бөлімінің менгерушісі Айдарбековтен сұрағанымда соны екі-үш қайта айтты. Сол себептен де уақыттарың кетпесін деп, шахтага бара жатып, өзім келіп отырмын. Айтатын бір-екі тілек бар. Көп жігіттерің майданга аттанды. Ең алдымен солардың семья жайына көз қырын салындар. Кысылып қалғандай жай кезіксе ұялмай-ақ маган телефон шылдырата қойсандар да артық смес.

Екіншіден. Майдан мен тылдың күресуші тіршілігін халыққа күн сайын байыпты жазып, шындықты бүркемесіз жазып жеткізіп отырындар. Осындай газеттің эр номері қаншама партия қызметкерінің, үгітшінің, насиҳатшының үйымдастыруышылық қызметін атқаратыны В. И. Лениннің өсистінен аян жай.

Майданға аттанған жауынгер журналистермен байланыс жасап, совет жауынгерлерінің қаһармандық күресін әнгімелейтін хат-хабар жіберіп отыруын етініндер. Қаладан, ауылдан жазатын тілшілерді көбсітүгс көңіл бөлу керек. Оларға нені қалай әнгімелесу жайын әмән түсіндіріп отыргайсындар.

Ең соңғы айтпағым — хлықтың неміс-

фашистерін талқандауға бағыт ұстаған патриоттық рухын көтере беруге арналған сөздері әр номердің көрнекті жерінен орын алсын. Алексей Толстойдың «Халықтың қаны» деген аса уытты публицистикасын «Правда» бірінші бетінен бастап басқаны естерінде болсын. Осы жағына Аллажар ақын, алдымен сен қам же. Элгі Доскей, Ілияс, Кайып, Қоғыс, шахтадағы Габдиман, тағы басқа ақындарды да тартқайсындар. Тілек осы. Сау-саламат болуларыңа тілектеспін! — Эңгімесін шағын минуттарда тәмәмдаган облыстық партия комитетінің бірінші секретары киіне бастады...

Ертеңіне кешегі ұсыныс бойынша жоба-жоспар сыйып, майдандағы жауынгер қаламдастарға хаттар жөнелттік. Соғыстан бұрын да «Советтік Карагандыға» хат-хабар жазып келген, қазір майдандағы барлаушы, Қарқаралы ауданындағы «Женшілік» колхозының тұмасы Топатай Жұнісов, Жезқазган шахтасының кеңісі болған, майдангер Жақсымбек Үншібаев, барлаушы ақтогайлық Қазыбек Нұржанов, қарагандылық үшқыш Нұркен Эбдіров, тағы басқа бірнеше жауынгерлердің адресін үйлерінен алғып, хат жолдады.

Осыған дейін-ақ өз қаламдастарымыздың төртеу-бесеуінен аман-саулық білдірген үш бұрышты хаттар келіп қалған. Сол жазбалардан Хамит Қабдиев, Галиакбар Мұсагуловтардың курстар өтіп, енді майдан шебінде, артилерия бөлімшелерінде зенбірекші-атқыштар топтарының

командирлері — офицерлер екенін білгеміз. Бұрын А. Чеховтің, М. Горькийдің бірсызыра әнгімесін аударып ысылған Хамит атқыштар жайында бізге жіберуге очерк әзірлеп жүргенін білдірген. Осынан соң 1943 жылы бұлардан бірлі-жарым ғана хат алдық. Зәріп Қосыбаев курстан өткен соң батальон комиссарының комсомолжөніндегі көмекшісі, одан кейін батальон партия үйімінін секретары болды. Редакцияға ол 1945 жылдың алғашқы тоқсанына дейін жазып жүрді. Сол жылғы январьда «Советтік Карагандының совет жауынгерлернің ерлік шабуылына арналған бетінде гвардия атқыштар бөлімінің партторғі, гвардия кіші лейтенанты З. Қосыбаевтың коммунист жауынгерлердің асқан ерлігін бейнелеген суреттемесі жарияланды.

«Қараганды комсомолы» газетінің редакторы болған Асқар Смайылов Сталинград маңында полк комиссарының орынбасары екенін бұрынғы сол редакцияның қызметкері Жәкей Майнинге жазған хатынан білгенбіз.

Майдаштан құрбы қыздарына бір-екі рет хат келген. Майдандағы бөлімшениң командирі генерал-майор Майдашка тым үян болмысына қарап: «Сенен әскери медсестра шығуы қын болар. Майданда масылдыққа орын болмайды. Бір күні өзінді жел үшірып әкетіп, әлек болармыз. Онан да үйіңе қайтканың жөн, документінді, жол азығынды дайындал береміз» депті. «Осы бір сөз қатты батқанымен өзімді өзім мығым үстап ширап

алдым. Алғашқы бірнеше жаралы жауынгерді бірде арқалап, бірде сүйреп тылға шығардым» дег жазған Майдаш сөздерін мұндағы, редакцияның тілшілер бөлімінің хат тіркеушісі, шолақ шашты Жәміш айтып берген еді...

Есін танып қалған барлаушы қазақ жігіті бетіне жылы тамшылар тигенін сезіп, көзін әшады. Сығырайған жарығы бар тар бөлмеде бетіне үңілген қыз жылап отыр екен. Барлаушы кім екенің сұрайды. Қыз немістер айдап экеліп, үй сыйыртып қойған белорус қызы екенін айтады. Ақыры сол қыз барлаушыны құзетшілер мас болып үйқыға кеткен шақта сүйемелдеп алып кетіп, иесіз орман ішіндегі елеусіз үйде сақтап айықтырады. Осынан кейін қыз тауып экелген үш гранатаны, автоматты орап алып, өзі тұтқын етілген неміс штабына екені түнделете келеді. Үш граната неміс офицерлері жатқан екі бөлмеге тасталады.

Жарылыста жиырма шақты офицер және құзетшілер жайрап, қашып шыққан біреу-екеуі табан астында атылып тасталады. Кенседегі жасырын документтерді қопарып алып, барлаушы қызыды ерте шығып, өз бөлімшесіне жетеді. Манызды документтен неміс командованиесінің қарсы шабуылға шығатын мезгілі білініп, совет жауынгерлері алдын алады да жаудың үлкен бір құрамасын жойып жібереді.

Майданда ерлікпен қаза тапқан барлаушы тілші Топатай Жұнісов «Советтік Қарағанды»

газетінде сол кезде жарияланған бір суреттесінде 276-дивизияның бір барлаушысының ерлігін осылай әңгімелеген еді.

Газетіміз Белоруссия партизаны, қарқаралылық Галым Омаровтың, белгілі қазақ совет ақыны Қасым Аманжоловтың, Совет Одагының Батыры, майдан кезінде көмірлі қаламызыда мейман болып қайтқан Мәлік Габдуллиннің естеліктері мен өлең, поэмаларын да сол кезде жариялаган.

Белоруссия партизандары фашистердің зэрекұтын алып, үрейін ұшырган. Партизандардың кей күндері жаудың қару-жарак, әскер тиеген әшелендарын лақтырып жамсататыны, кейде бекінісін талқандап, фашистер топ-тобымен қолға түсіріліп жататыны совет информбюросының хабарларында айтылып жататын. Бірде топты фрицтермен қатар қолға түскен сатқын полицайдың біреуін халық кекшілері иіп үстеган ағашқа аяғынан асып жазадаган. Ағаштар басын жазып қоя бергенде сатқынды екі бөліп әкеткен. Галым Омаров партизандардың осындай жауынгер шабуылшы тобының командирі болған. Бірнеше айдан кейін жолдаған үшінші хатында ол редакцияның колективіне, оның ішінде әкешешесінін аман-саулығын біліп, арнайы хат жазып жіберген парталасы маған да разыщылық сезімін билдірген еді. Ұлы Жеңістен соң ол елде аз гана тыныстыды да, облыстық комсомол комитетіне қызметке араласып кеткен.

Редакциямен үзбей дерлік байланыс жасап, майдандағы Армия өмірінен тартымды суреттеме, очерктер жазып тұрган Мінәж Жармұхамметов ағамыз болды. Тері, бұған майдандық газетте қызмет аткаруы орай берген болса керек. Газетімізде Мікеңнің «Өзенненөткенде», «Үйтөбесіндегі ұрыс», «Батыrbайдын басынан кешкендері» дегендей оннан астам майдандық очерктері жарияланды. Осы жазбалар жайында Қарқаралы ауданындағы «Жекежал» колхозының коммунист бригадирі, ері майданда жүрген Құнбала Ақыновадан, Жезқазған жерінің шопаны Эйтен Серіковтен, Қарағандыдағы шахта бастығы, атақты кенші Тұсіп Кузембаев пен Осакаров ауданының «Көкала ат» поселкесінде тұратын, екі баласы майданда жүрген пенсиядағы шахтер Қонқабай Эбесуовтен редакция хаттар алған. Ақпейіл халық адамдары жауынгер журналист Мінәжға өз аттарынан мың раҳмет айтуды сұраған болатын.

Кейде ойдан ойға кетесің. Бүгінгі өміріміздің мәнерлеп жазар не алуан, ерен сырлы жайлары бар. Қаламың бас біле тұрып, сол ересен тұрмыс жайлы жазуға кежегең кейін тартатыны іштей үлкен өкінішке батырады. Анда-санда есінеп қойып, көлеңкеде жатқан қара суша көзі тұнжырап отыратын кейбір қалам ұстаушыларды көргенде тіпті-ақ қынжыласың. Иә, жарылып жатқан бомбалар, күркіреп жатқан зенбіректер, зуылдай ысылдал үшқан ажал оқтарының арасында жу іп,

Отанымыздын намысын коргаушы майдангерлер туралы очерктер жазу бұл да нағыз ерлік. От жүректі, өткір ойлы майдангер ағамыз Мінәж; міне, сондай қаламгер болған. Ұлы Жеңіс сонында майданнан көп жазбамен оралған Мікең газетімізде очерктерімен қоса «Апыр-ау, сол емес пе?» деген деректі повесть жариялады.

Майданға кеткен жолдасын күткен жас келіншек Дарига күн сайын поезд күтеді. Вагондардан түсіп жатқан, омыраулары орден, медальдарға толы жеңіс сандалақтарының бәріне үніле карап, «Апыр-ау, сол емес пе?» деп жүреді. Сабырмен үзак сарғая күтіп, әркім-біркімнің кылжалалық сөзіне құлак аспай келген. Бірде поезд басынан үйіне камығып оралғанда келіншек алдынан шыққан сүйікті жары — майдангерді көзін жұма күшақтап, қанша минуттар үнсіз тұрып, қуанышының ыстық жастарын ыршытады. Ыстық тамшылар майдангердің омырауына сорғалап түсіп жатады.

Мінәж повесінің бір картинасы осындай...

Элихан Сүлейменовтен Аллажар бір-екі хат алғай. Онда штабтық лейтенант Кныр Шығыстан майданға аттанғалы жүргенің, «Сәрсембай солдат» деген повесть жазып, енді редакциялап, Карагандыға жөнелткелі жүргенің білдірген екен. Осынан соң кадірлі қаламдастан хабар болмай кетті.

3. Женіс деген ұлы сөз

Халық не қындыкты еңсере жүріп, аңсан күткен Ұлы Женіс күні жетіп еді. Иә, 9 май — Женіс күні көмірлі қаланың барлық көшелеріне халық симай кетті. Үлкендер шашуга күміс те, құрт, ірімшік те, қант, печене де шашады. Женіс мерекесін тойлауға еңкейген қария да, еңбектеген бала да шықты.

Жауынгерлер женіспен оралып келіп жатты. Біздін редакция да құлпырды. Майдангер журналисттер: газетіміздің шаңырақ көтеру жылдары кезіндегі қызметтері, Польшаны азат етуге де қатысқан, эскери саяси қызметкер Галымбек Нәдіров, бұрын Қарқаралы аудандық газетінде редактор болған Тойбек Эбжалелов, өзіміздің Мінәж Жармұхамметов, Құрманжан Қасымжанов, Квантун армиясын талқандасқан Құдыш Сүлейменов, Қыры Шығыста эскери «Дабыл» газетінің тілшісі Галымқажы Абдуллин, байыргы қызметкеріміз, күлдіргі мінезді Айташ Омаров, бұрын басқа газеттерде қызмет атқарып, майданға аттанған, Европаның бірнеше елін фашистерден азат ету үрystарына қатысқан, жауынгерлік ордендердің иегері, эскери саяси қызметкер, капитан Өмірзак Өкішев, Семей газетінде қызмет атқарып жүріп, майданға аттанған Омар Ногайбаев, алматылық азамат Ғинаят Эбділханов, өзіміздің Егіндібулақ ауданының комсомолы тәрбиелеген, соғыс жарақатынан айыққан Шарапат

Абаев, майдандағы саяси қызметкер, бұрынғы мұғалім, Ульянов ауданының азаматы Ахмедия Элгожин, Карагандының белгілі педагогі Қалжан Тұңғышбаев, жас жауынгер, математик Емберген Омаров, Кызыл Ту орденді зенбірекші, бұрынғы заң қызметкері Тілеубай Нұрмамбетов, Ленинград майданының жауынгері, ақын Мардан Оспанов, талапты жас жауынгер Файзолла Кендібаев, Ұлы Жеңіс күндері алдында қазіргі ГДР-дің бір селолық мекенінде коменданттық қызмет атқарған, немісше сөйлем, жаза білетін аға лейтенант, эскери саяси қызметкер, бірнеше жауынгерлік орденінің иегері Мұхаметбек Нұртазин, бұрын темір жол газетінде қызмет еткен майдангер, Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметовамен майданға қатысқан аға лейтенант Шүкіржан Сыздықов, өз газетіміздің бұрынғы қызметкерлерінің бірі — Бүркіт Ысқақов, офицер Махмет Кемелбаев, майдангер ақын, шахтер Орынбай Аймағамбетов, «Киров» крейсерінің кіші офицері Нұргали Сыздықовтер келіп, редакция коллективін толықсытып жіберді. Қызмет те дүрілдеді. Өз редакциямызда ерте жылдарда қызмет атқарып, кейін басқа салада енбек етіп жүрген майдангер офицерлер Элкей Диқанбаев, Піспек Жұмановтар да қара шаңырағын сыйлап, ауық-ауықта келіп жүретін.

Ұлы Жеңіске жеткеннен кейін партия халықтың күш-жігерін соғыста бүлінген аудандарды, халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне

жұмылдырыды. Жауынгер журналистермен тоғысқан «Советтік Караганды» газеті редакциясының колективі осы бағытта да сәт қадамдар жасаумен қатар, майдангерлердің асқан ерліктері жайындағы жазбаларды да жалғастыра жариялай берді. 1945 жылдың бастапқы кезінде газет «Коныраттың Қазыбек батыры» деген бет жариялады. Бұл соғыста асқан ерлікпен қаза болып, Совет Одағының Батыры атанған газетіміздің соғыстан бұрынғы жергілікті тілшісі, барлаушы Қазыбек Нұржановқа арналған бет еді. Осы бетті майдангер журналисіміз, соғыс мүгедегі Айташ Омаров үйымдастырып жазды. Облыстың Совет Одағының Батыры атанған ерен түлектерінің бәрі туралы газет осы кезге дейін очерктер жариялап келеді. Нұркен Эбдіров, Мартбек Мамыраевтар жөнінде осы жолдарды құрастыруши оларға Совет Одағының Батыры атагы берілген соғыс кезінің өзінде, очерктер жазған. Женіспен оралған соң редакцияға орналаскан Е. Нәдіров, К. Тұңғышбаев, О. Ногайбаев, А. Әлгожин, Т. Эбжалелов, Т. Нұрмағамбетов, тағы басқалары майдан күндерінен естелік суреттеме, очерктерін нешеме жылдар бойы жариялап жүрді.

Газетіміздің соғыс жылдарындағы және онан кейінгі бейбіт қадамның бастапқы жылдарындағы жұмысын үйымдастыруға редакторлар Эбдуәли Қарағұлов, Бейсенгали Тәйкіманов дарындылықпен жігер жұмсағанын осы күнге дейін өзара аңыз

етіп айтамыз. Эбдуэли Қарагұловтың майдандағы інісінің ерлікпен қаза болғаны туралы редакцияда түнгілік кезде хабар естіп, көзінен жас тамшылата отырып, ертең шығатын газетті оқып отырған бейнесі көз алдыманан элі кетпейді. Сексеннен асқан, қадірлі ақсақалымыз Бейсенғали Тәйкіманов газеттің сол жылдардағы тікпелерін оқып отырған сэттерін сәлем бере кіргенде көріп жүреміз.

1945 жылғы 11 сентябрьде газет майданнан оралған жауынгерлердің халық шаруашылығын қалпына келтіруге қызу араласқаны туралы — «Қошаметіңе раҳмет, халқым! Біз енді еңбекте ерлік көрсетеміз» деген арнайы бет жариялады. Совет адамдары өмірді корғаушы да көркейтуші. Газеттің әлгі арнаулы бетінде жеңімпаз солдаттардың осындағы биік зерделі рухы бейнеленген. Ен бір ерекшелігі, сол бетті түгелдей редакциядағы жауынгер-журналистеріміз үйымдастырып жазды. Кейінгі жылдарда майдангер қаламгерлер халқымыздың бейбіт еңбектегі аса мерейлі бейнесін көрсетуге күш жұмсады. Ақмола — Қарталы темір жолын салу, тың жерлер игеру, Ертіс — Қарағанды каналының құрылышын жүргізу жылдарында журналистер көшпелі редакциямен жыла қонып жүріп, сан-салалы қызметтер атқарып, ажарлы очерктер, суреттемелер берді. Шүкіржан Сыздықов, Ақмедиғ Әлғожин осындағы істерде ысылғандық танытқан.

Иә, алдағы көктемде совет халқының Ұлы Отан

согысындағы дүниежүзілік Ұлы Женісіне 40 жыл толады. Тарихи сол Женіске совет журналистері майдандагы, тылдағы асқан ерлік істерді үзіліссіз, кең мәнінде бейнелеумен өздерінің тамаша үлесін қосқан.

«Советтік Қарағанды» газетінің редакциясынан майданға аттанған жауынгер журналистердің сегізі қайтып оралмады. Қандай өкінішті, ал он жетісі Ұлы Женістен сон редакцияда жылдар бойы қызмет атқарып жүріп дүние салған. Он жауынгер журналист қазір арамызда. Біреулері сібек етеді, біреулері құрметті демалыста.

Бірнеше жауынгер журналисіміз: Емберген Омаров, Файзolla Кендібаев, Бүркіт Ысқаков, Қалжан Тұңғышбаевтарғылым кандидаты болды.

Журналистердің аға буыны редакцияға кейінгі шакта келген жастарға абылай тәлімгерлер болды. «Советтік Қарағандының» мерейлі мектебінде ысылған қаламгерлер ертелі-кейінгі жылдарда қазактың өресі биік советтік көркем әдебиетінің алтын қорына «Менің құрдастарым», «Қарағанды», «Найзагай» (авторлары тиісінше С.Ерубаев, Е.Мұстафин, Э.Әбішев – А.Ж.) сияқты әлденеше романдар, ондаған повестер мен әңгіме, өлеңдер жинағын қости. Жауынгер журналист Омар Ногайбаев қазақ әдебиетінің классикалық шығармасы қорынан Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» романынан драма жазып, мұны бірсыптыра театрлар осы күнге дейін сахнасында көрсетіп

622

келеді.

Майдангер журналистердің балалары кейінгі жылдардағының салаларының докторлары, кандидаттары дәрежесіне жетуде. Көбісі геология-минералогия, экономика, медицина, химия, заң қызметі, журналистика, техника, транспорт, ауыл шаруашылығы, металургия, көмір өнеркәсібі, тағы басқа салалардың дипломды үлкен мамандары болып, қадірлі экелердің Отанымыз үшін адам қызмет ету жолын жалғастыру үстінде. Толғанып отырғанда осы да бір мақтаныш экеледі.

Иә, Ұлы Отан соғысындағы Женістің даңқты 40 жылдық мерекесі қарсанында марқұм болып кеткен жауынгер журналистерді Енбек Қызыл Ту орденді «Орталық Қазақстан» газеті редакциясының бүгінгі коллективі бас итп, биік күрметпен еске түсіреді.

(«Орталық Қазақстан», 29-31
қантар, 1985 жыл)

Сырлы сез

Естелік

Иә, «Мікең» дейтін едік біз бәріміз Мінәж Жармұхамедовты. Мікең - осы көмірлі Қарағанды төңірегінің тұмасы. Қареке-Мұрат руынан. Жиырмасынышы-отзызынышы жылдарда Габиден Мұстафин, Эукебай Кенжин, Үрістем Тоқабеков, Сайфиден Шамов сиякты тетелес, көзі ашықжастар ауылда жаңа түрмис қалыптастыру бағытында байсалды іс атқарып, көмір кені ашылып, Қарағанды қаласы ірге тебуіне сәйкес, осында келіп қызметтерге орналасқан. Отзызынышы жылдардың соңғы шағында статистика басқамасында қызмет атқарған Мікең көңіл қалауымен «Советтік Қарағанды» газетінін редакциясына ауысып келіпті. Қырқынышы жылдар кіргенде аз бүрын ғана редакцияға орналасқан біз - жастарға байырғы болып қалған журналист ағалар: Қали Садықов, Мінәж Жармұхамедов, Хамит Қабдиев. Аллажар Теміржанов, Кенесбай Үсебаев, Мәди Сәрсенбаевтар эрбір ісімен, мінез-қылышымен, әдебиетшілдігімен, сыпайы, үтқыр сөзімен абзал аға ретінде танылып, жас ұлттайған бұл шағымызға дейін көкейде сол бітімімен сақталып келеді.

Бірде бірнешеуіміз Мінәж Жармұхамедов, Элихан Сүлейменовтер отыратын секретариат бөлмесіне (қазіргі Қазақстан кешесі, 12-үй) кірдік. Мікең дауыстап «Социалистік Қазақстаннан» өлең

оқып отыр екен.

— Қолында Шекспирдің алтын кесе,

Жанында біздің Мұхтар тізерлесе...

Па, шіркін, міне, ақын деп осы Қасымды айт! Қандай тамаша тіркестер, қандай ерек тынысты сөздер. «Батыс, Батыс» деп былшылдай береміз. Өзіміздің Мұхтарды сол көрі батыстың ғұламасы Шекспирмен қалай әкеп шендеңстірген! Ақын деген осындай бір жана ой-сезім айтып тастауы керек кой. Бұл Қасым биік сезіммен болжап айтып отыр. Осы біздің Мұхтардан түбі ұлы жазушы шығады. Көрерсіндер. Ал мынаны қара: Сәбиттің біздің быламық сөз құрамымыздай сөйлемдерін астын Максим Горький қабағын шыта отырып сзып-сызып қойып жатыр. Ақын Қасым бұл арада мысқылға кеткен...

Ара-тұра жанына барғанда Мікең осындай бір қызықты жайларға қандыратын еді. Артық уақыты да бола бермейтін. Құн сайынғы түске дейінгі уақытын газеттің келесі санының макеттерін сызығыштап, оймыштау әкететін. Алуан қырлы тақырыптарды қандай әріппен беру орайлы боларын толғанып өз мандайын өзі шертіп отыратын минуттары да болады. Соны еңсерісімен ТАСС-тан орысша түскен шетел хабарларын ауызша аударып айтып тастауга баспа машинкасын желдей естіретін Эмина Шаяпованың жанына келіп отыра кетеді. Бір-екі ауыз қалжында спай ол да бірден баса қоймайтыны бар.

– Жездекей, неменс, бүгін көңіл-күйін ойнақы ма, бөтегелмей айта аласыңң той?

– Пай, пай, балдызжан-ай, әуелі бастап көрсейші, айта алмасам, ана Этішевтің қағазынша лақтыр да таста, дейтін Мікең.

– Келістік, – дейді ақ сары жұзі күлімдей түскен Эмина.

Сөйтіп тізбек-тізбек хабарлар неше минуттарда баспаханаға жөнелтіліп жатады. Кейбір онша асығыс емес дейтін хабарларды қолмен аударуга бірден-екіден жастар — біздерге үлестіріп береді де кешке таманғы кезде оны өзі қарап түзетеді. Соны қайта бастырып біз де жөнелтіп жатамыз.

Ағаның осынау жомарт жанды үстаздығына шексіз разы болатынбыз. Зәріп Қосыбаев дейтін жігіт скеуміз осындаі алғашқы үйрену сабагынан өткен кезде біріміз Балқаш қаласына, екіншіміз Қарсақбай ауданына меншікті тілшілікке баратын болдық. Екеумізге де ай шамасы бүрын газеттің екінші бетінің етегіне жалпайта басылған Аллажар Теміржановтың Балқаш мыс заводын пайдалануға беру сәтін бейнелеген «Штейн» деген репортажын қайталап оқып шығып, үлгі ретінде папкамызға салып алу ұсынылды. Ұсыныс айтқан Мікең болатын. Оны басқалардың бәрі «дұрыс ақыл» деп құптағы...

Қарсақбай поселкесінде ай жарымдай тұрганнан кейін редакторымыз Піспек Жұмановтан осындағы кен-зерттеу партиясының бастығы Қаныш

Сәтбаевтың мақаласын үйімдастыру жөнінде телеграмма алды. Үшінші күн іздей жүріп тыста кездескен мені Қанағаң поселкенің тау жақ шетінде тұратын үйіне ертіп апарды. Телеграмманы көрсөттім. Мақала жазып беруге уәдесін айта отырып, «Штейн» деген репортажды жазған кім екенін сұрап, үлкен заводта мыс балқытудың техникалық атауларын орнымен ұғынықты бергеніне разы екенін сездірді.

— Ендігі арада газеттің беделі түрмисқа еніп жатқан жаңалықтарды қауымға ұғынықты етіп жаза білуге байланысты бола береді. Осы реттегі қадамдарыңды жалғастыра түсуге әбден тілекtesпін, — деді ол. Қанағанның осы мезгеуі газетіміздің басты нысанасы болып, бәріміздің көкейімізге еніп алған еді.

Даңқы шыққан геологтың мақаласын папкаға салып алдып, редакцияға оралғанымда көп иғі жақсы агалар мен тұстастардың орнын ғана сипап, көнілім күрт олқы түсіп кетті. Бәрі майданға аттанып кеткен.

Маган аппаратта қалатыным айтылды. 1941 жылдың қызы түсер карсаңда бір ауылда өскен дос-бауыр Галиакбар Мұсағұловтан, Мікең агадан, «Қарағанды комсомолының» редакторы болған Асқар Смайловтан хаттар алдық. Асқар генерал Доватордың атты әскерлер құрамында батальон комиссарлығына тағайындалған. Галиакбар көс білектей көтеріп оқ салып, зенбірек атуши болған.

Ал Мікең бастапқыда танктерді қолдаушы жаяу әскерлер құрамында болып, екі саусағын жау оғы жүлгіп әкеткен бір-екі айдан соң майдандық газет қызметіне ауыстырылыпты. Бірнеше ұлт тілінде шығатын газеттердің бәрінің бас редакторы, белгілі әдебиет сыншысы, публицист В. Ермилов (соғыс жөніспен аяқталған соң бұл кісі «Литературная газетаның» бас редакторы болған) барша журналистерін жинап, туган жерлеріндегі газеттермен тез де тығыз байланыс жасап, кең тылдың майдандагы армияны қалай қолдап жатқандығы жайында хабарлар алып, майдандық газеттерге жариялат отыру жөнінде арнайы тапсырма беріпті.

Тап осындай ойды аз күн бұрын ғана редакцияға әдейі келген Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хабир Мухарямұлы Пазиков те біздің басымызды қосып отырып айтқан еді. Сөйтіп, майдандагы журналист, бұрынғы өз қызметкеріміз Мінәж Жармұхамедовпен шұғыл байланыс жасай бастадық. Бірнеше айдан соң майдан газетінен «Советтік Қарағандыда» жарияланып кеткен, газетіміздің алтын қабыргасын қаласқан қадірлі Қали Садыковтың мақаласын шолуға айналдырып ықшамдап берген күйде оқыдық Соңында «Советтік Қарағанды» газетінен» деп көрсетілген. Осы шолуға Қарағанды көмір бассейнінде кеншінің әрбір мамандық бойынша еңбек өнімділігін үстеп

арттыруды үран етіп отырғаны, сол орайда № 44-45 шахтаның кеншісі Сәкен Шомановтың үлгісімен жүздеген навалоотбойщиктің ай сайын 500 тоннадан көмір өндіру жолындағы қозғалысы сәтті болып отырғаны әңгімеленген. Эр кенші осынша көмір беріп отырса, жауга атқан эрбір үш оқтың екеуін беретін Балқаш, Шымкент мыс, корғасын заводтарының жұмысты мұдіріссіз істеуіне жағдай жасалмақ, фашист құзғындарға ойран салатын танктеріміз, зеңбіректеріміз, самолеттеріміз көбейтіле түспек. Шолудың тап осы бір тұсын В. Ермиловтың айтуымен Мікең біраз жетілдіре редакциялап жіберіпті.

Қарағанды газетінен майдандағы басылым басқа да осындей бірсыныра хабарлар алып, жариялады жүрді. Оның ішінде майданға кеткен жігіттер орнына Қарағандыда жүздеген казақ, орыс, татар қыз-келіншектерінің шахта астына жұмысқа барғаны, К. Сәтбаев бастаған геологтардың байсалды қызметімен Жезқазған жерінде Отан қорғау ісінде үлкен маңызы бар жаңа кен орыны қатарға қосылғаны, Баймаган Майлыбаев сияқты бірсыныра қарияның шахта астында көмір тасуға сауып отырған жалғыз биелерін бергені, Қарқаралы ауданының колхозшысы Бекеш Байғонатовтың танк жасау қорына малын сатып, ағайындарынан алғып, елу мың сом жинап тапсырғаны сияқты хабарлар бар.

Ал «Советтік Қарағанды» болса, Мінеж

жіберіп отырған майдандық газет нөмірлерінен совет жауынгерлерінің қаһармандығын танытатын мақала-хабарлар алып жарияладап отырды. Солардың ішінде Мінәждің өз жазбалары да бар еді. «Эжібайдың әңгімелері» аталған жауынгерлік әңгімеде қазақ жазирасынан майданға барған солдаттың тәуекелшіл ерлік тіршілігі, адамды аяйтын қайырымды ізгі жандылығы, жауга дегенде жасын боп жамсататын төтен қажыр-қайраттылығы бейнеленеді. Дамылсыз шабуылдар арасында Эжібай окоптағы бір тоң орыс, өзбек, грузин жолдастарына бүтінгі қазақтың аргы бабасы қыпшақтардың тоғызының гасырда Киев мемлекетінің жерін Балқаннан көз алартқан тонаушылардан қылыштың жүзі, найзаның үшімен қорғасқаның әңгімелейді, Мікеңнің тал осы майдангерінің тұлғасынан «Абдолла» поэмасындағы жауынгер ақын бейнесі, Александр Твардовскийдің Василий Теркиннің бейнесі елес беріп тұрғандай.

Біздің редакция әр майдандагы басқа да қазақ жауынгерлерінен хат-хабарлар алып жарияладап отырды. Коңыраттық Қазыбек Нұржанов, қарагандылдық Нұркен Эбдіров (осы екеуіне Совет Одағының Батыры атағы ерлікпен каза болғаннан кейін берілген), жезқазғандық Жақсымбек Үншібаевтың хабарларын редакторымыз Эбдуали Қарагұлов риза бола оқыр еді. Ол жылдарда түнделетіп те қызметке келеміз. Мен жауынгер

Топатай Жұнісовтің жаңа бір суреттемесін өндедім. Мерген қазақ қызы тіл әкеле жатқан барлаушыларды басбағып отырған дүшпан мергенінің тәндірген қатерінен құткарады. Қыз жау мергенін бұрын қамтып, қарагай басынан атып түсіреді. Ару қызға генерал өзінің алтын сағатын тарту етеді.

Осы жауынгерлік суреттемені оқып отырып, редакторы мыз Эбдуалидің көзінен мәп-мәлдір тамшылар үзіліп - үзіліп түсті. Не дерімді білмей сасып қалдым. Бетіне үңілемін. Ол кісі маған стол бұрышында тұрған алақандай қағазды үнсіз ұсынды.

-Інімнен айрылып отырмын. Оның майданда жауған оқастиңда көз жұмғаны туралы «қара қағаз» келіп отыр. Мына суреттемедегі мерген қыздың екі барлаушыны ажал аузынан алып қалғаны көңілімді тіпті босатып жіберді. – Эбекен жайын осылай мағұлымдады. Тұнгі қызметке келгендер ол кісіні үйіне апардық...

Иә, ол қанды майдан жылдары қай шаныраққа уайым-қайты экелмеді дейсіз. Совет халқы Ұлы Жеңіске, эрине, орасан ерлікпен, зітсе де есепсіз ауыр шығынмен барып жетті.

Халық қуанышының нұрлы күні жарқ етті. Майдангерлер тұған жеріне оралып жатты. Ана үйде де, мына үйде де – той! Мікең үйіндегі тойға шашуымызды алып, коллектив тік көтеріле бардық. Шашудың бастысы - Мікең майдандық газет редакциясынан почтамен жіберген «Апыр-ау, сол

емес пе?» деп аталған ұзак әңгіме болатын. Мұны біз тұра Мікен келген тойлы күнгі нөмірге, газеттің тұтас бір беті етіп жариялағанбыз.

Той дастарқаны басындағылардың көбі газетті құлаштай жайып, соны оқып отыр. Қою сүттей қоймалжың сырасын жағалай үлестіре жүріп, сол әңгімеге Мақпұба женгейдің өзі де үңіле түседі. Әңгіме оқигасы, соғысқа үйінен фуфайкамен аттанған, ал майданнан жеңіспен қайтқан, эскери киінген ерін келіншек әу дегенде бірден тани алмай қалады. Омырауы орден, медальға толы жігіт жақындалап кеп, иығынан қапсыра құшақтайын дегенде келіншек: «Ойбай әрі жур, мен өз байымды күтіп отырған қатынмын», — деп сыйыла қашады. Қүйеуі атын атап қайта шақырганда келіншек ұшып келіп мұның қеудесіне бас үрады.

—Мақпұба, Мінәжді танымай, тұра қашқаныңыз рас қой,— деп әзілдей тіл қатады редакторымыз Бейсенғали Тәйкіманов.

—Өй, өйткем жоқ. Поездан түскен бойында құшақтай алып, шөпілдетіп мандайынан сүйе бердім, — деп жеңгеміз әзілге жарасымды жауабын айтты.

Екі аптадай өтті де Мікен редакцияға баяғы қызметіне оралды. Аударма-хабар бөлімінің менгерушісі, әрі редколлегия мүшесі. Орта мектептің жоғары кластарында оқып жүрген балалары Ергали, Жібек, Бекен неше жылдан сағынған әкесінің жанына күн құрғатпай келеді.

Кейін осыларға тағы екі бала— Хамит пен Мәжит қосылды. Ата-ана балаларын бір жағынан кол еңбекке баули жүріп, түгел оқытты. Енді олар инженерлер, дәрігер, музиканттар. Мікендер сауықшыл, мейманжай семья болатын. Жетпіс бес жасқа толып, зейнет ақыға ойысқан соң тұған да түрған жері Топар поселкесінде мерейтой өткізді. Соган шақырылған екі жұзге тарта мейманға Мікең үйі қызықты концерт қойып берді. Экелі-балалылардың әрқай сының қолында эр түрлі музикалық аспап. Тәттімбеттің, Құрманғазының күйлері де, «Огинскийдің полонезі» де шертіліп, «Айттым сөлем, қаламқас», «Көзімнің қарасы», тағы басқа қанша ән-күй сауықшыл жүрт көңіліне әсем әуендер қойды.

Редакция дегеніңіз— үзілмес те таусылмас толғаныс қызметі деген сөз. Соғыстың киын-қыстау кезінде ауыр бейнет қамытын киген біз бар, майданнан оралған Ғалымбек Нәдіров, Мінәж Жармұхамедов, Тойбек Эбжәлелов, Ахмедия Әлгожин, Құдыш Сүлейменов, Шарапат Абаев, Мұхаметбек Нұртазин, Гинаят Әбділханов, Өмірзак Өкішев, Омар Ногайбаев, Нұргали Сыздықов бар – бәр-бәріміз соғыстан кейінгі жерде елді қалпына келтіру міндеттерін шешуге үлес қоспақ мұратпен газет жұмысын жаңаша жандандыру бағытында қызмет етпекке бас қойдық.

Редактор Бейсенғали Тәйкіманов облыстық партия комитетімен тығыз байланыса жүріп,

байсалды қызмет атқарып, не жайға назар салу керектігіне ой сала білді. Өнеркәсіпте техникалық прогрессі дамыту мәселесі, бұл үшін галымдармен, жаңашыл мамандармен жіті байланыс жасау, олардан ақыл-кенес алып отыру бөлім менгерушісі Қали Садыковқа, мәдениет, оқу орындары жайына зер салу бөлім менгерушісі Аллажар Теміржанов пен Мінәж Жармұхамедовке, қоғамдық үйымдар қызметі және тәрбие істері мәселесі Эбілқасым Эміралин мен Ахмедия Элғожинге, кен-байтақ жерімізде ауыл шаруашылығын сала-саласымен берекелі дамыту жайын сөз сту Тойбек Эбжәлевов пен осы жолдардың авторына арнайы, редколлегия шешімі бойынша тапсырылды. Тоқсан сайын атқарған іс және ой толғаныстарымыз жайында есеп беріп отырдық. Газетте қырқыншы жылдардың соңғы кезінде және алпысыншы жылдарда жарық көрген «Техникалық прогресс – өркен арқау», «Қазақ халқының ою-өрнек өнері», «Мекен жеріміздің өсімдік, жануарлар дүниесі» (дұрысы «Жабайы өсімдіктердің аттары мен қасиеттері туралы бәйгі». А.Ж.), «Алыс құмда малың бар, малышың жатыр», «Ақындар халық ортасында» деген сияқты айшықтамалар орын тепті.

Енді осы ретпен қозғаган әңгімелеріміздің нәтижесі қалай болды дейсіз ғой?

1948 жылдың тамызы (дұрысы 1949 жылдың маусымы болуы керек. А.Ж.). Редакцияның қақ іргесіндегі «Октябрь» кинотеатрында Қазақ

ССР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы басталғанына үшінші күн болған. Қызметкерлер тұсқі шайдан оралған кезде редактор кабинетіне бір топ мейман келіп кірді. Летучкаға отырғанымыз сол еді.

—Мен сіздерге қонақтар экелдім, —деп обком хатшысы Ахмет Хафизов тісін ақсита сөйлеп, жағалай қол алысып сәлемдесті. Қонақтар: Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев, ССРО Ғылым академиясының академигі Иван Петрович Бардин болып шықты. Екі академик те жағалай, жымия жүріп қол алысып сәлемдесті. Оң жақтағы көгілдір мақпалмен қаптаған диванға жайғасты меймандар.

Еңсели, бүйралана қайрылған шашы үлкен басына келісе жарасқан толық жүзді Қанаған шалқақ отырған бойында күлімдей сөз бастады.

—Жігіттер, бәріңнің де үй- іші, бала-шагаларың аман сау ғой? Нешеме жылдан тонның ішкі бауындай араласып келеміз. Соңан ба, жүрек бұрып тұратын сияқты. Академияның оқу залында тікпелерің бар. Ауық-ауықта соны ашып, оқып жүремін. Бейсснғали, сенің ана тілімізді көзін шыгарып, басын жарып сөйлейтін, орыс тілінде де жарытымды жоқтар жөнінде жазған сықағынды езу тарта оқыдым. Соңсоң мына ою-өрнек өнері жайындағы әңгімелеріңің атап айтуга тұрарлық. Қазақтың қазақ екенін білдіретін етене (этникалық) көп белгілер ішіндең ең мен мұндалап тұратыны

осы ою-өрнек өнері. Мұны қазіргі тұрмысымызды ажарлауға енгізу жөніндегі ұсыныстарыңды өз басым қуанып құптаймын. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын өрлету жайындағы жазбаларың да көкейге еніп ой қозгайды. Бұл туралы Ахмет Хасанович те топшылаған шығар. Ахмет, сіз кеше маған білім қогамында лекторлар тапшы екенін айттып едініз. Осындағы редакциядағы журналистерді сол қызметке жұмсай білсеңіз, олжага батасыз. Бұл журналистер дегеніңіз — сөйлей де білетін, басқага ой сала да білетін, әзірге елес бере коймай жатқан жаңаны, жаңашылдықты ілкім бүрын сезініп тани да білетін қауым.

Иә, бәрінізге ізгі тіршілік болуын тілеймін. Сессияның кезекті мәжілісі басталғанша таяу үйде екендіктерінізді ескеріп, бас сұғып, амансаулық білісуді өзіме парыз санадым. Осы ойымды мына күрметті академигімізге айтқанымда, ол да разы бола құптады,— деп диванда омырауын ашып, тершіген бұғагын, жұқалан, буырлы шашы шашырай жапқан самайын орамалымен сұртініп отырган И. П. Бардинге қарады. Соңан соң ойын қосымша орысша айттып білдірді. Құп дегендей ол кісі басын изейді...

Осы бір елесті Мінәж аға есінен тастамайтын еді. Сол жолы ою-өрнек өнері жөніндегі жүртшылық жазбаларын көбіне қолымыздан өндеген Мінәж, Қали, үшеуіміз әжептәуір-ақ еңселеніп қалғандай едік. Мікең сарғылт шүшінша (чесуша) пиджагінің

түймелерін ағытып желпініп алды. Қанағаның ой-пікірін А. Хафизовтың өз құлағымен естігені қиығы келген жай еді. Аз уақыттан соң облыстық партия комитетің бюросы шешім қабылдап, құрылыш салушыларға жаңа пәтер үй, мәдени орындар ғимараттарын казактың ою-өрнегімен ажарлай білуді жүктеді. Көмірлі қалада сол кезде салынған бірсыптыра ғимарат маңдайшаларына, қабыргаларына сырмақ пен түс киіз оюлары солай келіп орнаған. Эттең кейін осы бір ізгілікті іс аяқсып кетті. Қысап қыстағанда ұртынан дария ағызып, ауа жайылғанда асыл игіліктің өзін шашып лақтыратын бар емес пе бізде. Мынау тап соның мысалы.

«Советтік Қарағандыны» калың қауым ықыласпен оқитыны жылдан-жылға айқын бола түсті. Оның түбекейлі мәселелер көтеруін ғылым мен мәдениет қайраткерлері дәйекті колдап, сол ой-тұжырымдарын әр жайдан білдіріп те журді. Халық ақындарын тауып топтастыру, олардың әсерлі творчествосын паш ету түргышындағы біздің газет атқарған қызметті атақты қазақ совет ақыны Қасым Аманжолов Жазушылар одағының арнаулы пленумында жасаған баяндамасында (толық жинағының төртінші томын қараныз) разы болушылықпен атады.

Халқымыздың ұлттық театрын дамытып көркейту жайына газетіміз алғашкы шыға бастаған кезінен үзбей көңіл бөліп келеді. Оттызыншы

жылдар басында шахтерлер қаласының сауықшыл халқы «Лайман-Шолпан», «Қызы-Жібек», «Шұға» пьесаларының қойылымдарын Құләш Бейісова (Байсейітова), Жанбике Шанина, Құрманбек Жандарбеков, Жұмат Шанин (әрі қоюшы) сияқты көркем өнердің тума, биік дарындары бейнелесуінде көріп сүйсінгені бізге өз газетіміздің қызметкері, тамаша жазушы Саттар Ерубаев шығармаларынан мәлім болса, 1940—50 жылдарда осы тақырыпты «Советтік Карагандының» бетінде қазақтың көркем сез майталманы Габит Мұсірепов және өзіміздің қаламдас ағамыз – Мінәж Жармұхамедов әңгімеледі. Мікен қазақ қаламгерлерінің, дүние жүзі классиктері шығармаларындағы кейіпкерлерді тартымды бейнелеген Караганды облыстық театрының актерлері Жәмила Шашкина, Эйкен Мұсабекова, Мұздыбек Әбдікәрімов, Кәпія Тұлкібаев сияқты бірқыдыру өнерпаздар жайында әдемі әсселер жазды. Габит редакциядағы бас қосуда осы туралы разылықпен атағаны бар.

Елуінші жылдарда Қазақ мемлекеттік университетінде лекциялар талдап жүріп, әдебиетші профессор Теміргали Нұртазиннің (был кісі де Караганды газетінің ерте кездегі қызметкері) жылы лебізін сүйсіне тыңдағаным есімде – «Советтік Караганды», – деген еді ол кісі, – көмір өнеркәсібінің, металлургияның ана-тіліміздегі атауларының жарасынды сөздігін қалыптастыруда, был алдымен оның байырғы

майталман Қали Садықовтың іздену қызметінін нәтижесі» (Т.Нұртазин газет редакторы болып қызмет етті— А.Ж.).

Осыған бір-екі ауыз ғана жалғастырма сез қоса кетудін қажеті бар. Қали Садықов ағамызың біліктілер атағандай, қазақ журналистикасында өзіндік деңгейлі қызмет атқару үшін серіктестерін ықыласты, ізденуге құштар, ара-тұра ой тайталастырып отыратын майдангер Шарапат Абаев, қара халық ортасында өсіп, анна тілінің шырын уызымен мәйектенген Кәртай. Ермекбаев, Қазақ университетінің түлектері Ораз Сагынаев, Қойши Шаяхметов сияқты жастардан құраД, шындағы, оларды қысыр да қызыл сөзшіл желауыздардың қиықсыз сынауынан білегін сыйбана айтып, қорғап жүрді. Қазақ журналистикасы туындалған жаңарып жатқан түрмистың сулы-суансыз өз дауысы, өз әдел өзегі болуга тиістілігін дәйектей дәріс етіп айтып жүрді. Қазіргі әдебиетші ғалым, Рымғали Нұргалиев университеттен практикаға келіп жүрген алғашқы шағында өнеркәсіп бөлімінде үйреніп жүріп, әудегендеге сез құрамдарын өзінше керіп-созып, Қалекене иліге қоймай, істі үйрене, сырларға қана келе ағаға жығынды екенін мойындағаны, Қали ағаны шәкірттік кезіндегі абзаз үстаздарының бірі санаганы аян.

Иә, газетіміз қызметінің осындағы бап жайлары баршылық, Рас, бағзыбіртақырыптардың әңгімеледе шола соққан кезіміз де жоқ емес. Осындағы ретте

ақыл-кенес, мезгесу беру орнына облыстық партия комитетінің (жересе Сергей Яковлев, Михаил Соломенцевтер бірінші хатшы болып тұрған кезде) журналист біздерді тогышарлыққа, астарлы пысықайлыққа қарсы мәселелер көтерген кезде сауырлап, жер-жебірлей сөккені естен кетпейді. Осының өзі де басқарушы аппараттағы қеудеге нан піскен дүмшелікті танытар еді. Бірде га зет Осакаров ауданындағы Федор Цофін баскарған колхоздың шаруашылықты көп салалы, берекелі етіп дамыту тәжірибесін арнаулы бет етіп жазып көрсетті. Колхоз мол астық та, картоп, овоощ та, жеміс-жидек те, пішен де өндіріп, балық та өсіріп, сүт, қой, құс, шошқа фермаларынан халық дастарқанына үзбей өнім жөнелтіп жататын. Осы жөніндегі тәжірибе қазақ, орыс тілдерінде шағын кітапша етіп бастырылды. Сонан гибрат алып, Қарқаралы ауданындағы Нұркен атындағы, «Бесоба» колхоздары өз жерінде ерен жұғымды кар топ өндіруге жетісті. Колхозшылар қарық болып қалды, аудан орталығына да сатып отырды. Алайда, кенесе столы басындағылар бағзы сыңар-сузулердің сыйыр-сылтауымен газеттің әлгіндей жайды үлгі ете әнгімелегуін «Бұл көсіптік бағытқа, мамандандырудың ғылым ұснынып отырған талабына сай келмейді» деп сөгіп таstadtы.

Бірде Мінәж Жармұхамедов ексуіміз Караганды тәжірибе даласына сапар шеккенбіз.

Мікең шаруашылықтың басшы маманынан

ғалым Зайцева айтыпты дейтін жайды сұрап отыр. Ол кісі де осы арада қызмет атқарып, облыстық жиындарда талай қызықты мәғлұматтар тараткан екен.

—Сарыарқаның осы кең жерінен өткен гасырда американдықтар көп жылдық шөптің әлденеше жүгымды тегіннің тұқымын теріп алғып, оны өз мекенінде егіп-өсірген, сол екпе жайылымдарда көп мыңдал ірі қара жайып семіртіп, дәмді ет өндіргені ақырат көрінеді. Галым Зайцева айтыпты дейтін осы мәғлұматты бірқыдыру маманнан естігем,— деді тәжірибе даласының маманы —ұмытпасам Инякин дейтін кісі.

—Әсіресе, куаныш соққан жылдарда он мындаған, жұз мындаған киік Бетпақтан бері құлап, іргелес отырган Жанаарқа, Нұра, Осакаров аудандарының, сол сияқты Ақмола, Торғай алқаптарының көп егінін көктей тапап жеп құртып өтетінін білесіз гой, — деп сұрайды Мікең әлгі кісіден.

—Есту ғана емес, тілті өз егінімізді де тапап кететінін осы көзіммен көріп те жүрмін.

—Осынан шығудың амалы бар ма?—деп сұрайды Мікең.

— Эй, сол амал болмай тұр-ау!

—Әлгі, — деп, Мікеңнің ойын айқындағы тұсу үшін мен де маманға сұрак қоямын,— американдықтар алғып кеткендей шөп тектерін қазақ жерінің өз төл тұмасы — киіктер кіндік таратқан мекен жеріне апарып егуге болмас па еді? Бір облыстың күші

келмесе, тұстастай республика көлемінде осындай істі қарастыру жайында толғануға болмас па еді?

—Эй, бұл тіпті мүмкін болмайтын жай ғой. Оған техниканы қайдан табасың? Көп суат керек, оны бүгінгі су шаруашылығы мекемелері жасай ала ма? Бізге өз ішкі мүмкіндігізді ұқсатып алсақ та аз болмас.

—Әбден дұрыс айттыңыз. Ішкі мүмкіндікті көзін тауып ұқсату ретіндең ісіміздің өзі пүшәйман күйде. Іс басындағыларда толғану жоқ қой. Тап өз басыңыздың толғану жайынды туралы бір-екі мысал айттыңызшы?

—Біз жаңа сорттарды жинақтайды. Нәтижесі жаман емес. Енді академик Д. Т.Лысенконың бұтақты бидайын сіп, сынақтамақ ойымыз бар. Өнімді тәуір береді деседі.

—Мұныңыз Ақтогай, Қарқаралы, Ульянов аудандарындағы егіншілер ғасыр бойы егіл өсіріп жүрген казактың «Бесбас» аталатын бидайы ғой, ол калайша академик Лысенконікі болмақ?

—Ол жағын біле алмадым. Орталық газеттер Лысенконнікі деп жазып жур емес пе?

—Ұлытау жерінде жұмырықтай аумагы бар, сүйірленген, «Жаужұмыр» деп аталатын жабайы картоп тегі жыл құргатпай өсіп, шілде туда пісіп жетіледі. Тұсі бірсыныра ретте қызылт, бірсыныра ретте сарғылт болып келеді. Бір ұяда екеу-үшеуден келеді. Жұғымы картоптан артып түседі, сүт татып түрады,— деп жазды таяуда газетіміздің сол

аудандагы штаттан тыс тілшісі, зоотехник Өтебай Құлмеқанов. Осыны сіздің тәжірибе даласында сынақтауга болар еді гой. Сол сияқты бір сүйреткісі бір сиырга қыс бойына жететін, Жезқазған жерінде өсетін «Шайыр» дейтін құнарлы майлыш шөп тегін сынақтап көруге болмас па еді.

—Бұл айтқандардың үшін ғана естіп отырған жайларым. Бізде картоп та, сүрлемдік те бар гой. Орыс халқы Америкадан картоптың алғашқы екпесін алғызынан ұлы Петр патшаға барша үрпақтары қарыздар болып қала бермек, — дейді маман.

—Енді біз де қарыздармыз гой. Өйткені, бұл бәріміздің сүйсініп жетін қадірлі асымыздың бірі,— дейді Мікең.

—Мәселе бұл арада өз жеріміздегі пайдалы есімдік түрлерін сынақтап көру жайында болып отыр гой. Мәсселен, қажет мәлшерде жүтері өндіру сіздерге аз шығынға түспейді. Бір сиырга қыс бойына кемінде екі-үш машина сүрлем керек. Ал Жезқазғанның мамыр күндерінде жинап алатын табиғи май шөбінен бір сиырга қыскы маусымға бір арбасы ғана жетеді. Тәжірибе даласында сынақтап көрсө, майлыш шөптің жұғымдылығымен қоса, шығымдылығын көтере түсу құпиясын де ашқан болар еді. Бұған қалай қарайсыз?

—Иә, әуелі сынақтап керек қой,— дейді маман.

Маманның берген түсініктемесінде бәрі кәдуілгі ізденбейтін тоғышарлығының күzlігі. Тиімді бір

пікір ести алмайтынымызды аңдап, маманың қолын ала қоштастық та, қайта жолға шықтық,

Міken басқалардан бұрынырақ, таяуда сатып алған бүкіс бітімді «Москвич» женіл машинасының алғашқы маркасымен құмайт жолда ызырылып келеді. Сөлден кейін тіл қатып, пікір білмек болды.

— Элгі егінімізді жайпап кететін жұз мындаған киікке кіндік таратқан мекенінде екпе жайылым жасалса гой, оның етін, терісін, әсіресе, мүйізін сатудан мемлекетіміз, оның ішінде өзіміздің Қазақстан шет елдерден соншалықты мол алтын валюта алугажеткен болареді. Осындай проблеманы шешуді толғану орнына ауыл шаруашылығын дамытудың үлкен тұтқасын ұстаган академик Д. Т. Лысенко сияқтылар қазақ егіншілері ғасыр бойы егіп келе жатқан «Бесбас» бидайын қымқырып меншіктеп, өз басын ғана күйттейді. Халыққа игілік жасау жолында өркенге жету үшін алдымен әлгі академик, іс атқару орнына, қызмет етпеске, жай жатып, тегін ақы алмаққа далел, сылтау жинайтын тәжірибе даласының жаңағы маманы сияқты тоғышарлардан арылу қажет болар деп толғанып келемін. Осыныма не дер едің?

— Дәлін айттыңыз,— деп қостадым ол кісіні, Міken разы болды білем, жымия бетіме қарады.

Иә, Мікенің сол бейнесі көз алдынан бір кетпейді. Ал ол кісі болса туган жері іргесінде сарқырап өзен аққан - Топар мекеніндегі зиратта мәңгі үйкүға кеткеніне, міне, алты жылға айналып

барады. Ойланып-толғанумен жазса да, жолдас-жорасымен тілдессе де не қиын бір сырлар шертіп тұратын ізгілікті жарқырата беруге үндейтіндей, жарытымсыз, жақпас жадыгөйлікті жандырып, өртеп жіберуге мезгел тұратындағы абзал сарын танытқан журналист еді Мікең!

(«Орталық Қазақстан», 13, 17 шілде, 1991 жыл)

Қаламдастар

Қадірлі ақсақалымыз Құдекен газеттің сонау «Қарағанды пролетариаты» аталуы кезінен редакцияның 50 жылдыры берменең бектарланы болған. Кезінде терсендей оқуга орай болмаса да, талапты азамат өздігінен ізденіп үйреніп, сол кездің полиграфиясы мен журналистикасын аян жорға қалыпта игеріп әкеткен. Ұлы Отан соғысынан жеңіспен оралғаннан кейін де Құдыш сияқты екінші бір ақсақалымыз Мінәж Жармұханбетов пен Галымбек Нәдіров он бес мың номері бүтін жарық көріп отырған халық айнасы — газетімізді көркемдеп, мазмұнды ете түсуге, төнірегіндегі жас қаламгерлерге тәлімгер-тәрбиеші болажүріп, мол сөбек сінірген еді.

ТАСС-тан орыс тілінде келіп жататын шүғыл хабарлар атаулыны аударып, әзірлеп пісіріп беретін Мінәж болса, бөлімдерден үзбей түсетін әржақты, алуан жанрлы жазбаларды табан аудармaston қарап беретін көбіне Галымбек еді. Қырқынышы, елуінші жылдарда газет редакторлары болған Эбдуэли Қарағұлов, Бейсенғали Тәйкіманов күн сайын облыстық партия комитетінде болып, газетте проблемалық мәселелер көтеру жайында ысылған қаламгерлер Қали Садықовқа, Аллажар Теміржановқа, Эбілқасен Эмірәлинге, Хайриdden Эубекіровке сала-сала тапсырма беретін. Сондай бағдарлы үйымдастыру қызметінен келіп, газет

бетінде бірнеше жыл бойына ақындар айтысы жарияланып жүрді. Облыс экономикасын дамытуға мұның айтарлық әсері тигенін республикалық баспасөз атап жазды.

Сол жылдарда газетіміз халықтың ою-өрнегін қазіргі архитектурага, мебель мәнерлеуге пайдалану жөнінде сериялы мақалалар жарияладап, облыстық партия комитетінің бюросы мұны мақұлданап, тиісті қаулы алған. Сол сиякты көмір шахталарында еңбек өнімділігін арттыру, қауіпсіздік техникасы жайында белгілі мамандар мен ғалымдардың жазбалары, маркстік-лениндік идеяларды насиҳаттаған мақалалар жарияланып жүрді. Тәжірибелі журналистеріміз көмір, металлургия өнеркәсіпперінің техникалық терминдерінің төте баламасын қалыптасғыруға мәнді еңбек сінірді. Жер- жердегі жұмыста кемшіліктер болмай түрмайтыны айқын. Осы жайында сын-съықақ жазу көптен келе жатқан дәстүріміз еді. Қырқыншы, елуінші жылдардағы «Бесеу Біріккеновтың» осы сарының кейінгі бірсыныра жылда съықақта төсөлген қаламгеріміз Кәртай Ермекбаев жалғасғырды.

Елуінші, алпысыншы жылдарда Қазақ мемлекеттік университетінен редакцияға серпімді де, елгезек, жігерлі жастар келіп, қосылуы газетіміздің бойын өсіріп, қалың оқырмандар алдындағы қадір-қасиетін денгейлей түсті. Ораз Сагынаев, Есімбек Бәйтенов, Масғұт Халиоллин, Рымқұл Сұлейменов, Тоқан Эбугалиев, Қойшы

Шаяхметов, Асығат Темірбаев, Базарбай Мұстафин, Амантай Сагындыковтар жаңа лепті журналистер болды.

Бұрын Қарқаралы газетінде істеген Тойбек Эбжөлелов майдан даласынан оралған соң біздің редакцияға келіп, құрамдала түскен жас талапкерлерімізді шынықтыруға үлес қосқан агалардың бірі. Осы агалар бәрімізге үлкен шаңырақ иессі, тамаша семья басы болуымен де үлгі еді.

...Бұрын «Қараганды пролетариаты», одан «Советтік Қараганды», қазірде «Орталық Қазақстан» аталып отырган газетіміздің редакциясы бірсыныра биік талант иелерінің бастау университетті болғаны аян. Қазақ совет көркем әдебиетінің алтын қорына нешеме белгілі романдар қосқан Рабиден Мұстафин, Сәттар Ерубаев, Элжаппар Эбішев, нәзік лирикалық жыр жинақтарын қосқан Аллажар Теміржанов, Габдиман Игенсартов, Жаппар Өмірбеков, Мақсұт Байсейітов, Бүркіт Үйсқақовтар көркем сөз меруерттерін теруді осы қара шаңыракта бастағаны бүгінгі бізге іштей мархабат. Редакция журналистерінен онға тарта талапкер диссертация қорғап, ғылыми атақ алды.

Газетте не жазылып шығып жататын болса, соның бәрі әуелі қолжазбадан, иә жатқа айтудан машинкаға басылады. Мінәж, Қали, Аллажар газет сөздерін өз қылқты логикасымен нөсердей сауылдатып жатқа айтып отырганда соны

машинисткалар Эминэ Шаяпина, Қадиша Ақпанова, Айша Көшкімбаева, Бәтжан Экімбекова, Мәлике Үәлиевалар қағып алғып, басып үлгеретіні кімді болсын сүйсінтетін.

Осы жайды отзынышы жылдардың басында газеттің шаңырағын көтергенде уық шанышқандардың бірі, бүгінгі қарт коммунист тілші Ахмет Төртбаев, майдангер газетші Ғалымқажы Абдуллиндер аузынан әлі тастамайды. Осындай жайма-шуақ әңгіме үстінде газетіміздің бұрынғы редакторлары, әлі де жөн-жоба, ақыл-кеңесін құлаққа салып отыратын қадірлі Жұмабай Орманбаев, Бейсек Исабеков ақсақалдардың, бұрынғы фототілшіміз қадірлі Қамаш Шамов пен меншікті тілші Айташ Омаровтың, тагы басқа жолдастардың газетіміздің он бес мың номері шығып отырған мүшелді күнінде осы газетке кезінде атсалысқаны есімізге түседі.

Қазазбек СӘДЕНОВ
(«Орталық Қазақстан», 21 наурыз, 1984жыл).

Мазмұны

Сәденов және оның «Сағыныш» атты романы	2
Алғысөз орнына	3
Сағыныш (роман)	10
Жауынгер журналистер	373
Сырлы сөз	397
Қаламдастар	419

